

ҚАЙТАРЫМДЫ КӨШІ-ҚОН:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР
ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ
АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Баяндамадағы пікірлер авторлардың пікірлері болып, Халықаралық көші-қон ұйымының (ХКҚҰ) пікірі болып саналмайды. Баяндамада пайдаланылған белгілер мен материалды баяндау кез-келген елдің, аумақтың, қаланың, ауданның және олардың билігінің құқықтық мәртебесі мен шекараларына қатысты ХКҚҰ тарапынан қандай да бір пікірді білдірмейді.

ХКҚҰ өз қызметінде белгілі бір қағидатты ұстана отырып, соған сәйкес гуманистік және реттелген көші-қон қоғам мен мигранттарға пайда әкеледі. Үкіметаралық ұйым ретінде ХКҚҰ серіктестерімен бірге халықаралық қоғамдастық, облыс бойынша жедел міндеттерді шешуге бағытталған қызметті жүзеге асырады. Сондай-ақ, көші-қонға байланысты мәселелерді түсінуге, көші-қон және көшіп-қонушылардың адами қадір-қасиеті мен әл-ауқатын қорғау арқылы әлеуметтік-экономикалық дамуды ынталандырады.

Осы оқу құралында қолданылатын ЕҚКҚЫК (Ерікті қайтып келуге және қайта ықпалдастыруға көмек) термині, сондай-ақ оның негізгі аспектілері мен принциптері Халықаралық Көші-қон ұйымымен (ХКҚҰ) әрі қарай қаралуы тиіс. Осылайша ЕҚКҚЫК терминіне сілтемелер және оны пайдалану мен дәйексөз келтіру iomalmaty@iom.int электрондық мекенжайы арқылы тиісті сұраныстар ХКҚҰ-мен алдын-ала келісілуі тиіс.

Оқу құралы АҚШ мемлекеттік департаментінің тұрғын халық, босқындар мен көші-қон істері жөніндегі бюросымен (АҚШ ТБКБ) қаржыландырылатын ХКҚҰ-ның «Азиялық көші-қон жөніндегі аймақтық бағдарламасы» жобасы аясында дайындалған.

«ҚАЙТАРЫМДЫ КӨШІ-ҚОН: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ» оқу құралы демография саласындағы біліктілігін арттыратын және әлеуметтік-экономикалық саясатты әзірлеу барысында демографиялық деректерді пайдаланатын мемлекеттік қызметкерлерге, сондай-ақ әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы студенттер мен магистранттарға арналған.

Оқу-әдістемелік үдерісте пайдалануда «Ресейдің демографиялық және көші-қон мәселелері» PFA Ғылыми кеңесімен ұсынылады. (2020 жылғы 2 маусымдағы № 2 хаттама)

© 2020. Барлық құқықтар қорғалған.

Бұл басылымның ешбір бөлігін баспагердің жазбаша рұқсатынсыз жариялауға, ақпараттық іздеу жүйелерінде сақтауға, кез-келген пішінде немесе электрондық, механикалық, фотокошірмеулеуге, дыбыс жазу тәсілі мен кез-келген құралдар арқылы басқа да тәсілдермен таратуға тыйым салынған.

Халықаралық Көші-қон ұйымы (ХКҚҰ) /
БҰҰ-ның Көші-қон жөніндегі агенттігі,
Қазақстан Республикасындағы Орталық Азия
жөніндегі субаймақтық үйлестіру кеңсесі:

ХКҚҰ - Нұр-Сұлтан қ.
Ә. Мәмбетов к-сі 14, БҰҰ ғимараты,
010000, Нұр-Сұлтан,
Тел.: +7 7172 69 65 53
E mail: iomastana@iom.int

ХКҚҰ Алматы
И. Байзақов к-сі 303, БҰҰ ғимараты,
050040, Алматы,
Тел.: +7 727 258 26 43
E mail: iomalmaty@iom.int

Вебсайт: kazakhstan.iom.int

Бұл басылым аударма бөлімінің ресми емес аудармасымен жарияланды

Мұқабадағы фотосурет: Дулат Есназар
Дизайн және компьютерлік беттеу: AWATERA

ISBN 978-92-9068-915-7 (Print)

ISBN 978-92-9068-916-4 (PDF)

© 2020 International Organization for Migration (IOM)

PFA корр.мұш., э.ғ.д. С.В. Рязанцевтің жалпы ред., Қайтарымды көші-қон: Халықаралық тәсілдер және Орталық Азияның аймақтық ерекшеліктері. Оқу құралы. Халықаралық Көші-қон ұйымы (ХКҚҰ) – БҰҰ-ның Көші-қон жөніндегі агенттігі, Алматы.

ҚАЙТАРЫМДЫ КӨШІ-ҚОН:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ

ТӘСІЛДЕР ЖӘНЕ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ

АЙМАҚТЫҚ

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Сіз, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан сияқты алты елдің ғалымдарының авторлық ұжымымен жазылған «Қайтарымды көші-қон: Халықаралық тәсілдер және Орталық Азияның аймақтық ерекшеліктері» оқу құралын оқып отырсыз. Оқулығымыз көші-қонға және адамдарға – жұмыстан, оқудан және шетелде тұрғаннан кейін үйіне оралатын мигранттарға арналған. Оқулыққа осы тақырыпты таңдауымыз кездейсоқ болған жоқ. Орталық Азиядағы еңбек көші-қонының ауқымы өте үлкен: 2,7 млн. адамнан 4,2 млн. адамға дейін (экономикалық белсенді халықтың 10%-дан 16%-ға дейінгі бөлігі) шетелдерде, атап айтқанда Ресей Федерациясы, Қазақстан, Түркия, Корея Республикасы және өзге көптеген елдерде жұмыс істейді. Түрлі жағдайларға байланысты отанына оралатындар қатары көбеюде, олар өздерімен бірге білімін, тәжірибесін, ақша қаражатын алып келуде. Қайта оралатын мигранттар Орталық Азия елдерінің адамзат капиталы мен экономикалық ресурстарының дамуына айтарлықтай үлес қосады. Кітапта Орталық Азия мен өзге елдердегі қайтарымды мигранттардың әлеуетін тиімді пайдалану мысалдары, сондай-ақ қайтарымды мигранттар отанына келгенде кездесетін проблемалар ұсынылған.

Кітап қайтарымды көші-қон проблемаларын кешенді түрде қарастыратын төрт тараудан тұрады. Олардың логикасы теориядан практикаға дейін құрылған. «Қазіргі жағдайдағы қайтарымды көші-қон» атты бірінші тарауда қайтарымды көші-қонның теориялық аспектілері, жіктелуі мен анықтамасы, мемлекеттің қайтарымды көші-қон бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі мақсаттары мен міндеттері қарастырылған. «Қайтарымды көші-қонның құқықтық негіздері» атты екінші тарауда халықаралық және аймақтық құқықтық құжаттардағы қайтарымды көші-қон, ерікті қайтып келу және қайта ықпалдастыру бағдарламаларының (ЕҚКҚЫК) құқықтық негіздері, сондай-ақ аймақтағы ЕҚКҚЫК әлеуеті қаралады. «Орталық Азиядағы қайтарымды көші-қонның алғышарттары және ерекшеліктері» атты үшінші тарауда Орталық Азия елдеріндегі демографиялық және көші-қон жағдайының ерекшеліктері, қайтарымды көші-қон себептері мен беталыстары ашып көрсетілген. Сонымен қатар, қайтарымды көші-қонның экономикалық және әлеуметтік-демографиялық үлесі, қайтарымды мигранттардың бейімделу және қайта ықпалдасу мәселелері қамтылған. Орталық Азия аймақтары үшін қайтарымды көші-қондағы диаспоралардың рөлі мен әлеуеті қарастырылған. Ақырында, «Орталық Азияда қайтарымды көші-қонды басқару және ЕҚКҚЫК дамыту» атты тарауда аймақ елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық даму және жұмыспен қамтуды ынталандыру мақсатындағы көші-қон саясаты мен қайтарымды көші-қонды жүзеге асыру тетіктері қаралған. Сондай-ақ Орталық Азия елдерінде қайтарымды көші-қон және ЕҚКҚЫК бағдарламаларын дамытуда азаматтық қоғам институттарының рөлі насихатталады.

Оқу құралында тыңдаушының (студенттің) өздігінен дайындалуы мен оқытушының оқу үрдісін ұйымдастыруы үшін пайдалануға болатын бақылау сұрақтары және практикалық тапсырмалар, сондай-ақ бейнесюжеттерге сілтемелер, міндетті және қосымша әдебиеттер тізімі қамтылған. Оқу құралы материалдарын 2019 жылы сәуірде Бішкек қаласында Қырғыз Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында курсты оқыту барысында халықаралық сарапшылар ұжымы сынақтан өткізген.

Оқу құралы авторлары Қазақстан Республикасындағы Халықаралық көші-қон ұйымының (ХКҚҰ) субаймақтық үйлестіру кеңсесіне осы жобаны ұсынғаны және жан-жақты қолдау көрсеткені үшін ерекше алғыс білдіреді.

Оқу құралы көші-қон саясаты және мемлекеттік басқару саласында мемлекеттік қызметкерлер мен студенттер даярлауға өз үлесін қосатынына, осылайша, Орталық Азия елдерінің табысты түрде әлеуметтік-экономикалық дамуы мен адами әлеуетінің қалыптасуына ықпал ететініне сенімдіміз.

АВТОРЛЫҚ ҰЖЫМ

Г. Т. Алаева, заң ғылымдарының кандидаты, «Тұран» университеті (Алматы, Қазақстан Республикасы)

Л. Ф. Деловарова, «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан Республикасы)

А. М. Диноршоев, заң ғылымдарының докторы, профессор, Тәжік ұлттық университеті (Душанбе, Тәжікстан Республикасы)

Д. А. Жампеисов, «Құқықтану» мамандығы бойынша PhD, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті (Семей, Қазақстан Республикасы)

А. Ж. Жолонбаева, экономика ғылымдарының кандидаты, Қырғыз Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы (Бішкек, Қырғыз Республикасы)

Ә. А. Кепбанов, заң ғылымдарының кандидаты (Ашхабад, Түрікменстан)

С. Ж. Мутиева, экономика ғылымдарының кандидаты, Тәжікстан Республикасының Еңбек көші-қон және халықты жұмыспен қамту ФЗИ (Душанбе, Тәжікстан Республикасы)

З. М. Мухторов, филология ғылымдарының докторы, Тәжікстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы (Душанбе, Тәжікстан Республикасы)

Т. А. Нурматов, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Қырғыз Республикасы СИМ Дипломатиялық академиясы (Бішкек, Қырғыз Республикасы)

М. А. Рахимова, заң ғылымдарының кандидаты, Дүниежүзі экономикасы және дипломатиясы университетінің доценті (Ташкент, Өзбекстан Республикасы)

С. В. Рязанцев, мүше-корр. РФА, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей СИМ ММХҚИ (Мәскеу, Ресей Федерациясы), РФА Федералдық ғылыми-зерттеу әлеуметтану орталығының әлеуметтік-саяси зерттеулер институты

М. А. Тиллабаев, заң ғылымдарының докторы, доцент, Өзбекстан Республикасының Ұлттық Адам құқықтары жөніндегі орталығы (Ташкент, Өзбекстан Республикасы)


Г. Э. Худайназаров, «Хукукчы хызматдаш» заң компаниясы (Ашхабад, Түрікменстан)



ГҮЛНАЗ АЛАЕВА,
заң ғылымдарының кандидаты, «Тұран» университеті
(Алматы, Қазақстан Республикасы)

Осы жобаға қатысу мүмкіндігін ұсынған ЖКҚҰ және «Тұран» университетіне зор алғысымды білдіргім келеді. Бұл оқу құралы қайтарымды көші-қон мәселелері бойынша алғашқы ғылыми еңбек ретінде өмірдің қиын жағдайына тап болып, Отанына оралу үшін көмекке мұқтаж адамдарға үлкен пайдасын тигізеді деп санаймын. Кітап алғаш рет Орталық Азия аймағындағы көші-қонды басқарудағы мемлекеттік құрылымдардың рөлі мен маңызын ашып көрсетіп, алғаш рет аймақтың дамуы аясындағы көшіп-қонушыларды ерікті түрде қайтару жөніндегі халықаралық бағдарламаларды сипаттайды.

Кітаппен жұмыс жасай отырып, мен жаңа достар таптым, жаңа білім мен кәсіби құзыреттерді игердім. Ең бастысы – ынтымақтастығымыздың үлгісі ретінде әрқашан ортақ тіл табуға және адамзаттың игілігі үшін жаңа, оң әрі қажетті бастамаға үлкен үлес қосуға деген үлкен ықылас болса, кез-келген мәселелерді бірге шешуге болатынын түсіндім.




ЛЕЙЛА ДЕЛОВАРОВА,
«Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша PhD,
Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті
(Алматы, Қазақстан Республикасы)

Көші-қон ең алдымен дамумен байланыстырылуы тиіс. Ал, қайтарымды көші-қон – барлық қатыстырылатын тараптардың дамуы мен ынтымақтастығына арналған мүмкіндік. Әсіресе, бұл Орталық Азия аймағы үшін өте өзекті. Аталмыш оқулық осы ойдың сенімді дәлелі, академиялық орта өкілдері, аймақтың барлық елдерінің мемлекеттік қызметшілері үшін озық нұсқаулық болмақ, сондай-ақ қалың оқырман қауымға қызықты болады деп сенемін!



АЗИЗ ДИНОРШОЕВ,
заң ғылымдарының докторы, профессор,
Тәжік ұлттық университеті
(Душанбе, Тәжікстан Республикасы)



ДУМАН ЖАМПЕИСОВ,
«Құқықтану» мамандығы бойынша PhD,
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
(Семей, Қазақстан Республикасы)



АЖАР ЖОЛОНБАЕВА,
экономика ғылымдарының кандидаты,
Қырғыз Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік
басқару академиясы (Бішкек, Қырғыз Республикасы)

Сіз «қайтарымды көші-қон» деген терминді бұрын-соңды естідіңіз бе? Қайтарымды көші-қон – әлі де аз зерттеліп, зерттеушілер тарапынан көп ұсыныла қоймаған Орталық Азиядағы жаңа тренд. Қайтып келетін мигранттар – біршама осал топ, олар заманауи әлемнің әлеуметтік-экономикалық сын-тегеуріндерімен ұшырасады және дұрыс шешім қабылдау үшін оларға мемлекет пен қоғамның қолдауы қажет. Бұл оқу құралы қайтарымды көші-қон тақырыбы бойынша алғашқылардың бірі және жекеленген ел бойынша емес, жалпы аймақ бойынша көрініс береді.



ЁЛБАРС КЕПБАНОВ,
заң ғылымдарының кандидаты
(Ашхабад, Түрікменстан)



ЗАЙНИДИН МУХТОРОВ,
филология ғылымдарының докторы,
Тәжікстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік
басқару Академиясы (Душанбе, Тәжікстан Республикасы)



САОДАТ МУТИЕВА,
экономика ғылымдарының кандидаты, Тәжікстан
Республикасының Еңбек көші-қон және халықты жұмыспен
қамту ҒЗИ (Душанбе, Тәжікстан Республикасы)

Көші-қон – әлемдік еңбек нарығындағы негізгі құбылыстардың бірі. Тәжікстан Республикасы жаһандық көші-қон процесіне белсенді қатысады. Аталмыш құрал мигранттардың өздеріне, мемлекеттік қызметшілерге және осы үдерістің басқа қатысушыларына сенімді көмекші болады. Адамдар елден кетіп, қайтіп оралады және біз оларды үйде күтетіміз бен әрқашан көмектесуге дайын екенімізді білуі тиіс. Бұл құралды дайындауға Орталық Азия елдері мен Ресей Федерациясының бірегей мамандары қатысты. Сонымен қатар, олармен кезіктіріп, бірге жұмыс істеу мүмкіндігін берген тағдырыма ризамын. Баршамымызға бейбітшілік, бақыт пен амандық тілеймін!



ТЕМИРБЕК НУРМАТОВ,
заң ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қырғыз Республикасы СІМ Дипломатиялық академиясы
(Бішкек, Қырғыз Республикасы)



МУАТТАРА РАХИМОВА,
заң ғылымдарының кандидаты, Дүниежүзі экономикасы
және дипломатиясы университетінің доценті
(Ташкент, Өзбекстан Республикасы)

Біздің ұжымдық еңбегіміз жақсы істің бастамасы болып, еңбек мигранттарының өмірін жақсы жаққа қарай өзгертуге қызмет етсін. Олар қай жерде болса да, үнемі тек Отан ғана бере алатын қамқорлық пен жылулықты сезінсін!



СЕРГЕЙ РЯЗАНЦЕВ,
мүше-корр. РҒА, экономика ғылымдарының докторы, профессор,
Ресей Федерациясы СІМ ММХҚИ (Мәскеу, Ресей Федерациясы),
РҒА Федералдық ғылыми-зерттеу әлеуметтану орталығының
демографиялық зерттеулер институтының директоры

Орталық Азиядағы қайтарымды көші-қон туралы кітап, бірінші кезекте үйлеріне оралған адамдарды тілге тиек етеді... Үйіңе, әрдайым туғандарым мен жақын адамдарымды көрсем деген тілекпен, ұмытылмас естеліктермен әрі жаңа сезімдермен ораласың. Біздің барлығымыздың үйіміз бар және сонда оралғымыз келеді. Ол – бізді әрдайым, күтетін жер...



МИРЗАТИЛЛО ТИЛЛАБАЕВ,
заң ғылымдарының докторы, доцент,
Өзбекстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі
ұлттық орталық (Ташкент, Өзбекстан Республикасы)



ГАДАМ ХУДАЙНАЗАРОВ,
«Хукукчы хызматдаш» заң компаниясы
(Ашхабад, Түрікменстан)

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АПК	Азаматтық процестік кодекс
ӘҚБТК	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БҰҰ БІЖЖКБ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар істері жөніндегі Жоғары комиссарының басқармасы
ДАҰ	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЕАЭҚ	Еуразиялық экономикалық қауымдастық
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ЕҚКҚЫК	Ерікті қайтып келуге және қайта ықпалдастыруға көмек
ЕҚЫҰ	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
ЕО	Еуропа одағы
КЕҰ	Коммерциялық емес ұйым
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚК	Қылмыстық кодекс
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚзР	Қырғыз Республикасы
ЛЕҰБ	Лайықты еңбек ұлттық бағдарламасы
МКҚҚ	Мемлекеттік көші-қон қызметі
ММС	Міндетті медициналық сақтандыру
ОА	Орталық Азия
ОБ	Орталық банк

ӨР	Өзбекстан Республикасы
РФА	Ресей ғылым академиясы
РКФСР	Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы
РФ	Ресей Федерациясы
СІМ	Сыртқы істер министрлігі
ТДМ	Тұрақты даму мақсаттары
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ТР	Тәжікстан Республикасы
УТР	Уақытша тұруға рұқсат
ҰӘЖ	Ұлттық әрекеттер жоспары
ҰҚШҰ	Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйым
ФЗ	Федералдық заң
ФКҚҚ	Федералдық көші-қон қызметі
ФҚҚ	Федералдық қауіпсіздік қызметі
ХЕҰ	Халықаралық еңбек ұйымы
ХКҚҰ	Халықаралық көші-қон ұйымы
ШЫҰ	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ІІБ	Ішкі істер бөлімі
ІІМ	Ішкі істер министрлігі

МАЗМҰНЫ

I ТАРАУ. ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЙТАРЫМДЫ КӨШІ-ҚОН	16
1.1. Көші-қон терминологиясы және жіктеу. Көші-қон факторлары мен себептері.	17
1.2. Қайтарымды көші-қонның анықтамасы, түрлері және үрдістері	27
1.3. Мемлекеттердің қайтарымды көші-қон бағдарламаларын іске асыру жөніндегі мақсаттары мен тәсілдері.	38
II ТАРАУ. ҚАЙТАРЫМДЫ КӨШІ-ҚОННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ.	50
2.1. Халықаралық және аймақтық құқықтық құжаттардағы қайтарымды көші-қон.	51
2.2. ЕҚҚҚЫК құқықтық негіздері	63
2.3. Орталық Азия елдерінің ұлттық заңнамасындағы қайтарымды көші-қон.	76
III ТАРАУ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚАЙТАРЫМДЫ КӨШІ-ҚОННЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	94
3.1. Орталық Азия елдеріндегі демографиялық даму және көші-қон жағдайы	95
3.2. Орталық Азия елдеріндегі қайтарымды көші-қонның себептері және үрдістері	110
3.3. Орталық Азия елдерінің аймақтық дамуындағы қайтарымды көші-қонның экономикалық және әлеуметтік-демографиялық үлесі мен әлеуеті	123
3.4. Орталық Азия елдеріндегі қайтарымды мигранттарды бейімдеу және қайта ықпалдастыру мәселелері	139
3.5. Диаспоралар Орталық Азия елдерінің қайтарымды көші-қонның әлеуеті және ресурсы ретінде	154
IV ТАРАУ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚАЙТАРЫМДЫ КӨШІ-ҚОН, СЫН-ҚАТЕРЛЕР МЕН СТРАТЕГИЯЛАР	178
4.1. Орталық Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы және көші-қон саясаты: қайтарымды көші-қонның рөлі	179
4.2. Орталық Азия елдеріндегі, соның ішінде ЕҚҚҚЫК көші-қон саясаты және қайтарымды көші-қонды іске асырудың ұлттық тетіктері	201
ҚОСЫМШАЛАР	215
1-қосымша. Көші-қон жөніндегі халықаралық нормативтік-құқықтық база.	216
2-қосымша. Қазақстан Республикасының көші-қон жөніндегі нормативтік-құқықтық базасы.	218
3-қосымша. Қырғыз Республикасының көші-қон жөніндегі нормативтік-құқықтық базасы.	220
4-қосымша. Тәжікстан Республикасының көші-қон жөніндегі нормативтік-құқықтық базасы.	223
5-қосымша. Түрікменстанның көші-қон жөніндегі нормативтік-құқықтық базасы.	224
6-қосымша. Өзбекстан Республикасының көші-қон жөніндегі нормативтік-құқықтық базасы.	225
7-қосымша. Ресей Федерациясының көші-қон жөніндегі нормативтік-құқықтық базасы.	229

«Қайтарымды көші-қон: Халықаралық тәсілдер және Орталық Азияның аймақтық ерекшеліктері» оқу құралын 2019 жылы Халықаралық көші-қон ұйымының (ХКҚҰ) / БҰҰ Орталық Азиядағы көші-қон агенттігінің (Алматы) субаймақтық үйлестіру кеңсесі, Орталық Азия елдері: Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан жоғары оқу орындарының жетекші оқытушыларымен бірлесіп шығарған.

Бұл оқу құралының мақсаты – халықаралық көші-қон құқығының негіздері, көші-қон процестерін басқарудың құқықтық аспектілері, атап айтқанда, ерікті түрде оралуды және қайта интеграциялауды қоса алғанда, еңбек, этникалық және қайтарымды көші-қонның түрлі нысандары бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру.

Осы мамандандырылған оқу құралының мақсатты аудиториясы – өз елдерінің көші-қон саясатын іске асыру, халықаралық, сондай-ақ аймақтық және ұлттық деңгейлерде көші-қон процестерін құқықтық реттеу саласында жұмыс істейтін ОА елдерінің мемлекеттік және муниципалдық қызметшілері, сондай-ақ көші-қон саласында жұмыс істейтін басқа да адамдар.

Оқу құралын меңгеру өзектілігі жаһандық көші-қон үдерістерінің жандануына, көші-қон мәселелеріне байланысты саяси жанжалдардың артуына, қайтарымды көші-қонның құқықтық тетіктерін қолдану арқасында мәртебесі реттелмеген көшіп-қонушыларға қатысты шиеленісті жеңілдету жөніндегі шешімдердің әзірленуіне, сондай-ақ көші-қон үдерістерін тиімді басқару мақсатында, оның ішінде қауіпсіз, реттелген және реттелетін көші-қон туралы БҰҰ-ның Жаһандық шарты аясында мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту қажеттілігіне негізделген.

Мұндай оқу бағдарламалары мен курстар мемлекеттік және муниципалды органдардың қызметкерлері үшін пайдалы болады. Олар көші-қон мәселелерінде қолда бар білім мен дағдыларды нығайтуға көмектеседі және жаңа білім мен дағдылар береді; Халықаралық көші-қон құқығының даму тарихымен және қазіргі заманғы үрдістерімен, Еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау тетіктері мен кепілдіктерімен, көші-қон процестерін реттеудегі әртүрлі ұлттық тәсілдемелермен, көшіп-қонушылардың осал санаттарын қорғауға және оларға көмек көрсетуге, оларды қайта интеграциялауға бағытталған оларды іске асыру жөніндегі бағдарламалармен және шаралармен танысуға мүмкіндік береді.

«Қайтарымды көші-қон: Халықаралық тәсілдер және Орталық Азияның аймақтық ерекшеліктері» курсы көші-қон үдерістерін реттеу саласындағы халықаралық стандарттарды енгізу бойынша елдердің озық тәжірибелерге жүгінеді. Сондықтан оның практикалық бағыттылығы мемлекеттік және муниципалдық қызметкерлерге алған білімдерін өз жұмысында қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, курсты оқуда заң білімінің болуы міндетті емес, Орталық Азия елдерінің көші-қон саясатын іске асыру саласындағы мемлекеттік және муниципалдық қызметкер-практиктерді оқытуға арналған.

Оқу құралының міндеттері:

- көші-қон және даму саласында көшіп-қонушылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша жұмыс істейтін мемлекеттік және муниципалдық қызметшілердің білімін, іскерлігі мен дағдыларын дамыту;
- тыңдаушыларды халықаралық көші-қон құқығының негізгі ережелерімен, еңбек, этникалық және қайтарымды көші-қонның құқықтық аспектілерімен, сондай-ақ ОА елдерінің тиісті көші-қон заңнамасымен таныстыру;
- курс тыңдаушыларын ерікті қайтарымды көші-қон мен қайта ықпалдастыру саласындағы қажетті халықаралық стандарттарды анықтауға үйрету;
- курстыңдаушыларын өз жұмысында еңбек ететін мигранттардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауға негізделген тәсілді қолдануға үйрету;
- көші-қонды басқарудағы мемлекеттің басты рөлі мен азаматтық қоғамның осы үдеріске қосқан үлесін зерттеу.

1. Курсты оқу соңындағы алған білім, білік және дағдылар (нәтижелері)

Курс ерікті қайтып келуге және қайта ықпалдастыруға көмек (ЕҚҚЫК) көрсету бойынша бағдарламаларды іске асыру тәсілдері, көші-қонды басқарудың құқықтық негіздері, халықаралық көші-қон құқығы жөніндегі негізгі білімді қамтамасыз етеді. Курс тыңдаушылары ЕҚҚЫК және көші-қон саласында қажетті ақпаратты жинау, өзінің кәсіби қызметінің тиісті салаларында ЕҚҚЫК бойынша стратегиялық және талдау құжаттарын жасау дағдыларына ие болады.

Курс тыңдаушылары көші-қон және қайтарымды көші-қон, әсіресе ерікті қайтарымды көші-қонды басқару саласында қолданылатын негізгі халықаралық, аймақтық және ұлттық құқықтық құжаттар туралы нақты түсініктерге ие болады. Бұл оларға мемлекеттік немесе муниципалды қызметкерлердің кейінгі кәсіби қызметінде де көмектеседі.

Курсты меңгеріп, оқырмандар:

Мыналарды біледі:

- көші-қон үдерістерін халықаралық-құқықтық реттеудің негізгі тарихи кезеңдері;
- олардың көп деңгейлі құрылымы мен көп өлшемді сипатын ескере отырып, мемлекеттердің басым рөлі мен көші-қон процестерін басқарудағы мемлекетаралық ынтымақтастық туралы;
- халықаралық көші-қон құқығы деген не және оның жаһандық, аймақтық және ұлттық деңгейлердегі дереккөздері туралы;
- ерікті қайтып келу және қайта ықпалдастыру ерекшеліктері туралы.

Үйренеді:

- көші-қон, оның ішінде қайтарымды көші-қон мәселелерін реттейтін тиісті халықаралық, аймақтық және ұлттық нормативтік құқықтық актілерді пайдалануды үйренеді;

- мигранттардың, соның ішінде еңбек ететін мигранттардың құқықтарын қорғаумен байланысты практикалық сұрақтарды шешуде алынған білімдерді қолдану және көші-қон саласындағы бағдарламалық және талдау құжаттарын әзірлеу;
- ерікті қайтып келу және қайта ықпалдастыру үдерістерінде халықаралық құқықтық стандарттарды қолдану.

Мыналарды меңгереді:

- халықаралық көші қон құқығы, ерікті қайтып келу және қайта ықпалдастыру терминологиясын;
- қайтарымды көші-қонның әлеуметтік-экономикалық салдарлары мен рекшеліктері туралы ақпаратты.

2. Курстан өту үшін оқырман білуі тиіс негізгі білім (пререквизиттер)

Курс ОА елдерінде көші-қон саясатын іске асыру саласында практикалық жұмыс тәжірибесі бар мамандарға, сондай-ақ халықаралық көші-қон құқығының негіздерін зерделеуді және көші-қон процестерін, оның ішінде ОА аймағында еңбек, этникалық және қайтарымды көші-қонды реттеуді қалайтын адамдарға арналған.

3. Оқу құралының қысқаша мазмұны

Оқу құралы аясында оқырмандар халықаралық көші-қон құқығының даму тарихы және заманауи үрдістерімен; көші-қон үдерістерін реттейтін халықаралық, аймақтық және аймақаралық құқықтық құралдармен; ерікті қайтып келу тұжырымдамасымен, мәні және артықшылықтарымен; негізгі терминологиямен; шетелдер мен Орталық Азия елдерінің көші-қон мәселелерін құқықтық реттеу жөніндегі тәжірибесімен, мемлекеттердің рөлімен және көші-қонды басқарудағы азаматтық қоғамның жәрдемдесуімен танысады. Оқу құралы 4 тараудан тұрады:

I тарау. Заманауи жағдайдағы қайтарымды көші-қон

Бірінші тарауда негізгі терминология және көші-қонның жіктелуі, сондай-ақ көші-қон факторлары мен себептері келтірілген. Оқулықтың авторлары қайтарымды көші-қонның үдерістері мен түрлерін, соның ішінде дүниежүзінің кейбір елдеріндегі қайтарымды көші-қонның әлеуетін қалыптастырудың тарихи ерекшеліктерін сипаттап, негізгі анықтамаларын берген. Тарау, сондай-ақ қайтарымды көші-қонның бағдарламаларын іске асыру жөніндегі мемлекеттердің мақсаттары мен тәсілдеріне арналған.

II тарау. Қайтарымды көші-қонның құқықтық негіздері

Екінші тарауда халықаралық көші-қон құқығындағы көші-қонның, оның ішінде қайтарымды көші-қонның рөлі мен орны таныстырылады. Қайтарымды көші-қон үдерістерін реттеу саласындағы мемлекетаралық, аймақтық және халықаралық ынтымақтастық пен көші-қон, адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелерін қозғайтын аймақтық шарттар мен тетіктер, ТМД, ШЫҰ, ЕАЭО, ҰҚШҰ және Алматы процесі сияқты ұйымдар мен алаңдар сипатталады. Бұл

тарауда, сондай-ақ Ерікті қайтарымды көші-қон бағдарламасының құқықтық негіздері, оның халықаралық және аймақтық аспектілері, қағидаттары, кезеңдері мен шетелдердің іске асырудағы тәжірибесі туралы айтылады. Қайтарымды көші-қон Орталық Азия елдерінің ұлттық заңнамасында зерделенеді және аймақтағы ЕҚКҚЫК дамуының алғышарттары мен әлеуеті айқындалады.

III тарау. Орталық Азиядағы қайтарымды көші-қонның алғышарттары мен ерекшеліктері

Үшінші тарауда оқулық авторлары 2010–2018 жылдардағы Орталық Азия елдеріндегі демографиялық даму мен көші-қон жағдайын, аймақтағы қайтымды көші-қонның себептері мен үдерістерін, экономикалық және әлеуметтік-демографиялық үлесі мен аймақтық дамуға қайтарымды көші-қон әлеуетін, сондай-ақ Орталық Азия елдеріндегі қайтарымды мигранттардың бейімделуі мен қайта ықпалдастыру мәселелерін сипаттайды. Аймақ үшін тақырыптың өзектілігіне байланысты авторлар диаспораларды Орталық Азия елдерінің қайтарымды көші-қонның ресурсы мен әлеуеті ретінде зерделеуде. Диаспора белгілі бір көші-қон үдерістерінің нәтижесінде көшіп-қонушылар мен олардың отанын, сондай-ақ көшіп-қонушы донор ел мен қабылдаушы елді байланыстыра отырып, қайтарымды көші-қон тетіктерін сәтті іске асыруға жағдай жасайды.

IV тарау. Орталық Азиядағы қайтарымды көші-қонды басқару мен ЕҚКҚЫК дамыту

Оқу құралының соңғы бөлімінде Орталық Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының ұлттық стратегиялары мен олардағы көші-қонның даму ресурсы ретіндегі орны сипатталған. Сондай-ақ, авторлар ОА мемлекеттерінің көші-қонды, оның ішінде қайтарымды көші-қонды реттеуге деген көзқарастарын келтірді. Қорытынды, Орталық Азия елдеріндегі қайтарымды көші-қонды, оның ішінде ЕҚКҚЫК дамытудағы азаматтық қоғам институттарының рөліне арналған.

I ТАРАУ.

**ЗАМАНАУИ
ЖАҒДАЙДАҒЫ
ҚАЙТАРЫМДЫ
КӨШІ-ҚОН**

1.1. Көші-қон терминологиясы және жіктеу. Көші-қон факторлары мен себептері.

Мазмұны. «Көші-қон» және «мигрант» түсінігі. БҰҰ және ХҚКҰ тәсілдері. Көші-қонның жіктелуі. Халықаралық және мемлекетішілік көші-қон. Эмиграция және иммиграция. Тұрақты және уақытша көші-қон. Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді көші-қон. Циклдық және циркуляциялық көші-қон. Табиғи және ұйымдасқан көші-қон. Ерікті, еріксіз және мәжбүрлі көші-қон. Реттелетін және реттелмейтін көші-қон. Құжаттандырылған және құжаттандырылмаған көші-қон. Көші-қонның мақсаттары: экономикалық, әлеуметтік, саяси, экологиялық. Көші-қон факторлары. Көші-қон себептері. Көші-қонның итеруші және еліктіруші себептері.

«Көші-қон» термині migratio және migro латын сөздерінен шығады («өтемін» және «көшемін»). Аталмыш терминнің жаппай қолданылуына қарамастан оның бірыңғай түсіндірмесі жоқ.

ХҚКҰ көші-қонды «адамдардың өздерінің тұрғылықты жерінен немесе халықаралық шекара арқылы немесе мемлекет ішінде көшуі» деп анықтайды.¹

Халықаралық деңгейде жалпы қабылданған «мигрант» түсінігі жоқ. ХҚКҰ өзінің мақсаттары үшін келесі анықтаманы әзірледі: «Мигрант – өзінің әдеттегі тұрғылықты жерінен елдің аумағында болсын, халықаралық шекара арқылы болсын, уақытша немесе тұрақты тұруға және әртүрлі себептер бойынша кететін адамды жалпы кәсіби емес түсінуді көрсететін халықаралық құқықпен анықталмайтын жалпы термин». Бұл термин еңбек ететін мигранттар; жүріп-тұруының нақты түрлері заңмен анықталған заңсыз әкелінген мигранттар; сондай-ақ жүріп-тұру мәртебесі немесе құралдары халықаралық құқықта анықталмаған, мысалы, шетелдік студенттер сияқты адамдардың нақты белгілі бір заңды санаттарының тобын білдіреді.²

«Мигрант» терминін анықтау үшін әдетте екі тәсіл пайдаланылады:

- ХҚКҰ «мигрант» терминін жүріп-тұрудың барлық нысандарын қамтитын жалпы термин ретінде қарастыра отырып, ұстанатын инклюзивтік тәсіл;
- резидуалистік тәсіл «мигрант» терминінен соғыстан немесе қудалаулардан қашатындарды алып тастайды (яғни босқындар және мәжбүрлі мигранттардың басқа санаттары).

БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі департаментінің көші-қон туралы деректерін жинау мақсатында халықаралық мигрантты «өзінің әдеттегі тұратын елін ауыстыратын кез келген тұлға» ретінде анықтайды. БҰҰ анықтамасы «демалыспен, достарына және туысқандарына барумен, медициналық емдеумен және діни қажылықпен» шарттастырылған көші-қонды жояды.³

Негізге байланысты жіктеу үшін көші-қонның бірнеше түрлерін белгілеуге болады.

¹ Көші-қон саласындағы негізгі терминдер (Key Migration Terms) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.iom.int/key-migration-terms#Migration].

² Сонда.

³ Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарии. Халықаралық көші-қон құқығы. ХҚКҰ (Glossary on Migration. International Migration Law. IOM) 2019. 130–131-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_34_glossary.pdf].

Бірінші белгі: *нақты қиылысатын шекараларды* ескерумен халықтың *сыртқы көші-қонын* (халықаралық, мемлекетаралық) ажыратады.

ХКҚҰ халықаралық көші-қонды әдеттегі тұрғылықты жерінен сол елдің азаматы болып табылмайтын елге халықаралық шекара арқылы баруы ретінде анықтайды.⁴ Халықаралық көші-қон донор елдердің де, қабылдаушы елдердің де халық санына әсер ете алады.

Елден кетуді *эмиграция*, ал оған қатысатын адамдарды – *эмигранттар деп* атайды. Елге келуді *иммиграция*, ал оған қатысатын адамдарды – *иммигранттар деп* атайды.

БҰҰ және ХКҚҰ пайдаланатын анықтамалар:

Эмиграция, жіберетін ел тұрғысынан – бұл адамның өзінің азаматтығы бар елден немесе әдеттегі тұрғылықты жерінен басқа елге баратын ел оның әдеттегі тұрғылықты жерінің жаңа елі болатын мақсатпен көшу акті.⁵

Эмиграция, жіберетін ел тұрғысынан – бұл баратын ел оның әдеттегі тұрғылықты жерінің жаңа елі болуы мақсатымен өзінің азаматтығы бар елден немесе әдеттегі тұрғылықты жерінен басқа елге көшетін адам.⁶

Иммиграция, келу елінің тұрғысынан – бұл келген ел іс жүзінде оның тұрғылықты жерінің жаңа елі болсын деген мақсатпен адамның өзінің азаматтығы елінен немесе әдеттегі тұрғылықты жерінен ерекшеленетін елге көшу акті.⁷

Иммигрант, келу елінің тұрғысынан – келген ел іс жүзінде оның тұрғылықты жерінің жаңа елі болсын деген мақсатпен адамның өзінің азаматтығы елінен немесе әдеттегі тұрғылықты жерінен ерекшеленетін елге келген адам.⁸

БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі департаменті *халықаралық мигранттар* легін нақты бір кезеңнің ішінде елден шығатындар (эмигранттар), халықаралық мигранттар саны немесе елге келген халықаралық мигранттар (иммигранттар) саны ретінде анықтайды.⁹ Сондай-ақ *«халықаралық мигранттардың контингент (жинақталған саны)»* – белгілі бір уақыт ішінде бұрын-соңды өзінің әдеттегі тұрғылықты жерін ауыстырған (түсінік статистикалық мақсаттарда пайдаланылады) елдегі халықаралық мигранттардың жалпы саны түсінігі бар.¹⁰

ХКҚҰ *ішкі көші-қонды* жаңа уақытша немесе тұрақты тұратын тұрғылықты жерін анықтауды көздейтін мемлекет шегіндегі адамдардың жылжуы деп анықтайды.¹¹ Мемлекетішілік көші-қонда *аймақшілік (ауданішілік) көші-қон* белгіленеді, олар белгілі бір әкімшілік-аумақтық (аудан, облыс, республика, округ және т.б.) және *аймақаралық (ауданаралық) миграция бірліктердің*

⁴ Көші-қон саласындағы негізгі терминдер (Key Migration Terms) (www.iom.int/key-migration-terms#Migration).

⁵ Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарии. Халықаралық көші-қон құқығы. ХКҚҰ (Glossary on Migration. International Migration Law. IOM) 2019. 62-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_34_glossary.pdf].

⁶ Сонда, 61-б.

⁷ Сонда, 101-б.

⁸ Сонда, 101-б.

⁹ Көші-қон саласындағы негізгі терминдер (Key Migration Terms) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.iom.int/key-migration-terms#Migration].

¹⁰ Сонда.

¹¹ Сонда.

шекараларында жүзеге асырылады. Аталмыш көшулер елдің жалпы халық санына әсер етпейді, бірақ ел ішінде халықтың орналасуын өзгертеді.

Екінші белгі – мигранттың тұрғылықты немесе келген жерінде болу уақытына, көші-қонды жүзеге асыру мерзімділігіне және тұрақтылығына байланысты. Тұрақты (қайтпайтын) және уақытша көші-қонды (соның ішінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді) белгілеуге болады.

Тұрақты (қайтпайтын) көші-қон тұрақты тұрғылықты жерді ауыстырумен байланысты. Осындай көші-қонның классикалық, мысалы, ауылдық жерден қалаға көшу немесе шетелге тұрақты тұруға кету (қайтпайтын эмиграция) есептеледі. Бірақ қазіргі шарттарда халық жеткілікті белсенді және жиі орын ауыстырады және «тұрақты тұрғылықты жер» барынша түсініксіз және айқын емес түсінікке айналып барады. Мысалы, көп адамдардың қалада пәтері және қала сыртында үйі бар, олар онда тең және жеткілікті ұзақ уақыт өткізеді. Сол себепті олардың тұрақты тұрғылықты жері қай жер екенін айту қиын. Кейбіреулер тіптен екі елде тұрады.

ХҚҚҰ «тұрақты тұрғылықты жер» терминін «мемлекет биліктерінің шетелдікке онда тұрақты (шектеусіз немесе мерзімсіз) негізде тұруын тағайындау құқығы» ретінде анықтады. Бұл ретте тұрақты тұратын тұрғындарға арналған шарттар бір мемлекет пен басқасының арасында өзгереді.¹² Сәйкесінше «тұрақты тұрғын – келген мемлекетте тұрақты тұру құқығы бар мемлекет азаматы емес адам».¹³

Уақытша көші-қон ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді болып бөлінеді.

БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі департаменті осындай анықтамаға белгілі бір түсінік береді: «ұзақ мерзімді мигрант – өзінің әдеттегі тұратын жерінен ерекшеленетін елге кемінде бір жыл мерзімге баратын ел оның әдеттегі тұратын жаңа елі болатындай мақсатпен көшетін адам. Кеткен елінің тұрғысынан бұл адам ұзақ мерзімді эмигрант, ал келген ел тұрғысынан – ұзақ мерзімді иммигрант». БҰҰ пайдаланатын ұзақ мерзімді мигрант анықтамасы тек халықаралық мигранттарға ғана қатысты.¹⁴

Қысқа мерзімді мигрант. Үш айдан он екі айға дейінгі кезең ішінде елден алыста болатын адам қысқа мерзімді мигрант деп есептеледі. БҰҰ түсінігіне сәйкес «қысқа мерзімді мигрант» анықтамасынан демалу, достарына және туысқандарына бару, бизнес, медициналық қызмет көрсету мақсатымен немесе діни қаржылық мақсатпен баратын адамдар алынып тасталады.¹⁵

«Еңбекші мигранттар және олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы» (1990 ж. 18 желтоқсанда қабылданған, 2003 жылғы 1 шілдеде күшіне енген) халықаралық конвенцияда «циклдық немесе циркуляциялық көші-қон» түсінігі пайдаланылады. Бұл адамдар екі немесе одан да көп елдің арасында сол жаққа немесе одан үнемі көшіп-қонып жүретін көші-қон нысаны.

«Циклдық көші-қон» термині бірнеше контекстте қолданылады. Ол кенеттен көші-қонды сипаттау үшін пайдаланылады (мысалы, бірнеше елде тұруға заңды құқығы бар тұлғаның

¹² Сонда.

¹³ Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарии. Халықаралық көші-қон құқығы. ХҚҚҰ (Glossary on Migration. International Migration Law. IOM) IOM. 2019. 101-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_34_glossary.pdf].

¹⁴ Сонда, 123-б.

¹⁵ Сонда, 61-б.

аймақтық ықпалдастыру процестерінің аясында шекаралық аймақтарда, мысалы Еуропалық одақта немесе екі не одан көп ел арасында көшіп-қонуы). Бұндай көші-қонды мемлекеттер және даму процесінің қатысушылары шетелге көшкен мигранттарға, негізінен жұмысқа орналастыру мақсатымен уақытша және шыққан еліне қайта оралуға көмектесетін арнайы әзірленген бағдарламалар мен сызбалар арқылы қолдайды. Сонымен қатар, циклдық көші-қон бағдарламаларын әзірлеуде ерекше сақтық танытқан жөн, себебі көші-қонның осы нысаны тұрақты келу нысандары және ұзақ мерзімді біріктіру нысандары жұмыс берушілердің де, еңбекші-мигранттардың да қажеттіліктеріне жақсы сәйкес келе алатын ұзақ мерзімді құрылымдық тапшылығы бар еңбек нарығы секторлары үшін оңтайлы шешім бола алады. Циклдық көші-қонды қоршаған ортаның жағдайын нашарлату және климаттың өзгеруі салдарларын жеңу стратегиялары ретінде де пайдалануға болады. Осылайша, циклдық көші-қон сызбаларының климаттың өзгеруімен қозғалған қауымның тұрақтылығын арттыруға және жергілікті бюджеттерді толықтыруға арналған тиімді тәсіл болуы мүмкін.¹⁶

Қысқа мерзімді көші-қон түрлерінің ішінде мыналарды белгілеуге болады:

Эпизодтық көші-қондар әртүрлі бағыттар бойынша және уақыт бойынша тұрақты емес жасалатын ресми, рекреациялық немесе өзге сапарларды (іссапарларды, демалысты және т.б.) қамтиды.

Барыс-келіс көші-қон өзінің елді мекенінің шегінен тыс оқу немесе жұмыс орнына тұрақты сапарларымен байланысты. Олардың саны қазіргі шарттарда, соның ішінде көліктік инфрақұралымды дамыту себебі бойынша артады.

Маусымдық көші-қондарға халықтың жылдың белгілі бір кезеңі ішінде көшіп-қонуы тән. Мысалы, курорттық аудандарға демалысқа немесе ауыл шаруашылық жұмыстарына жазғы сапарлар. БҰҰ «*маусымдық еңбекші-мигрант*» түсінігін пайдаланады – бұл жұмысы немесе көші-қоны жылдың бір бөлігі ішінде жүзеге асырылатын және өзінің сипаты бойынша маусымдық шарттарға байланысты мигрант.¹⁷

Кейде көші-қонның уақытша нысандары мемлекет шекараларының қиылысуымен байланысты. Бұндай жағдайда *уақытша шекара маңындағы көші-қон* – басқа елге жұмысқа күнделікті немесе маусымдық сапарлар және «шекара маңы маусымдық жұмысшылары», «жұмыс-фронтальерлері» анықтамаларының түсінігі пайдаланылады. БҰҰ «*шекара маңындағы еңбекші-мигрант*» түсінігін пайдаланады – бұл ол күн сайын немесе аптасына кемінде бір рет қайтып келетін көршілес мемлекетте өзінің әдеттегі тұрғылықты жерін сақтайтын адам.¹⁸

Үшінші белгі – мемлекеттің мигранттар легін қалыптастыруға және көшіп-қону үдерісін ұйымдастыруға қатысуы. Бұл жағдайда мигранттардың өздерінің күштерімен жүзеге асырылатын дербес көші-қон және (ұйымдаспаған, табиғи) толығымен немесе ішінара мемлекеттік органдар немесе қандай да бір ұйымдар есебінен жүзеге асырылатын (халықаралық, ұлттық, этномәдени, экономикалық және т.б.) ұйымдасқан көші-қон (мемлекеттік қоныс аудару бағдарламалары, ұйымдастырылған жинақтар, үндеулер) белгіленеді. Көшіп-қонудың

¹⁶ Сонда, 28–28-б.

¹⁷ Сонда, 79-б.

¹⁸ Сонда, 190-б.

ұйымдасқан нысандары негізінен ұзақ мерзімді келешекте мемлекет үшін тым шығынды, бірақ ұзақ мерзімді келешекте олар өздерін ақтайды, себебі адамдар алдын ала дайындалған орындарға ұйымдасып көшеді, қабылдайтын қоғамға тезірек бірігеді.

Төртінші белгі ерікті көшуге немесе қоныс аударуға негізделген. Көшіп-қонулар мигранттардың қалауы бойынша орындалатын ерікті көші-қонды және әртүрлі факторлармен көші-қон қозғалысын ұсынатын, бірақ мәжбүрлеуді қамтитын мәжбүрлі көші-қонды белгілеуге болады.¹⁹

БҰҰ тәсіліне сәйкес:

- «мәжбүрлі көшіп-қонулар – өзінің әдеттегі мекенжайынан немесе өзінің үйінен, атап айтқанда табиғи немесе антропогендік апаттар немесе адам құқықтарының бұзылуы, зорлықтың жаппай орын алу жағдайлары, қарулы қақтығыстың салдарларына жол бермеу үшін кетуге немесе үйін тастауға мәжбүр болған адамдардың қозғалыстары»;²⁰
- «ішкі көшіп-қонулар – өзінің әдеттегі мекенжайынан немесе өзінің үйінен, атап айтқанда табиғи немесе антропогендік апаттар немесе адам құқықтарының бұзылуы, зорлықтың жаппай орын алу жағдайлары, қарулы қақтығыстың салдарларына жол бермеу үшін кетуге немесе үйін тастауға мәжбүр болған немесе халықаралық танылған мемлекеттік шекараны қиып өтпеген адамдардың немесе адамдар топтарының қозғалыстары».²¹

Тағы бір атап өтетін санат – босқындар:

- «босқындар 1951 жылғы Конвенция бойынша – толығымен негізді қауіптердің негізінде нәсіл, діни нанымдар, азаматтық, белгілі бір әлеуметтік топ немесе саяси нанымдар белгісі бойынша қудалаулар құрбаны бола алатын немесе осындай қауіптер салдарынан осы елдің қорғауын пайдаланғысы келмейтін; немесе белгілі бір азаматтығы жоқ және осындай оқиғалардың нәтижесінде өзінің бұрынғы тұрақты тұрғылықты жерінен тыс болатын немесе осындай қауіптердің салдарынан оған оралғысы келмейтін адамдар».²²

Бесінші белгі елде мигранттың болуы және шекараны қиып өту заңдылығының қағидаттарына негізделген.

ХҚКҰ терминологиясында мынадай түсініктер пайдаланылады:

- «тұрақты көші-қон – шығу елі, транзиттік және бару елінің заңнамасына сәйкес іске асырылатын көші-қон»;²³
- Барлық еңбекші-мигранттар және олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияға сәйкес: «тұрақты мигрант – әдеттегі жағдайда көшіп-қонатын немесе халықаралық шекараны қиып өткен және осы мемлекеттің заңнамасына және осы

¹⁹ Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарии. Халықаралық көші-қон құқығы. ХҚКҰ (Glossary on Migration. International Migration Law. IOM) 2019. 75-б. [https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_34_glossary.pdf].

²⁰ Көші-қон саласындағы негізгі терминдер (Key Migration Terms) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.iom.int/key-migration-terms#Migration].

²¹ Сонда.

²² Сонда.

²³ Сонда.

мемлекет қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдерге сәйкес мемлекетке кіру немесе қалу құқығы бар адам»;²⁴

- «*тұрақты емес көші-қон* – шыққан мемлекетке кіру, транзит немесе одан шығу әрекеттерін реттейтін халықаралық келісімдерден немесе ережелерден, заңдардан тыс болатын адамдардың көшіп-қонуы»;²⁵
- Барлық еңбекші-мигранттар және олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияға сәйкес: «*реттелмеген мәртебесі бар мигрант* – әдеттегі жағдайда көшіп-қонатын немесе халықаралық шекараны қиып өткен және осы мемлекеттің заңнамасына және осы мемлекет қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдерге сәйкес мемлекетке кіру немесе қалу құқығы жоқ адам». Реттелмеген жағдайдың өзінде мигранттар адамның өзінің құқықтарын жүзеге асыруға және құрметтелуіне, қорғалуына құқылы. Бұдан басқа, босқындарға егер олар өздеріне қауіп төніп тұрған жерден кетсе, санкцияланбаған кіру немесе болу үшін олар жазаланбауы тиіс және халықаралық қорғауға рұқсат ұсынылуы тиіс.²⁶

Құжаттандырылмаған мигрант – тиісті құжаттарсыз елде болған немесе кірген сол елдің азаматы емес адам. Мигранттардың екі себеп бойынша тіркелмеген болуы мүмкін. Біріншіден, оларда жеке басты куәландыратын құжат бар, бірақ олардың елге кіруіне немесе болуына құқықты растайтын құжаттары жоқ немесе осындай құжаттары қолдан жасалған немесе жарамсыз. Екіншіден, оларда жеке басын куәландыратын ешбір құжат, сондай-ақ олардың елге кіру және болу құқықтарына ешбір басқа дәлелдері жоқ. Жеке басын куәландыратын қандай да бір құжаттары жоқ, әдетте өзінің шыққан еліне қайтып келуге немесе жұмысқа немесе тұруға рұқсат алу қызметтеріне рұқсат алуда үлкен қиындықтарға ұшырасатын құжаттандырылмаған мигранттар. Құжаттандырылмаған мигранттар өзінің азаматтығына қандай да бір дәлел ала алмаса, ұзақ мерзімді келешекте тіпті азаматтығынан айрылуы мүмкін.²⁷

Алтыншы белгі – *көші-қон мақсаттары*, олар экономикалық (жұмыс, коммерциялық қызмет), әлеуметтік (оқу, неке, отбасына қосылу), саяси (баспана), экологиялық (климаттық шарттарды ауыстыру, экологиялық жағдай) болуы мүмкін.

Экономикалық көші-қонның барынша кеңінен таралған нысаны қазіргі уақытта еңбек көші-қоны болып табылады. ХҚКҰ тәсіліне сәйкес: «Еңбек көші-қоны – адамдардың бір мемлекеттен екіншісіне немесе өзінің елінің шегінде жұмысқа орналасу мақсатымен көшіп-қонуы».²⁸ Мигрант анықтамасына сәйкес еңбек көші-қоны елдің ішінде және халықаралық шекаралар арқылы көшіп-қонатын мигранттарды қамтушы ретінде анықталады. Сондай-ақ осы таңдау

²⁴ Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарии. Халықаралық көші-қон құқығы. ХҚКҰ (Glossary on Migration. International Migration Law. IOM) 2019. 132-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_34_glossary.pdf].

²⁵ Көші-қон саласындағы негізгі терминдер (Key Migration Terms) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.iom.int/key-migration-terms#Migration].

²⁶ Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарии. Халықаралық көші-қон құқығы. ХҚКҰ (Glossary on Migration. International Migration Law. IOM) 2019. 131–132-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_34_glossary.pdf].

²⁷ Сонда, 219–220-б.

²⁸ Көші-қон саласындағы негізгі терминдер (Key Migration Terms) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.iom.int/key-migration-terms#Migration].

халықаралық мигранттармен бірдей кейде біріктірудегі қиындықтар және кемсітушілік сияқты кедергілермен немесе мәселелермен ұшырасатын, жұмыс іздеу мақсатымен бір елдің шегінде көшіп-қонатын адамдардың ауқымды санымен дәлелденген. Дегенмен осындай мәселелер шекара арқылы өтетін мигранттар үшін барынша маңызды болып табылады, олар ішкі мигранттарға да тән.²⁹

Барлық еңбекші-мигранттар-олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы (1990 ж. 18 желтоқсанда қабылданған, 2003 ж. 1 шілдеде күшіне енген) Халықаралық конвенцияға сәйкес: «Еңбекші-мигрант – сол елдің азаматы болып табылатын немесе табылмайтын мемлекеттегі төленетін қызметпен айналысатын, айналысып жатқан немесе айналысқан адам. Конвенция еңбекші-мигранттарды және олардың отбасы мүшелерін мигранттар келген елінде жұмыс істегенде ғана емес, көші-қонға, транзитке, шығуға және бүкіл болу және жалданып жұмыс істеу бойынша мемлекеттегі төленетін қызметінің уақыты кезінде, сондай-ақ әдеттегі тұратын мемлекетіне немесе шыққан мемлекетіне қайтып келуге дайындықты қамтитын дайындауды қамтитын «еңбекші-мигранттардың және олардың отбасы мүшелерінің көші-қон үдерісі кезінде де» қорғауды көздейді. Еңбекші-мигранттар сондай-ақ құжаттарда кейде «шетелдік жұмыскерлер немесе (уақытша) келісімшарттық жұмысшылар» ретінде айтылады.³⁰

Экологиялық мигрант (экологиялық көші-қон) – өзінің шыққан елінің немесе әдеттегі тұратын жерінің аумағынан тыс немесе аумағында көшіп-қонатын және осыны уақытша немесе тұрақты жасауды жөн көретін немесе басты түрде қоршаған ортадағы олардың өміріне немесе өмір сүру шарттарына ықпал ететін, кенеттен болатын немесе тез орын алатын себептер бойынша әдеттегі тұратын орнынан кетуге мәжбүр болған адам немесе адамдар тобы.³¹

Әзірге қоршаған ортаға байланысты себептер бойынша көшіп-қонатын адамдар немесе адамдар тобын сипаттау үшін пайдаланылуы тиіс термин туралы ешбір халықаралық келісім жоқ.³²

Заманауи көші-қонның себептері сан алуан және күрделі. Бірінші дәрежелі – өзара байланысын соншалық, оларды ажырату қиын және көбіне әлеуметтік-экономикалық себептер туралы айтудың ешбір мәнісі жоқ экономикалық және әлеуметтік.

Көші-қон факторы – латын тілінен аударғанда «жасаушы», «өндіруші» фактор. «Фактор» түсінігі қандай да бір үдерісті, құбылысты белгілеу үшін пайдаланылады.

Заманауи көші-қонның негізгі факторлары:

- экономикалық – еңбекақы деңгейі, жұмысының болуы;
- әлеуметтік – денсаулық жағдайы, өмірлік күштері, отбасылық қатынастар, балалар;
- этно-діни – этникалық сәйкестік, діни сенім;
- табиғи – ауа-райы және климат, экологиялық жағдай;
- әкімшілік факторлар – көші-қон саясаты, көші-қонды бақылау болып табылады.

²⁹ Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарийі. Халықаралық көші-қон құқығы. ХҚКҰ (Glossary on Migration. International Migration Law. IOM). 2019. 121-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_34_glossary.pdf].

³⁰ Сонда, 134–135-б.

³¹ Сонда, 63-б.

³² Сонда, 62-б.

Факторлар – бұл қандай да бір құбылыстың дамуы немесе деңгей детерминанттары. Мысалы, климаттық шарттар көші-қон және халық өлімінің факторлары болып табылады, бірақ бала туу және ажырасу үшін емес. Өзінің әртүрлі бағытына қарамастан, негізінен бірнеше факторлардың халықтың көші-қонын, соның ішінде бұрын тұрған жерлерге қайтып келуін шарттастыруы мүмкін.

Көші-қон себептерінің факторлардан айырмашылығы – бұл салдарын немесе әрекетін, яғни көші-қонды шарттастырушы. Себеп деп әрекеті басқа құбылысты туындататын, анықтайтын, өзгертетін, тудыратын немесе соған әкеліп соғатын құбылыс түсініледі. Себеп әрекеттің, яғни көші-қон актісінің алдында болады.³³

Көші-қон себептері «итеруші», сондай-ақ «еліктіруші» болуы мүмкін. «Итеруші» себептер донор-елдерде болады:

- экономикалық себептер – жұмысынан айрылу және жұмыс табудың мүмкін еместігі, жалақының төмен деңгейі;
- әлеуметтік себептер – қауіпсіздіктің жоқтығы сезімі, криминогенді жағдайдың нашарлауы, білім алу мүмкін еместігі, өмірлік келешектердің болмауы;
- *этно-діни себептер* – этникалық, нәсілдік немесе діни белгісі бойынша кемсіту, ұлтаралық қақтығыстар, «этникалық тазалаулар»;
- *әкімшілік-саяси себептер* – саяси көзқарастар үшін қудалаулар, депортация.
- *табиғи себептер* – табиғи апаттар, экономикалық жағдайлардың және климаттық шарттардың нашарлауы;

«Еліктіруші» себептер қабылдаушы елде жұмыс істейді:

- *экономикалық себептер* – жұмыс табу мүмкіндігі, еңбекақының жоғары деңгейі, дамыған инфрақұрылымға рұқсат;
- *әлеуметтік себептер* – оқыту мүмкіндігі, отбасының және туысқандарының болуы;
- *этно-діни себептер* – этникалық және діни сан алуандық саясаты, діни наным бостандығы;
- *әкімшілік-саяси себептер* – мигранттарды тарту бағдарламалары;
- *табиғи себептер* – жайлы климат, қолайлы экологиялық жағдай.

Көші-қонның дербес актілерінің көпшілігі жиынтықта әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйесіне объективті сипаттама береді. Көші-қонды «адамдардың аяқпен дауыс беру тәсілі» деп айтатыны да кездейсоқтық емес.

Бақылау сұрақтары:

1. Көші-қон, мигрант, халықаралық мигрант, ішкі мигрант, эмиграция, эмигрант, иммиграция, иммигрант түсініктеріне анықтама беріңіз.

³³ Демографиялық ұғымдық сөздігі/А.Л. Рыбаковскийдің редакциясымен. М.: ЦСП. 2003. 157-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.socioprognoz.ru/files/File/2012/Demograf%20ponyatini%20slovar.pdf].

2. Тұрақты және уақытша көші-қонның айырмашылығы неде? Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді көші-қонның ше? Мысалдар келтіріңіз.
3. Көші-қон факторы көші-қон себептерінен несімен ерекшеленеді?
4. Қазіргі әлемдегі барынша кеңінен таралған себептерді атап беріңіз.

Практикум:

Ұлттық (аймақтық) баспаны талдаңыз. Соңғы кездегі хабарламаларда көші-қонның қандай түрлері айтылады? Аталмыш басылымдарда көші-қон және мигранттар туралы ақпарат қандай нысанда және қандай аспектіде беріледі?

Міндетті әдебиет:

1. Демографиялық ұғымдық сөздігі/ Л.Л. Рыбаковскидің редакциясымен. М.: ЦСП. 2003. 352-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.socioprognoz.ru/files/File/2012/Demograf%20ponyatin%20slovar.pdf].
2. Практикалық демография/ Л.Л. Рыбаковскийдің редакциясымен. – М.: ЦСП. 2005. 280-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.isras.ru/publ.html?id=2094].
3. С.В. Рязанцев, М.Ф. Ткаченко Дүниежүзілік еңбек нарығы және халықаралық көші-қон. М.: Экономика. 2010. 303-б.
4. Еңбек көші-қонын басқару сұрақтары бойынша оқу модульдері. Әдіскерлерге арналған құрал. Женева: ЕҚЫҰ. ХҚКҰ. 2011. 348-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.osce.org/ru/secretariat/115544?download=true].
5. Т.Н. Юдина Көші-қон: негізгі терминдер сөздігі. М.: РМӘУ баспасы. 2007. 46-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://yanko.lib.ru/books/cultur/yudina-migraciya-slov-term-2007-a.htm>].
6. Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарии. Халықаралық көші-қон құқығы (International Migration Law. Glossary on Migration). Женева. ЖҚҰ. 2004. 78-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_1_en.pdf].
7. Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарии. Халықаралық көші-қон құқығы. ХҚКҰ (Glossary on Migration. International Migration Law. IOM). 2019. 98-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_34_glossary.pdf].

Қосымша әдебиет:

8. И.И. Елисева Халық демографиясы және статистикасы. 3-бас., аударылып, толықтырылған Академиялық бакалавриатқа арналған оқулық. М.: Юрайт. 2017. 405-б.
9. Халықаралық гуманитарлық құқық/ А.Я. Капустинаның редакциясымен, 2-басылым, түзетіліп, толықтырылған. М. Юрайт. 2011. 639-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://ozon-st.cdn.ngenix.net/multimedia/1002960198.pdf>].

10. Сан алуан көші-қон/ О.Д. Воробьеваның, А.В. Топилинның редакциясымен. М. Экон-ақп. 2014. 261-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.isras.ru/publ.html?id=3685].
11. Бұрынғы КСРО-дан кеш қоныс аударушылардың құқықтық жағдайы (Spaetaussiedler). GERMANY.RU. 1999. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://recht.germany.ru/aussiedler.db/items/18.html?op=>].
12. С.В. Рязанцев. Ресейдегі орыстарды орналастыру және олардың көші-қоны. Орыс сұрағы/ Г.В. Осиповтың, В.В. Локосовтың, И.Б. Орлованың редакциясымен М.: Экономика. 2007. 237-б.
13. С.В. Рязанцев, А.А. Гребенюк «Біздікілер» шетелде. Орыстар, ресейліктер, орыс тілділер, отандастар: Ресейге қайтарымды көші-қон және орналастыру, біріктіру. М. ИСПИ РАН. 2014. 238-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://istina.msu.ru/publications/book/6531743/>].
14. Халықаралық көші-қон статистикасы. Орталық Азия және Шығыс Еуропа елдері үшін практикалық нұсқаулық, БҰҰ ЕЭК. ЮНФПА. Женева. 2011 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.unec.org/fileadmin/DAM/stats/publications/RUS_International_Migration_Statistics_Practical_Guide.pdf].
15. В.И.Якунин, С.С.Сулакшин, В.Э. Багдасарян және т.б. Ресейді демографиялық дағдарыстан шығарудың мемлекеттік саясаты/ С.С.Сулакшинаның жалпы ред. М.: Экономика, Ғылыми сарапшы. 2007. 920-б.
16. Көші-қон саласындағы негізгі терминдер (Key Migration Terms) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.iom.int/key-migration-terms#Migration].

Бейнесюжет:

Көші-қонның әлеуметтік рөлі. О. Вендина [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.youtube.com/watch?v=U6j28j7NrQ].

1.2. Қайтарымды көші-қонның анықтамасы, түрлері және үрдістері

Мазмұны. Көші-қонның жаһандық үрдістері. Әлемдегі еңбек, білім және мәжбүрлі көші-қонның трендтері. Қайтарымды көші-қонның орны және масштабтары. Халықаралық және ұлттық құқықтағы қайтарымды көші-қоны және қайтып келу терминологиясы. Атажұртқа оралу және отанына қайта оралу. Қайтарымды көші-қонның жіктелуі. Қайтып келу түрлері: ерікті және мәжбүрлі. ХҚКҰ-ның ерікті қайтып келуге және қайта ықпалдастыруға көмек (ЕҚКҚЫК) бағдарламаларын іске асыруы: сандық және аймақтық аспектілері. Тікелей және жанама ынталандырылатын қайтарымды көші-қон, табиғи қайтарымды көші-қон. Заңды (құжаттандырылған) және реттелмеген (құжаттандырылмаған) қайтып келетін мигранттар. Әлемнің кейбір елдеріндегі қайтарымды көші-қонның әлеуетін қалыптастырудың тарихи ерекшеліктері.

Қазіргі шарттарда көші-қон мемлекеттерге, қоғамдарға және мигранттарға көптеген мүмкіндіктерді ұсынады. Көші-қон халықты біріктіру, көшіру, шекараларды қорғау және қауіпсіздік сияқты салалардағы маңызды саяси және экономикалық мәселеге айналды. ХҚКҰ бағалары бойынша, дүние жүзінде 244 халықаралық мигрант анықталды (дүние жүзі халқының 3,3%) – 2000 ж. шамамен 155 млн. адаммен салыстырғанда артқан (дүние жүзі халқының 2,8%). Мемлекетшілік көші-қон барынша кеңінен таралған болып табылады, бұл ретте соңғы жаһандық баға 740 млн. астам адам өзінің туған елі шегінде көшкендігіне дәлел болады.¹

Қазіргі заманғы жағдайда барынша маңызды көші-қон лектерінің бірнеше жаһандық трендтерін белгілеуге болады.

Еңбек көші-қоны. ХҚКҰ бағалары бойынша дүние жүзіндегі еңбекші-мигранттардың саны халықаралық мигранттардың жалпы санының үштен екісінен сәл аз немесе 150,3 млн адамды құрайды. Жұмыс істейтін-мигранттар арасында ер адамдар басым түседі, олар шамамен 17 млн. адамға көп: 83,7 млн ер (55,7%) және 66,6 млн әйел (44,3%). Еңбекші-мигранттардың басым бөлігі шамамен 112,3 млн (75%), жоғары табыс деңгейі бар елдерде жұмыс істеді, ал тағы да 34,4 млн (23%) табыс деңгейі орташа елдерде болды. Еңбекші-мигранттардың тек шамамен 2% кедей елдерде жұмыс істеді. Табыс деңгейі төмен және орта елдердің топтарындағы жұмыс күшінің жалпы санындағы еңбекші-мигранттардың үлесі (шамамен 1,4%), табыс деңгейі жоғары елдер тобында – айтарлықтай, 16,3%-ға жоғары.² Дүние жүзінде біліктілігі төмен және білікті мигранттардың еңбегі сұранысқа ие болып қала береді. Сондай-ақ біліктілігі жоғары ресурстар және таланттар үшін бәсекелестік артып келеді, себебі бұндай мамандар білімге негізделген экономиканы дамытуда барынша маңызды рөл атқаратын болады. Машина құрылысы, ақпараттық технологиялар, фармацевтика, денсаулық сақтау ұйымы және білім саласындағы кадрлардың тапшылығы мемлекеттерді өздерінің көші-қон саясатын біліктілігі

¹ Дүниежүзіндегі көші-қон туралы баяндама, ХҚКҰ, Женева (World Migration Report 2018. Chapter 2. IOM: Geneva.) 2017. 1-6. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.iom.int/sites/default/files/country/docs/china/r5_world_migration_report_2018_en.pdf].

² Сонда, 16-6.

жоғары мигранттар үшін барынша тартымды етуге мәжбүрлейді. Еңбек көші-қоны күннен күнге циркуляциялық еңбек көші-қонына айналып барады. Еңбекші-мигранттарға қаржылық-экономикалық дағдарыстар есебінен күшейетін қайтарымды көші-қон да тән.

Мәжбүрлі көші-қон. 2016 ж. соңына қарай дүние жүзінде жалпы алғанда 22,5 млн босқын бар екені анықталды, олардың ішінде 17,2 млн адам – БҰҰ БЖЖКБ мандаты бойынша және 5,3 млн босқын жұмыстарды ұйымдастыру және палестиналық босқындарға көмек үшін БҰҰ Таяу Шығыстық агенттігінде тіркелді. Бұл барлық уақыт ішіндегі ең жоғары көрсеткіш, дегенмен босқындар санының жыл сайынғы қарқыны 2012 ж. бастап төмендеді. Бұдан басқа, 2,8 млн. адам халықаралық қорғанысты іздеді және өзінің босқын мәртебесінің мойындалуын күтуде – оларды баспана сұраушылар деп атайды. 2016 ж. баспана ұсыну туралы алғаш берілген өтінішхаттардың жалпы саны 2 млн. құрады. Босқындарды негізгі қабылдайтын ел Германия болды (720 мың. өтініш), одан кейін АҚШ (262 мың.) және Италия (123 мың.). Босқындардың негізгі елдері мыналар болды: Сирия, Ауғанстан, Оңтүстік Судан, Сомали, Конго Демократиялық Республикасы, Орталық Африка Республикасы, Мьянма, Эритрея және Бурунди (13,5 млн адам немесе 79%). БҰҰ БЖЖКБ бағалары бойынша 18 жасқа дейінгі жастағы адамдар барлық босқындардың шамамен 51% құрады, әйелдердің үлесі – 49%. Шамамен 60% босқын қалаларға орналастырылды.³

Білім көші-қоны. Қазіргі заманғы жағдайда жоғары білім айтарлықтай халықаралықтандырылды, жастар білім алуда барынша мобильді бола бастады. Бұл студенттердің шетелдік университеттерде білім алу үшін көшіп-қонатынын білдіретін, дүние жүзіндегі халықаралық білім көші-қонының артуына себепші болды.⁴ ЮНЕСКО деректері бойынша 2017 жылдың қорытындылары бойынша 5,1 млн. студент білім алған.⁵ Халықтың жас ерекшелік құрылымында басым түрде жастар бар елдер және кейбір аймақтар халықаралық білім көші-қонына белсенді қосыла бастады. Мысалы, жас қытайлықтардың жартысы шетелде оқығысы келеді, ал 2017 ж. шетелдегі қытайлық студенттердің саны 442,8 мың адамды құрады.⁶ Орталық Азия елдерінің шамамен 156 мың студенті шетелде оқыған. Тек 25–30% шетелдік студенттер ғана экономикалық дамыған елдерден өздерінің еліне қайтады. Шетелде жоғары білім алғысы келетін студенттер артып келеді, бұл ретте көбіне шетелде оқуды олар оқитын елінде тұрақты тұруға ықтиярхатты алуға қадам ретінде қарастырады.⁷ Қабылдайтын елдердің экономикасына шетелдік студенттер қосатын үлес негізгі қабылдайтын елдердің шетелдік студенттердің келуін және бірігуін жеңілдетуге көп күш салуының себебі болды: бұл жерде визалық саясатты және рәсімдерді өзгерту және көші-қон заңнамасындағы түзетулер туралы сөз болып отыр.⁸

Мигранттардың көбейіп келе жатқан саны кейде немесе мерзімді түрде әртүрлі жағдайларға байланысты өз елдеріне қайтады. Дегенмен қайтарымды көші-қонның ауқымын жаһандық

³ Сонда, 20–21-б.

⁴ Білімді жаһандандыру: кіріспе (Spring J. Globalization of Education: An Introduction), Queens College & Graduate Centre. City University of New York. 2009.

⁵ ЮНЕСКО деректері [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://data.uis.unesco.org>].

⁶ Атлас жобасы, Стипендиялар жөніндегі қытай кеңесі (Project Atlas, China Scholarship Council).

⁷ Gribble C. Policy options for managing international student migration: the sending country's perspective. Journal of Higher Education Policy and Management. Vol. 30. №. 1. 2008. 25–39-б.

⁸ Н.В. Варгезе Жоғары білімді жаһандандыру және студенттердің трансшекаралық мобильділігі (Varghese N.V. Globalization of higher education and cross-border student mobility. International Institute for Educational Planning. Paris.) UNESCO. 2008. 33-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://citeseerx.ist.psu.edu/viewdoc/download?doi=10.1.1.536.4194&rep=rep1&type=pdf>].

деңгейде бағалау мүмкін емес, ал ұлттық деңгейлерде аталмыш көрсеткіш нақты болып табылмайды, бар деректер қайтарымды көші-қон жалпы көші-қоны лектерінің артуымен параллель күшейетіні туралы ғана айтуға мүмкіндік береді.

Қайтып келу – бастапқы орнына қайтып келу үдерісі немесе акті. Бұл елдің аумақтық шекаралары шегінде – көшкен және қайта жұмылдырылған адамдардың ішкі қайтып келуінде; немесе шыққан елі және баратын елі (транзит) арасында – еңбекші-мигранттар, босқындар немесе баспана сұраушылар жағдайында болуы мүмкін. Қайтып келудің әртүрлі тәсілдері сипатталады: ерікті, мәжбүрлі, көмек болғанда және табиғи; сондай-ақ мигранттардың қайтып келу типтері, мысалы отандарына қайта оралулары (немесе дағдарыс жағдайларында қалған мигранттар).⁹

ХКҚҰ тәсіліне сәйкес (2004 ж.) «қайтарымды көші-қон» деп әдетте басқа елде кем дегенде бір жыл болғаннан кейін тұрақты тұратын орны немесе өзінің шыққан еліне қайтып келетін адамдардың жүріп-тұруы түсініледі. Бұл қайтып келудің ерікті немесе еріксіз болуы мүмкін. Қайтарымды көші-қонның ерікті репатриациялау арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін.¹⁰

Қазіргі уақытта (2019 ж.) ХКҚҰ қайтарымды көші-қон ұйымын халықаралық көші-қон контекстінде (өз елдеріне қайтып келу үшін көшіп бара жатқан адамдар өздерінің әдеттегі тұратын жерінен кеткеннен кейін және халықаралық шекарадан өткеннен кейін) және ішкі көші-қон контекстінде (одан көшкеннен кейін өзінің әдеттегі тұратын орнына қайтып келетін адамдардың көшіп-қонуын) анықтайды.

Статистикалық мақсаттар үшін БҰҰ экономикалық және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі департаменті қайтып келетін мигранттарды елде кем дегенде бір жылға қалуға ниетті және басқа елде халықаралық мигрант болғаннан кейін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) өздерінің азаматтығы бар елге қайтып бара жатқан адамдар ретінде анықтайды.¹¹

БҰҰ және ХКҚҰ ұсынатын «қайтарымды көші-қон» түсінігінің жеткілікті біржақтылығына қарамастан, оны түсіндіру әртүрлі елде айтарлықтай ерекшеленеді. Сондай-ақ нормативтік-құқықтық актілерде және әртүрлі елдердің қайтып келу ұйымдарының бағдарламаларында қайтарымды көші-қон үдерісін сипаттайтын әртүрлі түсініктер мен терминдер пайдаланылады.

Сондай-ақ қайтарымды көші-қонда «ремиграция» термині қолданылады, бұл бұрын эмиграцияға кеткен мигранттардың шыққан еліне қайтып келу үдерісі.¹²

Қайтарымды көші-қонмен «репатриация» түсінігі тығыз байланысты, ол халықаралық құқықта және көші-қон саясатында екі түсіндірмеге ие.

Барынша ауқымы тар түсіндірме «репатриацияны» әртүрлі халықаралық құжаттардың ережелері негізінде (Женева конвенциялары 1949 ж., 1977 ж. хаттамалар, 1907 ж. Гаага

⁹ Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарийі. Халықаралық көші-қон құқығы. ХКҚҰ (Glossary on Migration. International Migration Law. IOM). 2019. 15-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_34_glossary.pdf].

¹⁰ Халықаралық көші-қон құқығы. Көші-қон саласындағы глоссарий. Женева, МОМ (International Migration Law. Glossary on Migration. Geneva. IOM.) 2004. 15-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_1_en.pdf].

¹¹ Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарийі. Халықаралық көші-қон құқығы. ХКҚҰ (Glossary on Migration. International Migration Law. IOM). 2019. 15-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_34_glossary.pdf].

¹² Сонда, 168-б.

конвенциясын толықтыратын құрылымдағы соғыс заңдары және дәстүрлері туралы ережелер; адам құқықтары жөніндегі құжаттар, сондай-ақ құқықтық дәстүрлер) сол елдің азаматы болып табылатын, елге қайтып келуге босқынның немесе әскери тұтқынның құқығы ретінде анықтайды. Репатриацияны таңдау құқығы оны ұстайтын органға емес, адамның өзіне тиісті. Репатриацияға құқық келген елдің мемлекеттік органдарын осындай адамдарды (солдатты және азаматтық адамдарды) шығаруға, ал шығу елін – өзінің азаматтарын қабылдауға міндеттейді. «Репатриация» термині халықаралық дағдарыс кезінде халықаралық лауазымды тұлғалар мен дипломатиялық өкілдерге қатысты қолданылады.¹³

«Репатриация» термині сондай-ақ халықаралық гуманитарлық құқық контекстінде пайдаланылады, бұл ретте негізгі назар халықаралық құқықтың аталмыш саласына қатысы бар санаттарға аударылады. Өзінің еліне қайтып келуге көбірек жалпы құқық адам құқықтарының халықаралық құқығында, соның ішінде азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіде (1966 ж. 16 желтоқсанда қабылданды, 1976 ж. 23 наурызда күшіне енді) көзделген. Африкадағы босқындар мәселесінің нақты аспектілерін реттейтін Конвенция аясында (1969 жылы 10 қыркүйекте қабылданды, 1974 ж. 20 маусымда күшіне енді), репатриация үнемі ерікті болуы тиіс және бірде бір босқын оның еркіне қарсы репатриациялана алмайды. Аталмыш түсіндіру баспана елге де «репатриация туралы өтінішпен жүгінетін босқындардың қауіпсіз қайтып келуі үшін тиісті шаралар қабылдауды», ал шыққан елге – «оларды көшіруді жеңілдетуге және оларға ел азаматтарының барлық құқықтарын және артықшылықтарын және олардың міндеттерін ұсыну» міндеттемесін жүктейді. Сондай-ақ бұл термин дағдарыста немесе шетелде қиын жағдайда қалған азаматтарға, халықаралық дағдарыс кезінде халықаралық лауазымды тұлғаларды және дипломатиялық елшілерді репатриациялауды белгілеу үшін жиі пайдаланылады.¹⁴

Ауқымды түсіндіруге сәйкес *«репатриант»* – бұл тұрақты тұру мақсатымен шыққан немесе өзінің азаматтығы бар елге жеке немесе әлеуметтік-экономикалық себептер бойынша ерікті түрде өзі көшкен адам.¹⁵ Осыған байланысты кейбір елдердің үкіметтері және олардың мемлекеттік бағдарламалары әдетте репатриацияны қайтарымды көші-қонның түрі, яғни этникалық отанына қайтып келу үдерісі ретінде қарастырады. Этникалық отан деп көбінесе (тіпті олар ол жақтан бұрын эмиграцияланбаса да) адамдар өздерінің шыққан жерімен байланыстыратын ел немесе аймақ түсініледі. Негізінен, осы байланыс этникалық және (немесе) діни тиістілік арқылы анықталады. Бірқатар мемлекеттердің биліктері (мысалы, Израиль және Греция) нормативтік-құқықтық актілерде, көші-қон саясатында және көшу бағдарламаларында «репатриация» және «репатриант» түсініктерін тікелей қолданады.

Қайтарымды көші-қонды жіктеудің бірнеше тәсілдері.

¹³ Халықаралық көші-қон құқығы. Көші-қон саласындағы глоссарий. Женева, МОМ (International Migration Law. Glossary on Migration. Geneva. IOM.) 2004. 78-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_1_en.pdf].

¹⁴ Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарий. Халықаралық көші-қон құқығы. ХҚКҰ (Glossary on Migration. International Migration Law. IOM). 2019. 180–181-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_34_glossary.pdf].

¹⁵ Халықаралық көші-қон құқығы. Көші-қон саласындағы глоссарий. Женева, МОМ (International Migration Law. Glossary on Migration. Geneva. IOM.) 2004. 78-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_1_en.pdf].

Мигранттардың шыққан еліне қайтып келуін түсіндіру осындай үдерістің еріктілік деңгейіне байланысты:

- «ерікті түрде қайтып келетін мигранттар» – өзінің ерікті шешімі негізінде басқа елге немесе транзиттік елге, шығу елінің көмегімен немесе тәуелсіз қайтып келетін адамдар. Ерікті түрде отанына қайтып оралу ұйымдастырылған (БЖЖКБ және тиісті үкіметтер эгидасымен жүзеге асырылады) немесе кенеттен болуы мүмкін (босқындар өз қаржылары есебінен қайтады, бұнда БЖЖКБ және үкімет қайтып келу үдерісіне мүлде қатыспайды);¹⁶
- «мәжбүрлі қайтып келу» – жеке тұлғаны оның еркіне қарсы шыққан еліне, транзиттік еліне немесе адамды қабылдауға келіскен үшінші елге қайтып келу акті әдетте әкімшілік немесе сот актісі немесе шешімі негізінде жүзеге асырылады.

1979 ж. бастап. ХКҚҰ ерікті қайтып келуге және қайта ықпалдастыруға көмек (ЕҚҚЫК) бағдарламасын жүзеге асырады. ХКҚҰ ЕҚҚЫК желісі бойынша мигранттарды қолдауы негізінен тұтас іс-шаралар тобын қамтиды: қайта ықпалдасуға мүмкіндігінше көмек көрсету және әкімшілік, туристік көмек, авиабилеттерді сатып алу, кетер алдында кеңес беру. Орташа алғанда 2005 жылдан бастап 2018 жылға дейін. ХКҚҰ жыл сайын ЕҚҚЫК арқылы отанына қайтып келу сұрақтары бойынша 48 мың мигрантқа көмек көрсетті. 2018 ж. 63,3 мың мигрантқа қолдау көрсетілді (24% – әйелдер, 22% – балалар, 1,2% – адамдар саудасының құрбандары), олар 128 қабылдаушы немесе транзиттік елден 169 шыққан еліне оралды.¹⁷

2018 ж. ЕҚҚЫК қатысушыларының басым бөлігі (53,7%) Еуропалық экономикалық аймақтан, атап айтқанда Германиядан, Грециядан, Австриядан, Бельгиядан және Нидерландыдан (1.2.1-кесте) оралды. «Оңтүстік-оңтүстік» бағыты бойынша, соның ішінде транзит елдерінен қайтып келетін мигранттар легі артып келеді. Мысалы, мигранттардың үлкен бөлігі Нигерден Гвинеяға, Малиге, Камерунға, Кот-д'Ивуар мен Сенегалға оралды, ол дүние жүзіндегі барлық қайтып келетін мигранттардың 18%-дан астамын құрады. ЕҚҚЫК желісі бойынша көмек алушы-мигранттардың шығатын негізгі аймақтары 2018 жылы Батыс және Орталық Африка (30,8%), Оңтүстік Шығыс Еуропа, Шығыс Еуропа және Орталық Азия (27,6%), Азия Тынық мұхиттық аймағы (14%) және Таяу Шығыс және Солтүстік Африка (12,9%) болды. Жалпы алғанда 10 озық елде шығу ЕҚҚЫК желісі бойынша барлық көмек алушылардың 51%-на келеді.¹⁸

¹⁶ Көші-қон саласындағы терминдердің глоссариі. Халықаралық көші-қон құқығы. ХКҚҰ (Glossary on Migration. International Migration Law. IOM). 2019. 225-6. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_34_glossary.pdf].

¹⁷ Қайтып келу және қайта ықпалдастырудың негізгі сұрақтары. ХКҚҰ, Женева (2018 Return and Reintegration Key Highlights. OM: Geneva). 2019. 15-6. [www.iom.int/sites/default/files/our_work/DMM/AVRR/2018_return_and_reintegration_key_highlights.pdf].

¹⁸ Дүниежүзіндегі көші-қон туралы баяндама, ХКҚҰ, Женева (World Migration Report 2018. Chapter 2. IOM: Geneva.) 2017. 1-6. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.iom.int/sites/default/files/country/docs/china/r5_world_migration_report_2018_en.pdf].

1.2.1-кесте 2018 ж. негізгі шығу елдері және қабылдаушы (немесе транзиттік) елдер бойынша ЕҚКҚЫК бағдарламаларына қатысушылар саны.¹⁹

Қабылдаушы немесе транзиттік елдер	Қатысушылар саны, адам	Шығу елі	Қатысушылар саны, адам
Германия	15 942	Ирак	5 661
Нигер	14 977	Гвинея	5 088
Греция	4 968	Эфиопия	4 792
Австрия	3 469	Мали	4 041
Джибути	3 392	Грузия	2 681
Бельгия	2 795	Ауғанстан	2 232
Нидерланды	2 149	Албания	2 167
Марокко	1 508	Ресей Федерациясы	1 952
Түркия	1 494	Украина	1 901
Италия	958	Кот-д'Ивуар	1 834

Мемлекеттің және халықаралық ұйымның қатысу деңгейіне байланысты қайтарымды көші-қон үдерісінде қайтарымды көші-қонның үш типін белгілеуге болады:

- тікелей немесе белсенді ынталандырылатын қайтарымды көші-қон қайтып келетін мигранттарды (репатрианттарды) орналастырудың және тартудың мемлекеттік бағдарламалары, сондай-ақ ерікті қайтып келу және қайта ықпалдастыру бағдарламалары (ЕҚКҚЫК) болғанда және іске асырылған жағдайда байқалады. Қайтарымды көші-қонның барынша ауқымды бағдарламаларын қазіргі уақытта Израиль, Германия, Ресей Федерациясы, Греция және Қазақстан іске асыруда. Осы елдердегі мемлекеттік бағдарламалар бірнеше жыл бойы мақсатты бағытталған, нақты мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ мемлекет бюджетінен қаржыландыру бар.

1.2.1 -мысал **Этникалық немістердің қайтып келуі бойынша Германияның мемлекеттік бағдарламасы.**

Тарихи жағдайларға байланысты неміс ұлты бөлшектеліп кетті. 1990 жылдардың басында 2,5 млн этникалық неміс Германия аумағынан тыс тұрған, олардың ішінде шамамен 2 млн – бұрынғы КСРО аумағында пайда болған мемлекеттерде.²⁰ Басқа мемлекеттерден Германия аумағына көшетін немістерге қатысты мемлекеттік саясат негізінде конституция нормалары жатыр, оған сәйкес этникалық немістер қатарынан қоныс аударушылар барлық құқықтарда неміс азаматтарымен теңеседі. Қоныс аударушылар үшін жеңілдіктердің ауқымды жинағын заңнамалық бекіту оларды тезірек ықпалдастыруға жағдай жасайды. 1949 жылғы 23 мамырда қабылданған ФГР конституциясына сәйкес (116-бап), 31.12.1937 ж. неміс рейхі шекараларында тұрған, этникалық немістер санынан шығарылған адам немесе босқын, неміс азаматтығы бар адам, сондай-ақ олардың жұбайлары және ұрпақтары неміс деп есептеледі, 1953 жылғы «Босқындар және қоныс аударылған адамдар туралы» заң (1-бап) Шығыс Еуропа елдерінен қоныс аударушылар есебінен

¹⁹ Сонда, 1-б.

²⁰ Т.Н. Юдина Көші-қон: негізгі терминдер сөздігі. М.: РМЭУ баспасы. 2007. 142-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://yanko.lib.ru/books/culture/yudina-migraciya-slov-term-2007-a.htm>].

неміс ерекше мәртебесі бар адамдар контингентін кеңейтті. Төрт жылдан кейін осы тізімге Қытай қосылды. Көрсетілген заңға сәйкес неміс текті емес этникалық немістердің жұбайлары да неміс мәртебесін алды.²¹

«Шығу қағидатының» ГФР қолданысы азаматтық туралы сұрақтарды шешуде этникалық немістерге иммигранттардың басқа санаттарымен салыстырғанда неміс азаматтығын алуға ауқымды жеңілдіктерді қамтамасыз етті. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін неміс азаматтығы болған немесе оны соғыс кезінде алған немістер, сондай-ақ олардың ұрпақтары автоматты түрде қайтадан неміс азаматтығын алады. Бұрын неміс азаматтығы болмаған этникалық немістердің басқа санаттарына 1955 жылғы «Азаматтық сұрақтарын реттеу туралы» заңға сәйкес (б бабы) өзінің этникалық тиістілігін дәлелдеу және тиісті сұраныс жазу талап етілді. «Жер аударылған адамдар және босқындар туралы» 1953 жылғы заңға сәйкес (б бабы) этникалық неміс болып неміс халқын өзінің туған халқы деп есептейтін және оған тиістілігін шығу тегімен, тілімен, тәрбиесімен, мәдениетімен растай алатын адам болып табылады. Неміс этносына жеке тиістілік сезімін халық санағы деректерімен, жеке құжаттардағы тіркеу жазбаларымен бекіту қажет. 1953 жылғы заңның негізінде соғыстан кейінгі жылдары неміс қоныс аударушыларының орасан контингенті федералдық және жергілікті бюджеттен, сондай-ақ шіркеу қорларынан қаржыландыру алғандардың ауқымды бағдарламалар аясында елдің әлеуметтік өміріне және экономикасына біріктірілді.

Соңғы жылдардағы неміс қоныс аударушыларының тоқтаусыз жаппай легінің шарттарында көрсетілген заң 1980 ж. «Жер аударылған адамдар және босқындарды ықпалдастыру бойынша әрі қарайғы шаралар туралы» заңымен толықтырылды, бірқатар арнайы заңдармен нақтыланды. Мысалы, қоныс аударушыларға бір реттік жәрдемақы төленді; мемлекет жергілікті билікке «әлеуметтік» (арзан) тұрғын үй құрылысына қаржылай көмек ұсынды (әлеуметтік тұрғын үй тек төмен табысты адамдарға, бірінші кезекте жатақханаларда тұратын және көп балалы отбасылы қоныс аударушыларға ғана қолжетімді болды); туысқандарының үйінде немесе жатақханаларда тұратын қоныс аударушыларға өз тұрғын үйін алуға қарыз ақша бөлінді (қарыз ақша алғашқы екі жыл ішінде пайыздарды төлеуді босатумен ең көбі 10 жылға ұсынылды, бұл ретте мемлекет қарыз ақша бойынша пайыздарды олардың толық өтеміне дейін субсидиялады). Шағын және орта бизнесті ұйымдастыруды ынталандыратын «өз бетімен өмір сүруге арналған негіздерді» құру бойынша бағдарламалар бумасы қабылданды: кеңес берумен қатар мемлекеттік қаржылық көмек ұсынылды. «Жұмыспен қамтуға ынталандыру туралы» заңмен ол кәсіби білім жүйесінде білім алған жағдайда, қоныс аударушының кірістерінің толық өтелуі көзделді. Бұл үшін кірістердің бөлігі салықтан босатылды және асырауында бар балалардың жасын және санын ескерумен жәрдемақылар төленді. Жалпы білім беретін және кәсіби мектептерде, кәсіби училищелерде қоныс аударушылар білім алған жағдайда ерекше тәсіл – дайындық сыныптарына және балабақшаларға қоныс аударушылардың балаларын орналастыруға әрекеттесу көзделді.²²

- *жанама немесе тікелей ынталандырылатын қайтарымды көші-қон.* Бұл жағдайда арнайы мемлекеттік бағдарламалар жоқ немесе уақытша болып табылады, бірақ қайтып келетін мигранттарды, соның ішінде жекелеген әлеуметтік мәдени немесе кәсіби топтарды қолдау шаралары іске асырылады. Аталмыш тәсіл Шығыс және Солтүстік Еуропаның кейбір елдерінде (мысалы, Венгрияда, Польшада, Чехияда, Финляндияда), сондай-ақ Перуде, Бразилияда қолданылады.

²¹ Сонда, 138-б.

²² Сонда, 140-б.

1.2.2 -мысал Чех Республикасындағы қайтарымды көші-қон бағдарламалары

Этникалық чехтерге қатысты Чехияның қоныс аудару саясаты 1990 жылдардың басында басталды. Қайтып келетін мигранттардың бірінші толқыны 1991–1993 жылдарға тұспа-тұс келді және Чернобыль апаты аймағында, негізінен Украинада және Беларусьта тұрған этникалық чехтерді де қамтыды. Онда Чехия 1812 қоныс аударушыны қабылдады. Мемлекет жұмысқа орналастыруға көмектесті және тұрғын үймен қамтамасыз етті, сондай-ақ тұрақты тұру ықтиярхатын ұсынды. Кейіннен осы санаттағы мигранттар үшін азаматтық алу рәсімі жеңілдетілді, ол үшін 1995 жылы Азаматтық туралы заңға түзетулер енгізілді.

Қоныс аударудың екінші толқыны 1996 жыл мен 2001 жыл аралығында өтті. Сол кездегі қоныс аудару бағдарламасы (чех үкіметінің пікірі бойынша) қашық және тыныш емес аумақта, негізінен Қазақстан, сондай-ақ Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Молдова Республикасының аумағында тұратын отандастарға арналды. Нәтижесінде осы кезең үшін Чехияға 818 отандас ауысты, оларға да сондай-ақ тұрғын үй алуға және жұмысқа орналасуға көмек көрсетілді. 2001 жылдан кейін этникалық чехтар өздерінің тарихи отанына мемлекеттік бағдарламасыз стандартты көші-қон рәсімінен өтіп қана келе алатын болды.

Соңғы жылдық репатриациялық бағдарлама 2007 жылы Чехияда іске асырылды, оның барысында барлығы 157 адам қоныс аударды. Аталмыш бағдарлама аясында этникалық чехтарға мемлекеттік көмек әлеуметтік қолдау және тіл курстары, муниципалды тұрғын үй ұсынуға жұмсалды (баспана сұрайтын адамдарға және босқындарға әрекеттесу шараларынан ерекшеленбеді). Алдыңғы бағдарламалардағымен бірдей қоныс аударушыларға тұрақты тұруға ықтиярхат ұсынылды. Көп елдерден ерекшелігі Чехия үкіметі этникалық чехтердің қайтып келу көші-қоны мәселелерінде заңнамадағы мерзімсіз заң нормаларын енгізу жолымен бармай, қысқа мерзімді қоныс аудару бағдарламаларын әзірлеуге назар аударуды ұйғарды.²³

- ұйымдаспаған немесе табиғи қайтарымды көші-қон. Бұл жағдайда мемлекет процеске қатыспайды және адамдар өздері қайтады.

Келген елге қайтқан мигранттардың мәртебесіне байланысты мигранттарды мынадай санаттарға бөлуге болады:

- заңды немесе құжаттандырылған қайтырылған мигранттар мәртебесі келген елде толығымен заңды және заңнамаға сәйкес толық рәсімделген келген елде тіркеу рәсімдерін орындау және барлық қажетті құжаттарды мигранттың алуымен жалғасқандар;
- реттелмеген немесе құжаттандырылмаған қайтып келетін мигранттар мәртебесі келген елде әртүрлі себептер бойынша реттелмеген мигранттар, олардың келген елде жұмысқа рұқсат құжатын алмаған немесе ережелерге толық сәйкестікте тіркелмеген болуы, шекараны ережелерді бұзумен кесіп өтуі мүмкін.

Қайтып келетін мигранттарды қалыптастырудың тарихи ерекшеліктері негізінде көші-қонның мынадай типтерін ажыратуға болады:

- жаппай эмиграциялауға байланысты бұрын үлкен диаспоралар қалыптасқан мемлекеттерден қайтарымды көші-қон. Мысалы, этникалық немістердің Ресей Федерациясынан және Қазақстаннан Германияға еврейлердің Израильге, понтиялық гректердің бұрынғы КСРО-дан Грецияға, жапондықтардың Бразилиядан және Перуден Жапонияға қайтарымды көші-қоны;

²³ D. Drbohlav Nelegální ekonomické aktivity migrantů (Česko v evropském kontextu). Praha: Karolinum. 2008.

- метрополиядан қоныс аударушылардың ауқымды санын қабылдаған, бұрын колония немесе басып алынған аумақтар болған мемлекеттерден қайтарымды көші-қон. Мысалы, француздардың және олардың ұрпақтарының бұрынғы француз колонияларынан, испандықтардың Латын Америкасынан Испанияға, португалдықтардың португал тілді елдерден Португалияға, жапондықтар және немістердің екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басып алынған аумақтардан қайтарымды көші-қоны;
- ол ыдырағанға дейін бұрын бір мемлекеттің бөліктері болған басқа елдерден қайтарымды көші-қон. Мысалы, бұрынғы КСРО республикаларынан Ресей Федерациясына, сербтердің бұрынғы Югославия республикаларынан Сербияға қайтарымды көші-қоны;
- этикалық себептер бойынша ашылатын үшінші елге шартты қайтарымды көші-қон. Мысалы, Германия ұлтшылдық режимінен туындаған еврейлердің сол бір толқындарын және холокост үшін сауықтыру әрекетімен еврейлердің қайтып келу мақсатында арнайы бағдарламаны іске қосты.

1.2.3-мысал Жапондықтардың Латын Америкасынан Жапонияға қайтып келу көші-қоны («никкэйдзин»)

XX ғасырдың басында жапондықтар жерсіздіктен және кедейліктен құтылу үшін елдерін тастап, Солтүстік және Оңтүстік Американы қоныстанды. Қазіргі уақытта шетелде шамамен жапондықтардың 1,4 млн бар (үшінші буынға дейін), соның ішінде 670 мыңы – АҚШ-та, 530 мыңы – Бразилияда, 50 мыңы – Перуде. Жапониядағы шетелдік жапондықтарды «никкэйдзин» деп атайды. Олардың кейбіреулері Жапонияда еңбек мигранттары ретінде болады (шамамен 200 мың азамат Бразилияда және 46 мың азамат Перуде). Іс жүзінде олар өнеркәсіпте білікті емес жұмыс күші ретінде пайдаланылады. Дегенмен заңды түрде олардың көпшілігі Жапонияға туысқандарына және өздерінің ұлттық мәдениетімен араласуға келеді. Жапон биліктері «ережелерден ерекшеліктер» жасай отырып, оларға белгілі бір преференциялар береді. Үкімет осы санаттағы иммигранттар үшін елге келу шарттарын жеңілдетті және қызметтің жекелеген түрлерін шектеусіз жұмыс істеу құқығын ұсынды. «Никкэйдзин» өзінің жапондық тегін және туыстығын растағаннан кейін, ол «жапондықтың жұбайы/ері» немесе «ұзақ уақыт тұратын тұрғын» мәртебесін алады. Бұл арнайы виза мерзімді түрде ұзартып отырылуы тиіс, ол қызметтің жекелеген түрлеріне шектеусіз жұмыс істеу құқығын береді. Кез келген қажетсіз шетелдік жапон қызметтерінде «біліктілігі жоқ еңбекші» ретінде, ал «никкэйдзин», нақты біліктілігіне қарамастан, көбінесе формалды түрде «білікті еңбекшілер» санатына жазылады. «Никкэйдзинді» жұмысқа қабылдауды жеңілдету мақсатымен Жапония Еңбек министрлігі Токио мен Нагоеде «никкэйдзинді» жалдау бойынша мамандандырылған орталықтарды құрды.²⁴

²⁴ Н.В.Анисимцев Жапонияның иммиграциялық саясаты: ұлттық нұсқа// Ресей және АТР. 2004. 53-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://cyberleninka.ru/article/v/immigratsionnaya-politika-yaponii-natsionalnyy-variant>].

Бақылау сұрақтары:

1. Қазіргі дүние жүзіндегі негізгі көші-қон лектері қандай ауқымға ие? Дүние жүзіндегі қайтарымды көші-қонның ауқымдары қандай?
2. Қайтып келу және қайтарымды көші-қон дегеніміз не?
3. Реэмиграцияның репатриациядан айырмашылығы неде?
4. Ерікті және мәжбүрлі қайтып келудің ерекшелігі неде?
5. Тікелей және жанама ынталандырылатын қайтарымды көші-қонның ерекшелігі неде? Елдердің мысалдарын келтіріңіз.
6. Қайтып келетін мигранттардың реттелген және реттелмеген құқықтық мәртебесі болған жағдайда салдарлары қандай және айырмашылығы неде?

Практикум:

1. Қайтарымды көші-қонның екі негізгі түрін салыстырыңыз: ерікті және мәжбүрлі. Соның ішінде мыналарды қараңыз: а) себептері, ә) ауқымдары, б) қатысушылардың әлеуметтік-демографиялық құрылымы, г) мемлекеттің қатысу деңгейі. Әр түрлі елдердің тәжірибесінен мысалдар келтіріңіз. Презентация дайындаңыз.
2. Сіздің аймақтағы немесе елді мекендегі қайтарылған мигранттардың бірінен сұхбат алыңыз. Онда көші-қонның қандай тәжірибесі екенін анықтаңыз. Неге оралды? Көші-қон тәжірибесі оның өміріне және жеке дамуына қалай көмектесті?

Міндетті әдебиет:

1. Демографиялық ұғымдық сөздігі/Л.Л. Рыбаковскидің редакциясымен. М.: ЦСП. 2003. 352-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.socioprognoz.ru/files/File/2012/Demograf%20ponyatini%20slovar.pdf].
2. Практикалық демография/ Л.Л. Рыбаковскийдің редакциясымен. – М.: ЦСП. 2005. 280-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.isras.ru/publ.html?id=2094].
3. Еңбек көші-қонын басқару сұрақтары бойынша оқу модульдері. Әдіскерлерге арналған құрал. Женева: ЕҚЫҰ. ХКҚҰ. 2011. 348-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.osce.org/ru/secretariat/115544?download=true].
4. Т.Н.Юдина Көші-қон: негізгі терминдер сөздігі. М.: РМӘУ баспасы. 2007. 46-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://yanko.lib.ru/books/cultur/yudina-migraciya-slov-term-2007-a.htm>].
5. Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарии. Халықаралық көші-қон құқығы. Женева. ХКҚҰ (International Migration Law. Glossary on Migration. Geneva. IOM). 2004. 78-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_1_en.pdf].
6. Көші-қон саласындағы терминдердің глоссарии. Халықаралық көші-қон құқығы. ХКҚҰ (Glossary on Migration. International Migration Law. IOM). 2019. 248-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_34_glossary.pdf].

Қосымша әдебиет:

7. В.П. Воробьев Израиль мемлекеті: тұлғаның мәртебесі және туындаудың құқықтық негіздері. М.: Ұлттық шолу. 2001. 167-б.
8. И.И. Елисева Халық демографиясы және статистикасы. 3- бас., аударылып, толықтырылған Академиялық бакалавриатқа арналған оқулық, М.: Юрайт. 2017. 405-б.
9. Халықаралық гуманитарлық құқық/ А.Я. Капустинаның редакциясымен, 2-басылым, түзетіліп, толықтырылған. М. Юрайт. 2011. 639-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://ozon-st.cdn.ngenix.net/multimedia/1002960198.pdf>]]
10. Сан алуан көші-қон/ О.Д. Воробьеваның, А.В. Топилинның редакциясымен. М. Экон-ақп. 2014. 261-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.isras.ru/publ.html?id=3685].
11. Бұрынғы КСРО-дан кеш қоныс аударушылардың құқықтық жағдайы (Spaetaussiedler). GERMANY.RU. 1999. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://recht.germany.ru/aussiedler.db/items/18.html?op=>].
12. С.В. Рязанцев. Ресейдегі орыстарды орналастыру және олардың көші-қоны. Орыс сұрағы/ Г.В. Осиповтың, В.В. Локосовтың, И.Б.Орлованың редакциясымен М.: Экономика. 2007. 237-б.
13. С.В. Рязанцев, А.А. Гребенюк «Біздікілер» шетелде. Орыстар, ресейліктер, орыс тілділер, отандастар: Ресейге қайтарымды көші-қон және орналастыру, біріктіру. М. ИСПИ РАН. 2014. 238-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://istina.msu.ru/publications/book/6531743/>].
14. Халықаралық көші-қон статистикасы. Орталық Азия және Шығыс Еуропа елдері үшін практикалық нұсқаулық. БҰҰ ЕЭК. ЮНФПА. Женева. 2011 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.unecsc.org/fileadmin/DAM/stats/publications/RUS_International_Migration_Statistics_Practical_Guide.pdf].
15. Дүниежүзіндегі көші-қон туралы баяндама, ХКҚҰ, Женева (World Migration Report 2018. Chapter 2. IOM: Geneva. 2017). 50-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://publications.iom.int/books/world-migration-report-2018-chapter-2-migration-and-migrants-global-overview>].

1.3. Мемлекеттердің қайтарымды көші-қон бағдарламаларын іске асыру жөніндегі мақсаттары мен тәсілдері

Мазмұны. Қабылдаушы елдер үшін қайтарымды көші-қонның оң рөлі. Қайтарымды көші-қон елдерді дамытудың мүмкін ресурсы ретінде. Қайтарымды көші-қон тәжірибесін экономика және қоғамды дамыту үшін пайдаланған елдердің оң тәжірибесі. Қайтарымды көші-қонды ынталандыратын мемлекеттердің мақсаттары: гуманитарлық, демографиялық, экономикалық, аймақтық дамуды ынталандыру. Қайтып келетін мигранттарды қайтарымды көші-қонды ынталандыратын мемлекеттердің қолдау шаралары.

Қайтарымды көші-қон мемлекетті және қоғамды дамыту ресурсы болып табылады. Бұнда оның мультипликативті әсері өте жоғары болуы мүмкін, ал оған мәдени және ментальды тұрғыда жақын өз халқы қайтып келетінін ескере отырып, біріктіру анағұрлым аз шығындарды талап етеді. Қайтып келетін мигранттар үшін әлеуметті бағдарламаларға салымдар мемлекеттің қайтарылмайтын шығындарына қарағанда, жергілікті халыққа инвестиция ретінде қаралуы мүмкін.

Қайтарымды көші-қонды ынталандыру және тиісті бағдарламаларды үкіметтердің дамытуы мемлекеттердің алдына бірнеше мақсаттарды қояды.

Гуманитарлық мақсат, яғни олардың Отанға қайтып келу нысанында мемлекет аумағынан тыс әртүрлі міндеттемелер негізінде көмек көрсету және ел халқына және олардың ұрпақтарына (отандастарымызға) көмек көрсету және қорғауды ұсыну. Мысалы, Ресей Федерациясы 2006 ж. бастап отандастардың қайтып келуін ынталандырудың мемлекеттік бағдарламасын іске асырады. Кейбір елдер қайтарымды көші-қонды жеңілдетілген және жылдамдатылған сызба бойынша азаматтықты ұсыну (төлқұжат) жолымен ынталандырады. Мысалы, Румынияда өзінің аумағына қайтып келетін мигранттарды қоныс аударту бойынша бағдарламалар жоқ, бірақ ол Молдова Республикасы және Украина азаматтарына ұлттық төлқұжатты ұсыну бойынша қуатты компанияны өркендетті. Румыния билігі 800 мыңға дейін осындай төлқұжаттарды беру ниеті туралы бірнеше рет мәлімдеді. Ирландияда азаматтық кез келген адамға, атасы немесе әжесі ирландтық болған кез келген адамға ұсынылады. Тіпті егер оның өзі Ирландия азаматы болғысы келмесе де, ол азаматтықты өзінің балаларына бере алады. Ұқсас заңнамалық нормалар Сербияда, Ұлыбританияда, Корея Республикасында, Норвегияда, Хорватияда, Тайванда, Қытай Халық Республикасының Провинциясында, Қытайда, Словакияда, Словенияда және Либерияда да бар.

1.3.1 -мысал Ресей Федерациясындағы отандастардың қайтып келуін ынталандыру мемлекеттік бағдарламасы

РФ көші-қон саясаты «отандастар» және «отандастардың қайтып келу көші-қоны» терминдерін қолданады. «Отандас» түсінігі алғаш рет заңнамалық деңгейде 1999 жылы бекітілді¹. 2006 жылы

¹ «Шетелдегі отандастарға қатысты Ресей Федерациясының мемлекеттік саясаты туралы» Федералдық заң № 99-ФЗ [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.kremlin.ru/acts/bank/13875].

шетелде тұратын отандастардың Ресей Федерациясына қайтып келуін мемлекеттік ынталандыру бағдарламасы қабылданды. Бастапқыда қайтып келетін мигранттарды сәйкестендірудегі этникалық, тарихи және аумақтық қағидаттардың үйлесімі пайдаланылды. Дегенмен заңда отандастар – бұл РФ аумағында тұратын этникалық топ өкілдері және бұрынғы кеңес республикаларының титулдық емес ұлт өкілдері деп бекітілген. Қайтарымды көші-қон мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша іс жүзінде «отандас» термині ауқымдырақ түсіндірілді. Мемлекеттік бағдарламалардың қатысушылары үшінші елде тұратын шетелдік мемлекеттердің титулдық ұлттарының өкілдері болды. Тағы да бір маңызды сұрақ «орыс әлемімен» рухани және мәдени, тіл байланысын жоғалтқан шетелдік мемлекеттердің титулдық ұлттарының өкілдері мәртебесі болды. Олардың көбісі «отандас» мәртебесін алуға үміткер болды және РФ-қа қайтып келу мемлекеттік бағдарламасына қатысқысы келді.

2010 жылы «отандас» түсінігіне өзгертулер енгізілді: «1) отандастар бір мемлекетте туған, онда тұрған немесе тұратын және тілдің, тарихтың, мәдени мұраның, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың ортақтығы белгілеріне ие адамдар, сондай-ақ көрсетілген адамдардан тікелей тарайтын кейінгі ұрпақтары болып табылады; 2) шетелдегі отандастар РФ аумағынан тыс тұрақты тұратын РФ азаматтары болып табылады; 3) отандастар деп сондай-ақ РФ аумағынан тыс тұратын және негізінен РФ аумағында тарихи тұрған халықтарға жататын, сондай-ақ тікелей туысқандары бұрын РФ аумағында тұрған, РФ рухани, мәдени және құқықтық байланыстарының пайдасына еркін таңдау жасаған адамдар және олардың ұрпақтары танылады, соның ішінде: а) КСРО құрамына кірген мемлекеттерде тұрған, осы мемлекеттердің азаматтығын алған немесе азаматтығы жоқ адамдар болғандар; ә) Ресей мемлекетінен, Ресей республикасынан, РКФСР, КСРО және РФ шыққандар (эмигранттар), тиісті азаматтық тиістілігі бар және азаматтығы жоқ адамдар немесе шетелдік мемлекеттің азаматы болған және тиісті азаматтық тиістілігі барлар».² Нәтижесінде Ресей Федерациясында қайтып келетін мигранттарды сәйкестендіру әлеуметтік мәдени қағидатпен толықтырылды.

Сәйкестендіруді растау тәсілдері де кеңейді: «Осы федералдық заңның 1-бабының 3-тармағында көзделген адамдардың өздерінің отандастарға тиістілігін мойындауы РФ-мен рухани және мәдени байланыстың пайдасына адамдардың деректерді еркін таңдауының өзге дәлелдері немесе отандастардың құқықтарын қорғау және отандастарды қоғамдық біріктіруді қолдау, РФ-пен отандастар тұратын мемлекеттердің достық қатынастарын нығайту, шетелдегі орыс мәдениетін дамыту, РФ халықтарының ана тілдерін, орыс тілін сақтау бойынша кәсіби немесе қоғамдық қызметпен негізделген оларды сәйкестендіру акті болып табылады».

1.3.2 -мысал Венгрияның этникалық венгрлердің қайтарымды көші-қонын ынталандыру тәсілі

Венгер Республикасының конституциясында шетелдегі венгрлердің тағдыры үшін жауапкершілік принципі жарияланған: «Венгер Республикасы Венгриямен олардың байланыстарын культивациялауға жағдай жасайды және оның шекараларынан тыс тұратын венгрлердің тағдыры үшін жауапкершілікті сезінеді».³ Көршілес мемлекеттермен ерекше байланыстарды негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген Конституция ережесін ағымдық заңнама деңгейінде іске асыра отырып, республика парламенті 2001 жылы «Іргелес елдердегі венгрлер туралы» заңды қабылдады (Заң 2002 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді).

1-баптың 1-тармағы осы заң қолданылатын адамдар тобын көрсетеді – «а) ерікті түрде бас тартпай венгр азаматтығынан айрылған, ә) Венгрияда тұрақты тұруға рұқсаты жоқ венгрлік бодандығы

² «Шетелдегі отандастарға қатысты Ресей Федерациясының мемлекеттік саясаты туралы» Федералдық заңға өзгертулер енгізу туралы» 2010 жылғы 23 шілдедегі № Ф3-179 заңы.

³ Еуропа мемлекеттерінің конституциялары. Т. 1. М. 2001. 539 б.

жок, Хорват Республикасында, Одақтық Республикасында, Румыния, Словения Республикасында, Словакия Республикасында немесе Украинада тұратын, өздерін ұлты бойынша венгрлер деп есептейтін адамдар».⁴ Сондай-ақ заң олардың жұбайларына және кәмелетке толмаған балаларына қолданылады (соның ішінде егер олар этникалық венгрлер болып табылмаса). Бұл жағдай Венгрияда тұрақты тұруға рұқсаты бар немесе ерікті түрде венгр азаматтығынан айрылған адамдарға қолданылмайды.

«Венгр картасы» аталмыш шектес елдің ұлттық қауымын құрайтын тиісті ұйымның ұсыныстары болған және Венгр Республикасының Үкіметімен ұсынылатын ұйым ретінде танылған кезде беріледі. Тиісті елдің венгерлік қауымдастығын ұсынатын ұйым Венгрия үкіметімен ұсыныстар беруге құқығы бар субъекті ретінде мойындалуы үшін ол ұйымдастыру және кадрлық ресурстарын бағалау және қабылдау үшін қажеттісіне ие болуы және «аталмыш ел қауымдастығының мүдделерін барлық толықтығы бойынша ұсынуға қабілетті» болуы тиіс. Ұсыныс үміткердің венгр ұлтына тиістігін оның жеке өтініші негізінде (кәмелетке толмаған балалар үшін – олардың заңды өкілінің өтініштері) растауы және үміткердің қолдарының дұрыстығын куәландыруы тиіс. Ұсыныс үміткердің өтінішін, оның фотосуретін және тұрғылықты мекенжайын; куәлікте анықталған жеке деректерін; ұсынатын ұйымның ресми мөрінің таңбасын, атауын; осы ұйымның атынан әрекет ететін адамның қолы мен атын; ұсыныстың берілген күні мен орнын қамтиды. Шетелдік венгрдің отбасы мүшесінің куәлігін беруге арналған ұсыныста аталмыш заңның субъектісі – венгр және үміткер арасындағы туыстық қатынастар расталады. Заң тиісті куәлікті алу үшін тағы бір маңызды шартты қамтиды – жеке куәлік алуға үміткер адамға қатысты қасақана қылмыспен байланысты оған қарсы қозғалған қылмыстық іс немесе Венгрияда болуға немесе келуге тыйым салыну, жер аудару туралы венгрлік құзыретті органдардың күші бар шешімнің болмауы.

1.3.3 -мысал Испания және Португалиядағы қайтып келетін мигранттарға азаматтық беру қағидаттары

Испания және Португалия заңдарының негізінде «қан құқығы» қағидаты жатыр, мұнда азаматтық Испаниядан Латын Америкасына, Португалиядан Бразилияға, Африкаға (Мозамбикке, Анголаға, Кабо-Вердеге және басқа елдерге), Үндістанға (Гоаға), Макаоға (Аомыньге) кеткен барлық қоныс аударушылардың ұрпақтарына белгілі бір тәртіпте ұсынылады. Бұрынғы испан колонияларынан шыққан және испан тілін меңгерген адамдардың барлығы қысқартылған мерзімде азаматтық алады.⁵ Португалиядағы жағдай осыған ұқсас. Сондай-ақ Испанияда тиісті өтінішті бергеннен кейін кез келгені елдің азаматы болатын еврей-сефардтар үшін азаматтықты ұсынудың ерекше ережелері бар. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Венгриядағы еврейлер Испанияға өту үшін осыны қолданған, ал жаңа тарихта босниялық еврейлер осылай жасаған.⁶

Демографиялық мақсат, яғни қайтарымды көші-қон есебінен халық санының ұлғаюы және «этнотемографиялық теңгерімді» қолдау (негізінде «мемлекетті қалыптастыратын» этностың санын өсіру). Қазақстан этникалық қазақтарды оралмандардың қайтып келу көші-қоны бағдарламаларының есебінен тартады. Ұқсас бағдарламалар Финляндия, Польша, Венгрия, Жапонияда бар.

⁴ С.В. Рязанцев. Ресейдегі орыстарды орналастыру және олардың көші-қоны. Орыс сұрағы/ Г.В. Осиповтың, В.В. Локосовтың, И.Б.Орлованың редакциясымен М.: Экономика. 2007. 62-б.

⁵ Сонда, 61-б.

⁶ Отан тұруға шақырады. Нүктелі көші-қон немесе орысша оралу. Өкімет. № 26 (680). 3.07.2006 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.kommersant.ru/doc.aspx?DocID=687075].

екіншіден, өзінің поляк мәдениетіне тиістілігін, атап айтқанда поляк тілін, поляк дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білумен растаса.

Поляк тегінен шыққан адам деп, сондай-ақ поляк ұлтынан екенін мәлімдейтін және толығымен келесі талаптарға сәйкес келетін адам танылады: а) бұрын поляк азаматтығы болса немесе оның ата-анасының, атасы немесе әжесінің, арғы атасы мен арғы әжесінің кем дегенде бірі поляк ұлтынан болса; ә) екіншіден, өзінің поляк мәдениетіне тиістілігін, атап айтқанда поляк тілін, поляк дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білумен растаса.

Бұдан басқа, поляк жерінен шыққан адам болып поляк ұлтынанмын деп мәлімдейтін және толығымен келесі талаптарға сәйкес келетін адам танылады: а) бұрын поляк азаматтығы болса немесе оның ата-анасының, атасы немесе әжесінің, арғы атасы мен арғы әжесінің кем дегенде бірі поляк ұлтынан болса; ә) екіншіден, өзінің поляк мәдениетіне тиістілігін, атап айтқанда поляк тілін, поляк дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білумен растаса.

«Поляк картасы» – бұл поляк диаспорасына қатыстылықты және этникалық поляктардың қайтып келу көші-қонына тікелей қатысты тағы бір құжат. «Поляк картасы» туралы заңға 2007 жылғы 7 тамызда қол қойылды, ал 2008 жылғы наурыздан бастап осы құжат күшіне енді. 2008 жылы қазанда «Поляк картасы» туралы заңға өзгертулер енгізілді. Бұл құжат 2001 жылы енгізілген «венгр картасына» ұқсастырып жасалды, алайда өзіндік ерекшелігі де бар, оларға біз кейінірек толығырақ тоқталамыз. «Поляк картасы» – оның иесінің поляк халқына тиістілігін растайтын құжат, ол поляк визасының баламасы немесе поляк азаматтығының альтернативасы болып табылмайды.

«Поляк картасы» тұтас бір нормативтік және қаржылық преференциялар тобын (Польша азаматтарына арналған шарттарда Польша аумағында жұмысқа орналасу және бизнес ашу мүмкіндігі, визалық преференциялар, жол жүруге жеңілдіктер және т.б. сияқты) құрайтынына қарамастан, оны енгізудің негізгі мақсаты шетелдік диаспорамен Польшаның байланыстарын қарқындету және өзара қарым-қатынастарды жақсарту болып табылады.¹¹

Экономикалық мақсат. Қайтарымды көші-қон есебінен мемлекеттер еңбек ресурстарының, білікті мамандар, жастар санын толықтыруға, елді немесе жекелеген аймақтарды дамыту үшін инвестицияларды тартуға тырысады. Осылайша, ҚХР және Перу оқу аяқталғаннан кейін шетелде қалған және оқу көші-қоны желісі бойынша кеткен жастарды қайтып келуге ынталандырады.

1.3.6 -мысал Білім мигранттарының және білікті мамандардың Қытайға қайтып келу бағдарламалары

ҚХР Білім министрлігінің деректеріне сәйкес, 1978 жылдан 2017 жылға дейінгі кезеңде ҚХР аумағынан тыс білім алған қытайлық студенттердің 84% отанға оралған (3132 мың адам). Тек 2017 жылы Қытайға оралған шетелдік білім мекемелерінің жалпы түлектерінің жалпы саны 480, 9 мың адамды құрады – ол алдыңғы жылмен салыстырғанда 11% -ға артық. Бұл Қытайға отандастардың кері эмиграциясының үшінші толқыны 1949 жылы мемлекеттің құрылу сәтінен бергі ең ауқымдысы болды. Қайтып келудің негізгі мақсаты – Қытайдың тұрақты дамуы және артып келе жатқан қуаттылығы, сондай-ақ қайтып келетін мигранттарды тарту бойынша арнайы бағдарламалар. Қытай ретті түрде «1000 адамдарға арналған жоспарды» іске асырады. Жоспарды әзірлеу 2008 жылы басталды. Жоспар маңызды мемлекеттік жобаларға, оқу орындарына,

¹¹ D. Drbohlav, H. Ágnes and I. Grabowska-Lusińska Experiencing immigration: Comparative analysis of the Czech Republic, Hungary and Poland (Иммиграцияны бастан кешіре отырып: Чехия Республикасының, Венгрияның және Польшаның салыстырмалы талдауы) 2009.

зертханаларға, сондай-ақ орталыққа бағынатын кәсіпорындарға, мемлекеттік маңызы бар қаржы мекемелеріне, жоғары технологиялық аймақтарға шетелден жоғары деңгейлі кадрларды тартуға бағытталған. Елде шетелден келген отандастардың стартаптарына арналған 300-ден астам бизнес-инкубаторлар құрылған, ол жерде бизнесті реттеудің қарапайымдандырылған саясаты қабылданған және жұмысқа орналасуға мүмкіндіктер көп. Аталмыш жоспар аясында 7 мың адамды қатыстыру да мүмкін болды. Қытай ҚХР аумағынан тыс білім алған қытайлық студенттерді инновацияларды ілгерілету және өз бизнесін ашу мақсатында отанға оралуға ынталандыру үшін әлі де көбірек бағдарламалар жасауды жоспарлайды. Жоспарлы шаралардың ішінде ғылыми-технологиялық әзірлемелерді коммерциализациялауды қолдау; экспортқа өтім беру үдерісін оңтайландыру; сауда белгілерін тіркеудің жеңілдетілген рәсімдері; стартаптарды қаржыландыруға арналған зияткерлік меншік құқықтары негізінде несие ұсыну; мамандардың балаларының білім қажеттіліктерін қамтамасыз етуі үшін жағдайлар жасау; тіркеуге тұруды жеңілдету; жергілікті деңгейде сертификаттау рәсімдерін жеңілдету бар. Бұдан басқа, Қытайға қайтқан мамандарға толыққанды көмекті ұсыну үшін қоғамдық қызметтер жүйесі құрылады. Нәтижесінде ҚХР біртіндеп дарындарды экспорттау елінен дарындарды, соның ішінде біліктілігі жоғары кадрларды тарту еліне айналып келеді. Шетелдегі оқудан кейін оралған студенттер ғылым, білім, экономика, мәдениет саласындағы жетекші кадрлар болып қана қоймай, жаңа типті елді құру үшін де ілгерілетуші күш болады.¹²

1.3.7 -мысал Жастардың және білім мигранттарының шетелден Перуге қайтып келуі

Перудің көші-қон саясатының негізгі артықшылығы перуліктердің отанына қайтып келуі болды. Бірінші кезекте бұл кезінде мемлекет шетелге оқуға жіберген жоғары білім деңгейіне ие жастарға қатысты. 2004 жылы Перу президентінің отанға оралған перулік мигранттарды кеден салығынан босату туралы арнайы жарлығы шықты.

1.3.8 -мысал «Үнді текті адамдарды» және «шетелдік үнді азаматтарын» Үндістан экономикасына қатыстыру

Үндістанда «үнді текті адам» (Person of Indian Origin (PIO) термині қолданылады. Үнділік түп-тамыры бар адам үнді азаматтығына жеделдетілген кіруге және тұруға ықтиярхатты алуға құқылы. Бұрын-соңды Пәкістан немесе Бангладеш азаматтары болған адамдарға бұл қатысты емес. 2003 жылғы Азаматтық туралы заң (түзетулермен) және 2005 жылғы Азаматтық туралы қаулы (түзетулермен) «Үндістанның шетелдік азаматтары» (Overseas Citizens of India (OCI) сияқты тағы бір түсінікті енгізді. Бес жыл ішінде тіркелген Үндістанның шетелдік азаматтары толыққанды азаматтар болардың алдында тек бір жыл Үндістанның резиденттері болуы тиіс. Сондай-ақ халықтың аталмыш санаттары салықтарды төлеуде преференциялар алады. Аталмыш тәсілдердің нәтижесінде Үндістан инвестиция ретінде ұлттық экономикаға ауқымды қаржыны тарта алды.

Аймақтық дамуды ынталандыру мақсаты. Қайтарымды көші-қон есебінен мемлекеттер елді аймақтық дамытудағы диспропорцияны тегістеуге тырысады. Мысалы, Ресей Федерациясы, Германия және Грециядағы қайтарымды көші-қонның мемлекеттік бағдарламаларында

¹² Қытайда қытайлық студенттердің шетелден қайтып келуінің үшінші толқыны басталды [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://russian.people.com.cn/n3/2017/1027/c31516-9285649.html>]; Қытай ел аумағынан тыс білім алған білім алушыларды қайтып келуге ынталандыру бойынша шараларды күшейтеді [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://russian.news.cn/2018-04/05/c_137088856.htm].

отандастар және оралмандарға басым қоныстану аумақтары бөлінеді. Артықшылықты аймақтарға және елді мекендерге қайтып келетін мигранттар бағыты олардың дамуына да, бүкіл мемлекеттің біркелкі аймақтық дамуына да септігін тигізе алады.

1.3.9 -мысал Грециядағы репатриация бағдарламаларының аймақтық басымдылықтары

Грециядағы әртүрлі аймақтарға тиімді орналастыру мақсатында ел айтылған аймақтардың демографиялық, экономикалық және әлеуметтік сипаттамаларына сәйкес төрт аймаққа бөлінеді (А, Б, В, Г): А аймағы: Шығыс Македония, Фракия және Солтүстік Эгей теңізі аралдары; Б аймағы: Орталық және Батыс Македонияның және Эпирдің шекара маңы префектуралық округтері; В аймағы: Афины, Ираклио, Салоника, Патр және Пирей қалаларындағы қала құрылысы кешендерін қоспағанда қалған Греция; Г аймағы: Афина, Ираклио, Салоника, Патра және Пирей қалаларындағы қала құрылысы кешендері. Ұлттық экономика министрі, Қоғамдық әкімшілік және орталықсыздандыру, ішкі істер министрінің және Эгей теңізі министрінің ортақ шешімі бойынша А аймағына және Эгей теңізінің басқа аралдарына қоныс аударуға даму белгілері және экономикалық, демографиялық белгілері негізінде рұқсат етіледі.¹³

1.3.10 -мысал Германияға кеш қоныс аударушылардың аймақтық ерекшеліктері

Германияға кеш қоныс аударушыларды орналастыру тәртібін § 8 Қоныс аударған адамдар мен босқындардың істері туралы заң анықтайды. Федералдық жерлер § 7 алғышарттар 2 BVFG абзацына сәйкес келетін кеш қоныс аударушыларды, олардың жұбайлары мен ұрпақтарын, сондай-ақ олармен бірге келген отбасы мүшелерін қабылдайды. Жоғарыда айтылған талаптарға сай келмейтін, олармен бірге келген кеш қоныс аударушылардың отбасы мүшелерінің қабылдайтын жерге жіберілуі мүмкін. Қабылдайтын федералдық жерді бөлу рәсіміне сәйкес Федералдық әкімшілік ведомство тағайындайды (Bundesverwaltungsamt). Кеш қоныс аударушыларды жерлердің арасында орналастыру жүйесі олармен арадағы келісімдермен анықталады. Мұндай келісім болмаған жағдайда Қоныс аударған тұлғалар мен босқындардың істері туралы заңға сәйкес қоныс аударушыларды үлестіру келесі қатынаста жүзеге асырылады: Солтүстік Рейн-Вестфалия – 21,8%, Бавария – 14,4%, Баден-Вюртемберг – 12,3%, Нижняя Саксония – 9,2%, Гессен – 7,2%, Саксония – 6,5%, Рейнланд-Пфальц – 4,7%, Саксония-Анхальт – 3,9%, Тюрингия – 3,5%, Бранденбург – 3,5%, Шлезвиг-Гольштейн – 3,3%, Берлин – 2,7%, Мекленбург-Померания – 2,6%, Гамбург – 2,1%, Саарланд – 1,4%, Бремен – 0,9%.¹⁴ Қоныс аударушы Федералдық әкімшілік ведомство көрсеткен федералдық жерде келесі үш жыл ішінде тұру қажет. Егер қонысу аударушы мемлекет тарапынан қаржы қолдаусыз тұра алмаса, жерге иелік етуші биліктің уақытша тұрғылықты жер тағайындауы мүмкін.¹⁵ Егер қоныс аударушы оған берілген қоныстану аумағынан үш жылдық мерзім аяқталмай тұрып кетіп қалса, ол автоматты түрде мемлекеттік әлеуметтік көмектен айрылады.

Қайтарымды көші-қонды даму мүддесінде пайдаланатын дүние жүзі елдерінде жаңа орындарда тұруға қайтарылған мигранттарды біріктіру және бейімдеу, қоныстандыру үдерісін іске асыру шаралары және ұйымдастыруға негізгі тәсілдер тұрғысынан ауқымды тәжірибе жинақталған.

¹³ Греция заңы № 2790 [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://businesseuro.ru/imigracgregcia.html>].

¹⁴ Г. Дронфорт Бұрынғы КСРО-дан кеш қоныс аударушылардың құқықтық жағдайы (Spaetaussiedler). Recht-GERMANY.RU. Германия орысша [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://recht.germany.ru/aussiedler.db/items/18.html?op=>].

¹⁵ Германияға қош келдіңіздер! Иммигранттарға арналған ақпарат. Кеш қоныс аударушылар. Bonifatius GmbH Druck-Buch-Verlag. Paderborn. 2005. 7-б.

Барынша кеңінен таралғандары:

1. Азаматтық және тұруға ықтиярхатты алуда преференцияларды ұсыну (Ресей Федерациясы, Польша, Израиль, Германия).
2. Жаңа тұрғылықты жерге көшу құнын өтеу (Венгрия, Ресей Федерациясы).
3. Оларды алуға әрекеттесу немесе жер учаскесін, тұрғын үйді ұсыну (Израиль, Греция, Қазақстан).
4. Жаңа тұрғылықты тұратын жерде орналасуға ақшалай төлемдер жүйесі (Израиль, Германия, Қазақстан, Ресей Федерациясы)
5. Қайтып келетін мигранттарға және олардың отбасы мүшелеріне медициналық және әлеуметтік көмекті ұсыну (Израиль, Германия, Греция, Венгрия).
6. Қоныс аударушылардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу (Венгрия, Жапония, Қазақстан, Ресей Федерациясы).
7. Қайтып келген мигранттарға біліктілікті арттыру және білім алу, тілді оқуға әрекеттесу (Венгрия, Польша, Греция).

1.3.11-мысал Венгрияға қайтарылған мигранттарды әлеуметтік-экономикалық қолдау

Заң оның қолданыс аясына жататын венгрлер үшін тұтас жеңілдіктер тобын және Венгр Республикасының аумағына көмекке құқықты анықтайды. Шектес елдерден шетелдік венгрлер жергілікті мақсаттағы қоғамдық көлік және алыс жол жүру бағыттарында (темір жолда – екінші класпен саяхаттауда) Венгрияда жеңілдікпен жүруге құқылы. Бұл ретте алты жасқа дейінгі және 65 жастан асқан адамдарға тегін сапарлардың шектеусіз санына құқық ұсынылған. Бұл санат жылына төрт рет алысқа баратын қоғамдық көліктегі жолақысының 90% өтемін алуға құқылы.

Жылына бір рет алысқа баратын қоғамдық көлікте жолақыға осындай өтемақы 10 адамнан кем емес 18 жастан кіші және екі алып жүретін ересектен тұратын топтарға да ұсынылады.

Шетелдік венгрлер үшін жоғары мектепте немесе университетте бірінші білім алуға, соның ішінде оқу дәрежесін алуға білімнің басқа түрлеріне құқық көзделген. Бұл ретте мемлекетпен қаржыланатын білім бағдарламаларының күндізгі оқу нысанының студенттері заңмен белгіленген стипендияға, студенттердің қажеттіліктері үшін бюджеттен бөлінетін басқа да қаржылай төлемдерге, сондай-ақ жекелеген медициналық қызметтерді төлеу өтемақысына құқылы.

Шетелдік венгрлерге еңбек қызметін жүзеге асыру үшін басқа шетелдік азаматтармен ортақ негіздерде рұқсат алу қажет. Алайда олар үшін кейбір ерекшелік бар, себебі шетелдік азаматтардың осы санаты үшін әр күнтізбелік жылдың үш айына дейін Венгриядағы жұмысқа рұқсаттың жұмыс күші нарығындағы жағдайға қарамастан берілуі мүмкін. Еңбек қызметіне рұқсат алу үшін заң талаптарын орындаумен байланысты шығындар (атап айтқанда, денсаулық жағдайы бойынша кәсіби талаптарға сәйкестік және кәсіби дайындық, білімнің қажетті деңгейіне растауларды алуға шығындар) сондай-ақ коммерциялық емес қорлар арқылы өтелуі мүмкін.

Заңда Венгрияның бұқаралық қоғамдық ақпарат құралдары тұрақты түрде шетелде тұратын венгрлер туралы ақпаратты тұрақты түрде жинап, тарататыны, сондай-ақ шетелдік отандас венгрлер және Венгрия туралы ақпаратты беретіні туралы ережелер бар. Мемлекет олардың қызметін қолдай отырып және коммерциялық емес қорларды осы мақсаттар үшін құра отырып, шетелде тұратын венгерлік қауымдар үшін қоғамдық телебағдарламаларды беруді трансляциялауды және дайындауды қамтамасыз етеді.¹⁶

¹⁶ М. Агаджанян. Отандастардың отанға оралуы: тиімді іске асыру және құқықтық қамтамасыз ету сұрақтары. 21 ғасыр. № 1 (3). 2006. 29–35-б.

1.3.12 -мысал Польшадағы қайтарылған мигранттарды әлеуметтік-экономикалық қолдау

Репатриациялық виза негізінде Польшаға келген адамдар Польша Республикасының мемлекеттік шекарасын қиып өту сәтінде поляк азаматтығын алады. Польшаға келгеннен кейін оралмандар мемлекеттік бюджеттен көмек алады. Оралмандар үшін қаржылық көмек бір реттік жәрдемақы түрінде төленеді: көліктік (жолақы өтемін өтеу), орналасуға және ағымдық шығындарға, сондай-ақ мектеп жәрдемақысы (оралмандардың кәметке толмаған балаларын Польшада оқытудың басталуымен байланысты шығындар). Көліктік жәрдемақыны консул оралман визасын алған, бірақ Польшаға көшу үшін жеткілікті қаржысы жоқ адамға төлей алады. Польшадағы тұрғылықты жеріне бейімделу немесе жөндеуге шығындар жұмсауға мәжбүр болған және бұрынғы КСРО-ның азиялық аумағынан Польшаға келген оралмандарға кеткен шығындарын ішінара өтеу үшін мемлекеттік бюджет қаржысынан көмек ұсынылады.

Зейнеткерлік жастағы оралман қоныстану орны бойынша Әлеуметтік сақтандыру басқармасынан зейнетақы және жәрдемақы ұсыну құқығын алады. Оралман Польшада зейнетақы алғанда, шетелде жұмыс істеген жылдары Польшадағы сақтандыру және жұмыс уақыты ретінде ескеріледі. Бұдан басқа, тұрақты түрде жұмысқа қабілетсіз оралманға Әлеуметтік сақтандыру басқармасынан тұрақты жәрдемақы, ал уақытша еңбекке жарамсыз оралманға – уақытша жәрдемақы тиісті. Әлеуметтік сақтандыру басқармасынан кез келген төлемдер, яғни зейнетақы, жәрдемақылар, соның ішінде отбасына жәрдемақы және денсаулық жағдайы бойынша жәрдемақылар оралмандарға Польша Республикасының барлық азаматтарына арналған негіздерде ұсынылады.

Оралмандар поляк қоғамына бейімдеу және поляк тілі курстарына бара алады. Заңға сәйкес оралман визасын алу туралы өтінішхат білдірген адамдар тұратын елінің аумағында ұйымдастырылған поляк тілі курстарына қатысу мүмкіндігіне ие болады. Бұл курстарды поляк елшілігі қаржыландыра алады.¹⁷

1.3.13 -мысал Грециядағы оралмандарды әлеуметтік-экономикалық қолдау

Тұрғын үймен қамтамасыз ету бағарламасының аясында Грециядағы оралмандарда преференциялардың келесі түрлері бар. Біріншіден, барлық мүмкін жерлерден тегін жер учаскелерінің, сондай-ақ өз тұрғын үйінің құрылысына немесе бар тұрғын үйді жақсартуға субсидиялардың ұсынылуы, еркін нарықта пәтерлерді алуға немесе мемлекеттің немесе басқа ұйымның дайын тұрғын үй ұсынылуы. Бұдан басқа, оралмандарда жалға алынған үй-жайлардағы тұрғын үй қажеттіліктерінің өтемақысы немесе еркін нарықта тұрғын үй жалдау төлемі үшін субсидиялар алуға құқылы. Мемлекет сондай-ақ тұрғын үй құрылысына репатрианттарға лицензияларды береді. Аталмыш лицензияны қала құрылысының құзыретті қызметі береді және жалпы ауданы 120 ш.метрге дейінгі жеке меншік жер учаскесінде салынып жатқан оралманның негізгі және жалғыз тұрғын үйіне қатысты.

Греция мемлекеттік және ауыл шаруашылығы секторларына оралмандарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ арнайы бағдарламалар тобы бар. Мысалы, бастауыш және орта білім беру мекемелерінде аптасына төрт сағатқа дейінгі көлемде шыққан тегінің тілін және ел мәдениетін оқыту бойынша бағдарламаларды құру барысында кезектілік ретімен тиісті келу елдерінен қоныс аударушы-оқытушылар қабылданады. Олардың еңбегін төлеу сағаттап жүргізіледі. Мемлекет бір топ кеден жеңілдіктерін ұсынады. Қоныс аударушылар (бір отбасына) үй киімдері, бір көлік құралы, жұмыс құралы және фин үйі жататын жеке заттарды алым төлеусіз әкелуге құқылы. Сондай-ақ қоныс аударушылардың өздерінің тікелей көшуі және тасымалдануы өтеледі. Қоныс аударушылардың барынша толық әлеуметтік бейімделуі үшін жаңа грек тілін жүйелі оқытудан басқа әртүрлі институттардың қызмет етуін, еңбек және сақтандыру

¹⁷ «ВИЗА.ПОЛЬША.RU» Польшаның визалық заңнамасы туралы заң ақпараты порталының ақпараты [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://wiza.polska.ru/repatriacja/index.html>].

заңнамасының тарауларымен танысуды және т.б. қамтитын кемінде алты ай ұзақтықтағы жаңа грек тілін меңгерудің арнайы қосымша ұлттық бағдарламалары жасалады. Бұдан басқа, қоныс аударушыларға арнайы медициналық кітапша беріледі, ол барлық мемлекеттік ауруханаларда және медициналық орталықтарда тегін медициналық, амбулаторлық және стационарлық қызмет алу құқығын береді. Мемлекет қолданыстағы заңнамалық нормаларға сәйкес несиелер төлеу кепілдігін ұсынатындығы туралы фактіні атап өту қажет.

1.3.14 -мысал Германияға қоныс аударушыларды әлеуметтік-экономикалық қолдау

Кеш қоныс аударушыларға белгілі бір преференциялар жинағы ұсынылады. Біріншіден, қоныс аударумен байланысты шығындар өтеледі. Қонысу аударушының өтініші бойынша оған жол және қоныс аударумен байланысты туындаған шығындар өтеледі. Қоныс аударумен байланысты шығындарды, соның ішінде, мысалы, науқасты тасымалдау қажеттілігі туындағанда федералдық үкімет өз есебінен ұшаққа тегін билет ұсынған жағдайда, мұның өтелмейтінін ескеру қажет. Егер қоныс аударушы бұған дейін қандай да бір көлік кәсіпорнына шығындар өтемін алу құқығын бермеген болса, ол мұны Федералдық әкімшілік ведомствада тіркеу рәсімі аясында алады.

Сондай-ақ қоныс аударушыға бастапқы көмек көрсетіледі. Кеш қоныс аударушы мәртебесіне ие бола отырып, ол «Фридландхильфе» қоғамдық-пайдалы бірлестігі ұсынатын заттай нысандағы көмекті, сондай-ақ Германиядағы өзінің бірінші кезектегі қажетті шығындарын қаржыландыру үшін бастапқы материалдық көмекті ала алады. Егер олар елге қоныс аударушымен бірге келсе, бұл көмекті отбасы мүшелері де алады. Егер оған құқылы қоныс аударушы ГФР аумағына келгеннен кейін тез арада тіркеу және жерлерге бөлу мақсатымен Фридландтағы федералдық деңгейде бастапқы қабылдау пунктіне барған жағдайда да, бастапқы материалдық көмек ұсынылады. Бастапқы материалдық көмек – федералдық үкімет тарапынан ерікті қызмет. Оны төлеуді Федералдық әкімшілік ведомство жүзеге асырады. Егер қоныс аударушы еңбекке қабілетті болса, бірақ оның жұмыссыздыққа байланысты табысы болмаса, ол еңбек сұрақтары жөніндегі агенттікке жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға өтінім бере алады.

Егер ол 1956 жылғы 1 сәуірге дейін дүниеге келген және кеш қоныс аударушының расталған мәртебесіне ие болса, қоныс аударушы бұрынғы Кеңес одағында бостандығынан айыру немесе бостандығын шектеу орындарында болу нәтижесінде тигізілген зиянды өтеу мақсатында бір реттік біріктірілген жәрдемақыға өтініш бере алады. Төлемдер мөлшері туған күніне байланысты: егер қоныс аударушы 1946 жылғы 1 қаңтарға дейін дүниеге келсе, онда 3067,75 еуро алады; егер ол 1946 жылдың 1 қаңтарынан 1956 жылдың 31 наурызына дейінгі аралықта дүниеге келсе, бір реттік біріктірілген жәрдемақының сомасы 2045,17 еуроны құрайды. Егер қоныс аударушы 30 жастан кіші болса, ол ЖОО оқумен байланысты тіл курстары және ЖОО түсу құқығын беретін көмелеттік аттестатын алу немесе растау мақсатымен арнайы оқу курстарын төлеу үшін әртүрлі көмек түрін ала алады. Бұл көмекті жоғары білім саласындағы кепілдіктер аясында Отто Бенекке атындағы қайырымдылық қоры ұсынады. Қорда қоныс аударушы ЖОО оқу шарттары және мүмкіндіктері туралы және ЖОО-да оқуға жіберілудің алғышарттары туралы барынша толық ақпарат алуға болады.

Отто Бенекке атындағы қор ЖОО оқумен байланысты тіл курстарына түсуге, сондай-ақ ЖОО-ға түсуге рұқсат алуға және әрі қарай оқыту мақсатымен дайындық курстарына түсуге көмектеседі. Даярлық оқу кезеңінде қор талапкерлерге және студенттерге кеңес береді және қамқор болады. Сондай-ақ қорда Германиядағы кәсіби мансаптарды бастау мақсатында қоныс аударушы үшін маңызды демеу болуы мүмкін жоғары білімі бар адамдарға арналған бағдарлама бар. Бұл бағдарлама баспанаға құқығы барларға және еврейлік эмиграция желісі бойынша елге келген кеш қоныс аударушыларға арналған. Осы бағдарламаға қатысу шарты қоныс аударушының келген елде алған аяқталған жоғары білімінің болуы болып табылады. Алайда, егер жоғары білім туралы куәлік Германияда мойындалмаса немесе ішінара мойындалса, қоныс аударушыға Отто Бенекке атындағы қорға көмекке жүгінген жөн. Ол маңызды көмекті оның кәсіби біліктілігі мойындалғанда

ғана ала алады, алайда германдық еңбек нарығында ол қосымша курстан өткеннен кейін немесе ЖОО-ға қосымша оқығаннан кейін ғана жұмысқа орналаса алады.¹⁸

Бақылау сұрақтары:

1. Қайтарымды көші-қонды ынталандыратын елдер қандай мақсаттар қояды және қандай міндеттерді шешеді?
2. Қайтып келетін мигранттарды қолдаудың қандай шаралары дүниежүзінің әртүрлі елдерінде пайдаланылады?
3. Мемлекеттер неліктен қайтып келетін мигранттарды бейімдеуге және біріктіруге ауқымды қаражат жұмсауға дайын? Осы шығындар өтеле ме?
4. Қабылдаушы елдің экономикасы үшін қайтарымды көші-қонның оң рөлі қалай көрінеді? Мысалдар келтіріңіз.

Практикум:

1. 2000–2018 жылдардағы ресми статистика деректері негізінде сіздің аймақтың немесе елдің дамуына халықаралық көші-қонның демографиялық үлесін есептеңіз. Мынадай көрсеткіштерді пайдаланыңыз: а) халық саны; ә) табиғи өсу, б) көші-қондық өсу. Сыртқы көші-қонның нәтижесінде сіздің елдегі немесе аймақтағы халық саны қысқарды ма, әлде артты ма? Көші-қонның әсері оң немесе теріс болды ма?
2. Елдердің біреуінің үлгісінде қайтарымды көші-қон бағдарламаларының демографиялық және әлеуметтік-экономикалық әсерлеріне баға беріңіз.

Міндетті әдебиет:

1. Демографиялық ұғымдық сөздігі/Л.Л. Рыбаковскидің редакциясымен. М.: ЦСП. 2003. 352-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.socioprognoz.ru/files/File/2012/Demograf%20ponyatini%20slovar.pdf].
2. Практикалық демография/ Л.Л. Рыбаковскийдің редакциясымен. – М.: ЦСП. 2005. 280-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.isras.ru/publ.html?id=2094].
3. С.В. Рязанцев, М.Ф. Ткаченко Дүниежүзілік еңбек нарығы және халықаралық көші-қон. М.: Экономика. 2010. 303-б.
4. Еңбек көші-қонын басқару сұрақтары бойынша оқу модульдері. Әдіскерлерге арналған құрал. Женева: ЕҚЫҰ. ХКҚҰ. 2011. 348-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.osce.org/ru/secretariat/115544?download=true].
5. Т.Н. Юдина Көші-қон: негізгі терминдер сөздігі. М.: РМӘУ баспасы. 2007. 46-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://yanko.lib.ru/books/cultur/yudina-migraciya-slov-term-2007-a.htm>].

¹⁸ Германияға қош келдіңіздер! Иммигранттарға арналған ақпарат. Кеш қоныс аударушылар. Bonifatius GmbH Druck-Buch-Verlag, Paderborn. 2005. 7-б.

Қосымша әдебиет:

6. И.И.Елисеева Халық демографиясы және статистикасы. 3-бас., аударылып, толықтырылған Академиялық бакалавриатқа арналған оқулық. М.: Юрайт. 2017. 405-б.
7. Халықаралық гуманитарлық құқық/ А.Я. Капустинаның редакциясымен, 2-басылым, түзетіліп, толықтырылған. М. Юрайт. 2011. 639-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://ozon-st.cdn.ngenix.net/multimedia/1002960198.pdf>]
8. Сан алуан көші-қон/ О.Д. Воробьеваның, А.В. Топилинның редакциясымен. М. Экон-ақп. 2014. 261-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://elibrary.ru/item.asp?id=21988344>].
9. Бұрынғы КСРО-дан кеш қоныс аударушылардың құқықтық жағдайы (Spaetaussiedler). GERMANY.RU. 1999. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://recht.germany.ru/aussiedler.db/items/18.html?op=>].
10. С.В. Рязанцев, А.А. Гребенюк «Біздікілер» шетелде. Орыстар, ресейліктер, орыс тілділер, отандастар: Ресейге қайтарымды көші-қон және орналастыру, біріктіру. М. ИСПИ РАН. 2014. 238-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://istina.msu.ru/publications/book/6531743/>].
11. Халықаралық көші-қон статистикасы. Орталық Азия және Шығыс Еуропа елдері үшін практикалық нұсқаулық. БҰҰ ЕЭК. ЮНФПА. Женева. 2011 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.unecsc.org/fileadmin/DAM/stats/publications/RUS_International_Migration_Statistics_Practical_Guide.pdf].
12. Көші-қон және ақшалай аударымдар, Дүниежүзілік банк (Migration and Remittances: Recent Developments and Outlook. Migration and Development Brief № 23. World Bank), 2014 [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://pubdocs.worldbank.org/en/848611444756854924/MigrationandDevelopmentBrief23.pdf>].
13. Overcoming Barriers: Human Mobility and Development. UNDP Human Development Report 2009. New York. United Nations Development Programme. 2009 [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://hdr.undp.org/sites/default/files/reports/269/hdr_2009_en_complete.pdf].
14. Ratha D. The impact of remittances on economic growth and poverty reduction. Migration Policy Institute. Policy brief. 2013. № 8 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.migrationpolicy.org/pubs/Remittances-PovertyReduction.pdf].
15. Social protection, growth and employment: Evidence from India, Kenya, Malawi, Mexico and Tajikistan. New York. United Nations Development Programme, 2013. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.undp.org/content/dam/undp/library/Poverty%20Reduction/Inclusive%20development/Social%20protection,%20growth%20and%20employment/Draft8_SPG&E_web.pdf].
16. Дүниежүзіндегі көші-қон туралы баяндама, ХҚКҰ, Женева (World Migration Report 2013: Migrant Well-being and Development. Geneva. IOM). [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://publications.iom.int/bookstore/free/WMR2013_EN.pdf].

Бейнесюжет:

Халық көші-қоны: артықшылықтары мен кемшіліктері. Сараптамалық пікір 02.02.2017 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.youtube.com/watch?v=SGAv8UdhOpI].

II ТАРАУ.

**ҚАЙТАРЫМДЫ
КӨШІ-ҚОННЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

2.1. Халықаралық және аймақтық құқықтық құжаттардағы қайтарымды көші-қон

Мазмұны. Халықаралық көші-қон құқығы. Көші-қонның құқықтық реттелуі және мигранттардың құқықтық жағдайы. Қайтарымды көші-қон саласындағы халықаралық құқықтық реттеу. Халықаралық құқықтағы қайтарымды көші-қонның мәнін анықтау. Мигранттардың қайтып келу саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен мемлекеттер серіктестігінің мазмұны. Қайтарымды көші-қон процестерін реттеу саласындағы мемлекет аралық, аймақтық және халықаралық ынтымақтастық. Аймақтық шарттар мен механизмдер: ТМД-ның көші-қон, реттелмеген көші-қонға қарсы іс-қимыл және адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы қызмет туралы құқықтық құжаттары; ШЫҰ-ның көші-қон мәселелерін қозғайтын құқықтық құжаттары; Еуразиялық экономикалық одақтың көші-қон мәселелерін қозғайтын құқықтық құжаттары; ҰҚШҰ және Алматылық процесс шеңберінде қабылданған көші-қон саласындағы құжаттар. ОА аймағы елдерінің ХКҚҰ-мен, ЕО және басқа да халықаралық құрылымдарымен, бірінші кезекте БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелерімен және ұйымдарымен ынтымақтастығы.

КӨШІ-ҚОННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ ЖӘНЕ МИГРАНТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Халықаралық көші-қон құқығы (ХКҚҚ) – бұл көші-қонды реттейтін халықаралық құқық саласы. Оның негізін халықаралық жария құқықтың әртүрлі көздері құрайды. Көші-қонға қатысты құқықтық құжаттар кешенінен тұратын саладан айырмашылығы ХКҚҚ – мемлекеттердің мигранттарға байланысты халықаралық құқықтары мен міндеттерін реттейтін заңдардың, принциптер мен нормалардың жиынтығын сипаттау үшін пайдаланылатын жалпы термин.¹

Халықаралық көші-қон құқығын реттейтін көздердің тізімін анықтайық.

Құқықтың әрбір саласы оның негізгі бастаулары мен реттеу мәні бекітілген белгілі бір көздер жиынтығына ие. Міндетті және қосалқы дереккөздердің белгілі бір жиынтығына ия халықаралық құқық та ерекше емес. Халықаралық құқық көздеріне ресми сипат әдетте екі жолмен беріледі:

- біріншіден, халықаралық құқық субъектілері шарттарды, құқықтық нормалардың мазмұнын немесе үкіметаралық ұйымдардың ұстанымдарын мақұлдаған кезде құқық шығармашылығы арқылы;
- екіншіден, халықаралық құқықтық субъектілері әдеттегі нормаларды мақұлдап, оларға заңды күш бере отырып, санкциялау жолымен.

Халықаралық құқықтың неғұрлым толық көздері БҰҰ Халықаралық соты Статутының 38-бабында көрсетілген. Оларды үш топ бойынша жіктеуге болады: негізгі, туынды (қайталама) және қосалқы (2.1.1-сур.).²

¹ Бағдарламаларды әзірлеуге құқықтық қорғау тәсілі, ХКҚҰ, Женева (Rights-based approach to programming. IOM. Geneva) [https://publications.iom.int/system/files/pdf/rba_manual.pdf].

² Халықаралық жария құқық/ К.А.Бекашев ред. М., 2008. 17–18-б.

2.1.1-сур. Халықаралық көші-қон құқығының көздерін жіктеу

Халықаралық көші-қон құқығының көздері				
Негізгі		Туынды	Қосымша	
Халықаралық шарт	Халықаралық әдет-ғұрып.	Халықаралық ұйымдар мен конференциялардың шешімі	Халықаралық инстанциялардың шешімі	Халықаралық құқық саласындағы көрнекті мамандардың доктриналары

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨШІ-ҚОН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ

Халықаралық шарттар. 1969 жылғы халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясы *халықаралық шартты мемлекеттер арасында жазбаша нысанда жасалған және осындай келісімнің бір құжатта, екі немесе бірнеше өзара байланысты құжаттарда бар-жоғына қарамастан, сондай-ақ оның нақты атауына қарамастан, халықаралық құқықты реттейтін халықаралық келісім ретінде айқындайды.*³

Халықаралық құқық көздерінің бірі құқық қалыптастырушы шарттар болып табылады. Халықаралық көші-қон құқығы саласында бұл шарттарды жалпы және мамандандырылған деп бөлуге болады. Жалпы шарттарға біз, мысалы, жалпы адам құқықтарын реттейтін барлық конвенциялар мен пактілерді (АСҚХП, ЭӘМҚХП, АҚЕК және т.б.) жатқызамыз, сондай-ақ көші-қонға да маңызды деп есептейміз. Мамандандырылған шарттарға көші-қон қатынастарын тікелей реттейтін шарттар жатады. Бүгінгі күні осы салада көптеген халықаралық шарттар бар, олардың арасында келесілерді атап өтуге болады:

- 1990 жылғы барлық еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция;
- 24.06.1975 жылғы «Көші-қон саласындағы теріс пайдалану туралы және еңбекші-мигранттарға мүмкіндіктер мен қарым-қатынас теңдігін қамтамасыз ету туралы» ХЕҰ №143 конвенциясы;
- 01.07.1949 жылғы №97 «Еңбекші-мигранттар туралы» ХЕҰ конвенциясы;
- БҰҰ-ның 2000 жылғы трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы және оған екі хаттама – Мигранттарды құрлық, теңіз және әуе арқылы заңсыз әкелуге қарсы хаттама және адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу туралы хаттама;
- 1951 жылғы босқындар мәртебесі туралы Конвенция және оған 1967 жылғы Хаттама;
- 1961 жылғы азаматсыздықты қысқарту туралы БҰҰ конвенциясы;

³ Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясы. Біріккен Ұлттар Ұйымы [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/law_treaties.shtml].

- Соғыс кезінде азаматтық тұрғындарды қорғау туралы Конвенция (IV). Женева, 12 тамыз 1949 жыл;
- Халықаралық қарулы қақтығыстардың құрбандарын қорғауға қатысты 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенцияларына қосымша хаттама (I хаттама);
- Халықаралық емес қарулы қақтығыстардың құрбандарын қорғауға қатысты 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенцияларына қосымша хаттама (II хаттама).

Халықаралық әдет-ғұрып. Халықаралық көші-қон құқығының екінші маңызды көзі ретінде, халықаралық құқықта міндетті құқық (*opinio iuris sive necessitous*) болып табылады деген сенімге («құқықтық сана») сәйкес келетін, мемлекеттердің (*usus dep аталатын*) келісілген және ұзақ практикасында қалыптасқан әдет-ғұрып болып табылады. Халықаралық әдет-ғұрыптар дегеніміз халықаралық қатынастарда мәні бірдей жағдайларға тұрақты және біркелкі қолдану негізінде белгіленетін ережелер мен тәртіптер болып табылады (2.1.2-сур.).⁴

2. 1. 2-сур. Халықаралық әдет-ғұрыптың белгілері

Халықаралық әдет-ғұрыптың белгілері мыналар болып табылады:			
практиканың ұзақ уақыт болуы	біркелкілік, тәжірибенің тұрақтылығы	тәжірибенің жалпыға бірдей сипаты	тиісті әрекеттің заңдылығына және қажеттілігіне сенімділік

Халықаралық көші-қон құқығы саласындағы халықаралық әдет-ғұрып туралы айта келе, адамдардың орын ауыстыруы нәтижесінде, басқаша айтқанда, көші-қон процестері барысында қалыптасқан тәртіп ережелерін ескеру қажет.⁵ Қазіргі уақытта әдет-ғұрып ең алдымен адам құқығын қорғауда қосымша құрал болып табылады. Мысалы, халықаралық көші-қон құқығындағы әдет-ғұрып ретінде кері қайтып келуден бас тарту принципін тануға болады немесе non-refoulement, тіпті мемлекет 1951 жылғы Конвенцияны немесе адам құқықтары жөніндегі басқада кез келген шартты бекітпесе де босқындарға қатысты қолданылмауы тиіс. Бұл әдет-ғұрып босқындарды халықаралық қорғауға негізделген бірінші дәрежелі қағидат болып табылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨШІ-ҚОН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТУЫНДЫ КӨЗДЕРІ


Халықаралық ұйымдардың немесе конференциялардың қарарлары. Халықаралық ұйымдардың қаралары халықаралық құқықтың жаңа көзі болып табылады. Іс жүзінде барлық үкіметаралық ұйымдарда мемлекеттер үшін міндеттерді қабылдайтын органдар – қарар мүшелері бар.⁶ Бұл құжаттар халықаралық қатынастарды реттеуде, атап айтқанда, адам құқықтарын қамтамасыз етуде және қорғауда маңызды рөл атқарады (2.1.3-сур.).

⁴ Ф.Ф. Мартенс. Өркениетті халықтардың қазіргі халықаралық құқығы. М., 1996. Т. 1. 147-б.

⁵ Ю.А. Пахромова. Халықаралық миграциялық құқық көздері// Халықаралық құқық және халықаралық қатынастар журналы. №3. 2008. 30–33-б.

⁶ Халықаралық жария құқық/ К.А. Беяшева. М. 2008. 20-б.

2.1.3-сур. Халықаралық ұйымдардың қарарларына тән ерекшеліктер



Көші-қон мәселелерін және мигранттардың құқықтарын реттеу саласында БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарлары маңызды мәнге ие. Олардың арасында Үшінші комитеттің баяндамасы бойынша 59/194 қарарын ерекшелеуге болады, онда мемлекеттерге мигранттар мен олардың отбасы мүшелеріне қатысты кез келген кемсітушілік тәжірибесін жою мақсатында көші-қон саясатын шолып шығу және қажет болған жағдайда қайта қарау мүмкіншілігін ұсынады (8-тармақ); сондай-ақ мигранттардың оларды қабылдаушы елдерге толық бірігуіне мүмкіндік беретін арнайы бағдарламаларды қабылдау мүмкіншілігін ұсынады (9-тармақ).⁷ БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылдаған қарарларының маңыздылығы оларды мойындаушы мемлекеттердің елеулі саны болып табылады: тіпті міндетті күші болмаса да, олар даусыз моральдық әсерге ие және мемлекеттер үшін іс жүзінде басшылық болып табылады.⁸

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨШІ-ҚОН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОСАЛҚЫ КӨЗДЕРІ

Халықаралық бақылау органдарының шешімдері мен қаулылары. Құқықтық нормалардың мазмұнын айқындау кезінде көмекші құралдар ретінде халықаралық бақылау органдарының, атап айтқанда халықаралық және төрелік соттардың шешімдері мен қаулылары пайдаланылады. Олардың біріншісі, әдетте, тұрақты жұмыс істейтін инстанциялар. Оларға халықаралық соттар мен адам құқықтары жөніндегі механизмдер (БҰҰ шеңберінде әрекет ететін) және жалпы немесе арнайы юрисдикция ретінде, аймақтық соттар (мысалы, АҚЕС) жатады.

Іс жүзінде арнайы бақылау органдарының шешімдері үлкен әсер етеді. Мұндай органдар ең бастысы адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттар негізінде құрылады. Мысал ретінде азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактінің негізінде құрылған БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетін, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенция ретінде белгілі, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенция (1950) негізінде

⁷ Қар.: <https://undocs.org/ru/A/RES/59/194>.

⁸ Ю.А. Пахромова. Халықаралық көші-қон құқығының көздері. Халықаралық құқық пен халықаралық қатынастар журналы. № 3. 2008. 30–33-б.

құрылған Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот келтіруге болады. Бұл органдарға оның құқықтары бұзылған, ал өз мемлекетінде ішкі қорғаудың барлық құралдары таусылды деп санайтын кез келген тұлға жүгіне алады. Бұл органдардың тәжірибесі көрсеткендей, көбінесе оларға адамдар заңсыз және өз еркімен қайтып оралуға, сондай-ақ халықаралық қорғауға байланысты істер бойынша шағымдармен жүгінеді.

Халықаралық көші-қон құқығы доктринасы. Халықаралық көші-қон құқығының басқада көмекші көздері танымал халықаралық құқықтанушылардың доктриналық зерттеулері болып табылады. Бұл халықаралық құқықтың құқықтық нормалары мен кодификацияланғанына қарамастан, қазіргі уақытта бұл процесс бірқатар бағыттар бойынша аяқталмауымен түсіндіріледі. Сондықтан заң ғылымының өкілдері жинақталған құқықтық білімді жүйелендіруге және дамытуға қатысады. Халықаралық көші-қон құқығының доктринасын зерттеу саласында, халықаралық көші-қон құқығының негізгі ұғымдарын әзірлеген, мына көрнекті ғалымдарды атап өту керек, Т. Алейникофф, Р. Апплеярд, В. Четейл, К. Бретель, Г. Г. Гудвин-Гилл, Р. Перрушу, Р. Человински.⁹ Көмекші көзі ретінде Халықаралық көші-қон құқығы доктринасы халықаралық-құқықтық нормаларды қолдану және түсіндіру кезінде халықаралық құқық субъектілері позицияларының нақты мазмұнын айқындауға мүмкіндік береді. Халықаралық көші-қон құқығы доктринасының мәні оның жекешеленген халықаралық-құқықтық ережелерді түсінуге және түсіндіруге ықпалдылығы болып табылады.

КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ МИГРАНТТАРДЫҢ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫН РЕТТЕУ

Көші-қон мәселелері адам құқықтарын іске асыру және қорғау мәселелерімен тығыз байланысты. Адам құқықтары жөніндегі барлық құжаттарда жүріп-тұру еркіндігі мәселелері қозғалады, бұл көші-қонның негізін құрайды. Мысалы, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы «әрбір адам еркін жүріп-тұруға және әр мемлекеттің шегінде өзіне тұру орнын таңдауға құқылы» деп айтады (1-т. 13-б.).¹⁰ Бұл құқықтың ережелері Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 12 және 13-баптарында толығырақ жазылған. Жүріп-тұру және тұрғылықты жерді таңдау еркіндігі әр адамның туғаннан бастап табиғи және ажыратылмайтын мүмкіндігі болып табылады. Кең деңгейде жүріп-тұру және тұрғылықты жерді таңдау *еркіндігін өзі таңдаған жерде уақытша немесе тұрақты кедергісіз тұру, сондай-ақ ол заңды түрде болатын елдің аумағы бойынша кедергісіз орын ауыстыру арқылы игілігін кедергісіз пайдалану адамның табиғи пайда болатын, ажырамас, заңмен бекітілген және кепілдік берілген мүмкіндігі ретінде анықтауға болады.*¹¹

Халықаралық шарттар нормаларының мазмұны адамның еркін жүріп-тұру құқығы бірнеше элементтен тұрады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді (2.1.4-сур.).

⁹ Ю.А. Пахромова. Халықаралық көші-қон құқығының көздері. Халықаралық құқық пен халықаралық қатынастар журналы. № 3. 2008. 30–33-б.

¹⁰ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Біріккен Ұлттар Ұйымы. [www.ohchr.org/EN/UDHR/Documents/UDHR_Translations/eng.pdf]

¹¹ О.В. Ростовщикова. Жүріп-тұру және тұрғылықты жерді таңдау еркіндігі және Ресейде оның қамтамасыз етілуіне және қорғанысқа кепілдік. 2001. 7-б. [<http://dspace.kpfu.ru/xmlui/bitstream/handle/net/116666/0-776739.pdf?sequence=-1>].

2.1.4-сур. Адамның еркін жүріп-тұру құқығы элементтерінің мазмұны.



Басқа халықаралық актілерде мигранттардың құқықтарын қорғауға негіз болатын өзге де құқықтар қарастырылады. Осылай, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт еңбек құқығын бекітеді, атап айтқанда, соның ішінде шетел азаматтары үшін де әділ және қолайлы еңбек жағдайларын жасауды қарастырады. Бұдан басқа, осы Пактіде өмір сүруге қолайлы жағдай жасауға бағытталған құқықтар кешені қарастырылады, олардың ішінде білім алу құқығы және денсаулық құқығы да бар. Бұл құқықтар мигранттар үшін маңызды мәнге ие, себебі оларды іске асыру кезінде олар өз еңбегіне сай тең ақы төленуін, лайықты өмір сүру жағдайларының берілуін, мемлекеттік органдарға және т.б. жүгіну мүмкіндігін талап етуге құқылы. Мигранттардың құқықтарын қорғау үшін теңдік және кемсітушілікке тыйым салу қағидатын сақтаудың маңызы зор. Мысалы, бұл мәселеге Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция және Барлық еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция арналған. Осы құжаттарда әртүрлі негіздер бойынша, оның ішінде ұлттық және этникалық белгілері бойынша бөлуге, алып тастауға, ажыратуға немесе артықшылық беруге тыйым салынады.

РЕТТЕЛМЕГЕН КӨШІ-ҚОН МЕН АДАМ САУДАСЫНА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ, КӨШІ-ҚОН САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ТМД-НЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ.

ОА мемлекеттері бірқатар мемлекетаралық бірлестіктердің қатысушылары болып табылады, олардың шеңберінде көші-қон процестеріне байланысты мәселелер қаралады.

Осы мемлекетаралық бірлестіктердің ішінде 1991 жылы құрылған ТМД-ны бірінші болып атауға болады. ТМД-ны құрудың негізгі мақсаттарының бірі бұрынғы кеңес республикалары арасындағы экономика мен қауіпсіздік саласындағы біріктірілетін байланыстарды қолдайтын ынтымақтастық ұйымын құру болды.

Қазіргі уақытта ТМД-ға қатысушы мемлекеттер: Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан (қауымдастырылған мүше), Өзбекстан болып табылады.

ТМД қызметін реттейтін негізгі құжаттар ТМД құру туралы келісім; Алматы декларациясы; ТМД жарғысы; Экономикалық одақ құру туралы шарт болып табылады. Осы құжаттарда ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынастарының негізгі бағыттары айқындалады.

ТМД шеңберінде ТМД-ға қатысушы елдердегі көші-қон процестерін құқықтық реттеу мәселесіне ерекше назар аударылады. Осылай, ТМД-ның құрылтай құжаттарында (1991 жылғы 8 желтоқсандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісім, 1991 жылғы 21 желтоқсандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімге Хаттама, ТМД жарғысы (4-бап), 1991 жылғы 21 желтоқсандағы Алматы декларациясы) Достастық шеңберінде қатысушы мемлекеттер қабылдаған міндеттемелерге сәйкес, жалпы үйлестіруші институттар арқылы тең құқықты негізде іске асырылатын, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің бірлескен қызмет саласына көші-қон саясаты мәселелері қатысты болатыны туралы маңызды ереже қамтылған.

Бұдан басқа, ТМД жарғысында тауарларды, қызметтерді, капиталдар мен жұмыс күшін өткізу еркіндігі мен нарықтық қатынастар негізінде жалпы ортақ экономикалық кеңістік қалыптастыру көзделген (19-бап).

Сондай-ақ, ұйым шеңберінде көші-қон процестерін реттеуге бағытталған бірқатар мамандандырылған құжаттар қабылданды (2.1.5-сур.)

2.1.5-сур. ТМД шеңберінде қабылданған, көші-қонды реттейтін негізгі құжаттар

ТМД шеңберінде көші-қон процестерін реттеуге бағытталған мамандандырылған құжаттар (Келісім)					
Еңбек көші-қоны және еңбекші-мигранттарды әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (1994 жыл)	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімі. (1998 жыл)	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адам саудасы, адам ағзалары мен тіндерін сатуға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім (2005 жыл)	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адам саудасы, адам ағзалары мен тіндерін сатуға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім (2005 жыл)	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адам саудасы, адам ағзалары мен тіндерін сатуға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім (2005 жыл)	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағына келуші үшінші мемлекет азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды есепке алудың бірыңғай жүйесі туралы келісім (2011 жыл)

ТМД шеңберінде көші-қон процестерін реттеуге бағытталған мамандандырылған құжаттар (Тұжырымдамалар, стратегиялар, бағдарламалар, конвенциялар, декларациялар)						
ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы тұрудағы ынтымақтастық тұжырымдамасы (2004 жыл)	ТМД қатысушы-елдерінің келісімді көші-қон саясаты туралы декларациясы (2007 жыл)	Еңбекші-мигранттардың және олардың қатысушы мемлекеттердегі отбасыларының құқықтық мәртебесі туралы конвенция (2008 жыл)	2008 жылғы 14 қарашада ТМД үкіметінің басшыларымен бекітілген Тәуелсіз мемлекеттер достастығының 2020 жылға дейінгі мерзімге арналған экономикалық даму стратегиясы (2008 жыл)	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің 2014–2018 жылдарға арналған адам саудасына қарсы күрестегі ынтымақтастық бағдарламасы (2013 жыл)	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің 2015–2019 жылдарға арналған заңсыз көші-қонға қарсы тұрудағы ынтымақтастық бағдарламасы (2014 жыл)	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адам саудасына қарсы тұрудағы ынтымақтастық тұжырымдамасы (2014 жыл)

Осы құжаттарда көші-қон саласындағы ынтымақтастықтың негізгі басым бағыттары айқындалған, олардың ішінде: келісілген көші-қон саясатын жүргізу жағдайын қалыптастыру, қабылдаушы мемлекеттің заңнамасын ескере отырып, көші-қон ағыны көлемінің, бағыттарының және құрылымының мигранттардың мүдделеріне сәйкестігіне қол жеткізу негізінде еңбек көші-қонын реттеу, иммигранттардың қоғамға кіруін қамтамасыз ету және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің азаматтарында қабылдаушы мемлекеттің заңнамасына, тіліне және мәдениетіне сыйластықпен қарау, реттелмеген көші-қонға қарсы іс-қимылды жалғастыру, реадмиссия туралы келісімдер жасасу және т.б.

ЕАЭО-НЫҢ КӨШІ-ҚОН, РЕТТЕЛМЕГЕН КӨШІ-ҚОН МЕН АДАМ САУДАСЫНА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ

Соңғы жылдары посткеңестік кеңістікте бірқатар аймақтық халықаралық одақтар құрылды, олардың міндеттері саяси, экономикалық, әлеуметтік сипаттағы мәселелерді шешу, сондай-ақ аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болды. Осылардың ішінде ЕАЭО мен ШЫҰ бірлестіктерін бөліп көрсету керек.

Еуразиялық Экономикалық Одақ. ЕАЭО – халықаралық құқық субъектілігіне ие, аймақтық экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы.¹² ЕАЭО-да тауарлар, қызметтер, капитал және жұмыс күшінің еркін қозғалысы, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етіледі.

ЕАЭО туралы шартта еңбек көші-қонын реттеуге арналған дербес бөлім бар («Еңбек көші-қоны» шартының XXVI бөлімі). Ол үш мақаладан тұрады (96–98). Шарттың 96-бабында «Мүше мемлекеттер одақ шеңберінде еңбек көші-қонын реттеу саласындағы саясатты келісу бойынша, сондай-ақ мүше мемлекеттерде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін мүше мемлекеттердің еңбекшілерін ұйымдасқан түрде жинауға және тартуға жәрдем көрсету бойынша ынтымақтастық жүзеге асырылатыны» белгіленген. Бұдан әрі осы бапта еңбек көші-қоны саласындағы жалпы тәсілдер мен қағидаттарды келісу, нормативтік құқықтық актілермен алмасу, ақпарат алмасу, дәйексіз ақпараттың таралуын болдырмауға бағытталған шараларды іске асыру, тәжірибе алмасу, тағылымдамалар, семинарлар және оқу курстарын өткізу және кеңес беру органдары шеңберіндегі бірлестік сияқты мемлекеттер ынтымақтастығының негізгі нысандары айқындалады.

Осы шарттың 97-бабы мигранттардың еңбек қызметін реттейді. Атап айтқанда, мүше мемлекеттердің ұлттық еңбек нарығын қорғау жөніндегі шектеулерді ескерместен, мүше мемлекеттердің еңбек қызметін тартуға құқығы бар. Бұл ретте мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне жұмысқа орналасатын мемлекеттен еңбек қызметін жүзеге асыру үшін рұқсат алу талап етілмейді. Сонымен бірге мүше мемлекеттер ұлттық еңбек нарығын қорғау мақсатында олардың заңнамасында белгіленген шектеулерді қолданбайды. Алайда, осы шартпен және мүше мемлекеттердің заңнамасымен ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, олардың азаматтарының еңбек қызметіне, қызмет түріне және мекендеу аумағына қатысты шектеулер қолданылуы мүмкін.

¹² Н.А. Воронина. Еуразиялық біріктіру жағдайларындағы сыртқы еңбек көші-көні: құқықтық аспектілері// РФА мемлекет және құқық институтының еңбектері. № 1. 2017. 94–113-б.

Сондай-ақ, мүше мемлекеттің еңбекшісі мен оның отбасының жұмысқа орналастырушы мемлекеттің аумағында уақытша болу (тұру) мерзімі мүше мемлекеттің еңбекшісінің жұмыс берушімен немесе жұмысқа (қызмет көрсетуге) тапсырыс берушімен жасалған еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарттың қолданылу мерзімімен айқындалады. Басқа мүше мемлекеттің аумағына еңбек қызметін жүзеге асыру немесе жұмысқа орналастыру мақсатында келген мүше мемлекеттің азаматтары және олардың отбасы мүшелері келген күнінен бастап 30 тәулік ішінде тіркеу (есепке қою) міндетінен босатылады.

Шартта еңбек мигранттарының құқықтары мен міндеттеріне ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, оларға білім туралы құжаттарда, ғылыми дәрежелер беру және (немесе) ғылыми атақтар беру туралы құжаттарда көрсетілген мамандықтары мен біліктілігіне сәйкес кәсіби қызметпен айналысу құқығы беріледі. Сондай-ақ оларға өз мүлкін иелену, пайдалану және билік ету, меншігін қорғау және ақша қаражатын кедергісіз аудару құқықтары берілген. Еңбек мигранттарының әлеуметтік құқықтары айтарлықтай ерекшеленеді. Мигранттар мен олардың отбасы мүшелеріне әлеуметтік сақтандыру, медициналық көмек алу, білім алу, кәсіптік одақтарға кіру және ақпаратқа қол жеткізу құқықтары беріледі.¹³

Шанхай ынтымақтастық ұйымы. ШЫҰ 2001 жылғы маусымда құрылған тұрақты жұмыс істейтін аймақтық халықаралық ұйым болып табылады. Бастапқыда оған Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан және Өзбекстан кірді. Қазіргі уақытта төрт ел – Беларусь, Иран, Моңғолия және Ауғанстан ұйымда бақылаушы мәртебесіне ие, ал алтауы – Армения, Әзірбайжан, Камбоджа, Непал, Түркия, Шри-Ланка – диалог бойынша серіктес.

ШЫҰ міндеттері бастапқыда ОА-дағы террорлық актілердің, сепаратизм мен экстремизмнің жолын кесу бойынша өзара аймақшiлік іс-қимылдар саласында болды. 2002 жылғы маусымда ШЫҰ мемлекеттері басшыларының Санкт-Петербург саммитінде Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хартиясына қол қойылды (2003 жылғы 19 қыркүйекте күшіне енді). Бұл ұйымның мақсаттары мен принциптерін, оның құрылымы мен қызметінің негізгі бағыттарын белгілейтін бастапқы жарғылық құжат.

2003 жылғы қыркүйекте ШЫҰ-ға мүше елдердің үкімет басшылары 20 жылға есептелген жан-жақты сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына қол қойды, соның нәтижесінде ШЫҰ қызметі кең экономикалық бағытқа да ие болды. Ұзақ мерзімді мақсат ретінде ШЫҰ кеңістігінде еркін сауда аймағын құру, ал қысқа мерзімді перспективада сауда және инвестиция салаларында қолайлы жағдайлар жасау процесін жандандыру көзделеді.

Осы ұйым шеңберінде көші-қон мәселелері сепаратизмге, терроризмге, қару-жарак, есірткі және адам саудасына қарсы күрес призмасы арқылы қаралады. Осыған байланысты ШЫҰ шеңберінде көші-қон мәселелерін реттейтін жеке құжат қабылданбаған. Ал негізгі екпін адам саудасы мәселелерін шешуге бағытталған.

Алматылық процесс. Алматылық процесс – бұл Орталық Азия ішінде, сыртында және Орталық Азия бойынша босқындарды және халықаралық көші-қонды қорғау жөніндегі аймақтық кеңес беру процесі. Бұл процесс 2010 жылы ойластырылған. Бүгінгі таңда оған Әзірбайжан, Ауғанстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Түркия қатысады. ОА-дағы

¹³ Н.А. Воронина. Еуразиялық біріктіру жағдайларындағы сыртқы еңбек көші-көні: құқықтық аспектілері// РҒА мемлекет және құқық институтының еңбектері. № 1. 2017. 94–113-б.

босқындарды қорғау және халықаралық көші-қон бойынша бірінші Аймақтық конференция 2011 жылғы 14–16 наурызда Алматы қаласында өтті. Аталған конференцияға қатысушылар аралас көші-қонға қатысушы адамдарды қорғау үшін ұлттық саясатты әзірлеудің маңыздылығын ескерді, адам саудасына қарсы күрес және алдын алу шараларын қабылдауға, осы қылмыстың құрбандарын тиімді қорғауды қамтамасыз етуге шақырды, сондай-ақ халықтың аралас жүріп-тұруы мәселелері бойынша шешім қабылдаудың маңыздылығына назар аударды. Конференция барысында аймақтық диалогты және ең өзекті мәселелерде практикалық ынтымақтастықты дамытуға, конференция нәтижелерін кең жұртшылыққа қолжетімді етуге арналған Алматы декларациясы қабылданды.

Бұл процесс көші-қонның күрделі динамикасына негізделген көптеген проблемаларды жоюға және аралас көші-қон бойынша аймақтық ынтымақтастық пен үйлестіруді жақсартуға бағытталған. Алматылық процестің мақсаттары: Халықаралық көші-қон және босқындарды қорғау мәселелері бойынша диалогқа жәрдемдесу; реттелмейтін көші-қонға байланысты проблемаларды мониторингілеу және шешу механизмдерін әзірлеу; орын ауыстыру мен көші-қонның себептері мен салдарларын бірыңғай түсінігіне қол жеткізуді насихаттау; жүріп-тұратын адамдарға қатысты кешенді және сараланған саясатқа жәрдемдесу; көші-қон мәселелерін басқару, оның ішінде босқындарды қорғау мақсатында мемлекеттердің әлеуетін нығайтуға бағытталған іс-шаралар жобаларын әзірлеу. Бұл процесс қызметінің салалары бақылаусыз көші-қон проблемаларын шешуді, шекараларды басқару мен қауіпсіздігін, адам саудасы мен олардың контрабандасын, мигранттар мен босқындардың құқықтарын қорғауды, еңбек көші-қонын және т. б. қамтиды.

2012 жылы қатысушы мемлекеттерде министрдің орынбасарлары деңгейінде Ұлттық үйлестірушілер тағайындалды, сондай-ақ ынтымақтастықтың аймақтық негіздемелік бағдарламасы мен аймақтық әрекет жоспары мақұлданды.

Ынтымақтастықтың аймақтық негіздемелік бағдарламасы өзара мүддені білдіретін мәселелер бойынша аймақтық диалогқа және ынтымақтастыққа жәрдем көрсетуді, сондай-ақ мемлекеттердің және басқа да мүдделі тараптардың аралас көші-қонға байланысты міндеттерді шешу саласындағы әлеуетін барынша болжамды, тиімді түрде, қажетті қорғаныс деңгейінің қамтамасыз етілуін нығайтуды көздейді. Аймақтық әрекет жоспары осы тапсырмаларды шешу үшін нақты іс-шараларды ұсынады.

Алматы процесі 2013 жылғы 5 маусымда Алматыда болған босқындарды қорғау және халықаралық көші-қон жөніндегі министрлер Конференциясында қолданысқа енгізілді. Конференция қорытындысы бойынша коммюнике қабылданды, онда аймақтық диалог, практикалық ынтымақтастық және мигранттардың адам құқықтарын қамтамасыз ету үшін қажетті ұлттық заңнамалық шеңберлерді белгілеу, оған мұқтаж адамдардың халықаралық қорғанысқа қол жеткізуі және босқындарға қатысты ұзақ мерзімді шешімдер арқылы ОА елдерінде аралас көші-қон қозғалыстарынан туындайтын көптеген сын-қатерлерге ден қою туралы мемлекеттердің уағдаластығы жарияланды.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық көші-қон құқығының негізгі көздері қандай?
2. Адам құқықтары мен мигранттардың құқықтары мәселелері бойынша халықаралық-құқықтық шарттар шеңберінде мемлекет заңды түрде міндетті болатын процесті сипаттаңыз.
3. ТМД, ЕАЭО, ШЫҰ шеңберіндегі көші-қон қалай реттеледі? Әрбір жағдайдың қандай ерекшелігі бар?
4. ОА елдері қатысатын көші-қонды реттеу саласындағы екіжақты шарттардың ерекшеліктерін сипаттаңыз.
5. Мигранттардың құқықтарын қорғау бойынша негізгі халықаралық-құқықтық шарттарды атаңыз және сипаттаңыз.

Практикум:

Аудитория төрт топқа бөлінеді. Әрбір топ құжаттар тізбесін алады. Құжаттардың мәтінін талдау және сұрақтардың жауабы қамтылған плакатпен 10 минуттық презентация дайындау қажет. Дайындық уақыты – 30 минут.

1-топ. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің, азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің және барлық еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияның деректерін пайдалана отырып, көші-қонға және мигранттарға қатысты мынадай сұрақтарға жауап беру қажет:

- адамның қандай құқықтары көші-қонмен байланысты;
- еңбек мигранттарына қандай құқықтар мен бостандықтар беріледі;
- көші-қонға байланысты құқықтардың қандай шектеулері қарастырылған;

2-топ. ЕАЭО туралы шарттың деректерін пайдалана отырып, көші-қон және мигранттар туралы келесі сұрақтарға жауап беру қажет:

- мигранттарға қандай құқықтар берілген;
- көші-қонға қатысты бұл Шартта елдер арасындағы ынтымақтастықтың қандай нысандары көзделген;
- бұл құжатта мигранттарға қатысты қандай шектеулер белгіленген.

3-топ. ТМД шеңберінде қабылданған көші-қон туралы құжаттарды пайдалана отырып, мигранттар мен көші-қонға қатысты келесі сұрақтарға жауап беру қажет:

- көші-қон процестерін реттейтін ТМД-ның негізгі құжаттарын атаңыз;
- ТМД құжаттарына сәйкес мигранттардың құқықтық жағдайы қандай;
- көші-қон мәселелері бойынша ТМД-ға қатысушы мемлекеттер ынтымақтастығының қандай нысандары бар.

Міндетті әдебиет:

1. А.М. Диноршоев. Адам құқығы. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Душанбе: «Голд-принт» басп. 2017. 560-б.
2. Халықаралық гуманитарлық құқық : оқулық / А. Я. Капустина ред. – 2-басылым, түзетілген және толықтырылған – М. : Юрайт баспасы; ИД Юрайт, 2011. – 639-б.
3. Халықаралық жария құқық/ К.А. Бекашева ред. М. «Проспект» баспасы, 2008. 1008-б.
4. Халықаралық көші-қон құқығы. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. С.Н. Тагаева ред. Душанбе. «Эр-граф» баспасы, 2016. 352-б.

Қосымша әдебиет:

5. С. Абашин. Орталық Азиядан бағытталған көші-қон: Тәжірибелер, жергілікті қоғамдастықтар, транснационализм// Ресей саясаты мен құқығы. Том 51. № 3, мамыр-маусым 2013. 6–20-б.
6. Я. Броунли. Халықаралық құқық. М., «Прогресс» баспасы, 1977. 1-кітап. 535-б.
7. Н.А. Воронина. Еуразиялық біріктіру жағдайларындағы сыртқы еңбек көші-көні: құқықтық аспектілері// РҒА мемлекет және құқық институтының еңбектері. № 1. 2017. 94–113-б.
8. Ф.Ф. Мартенс. Өркениетті халықтардың қазіргі халықаралық құқығы. М. Зерцало, 2008. Т.1. 251-б.
9. Ю.А. Пархомова. Халықаралық миграциялық құқық көздері// Халықаралық құқық және халықаралық қатынастар журналы. №3. 2008. 30–33-б.
10. А.В. Похлебаева. Миграция ұғымы және оның жіктелуі// Халықаралық құқық және халықаралық қатынастар журналы. 2005. №3. 3–6-б.
11. Ю.А. Тихромиров. Мигранттардың құқықтық жағдайы// Шетелдік заңнама және салыстырмалы құқықтану журналы. № 3 (6). 2006. 17–20-б.

2.2. ЕҚҚҚЫК құқықтық негіздері

***Мазмұны.** Көші-қонды басқару жүйесінің тұтастығын қолдаудағы ерікті түрде оралудың маңызды рөлін түсіну; ерікті қайтып келуге және қайта ықпалдастыруға көмек көрсету бағдарламасы ықпалының негізгі сипаттамаларын анықтау; ЕҚҚҚЫК, ХҚҚҰ құрылымына енгізу және оның ЕҚҚҚЫК жүргізу тәжірибесі, ЕҚҚҚЫК бағдарламасының жұмысы туралы толық ақпарат.*

КІРІСПЕ

Көші-қон проблемалары елдердің келісілген әрекеттерінің көмегімен ғана шешілетіндей, айтарлықтай ауқымды және күрделілік деңгейіне жетті. Қайтарымды көші-қон бүкіл әлем бойынша көші-қон мәселелерімен айналысатын ұлттық және халықаралық саясаткерлердің күн тәртібіндегі басты мәселе болып табылады, себебі іпана мен иммиграция жүйелерінің тұтастығы мәселесін қозғай отырып, пана іздеген адамдар қатарындағы бас тартушылар мен реттелмеген жағдайда жүрген мигранттар шыққан, транзит және тағайындалған елдерге әсер етеді. Әйтседе, қайтарымды көші-қон циклдык көші-қон схемаларының табиғи бөлігі болып табылғанымен, оның межелі елде қалуға рұқсаты жоқ мигранттарды шыққан еліне мәжбүрлеп қайтаратын немесе ерікті қайтып келу бағдарламаларын пайдаланатын кезде өте сезімтал мәселеге айналуы мүмкін.

ХҚҚҰ ЖӘНЕ ҚАЙТЫП КЕЛУ ПРОЦЕСІ

Қайтарымды көші-қон жеке құбылыс ретінде емес, үкіметтер қолданатын жекелеген мигранттардың халықаралық көші-қон циклының және көші-қонды басқару құралдарының кең контекстінде қаралуы тиіс. Шыққан, транзитті және межелі елдер арасындағы аймақтық және жаһандық ағындарды қамтитын көші-қон циклы мигранттардың қабылдаушы елде бірігуіне, олардың одан әрі көшіп-қонуына немесе шыққан еліне ерікті не еріксіз оралуына әкеп соғады. Көші-қон неғұрлым күрделі және циркулярлық болғандықтан, қайтып оралуына неғұрлым кешенді тәсілді іске асыруға, сондай-ақ мигранттарды межелі, транзит және шыққан елдер арасында қайтып келудің бірлескен бағдарламасын іске асыру үшін ортақ іс-шаралар мен әріптестіктің қажеттілігін туындатты.

Осылайша, көші-қон ағындарын басқару және мигранттардың қорғаныс қажеттіліктерін қанағаттандыру мәселелері адам саудасының, қанаудың құрбандары болған немесе осындай теріс пайдаланушылықтың алдында осал болып табылатын қамқоршысы жоқ мигранттардың балалары үшін толық шешілмеген болып қала береді. Бұл транзит елдерінің әлсіз әлеуетіне және құжаттары жоқ мигранттардың көп санының қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатына, мигранттардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға және жаппай тәртіпте келетін әрбір мигранттың нақты қажеттілігін, оның ішінде қорғанысты жылдам анықтау және жауап қату сияқты қиындықтарға байланысты.

Шынында да, шыққан, транзит және баратын елдер қайтып келу мәселелері бойынша әртүрлі жұмыс істейді және сәйкесінше олардың көзқарасы мен басымдықтары да әртүрлі.

Мысалы, баратын және транзит елдерінің көпшілігі үшін негізгі проблема олардың көші-қонын басқарудағы ұлттық жүйелерінің тұтастығы болып табылады, соның ішінде заңды көші-қон схемасы мен баспана институты да бар. Қайтып келген мигранттардың ауқымды ағыны көптеген шыққан және транзит елдері үшін қайтып оралушыларды қабылдау, оларды қайта ықпалдастыру мен әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы бойынша шектеулі мүмкіндіктеріне байланысты толық шешілмеген проблема болуы мүмкін. Осылайша, барлық тиісті мүдделі тараптарды ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейлерде тарту, мән-жайларға байланысты қайтып келу процесін және қайтып келудің тиімді саясатын неғұрлым кең және толық түсінуге қол жеткізу үшін маңызды мәнге ие. Қайтып келу бойынша неғұрлым сәтті іс-шаралар барынша инклюзивті болады және шығу, транзит және тағайындау елдерінің, сондай-ақ мигранттардың өздерінің қажеттіліктері мен проблемаларын ескереді. Осылайша, диалогты дамыту үшін шығу, тағайындау және транзит елдерге серіктестік қатынастарды жолға қоюға, қайтарымды көші-қон жөніндегі тиімді саясатты бірлесіп әзірлеуге және жүзеге асыруға көмектесе алады.

Бұл кіші бөлімде қайта оралуға байланысты механизмдер егжей-тегжейлі қаралмайды, оларға осы басшылықтың басқа бөлімдері арналған, бірақ басқаларымен қатар ерікті қайтып келуге және қайта ықпалдастыруға көмек (ЕҚКҚЫК) бағдарламасының тұжырымдамасы ашылатын болады.

ЕҚКҚЫК – ХКҚҰ қызметінің негізгі түрі, оның аясында жыл сайын қайта оралу кезіндегі ондаған мың мигрантқа өмірлік маңызы бар көмектер көрсетіледі. Бұл қызмет саласы ұдайы кеңейіп келеді, себебі мигранттарды қабылдайтын мемлекеттер мен шыққан елдер санының көбеюі көші-қонды басқарудың тиімді және ізгілікті жүйесінің маңызды компоненті ретінде ЕҚКҚЫК құндылығын мойындайды. Қазіргі уақытта ХКҚҰ барлық құрлықтарда және әртүрлі бағыттарда: «солтүстік-оңтүстік» және «оңтүстік-оңтүстік» ЕҚКҚЫК бағдарламаларын іске асыруда.

Соңғы төрт онжылдықта ХКҚҰ-ның ЕҚКҚЫК бағдарламасына қатысуы көші-қонның өзгеріп жатқан болмысын көрсетті. Саналы және ерікті шешімнің нәтижесі ретінде қарастырылатын ХКҚҰ-ның ерікті түрде қайтып келудің бұрыннан келе жатқан принципі бойынша, нақты қызметке қатысудың кез келген нысаны үшін алғышарттар және міндетті қайтып келудің негізгі элементі ретінде қайтып келудің дайындығына байланысты алаңдаушылығын көрсету болып табылады. ХКҚҰ сонымен бірге қайтып келу процесінің толыққанды элементтері ретінде қайта ықпалдастыруға көмек механизмдерін құру және қайта оралғаннан кейінгі мәселелерді шешуде алдыңғы қатарда орналасқан. Қайтып келу және қайта ықпалдастыру перспективаларын ертерек болжауға, сондай-ақ мигранттарды қайтарғанға дейін немесе олардың өз елінде орналасқаннан кейінде қосымша ресурстарды пайдалануға және жұмылдыруға көмек ретінде бағытталған шаралардың алға жылжуына баса назар аударады.

Төрт онжылдық бұрын басталған ХКҚҰ-ның ЕҚКҚЫК бағдарламаларының көпшілігі кері тасымалдарды ұйымдастырудың негізгі қолдауын ұсынды. Содан бері олар табыс көзінің тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша біріктірілген қызметтері бар неғұрлым кешенді бағдарламаларға айналды. Көптеген бастамалар жекелеген репатрианттардың қайта біріктірілуін қолдап қана қоймай, сонымен қатар тиімді және тұрақты қайтып келуді қамтамасыз етуге байланысты қайтып келгендердің проблемаларын шешуге ықпал етеді.

Оқиғалардың мұндай барысы көптеген мемлекеттер көші-қонды басқару стратегиясында қайтарымды көші-қонды жиі қосатындығы туралы фактіні көрсетеді, ол саясатты

қалыптастырудың халықаралық процесінде аса маңызды орын алады. ЕҚКҚЫК көптеген елдерде немесе Еуропа Одағы сияқты көпжақты құрылымдарда көші-қон және баспана беру саласындағы саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады және қолайлы нұсқа ретінде қарастырылады. ЕҚКҚЫК сонымен бірге зардап шеккен елдер арасында тұрақты емес транзиттік көші-қон проблемасына бірлескен реакция ретінде іске асырылатын, зардап шеккен елдерге, сондай-ақ кедейшілік жағдайында қалған және өмір сүруге арналған қаражаттан жиі айырылған мигранттарға қажетті көмек көрсететін негізгі шаралардың бір бөлігіне айналуда.

ЕҚКҚЫК ҚҰРАМЫНА НЕ КІРЕДІ?

ЕҚКҚЫК – шекараларды тиімді басқаруда, баспаналандырудың тиімді жұмысындағы, тіпті ең болмағанда, қабылдаушы елде қалуға заңды негізі жоқ адамдардың мәзбүрлі қайтып келуін қамтитын көші-қонды басқарудағы кешенді тәсілдің ажырамас бөлігі. ЕҚКҚЫК шеңберінде барған/транзиттік елде қала алмайтын немесе қалғысы келмейтін және шыққан еліне қайтып оралуды қалайтын мигранттарға әкімшілік, материалдық-техникалық және қаржылық, сонымен қатар қайта ықпалдастыруға көмек көрсетіледі.

Бастапқыда ЕҚКҚЫК бағдарламасы Еуропада пайда болды, онда әлі күнге дейін ХКҚҰ қолдауымен ерікті қайтып келу бағдарламаларының көп бөлігі іске асырылууда, бірақ соңғы 40 жылда олардың әрекет ету салалары айтарлықтай кеңейді. Қабылдаушы мемлекеттердің географиясы Еуропа шегінен шығып, Африкада, Азияда, Солтүстік және Оңтүстік Америкада және Мұхиттағы қабылдаушы елдерді қамтиды. Бұдан басқа, транзиттік көші-қон контекстінде ЕҚКҚЫК олардың реттелген немесе реттелмеген мәртебесінің бар-жоғына қарамастан, одан әрі көшуге қаражаты жоқ кедейлік жағдайында немесе мүшкіл жағдайда қалған мигранттарға көмек көрсету кезінде тиімді құрал болды.

Сонымен қатар, қайта біріктірілуіне көмек қайтып оралу кезіндегі ерікті көмектің толықтырушысына айналды, себебі қайтып келетін адамдардың, әсіресе осал жағдайларда қажеттіліктерін қанағаттандыру және олардың өз отанында орналасуын қолдау қайта ықпалдастыру процесінің тұрақтылығының негізі болып табылады.

ХКҚҰ ЕҚКҚЫК-ні мигранттардың ізгілікті және реттелген қозғалысының негізгі стратегия ретінде қарастырады. Осылайша, ол көші-қонға қатысты мигранттардың, үкіметтердің және қоғамның басқа да топтары үшін өзара тиімді көші-қонды басқару тәсілінің ажырамас компоненті болып саналады.

Негізгі саяси мақсаттардың мәні мынада:

- қолданылатын халықаралық принциптер мен стандарттарды сақтауға қол жеткізе отырып, қайтып келу процесі кезінде мигранттардың қадір-қасиеті мен құқықтарын қорғау;
- босқындардың мәртебесін анықтау және қорғау механизмдеріне мигранттардың қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- тұрақты көші-қон құрылымдары мен баспана беру рәсімдерінің тұтастығын сақтау;
- қайтып келу процесінде шыққан, транзит және қабылдау елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайту және шыққан елдердің өздерінің қайтып оралып жатқан азаматтарына қатысты жауапкершілігін күшейту;
- тұрақты емес көші-қонның түпкі себептерін жою;

- реттелмеген көші-қон проблемасын шешуге жәрдемдесетін неғұрлым тиімді, тұрақты және өзара тиімді нұсқа ретінде, қайта ықпалдастыруға көмекті қоса алғанда, ерікті қайтып келудің кешенді тәсілдерін қабылдауды қолдау.

ЕҚКҚЫК ҮШ САТЫСЫ

ЕҚКҚЫК мыналарды қамтиды:

- жолға шығар алдында көмек көрсету және жолға дайындық;
- нақты үйіне қайтып келуге көмек;
- репатрианттарды әлеуметтік-экономикалық қайта жайғастыру және қайта ықпалдастыру үшін келген бетте көмектесу.

Алдын ала сатысы:

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу

Ақпараттық-түсіндіру жұмысы қайтып келу және қайта ықпалдастыру бойынша көмекке мұқтаж мигранттар арасында ғана емес, сондай-ақ қауым, диаспора, консулдық өкілдіктер және басқа да мүдделі тараптар сияқты басқа да топтар арасында ЕҚКҚЫК туралы хабардар болуын арттырады. Мигранттарға берілетін ақпараттың объективті болуы және өзекті фактілерге негізделуі тиіс. Хабардар болуды арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру кезінде мигранттардың қауымдастықтарымен және тиісті дипломатиялық өкілдіктермен карталау және өзара іс-қимыл жасау олардың қамтылуын кеңейтуге және бұндай іс-шараларда дұрыс хабарламалар жасауға мүмкіндік береді.

Мигранттарға қайтып келуге және қайта ықпалдастыруға көмек көрсету сұрақтары бойынша кеңес беру

Жеке кеңес беру әлеуетті қайтып келетін тұлғаларға қабылдаушы немесе транзиттік елде, сондай-ақ шыққан елде өздерінде бар құқықтар мен мүмкіндіктер туралы білуге, өздеріне тиесілі көмек туралы, қайта ықпалдастыруға ерікті қайтып келу және көмек процесінің шарттары туралы ақпарат алуға және нәтижесінде, қайтып келу олар үшін ең жақсы балама болып табыла ма, жоқ па, яғни бұл оларға сараланған шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Кеңес беру мигрантқа түсінікті тілде және мигранттарға сұрақтар қоюға және өз көзқарасын еркін білдіруге, оның ішінде өз проблемалары туралы айтуға мүмкіндік беретін жағдайларда ұсынылуы тиіс. Бұл өз еркімен қайтып келу туралы шешім қабылдауға әкелуі мүмкін, бірақ мигранттар кеткенге дейін кез келген кезеңде ойын өзгерте алады.

Қайтып келу сатысы:

Осы кезеңде ХКҚҰ авиакомпанияға тиісті сапарға тапсырыс бере отырып және мигрантты шыққан еліне қайтарғаннан кейін және одан әрі кез келген тасымалдауды қамтамасыз ете отыра, мигранттың іс жүзінде орын ауыстыруына жәрдемдесетін болады. ХКҚҰ-ның қолдауымен ЕҚКҚЫК бойынша орын ауыстыру шеңберінде мигрант әрқашан кез келген басқа жолаушы сияқты коммерциялық рейспен қайтып келеді. Бағдарламаның ерікті сипатын ескере отырып, мигранттар тіпті әуежайда болса да, кез келген уақытта қайтып оралуға деген ойын өзгерте алады.

Мекендеу жеріне келгеннен кейінгі кезең:

ЕҚКҚЫК көптеген бағдарламаларында қайта ықпалдастыру бойынша көмек (бұдан әрі осы тарауда талқыланатын) мигранттардың шыққан елінде қайта ықпалдасуына жәрдемдесу үшін ұсынылады. Оның ақшалай көмекті немесе заттай түрдегі көмекті қамтуы мүмкін. Көп жағдайда көмек көрсету келгеннен кейін беріледі. Адамның шыққан елінде қайта ықпалдасу қабілетіне әртүрлі факторлар әсер етуі мүмкін. Бұл ұзақ процесс, себебі қайтарылған адамдардың жеке мүмкіндіктері мен осалдығы, қоғамның оларды қабылдау және қабыл алу қабілеті, сондай-ақ сыртқы орта тұрақты қайта ықпалдастыруға ықпал етуі немесе кедергі келтіруі мүмкін.

Қайта ықпалдастыру процесіне және оның тұрақтылығына әсер ететін факторлар көші-қон туралы шешімге әкелгенмен бірдей болуы мүмкін. Олар экономикалық, әлеуметтік және психоәлеуметтік сипатқа ие бола отырып, олар қайтып келетін жеке қайтып келушілермен, қауымдастықтармен және құрылымдық ортамен байланысты болуы мүмкін.

Қайта ықпалдастырудың күрделілігін ескере отырып, процестің орнықтылығын қамтамасыз ету үшін кешенді тәсіл қажет, ол өзара тиімді негізде жеке қайтып келушілердің да, қоғамдастықтардың да қажеттіліктерін, сондай-ақ қолданыстағы құрылымдық факторларды (мысалы, жергілікті және ұлттық деңгейдегі түрлі үкіметтік департаменттер арасындағы ынтымақтастықты, репатрианттарға бағдарланған саясат пен құқықтық құралдарды немесе жұмысқа орналасуға және негізгі қызметтерге қол жеткізуді) ескеретін болады.

Тиісінше, қайта ықпалдастыру жөніндегі шаралар репатрианттардың өз қауымдастықтарында экономикалық өзін-өзі қамтамасыз ету, әлеуметтік тұрақтылық және оларға көші-қон факторларын жеңуге мүмкіндік беретін психоәлеуметтік әл-ауқат деңгейіне қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

Көші-қон мен саяси динамикаға қарамастан, ЕҚКҚЫК кез келген бағдарламасы барлық үш сатыны қамтиды.

ЕҚКҚЫК БЕНЕФИЦИАРЛАРЫ

Үйге қайтып оралуына қажет жәрдемге мұқтаж кез келген мигрант ЕҚКҚЫК шеңберінде көмекке жүгіне алады. Мұндай мигранттарға мыналар кіреді:

- реттелмеген мәртебесі бар мигранттар (депортациялау, шығарып жіберу немесе жіберу туралы бұйрық алмаған);
- пана беру туралы қолдау хаты қабылданбаған адамдар (депортация, шығарып жіберу немесе жөнелту туралы өкім алынбаған);
- кейіннен өзінің өтінішін қанағаттандыруға қол жеткізбеу туралы шешім қабылдаған пана сұраушылар;
- босқын мәртебесі бар немесе үйге оралу туралы шешім қабылдаған уақытша қорғалған мәртебесі бар адамдар;
- адам саудасының құрбандары;
- келген елінде құқықтық мәртебесі бар, бірақ үйге оралу үшін қаражаттары жоқ кез келген адам (мысалы, мүшкіл жағдайда қалған адамдар мен студенттерді қоса алғанда); сондай-ақ
- келісім-шарттардың қолданылу мерзімі өтіп кеткен еңбек мигранттары.

ЕҚҚҚЫК САЛЫСТЫРМАЛЫ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

ЕҚҚҚЫК мәжбүрлі қайтып келуден гөрі мигранттар мен үкіметтер үшін тиімдірек, себебі:

- үйде қайта ықпалдастыру келешегін жақсартатын отырып, қайта оралуға барынша ізгілікті және лайықты көзқарас ұсынады;
- олардың аясында шыққан елдеріне мәжбүрлі қайтып келу орын алатын көбінесе даулы және саяси шиеленіс жағдайларында тиімді (шығындар тұрғысынан да, мерзімдер тұрғысынан да) және келісілген балама ұсынады;
- тұрақты көші-қон бағдарламаларының және баспана берудің әділ рәсімдерінің тұтастығын нығайтады;
- кеңес беру арқылы қайтып келу процесін дұрыс басқаруға, қорғау мәселелерін қадағалауға және қайтып келудің ерікті сипатын бағалауға, қайтып келу процесінде адам құқықтарының бұзылуын тексеруге, халықаралық қағидаттар мен стандарттарды құрметтеуге жәрдемдесуге көмектеседі;
- мүдделі мигранттарға оларды шығу қауымына әлеуметтік-экономикалық қайта ықпалдастыруға потенциалды мүмкіндіктерін анықтай отырып, қайтып оралуға дайындалуға мүмкіндік береді, осылайша олардың қайтып оралуының тұрақтылығына ықпал етеді;
- қайтып оралуына қатысты көмекке мұқтаж мүшкіл мигранттардың қажеттіліктеріне тиісті жауаптар бере алады;
- қайтып оралған мигранттар үшін болашақта тұрақты көші-қонға қатысу мүмкіндігін сақтайды;
- қабылдаушы елдерде, транзит елдерде және шыққан елдерінде тиісті билік органдары арасында қайтып келуге байланысты бірлескен көзқарасты жеңілдетеді және күшейтеді;
- шыққан елдер еріксіз қайтып келу жағдайына қарағанда, ЕҚҚҚЫК шеңберінде өзінің қайтып оралатын азаматтарына қатысты өздеріне үлкен жауапкершілік алуына әкелуі мүмкін;
- тұрақты емес көші-қонның түпкілікті себептерін жоюға және қайтып оралған адамдарды, сондай-ақ қайтып оралған адамдардың қауымдастықтарын мақсатты түрде қайтып келтіру және қайта ықпалдастыруды қолдау жолымен шыққан елдердегі/аймақтардағы институционалдық және экономикалық даму жөніндегі күш-жігерін қолдауға көмектесе алады (мұндай қолдау білікті азаматтардың қайтып келуі немесе шетелден келген жұмыс күшін басқаруды жақсарту сияқты осындай шаралармен бірге үйлестікте неғұрлым тиімді);
- еңбек көші-қоны осындай туралы келісімдер мен келісімдерді қолдай отырып, қайтып оралатын қызметкерлерді әлеуметтік-экономикалық оңалтуға жәрдемдесе алады;
- қайтып оралған адамдардың аса қажеттілігін ескере отырып, қайта ықпалдастыру бойынша неғұрлым тиімді көмек бере алады және олардың өзін-өзі қамтамасыз ету мүмкіндігіне ықпал ете алады.

ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ

Қоғамдастықтар мигранттардың қайтып келу және қайта ықпалдастыру процесінде әртүрлі рөл атқарады. Қоғамдастықтар әлеуметтік қорғау желілерін, күшті әлеуметтік желілерді, психоәлеуметтік қолдау мен қаржы ресурстарын ұсына отырып, қайтып келу және қайта ықпалдастыру үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ете алады. Қауымдастықтар қайтып оралуды оңынан қабылдаған кезде, бұл қайтып оралған мигранттардың стигматизацияланудан

аулақ болуға, әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіруге және тезірек қайта ықпалдасуға мүмкіндік береді. Осыған ұқсас, қайта ықпалдастыру процесі сондай-ақ қауымдастықтарға мигранттардың үлесі, дағдылары мен тәжірибесі есебінен пайда (немесе кем дегенде зиян келтірмеуі) әкелуі тиіс. Сонымен қатар, қабылдаушы қауымдарда қайта ықпалдастыруға жәрдемдесу үшін мүмкіндіктер, құрылымдар немесе ресурстар болмауы мүмкін. Қайтып оралушылардың санының көптігі қолда бар ресурстар үшін бәсекелестік күшейіп, қайта ықпалдастыру кезінде қиындықтар туындауы мүмкін. Репатрианттың қауымдастыққа қайта ықпалдастыру қабілеті қайтып келу сәтсіз деп қаралғанда немесе көші-қон туралы шешім ең алдымен адамның елден кетуінің ниеті ретінде қабылданғанда төмендеуі мүмкін. Қайтып келу сондай-ақ мигранттардың қауымына немесе отбасына, мысалы, көші-қонға байланысты қайтарылмайтын борыштарға байланысты одан әрі экономикалық қысымға әкелуі мүмкін. Осылайша, қауымның қайтып оралатын адамдарды қабылдау және қайтып келген мигрант кездестіруі мүмкін кез келген реніш немесе дұшпандық сезімін жеңілдету қабілетін нығайтуда, мысалы, көмек алу кезінде немесе егер көші-қон оған күтілетін табыс әкелмеген жағдайда қауымдастық бастамалары шешуші мәнге ие.

ТҰРАҚТЫ ҚАЙТА ЫҚПАЛДАСТЫРУ БОЙЫНША САЯСАТ ПЕН ПРАКТИКА ӘЗІРЛЕУ

Қайта оралу шешімі қайта ықпалдастыру бойынша тиісті көмекпен қолдау көрсетілсе, қайтып келу неғұрлым тұрақты болады. Адамдарды эмиграциялауға итермелеген құрылымдық факторлар маңызды ретінде қарастырылмайды, қайта оралушылардың айтарлықтай саны заңсыз эмиграция нұсқаларын одан әрі іздеуі мүмкін.

Соңғы жылдары үнемі қайтып келу саясаты және қайтып келу бойынша осындай қолдауды қажет ететіндер үшін неғұрлым тиімді көмек жетілдірілуде. Мәселен, мигранттарға берілетін көмек пен мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі тұрақты оралуға жәрдемдесу болып табылады. Демек, қайта ықпалдастыруға көмек барлық тараптар үшін тұрақты қайтып келуге жәрдемдесуде шешуші рөл атқарады және қабылдаушы елдер мен шыққан елдер үшін мигранттар және жіберуші Үкіметтің қамқорлығымен қайтып келген ерікті қайтып оралушылар немесе тұлғалар үшін бейімделуге тиіс.

Көмек мигранттарды қоғамға қайта ықпалдастыруға ғана емес, сондай-ақ кері қайтып келетін мигранттарды қоғамдастықпен қабылдауға да бағытталуы тиіс. Мұндай тәсіл қайта ықпалдастырудың барынша теңдестірілген, әділ, өлшенетін, тұрақты және инновациялы болуына кепілдік береді. Қайтып келудегі қоғамдастықтардың қажеттіліктері мен проблемаларын қанағаттандыра отырып, мұндай көмек реттелмеген көші-қонды ынталандыратын факторларды, сондай-ақ жергілікті халық (мигрант емес) үшін кері қайтып келуге ұсынылатын көмек есебінен қолайсыз жағдайларды жоюға ықпал етуі мүмкін. Қайта ықпалдастырудың тиімді схемалары мен қайта оралу қауымдастықтарындағы барлық деңгейлердегі даму әлеуеті арасындағы өзара байланысты көтермелеу және оған неғұрлым ұзақ мерзімді, құрылымдық көмек пен даму мақсатында берілетін көмекті енгізу керек. Бұдан басқа, қайта ықпалдастыруға көмектің межелі елдерден де, шыққан елдерден де өзара толықтырушы және өзара қолдаушы болуы тиіс. Қайтып келушілердің қажеттіліктерін бағалау және қайта ықпалдастыру бойынша тиісті шараларды әзірлеу, барлық мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастықты талап етеді. Сондықтан қайта ықпалдастырудағы көмектің ең төменгі стандарттарын қамтамасыз ету, сондай-ақ инновациялық аймақтық тәсілдерді тану үнемі көтермеленуі тиіс.

Қайта ықпалдастыру тұрақты болу үшін жеке, қауымдық және құрылымдық деңгейлерде қайта ықпалдастыруға әсер ететін экономикалық, әлеуметтік және психоәлеуметтік факторларды ескере отырып, қажеттіліктерге негізделген тұтас саясат қажет.

ХКҚҰ-ның пікірі бойынша, қайтып оралғандар көшіп-қону факторларына төтеп беруге мүмкіндік беретін экономикалық өзін-өзі қамтамасыз ету, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық және психоәлеуметтік әл-ауқат деңгейіне жеткенде, қайта ықпалдастыруды тұрақты деп санауға болады. Тұрақты қайта ықпалдастыруға қол жеткізгеннен кейін қайтып оралғандар қажеттілігіне қарай емес, өз қалауы бойынша одан әрі көші-қон шешімдерін қабылдай алады.

Қайта ықпалдастыру саясаты *экономикалық, әлеуметтік және психоәлеуметтік өлшемде қайта ықпалдастырудың белгілі бір деңгейі болған кезде ғана табысты болуы мүмкін:*

- а) Экономикалық өлшем, экономикалық дербестікке ықпал ететін қайта ықпалдастыру аспектілерін қамтиды. Бұған кіріс көздерінің болуы, жұмыстың сенімділігі мен қолайлылығы немесе кіріс әкелетін қызмет, борыштың шығыстарға арақатынасы, сатып-сатып алу қауіпсіздігі және экономикалық жағдайға қанағаттанушылық жатады.
- ә) әлеуметтік өлшеу қайтып оралғандардың тұрғын үй, білім беру, сот төрелігі, денсаулық сақтау және т. б. сияқты негізгі қызметтер мен инфрақұрылымға қол жеткізу деңгейін көрсетеді.
- б) психоәлеуметтік өлшеу қайта ықпалдастырудың психологиялық, тұлғааралық және әлеуметтік-мәдени элементтерін қамтиды. Бұған жеке қолдау ортасын (достары, туыстары, көршілері) және азаматтық қоғамның құрылымын (қауымдастықтар, өзіне-өзі көмек көрсету топтары және басқа да ұйымдар) қалпына келтіру жатады. Бұл сондай-ақ шыққан еліндегі қоғамның құндылықтарын, өмір салтын, тілін, моральдық қағидаттарын, идеологиясы мен дәстүрлерін қайта пайымдауға да байланысты.

Қайта ықпалдастыру тек жеке қайтып оралушыларға ғана емес, сондай-ақ мигранттар қайтып келетін қауымдарға да, сондай-ақ қайтып келу ортасының құрылымдық жағдайларына да қатысты. Сондықтан қайта ықпалдастырудың тиімді саясаты әртүрлі интервенцияларды қамтитындай әзірленуі тиіс:

- а) Жеке деңгей. Бенефициарлардың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін. Бұл зорлық – зомбылыққа немесе қанаушылыққа тап болған репатрианттар үшін, мысалы, адам саудасының құрбандары үшін немесе басқа да мүшкіл жағдайларда жүрген адамдар – бұл ата-анасынан айырылған балалар немесе сүйемелдеуі жоқ балалар және медициналық көмек қажет мигранттар үшін өте маңызды.
- ә) Қауымдастық деңгейі. Заңсыз көші-қон себептерін шешуге көмектесіп, әлеуметтік байланыстарды жолға қоя отырып және қайта ықпалдастыру процесін қолдау сәтті болуы үшін оралудың жоғары деңгейі бар аймақтардағы қоғамдастықтардың мүмкіндіктерін кеңейте отырып, мигранттар қайтарылып баратын қоғамдастықтардың қажеттіліктері мен проблемаларына ден қою.
- б) Құрылымдық деңгей. Көші-қонды тиісінше басқаруға жәрдемдесу және жақсы жұмыс істейтін жергілікті мемлекеттік қызметтер арқылы қолдаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету.

Жинақтай отырып, қайта ықпалдастыруға кешенді тәсілдерді ілгерілету үшін одан әрі күш-жігер қажет деп айтуға болады. Қазіргі көші-қон ландшафты саясат пен қайта ықпалдастыру тәжірибесін, олар реттелмеген көші-қонға дер кезінде ден қоятындей етіп қайта құруға мүмкіндік береді. Қайта ықпалдастыруды тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін құрал ретінде қарастыру керек.

ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ЕҚКҚЫК негіздері халықаралық құқықта бекітілген және екі басты қағидатқа сүйенеді:

Қайтып келу және қайта ықпалдастыру процесінде мигранттардың құқықтарын қорғау

Мигранттардың адам құқықтары мен мемлекеттердің міндеттері адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында (1948), сондай-ақ мигранттарды қоса алғанда, барлық адамдарға және көші-қонды қамтитын, барлық контекстерде қолданылатын адам құқықтары жөніндегі тоғыз негізгі халықаралық шартта баяндалған. Бұдан басқа, қауіпсіз және лайықты қайтып келу принципі мигранттарды Құрлық, теңіз және әуе арқылы заңсыз әкелуге қарсы хаттамада (2000 жыл) және Адам саудасының, әсіресе әйелдер мен балалар саудасының алдын алу және жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттамада (2000 жыл) ендірілген, ол сондай-ақ адам саудасының құрбандарын (АСҚ) ерікті түрде қайтып келуге мүмкіншілік береді. Сондай-ақ адам құқықтары туралы Еуропалық конвенция (1950 ж.), Адам құқықтары туралы Америкалық конвенция (1969 ж.) және адам мен халықтар құқықтарының Африкалық хартиясы (1981 ж.) сияқты қосымша аймақтық құралдар қолданылуы мүмкін, олар мигранттарды қоса алғанда, мемлекеттің юрисдикциясындағы барлық тұлғаларға адам құқығын береді.

Мемлекет аумағындағы немесе мемлекеттің юрисдикциясындағы өзге де жолмен келген мигранттардың құқықтары олардың қауіпсіздігін, физикалық қол сұғылмаушылығын, әл-ауқаты мен қадір-қасиетін сақтау үшін олардың азаматтығына немесе көші-қон мәртебесіне қарамастан және қандай да бір кемсітушіліксіз құрметтелуге және қорғалуға тиіс. Мигранттардың құқықтарына шектеусіз мыналар жатады:

- өз еліне оралу құқығы;
- кез келген елден кету құқығы;
- пана іздеу құқығы;
- адамның өміріне немесе бостандығына оның нәсіліне, дініне, ұлтына, белгілі бір әлеуметтік топқа жататынына немесе саяси нанымдарына байланысты қауіп төнетін немесе адамды азаптауға немесе басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер түрлеріне немесе басқа да ақталмайтын зиянға ұшырауға нақты қауіп төнетін елге қайтарылмау құқығы;
- жеке және отбасылық өмірді құрметтеу құқығы;
- денсаулық сақтау, әлеуметтік және медициналық қызметтерге қол жеткізу құқығы;
- мигрант-балалардың қайтып келуіне қатысты, баланың мүдделерін жақсылап қамтамасыз ету принципін толық құрметтей отырып, барлық мигрант-балалардың, атап айтқанда, сүйемелдеушісі жоқ баланың құқықтары.

Мемлекеттік егемендік

Мемлекеттердің халықаралық құқықтың тиісті ережелеріне нұқсан келтірмей, олардың аумағына кімнің келе алатынын және қала алатынын, оның ішінде өлімнің, азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттің не жазалаудың немесе басқа да жазалаудың нақты және болжамды қаупі болған кезде мигранттарды ұжымдық жіберуге және қайтып оралуға тыйым салу жолымен анықтауға егеменді құқығы бар.

Халықаралық құқыққа сәйкес мемлекет өз елінің қайтып оралған азаматтарын, әсіресе қайтып оралу құқығын өз еркімен жүзеге асыратындарды да қабылдауы тиіс.

ЕҚКҚЫК ҚҰРЫЛЫМЫ

Құрылымның негізіне ХКҚҰ-ның басшылық рөлін және ЕҚКҚЫК саласындағы көпжылдық тәжірибені дәйекті, принципті және жан-жақты түрде ашық түрде растау қажеттілігі қойылған. ЕҚКҚЫК дегеніміз не, ол қалай іске асырылатынын және неге екенін сипаттап, сондай-ақ ЕҚКҚЫК әзірлеу және іске асыру үшін басшылық бола алатын ЕҚКҚЫК-ғ ХКҚҰ-ның институционалдық тәсілі туралы жалпы түсінік беру қажет. Орталық Азия контекстінде құрылымда көші-қонды басқарудың маңызды элементі және мигранттар үшін өз еркімен, ізгілікті және лайықты оралудың қолайлы нұсқасы ретінде ЕҚКҚЫК мәні айқындап көрсетіледі. ЕҚКҚЫК принциптері ЕҚКҚЫК мен ХКҚҰ-ның жаһандық саясатының соңғы өзгерістерін ескере отырып, құрылымда қайта қаралып отырады.

ЕҚКҚЫК ЖЕТІ ПРИНЦИПІ

ЕҚКҚЫК-ге байланысты қызметке қатысу үшін жалпы негізді құрайтын жеті қағида:

1-принцип. Еріктілік

ЕҚКҚЫК контекстінде ізгі ниеттің болуы мына екі шартты орындау кезінде ықтимал: а) ЕҚКҚЫК бағдарламасында тіркелу кезінде физикалық немесе психологиялық қысымның болмауын айқындайтын таңдау еркіндігі; және ә) оның негізінде жатқан уақытылы, объективті және сенімді ақпараттың болуын талап ететін негізделген шешім. Кейбір жағдайларда білікті мамандар адамның мұндай еркін және саналы шешімді қандай дәрежеде қабылдай алатынын және егер адамда мұндай мүмкіндік болмаса, қандай адам заңды негізде оның атынан шешім қабылдай алатынын анықтау үшін бағалау жүргізу қажет.

2-принцип. Нақты мигрантқа бағдарлау

ЕҚКҚЫК негіздерінің бірі – нақты мигранттың құқықтары мен қажеттіліктерін есепке алу. Гендерлік және жас ерекшеліктерін ескере отырып, қайтып оралу және қайта ықпалдастыру процесі барысында әрбір мигрантқа жеке қолдау көрсету үшін жеке бағалау жүргізу керек. Бұл әсіресе оларға нақты мақсатты көмекпен қатар, жағдайды мұқият бағалауды қажет ететін мүшкіл жағдайдағы мигранттар үшін маңызды.

3-принцип. Қауіпсіздік

ЕҚКҚЫК бағдарламаларында қайтып оралу мен қайта ықпалдастыру бойынша көмек көрсетуге қабілетті жедел қызмет мәселелері және қауіпсіздіктің жалпы деңгейі сияқты қауіпсіздік мәселелері ескерілуі тиіс. Белгілі бір аймақтарға немесе елдерге қайтып келу процесі шектелуі немесе тоқтатыла тұруы мүмкін, егер осы факторлардың бірі немесе олардың комбинациясы ЕҚКҚЫК шеңберінде көмек көрсетілетін қайтып оралып жатқан мигранттардың және (немесе) персоналдың қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайды туғызса.

4-принцип. Қайта ықпалдастыру тұрақтылығы

Қайтып оралатын тұлғалар экономикалық өзін-өзі қамтамасыз ету, өз қауымдастықтарында әлеуметтік тұрақтылық және психоәлеуметтік әл-ауқат деңгейіне жеткенде қайта ықпалдастыруды тұрақты деп есептеуге болады, бұл оларға көші-қон факторларын жеңуге мүмкіндік береді. Тұрақты қайта ықпалдастыруға қол жеткізгеннен кейін қайтып оралғандар қажеттілігіне қарай емес, өз қалауы бойынша одан әрі көші-қон шешімдерін қабылдай алады.

5-принцип. Құпиялылық

ЕҚКҚЫК бенефициарларының дербес деректерін өңдеу үшін қатаң сақтық шараларын белгілей отырып, дербес деректердің құпиялылығын және жеке тұлғалардың жасырын болуын сақтау үшін барлық ақылға қонымды және қажетті сақтық шараларын қабылдай отырып, мигранттардың құпиялылығын құрметтеу қажет. Барлық жеке деректер халықаралық деректерді қорғау стандарттарына сәйкес жиналуы, пайдаланылуы, берілуі және сенімді сақталуы тиіс.

6-принцип. Диалог және серіктестік қатынастар

Институционалдық диалог ЕҚКҚЫК процесінің әртүрлі кезеңдерінде мүдделі тараптар арасында сындарлы және теңгерімді алмасуға ықпал етеді. Ол қайтып оралу және қайта ықпалдастыруға байланысты проблемаларды жалпы түсінуге, сонымен бірге саясатты әзірлеу процесін ақпараттандырады және ықпал етеді. Әртүрлі субъектілермен – үкіметтік және үкіметтік емес – халықаралық, аймақтық, ұлттық және қосалқы ұлттық деңгейлердегі ынтымақтастық қайтып оралатын мигранттар үшін көмектің сапалы қолжетімді және спектрін кеңейту, күш-жігердің қайталануын болдырмау және қайта ықпалдастырудың тұрақты процесін қамтамасыз ету үшін қажет.

7-принцип. Дәлелді бағдарламалау


Бағдарламаның ағымдағы және болашақ құрылымы үшін ақпарат жинау және ЕҚКҚЫК интервенцияларына әсер ету дәрежесін анықтау үшін деректерді жүйелі және үздіксіз жинау, мониторинг және бағалау ЕҚКҚЫК барлық процесі бойы өтуі тиіс. Мигранттар алынған көмекке ашық және құпия түрде өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік беретін кері байланыс тетіктері де болуы тиіс.

Барлық жеті қағидат ЕҚКҚЫК бағдарламасының элементтері және оның мәні туралы жалпы түсінік береді, ол *мұқтаж мигранттарға ерікті түрде қауіпсіз және лайықты түрде қайтып келуге көмектеседі, оларға мәртебесіне қарамастан, адам құқықтарын толық сақтай отырып, тұрақты қайта ықпалдастыруға қол жеткізуге қолдау көрсетіледі.*

ЕҚҚҚЫК принциптері жалпы тұжырымдамалық жоспарды қамтамасыз етеді, ол іс жүзінде іске асыру кезінде ЕҚҚҚЫК барлық бағдарламаларында ізгілікті және лайықты қайтып оралуға және тұрақты қайта ықпалдастыруға кепілдік береді.

Келесі бөлімдер саясатты қалыптастыру, бағдарламаларды әзірлеу және шараларды жүзеге асыру үшін ерікті қайтып келу және қайта ықпалдастыру процесінде ЕҚҚҚЫК қағидаттарын қолдану тәсілдерін жүйелейтін алты стратегиялық мақсатты ескере отырып жасалған. Әрбір мақсат ЕҚҚҚЫК барлық әлеуетті немесе нақты бенефициарларына қолданылатын бірқатар сарқылмайтын іс-әрекеттерді қосымша бейнелейді. Соңғы мақсат толассыз болып табылады және мүшкіл жағдайларда мигранттарды қолдау жөніндегі қызметке қатысты.

ЕҚҚҚЫК ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ МОДЕЛІ



Пирамида түріндегі келтірілген диаграмма ЕҚҚҚЫК құрылымының қалай жұмыс істейтіні туралы көрнекі түсінік береді. Бұл жоғарыда сипатталған 7 принципке және 6 мақсатқа негізделген ЕҚҚҚЫК бағдарламасының жалпы көрінісі.

Бақылау сұрақтары

1. ЕҚКҚЫК бағдарламасы сіздің аймағыңыздағы қайтарымды көші-қонның кейбір мәселелерін қалай шеше алады?
2. Мигранттардың оралуы мен шыққан елдердің ортақ мүдделері мен мәселелерін сипаттаңыз.
3. Қайтарымды көші-қон контекстіне қайта ықпалдастырудың ұлттық стратегиясын қосудың маңыздылығын сипаттаңыз.
4. Мәжбүрлі қайтып келу саясатын әзірлеуде дамудың қандай саяси сұрақтары ескерілуі тиіс?
5. ЕҚКҚЫК бағдарламаларын әзірлеуде қолданылуы қажет негізгі принциптерді және әрбір принципті ұлттық қайтып келу контекстінде қалай түсіндіруге болатынын сипаттаңыз.

2.3. Орталық Азия елдерінің ұлттық заңнамасындағы қайтарымды көші-қон

Мазмұны. Қайтарымды көші-қон саласындағы ОА елдерінің ұлттық заңнамасы. ОА елдеріндегі қайтарымды көші-қон және ерікті қайтып келу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру. Қайтарымды көші-қон туралы заңнаманы дамыту үшін база ретінде ОА елдерінің көші-қон заңнамасын жетілдіру. Қайтарымды көші-қонды реттеу үшін негіз ретінде ОА елдері арасындағы көші-қон саласындағы екі жақты және көп жақты келісімдер.

КСРО ыдырағаннан кейін және ОА тәуелсіз мемлекеттері құрылғаннан кейін көші-қон үдерістері белсенділендірілді, көші-қонға халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтар қатыстырылды, көші-қон саясатын либералдандыру басталды. Қазіргі уақытта ОА елдеріндегі көші-қон – жергілікті социумдардың өмірінің әртүрлі аспектілерін қамтитын кеңінен таралған құбылыс. ОА мемлекеттері оның жақсы жақтарын да, қауіптерді де ескерумен көші-қонға әртүрлі көзқарастарға ие.

Мемлекеттердің басым көпшілігі ұлттық мүдделер және қауіпсіздікті сақтау мақсатында мигранттардың көшіп-қонуын бақылауға тырысады. Сондай-ақ мемлекеттер медициналық және әлеуметтік көмек, экономикалық және мәдени салаларда бейімделуді ұсыну, тұрғын үймен қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру бағдарламаларына қатысуы тиіс. Көші-қон үдерістері және тиісті қоғамдық қатынастар мониторингті және жақсартылған құқықтық реттеуді қажет етеді.¹

Қазіргі ғылымда құқықтық қамтамасыз ету ауқымды және тар мағынада қаралады. Ауқымды мағынада аталмыш түсінік *әлеуметтік-құқықтық элементтердің жиынтығын және қоғамдық қатынастарды заңды реттеу үдерісіне әсер ететін құқықтық қатынастар субъектілерінің практикалық қызметінде оларды пайдалану, тәсілдері мен амалдары, құқықтық құралдарын әзірлеу үдерісінің жиынтығын қамтиды*. Тар мағынасында құқықтық қамсыздандыру қоғамдық қатынастардың нақты аспектілеріндегі құқық субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер жүйесі ретінде түсініледі. Атап айтқанда бұндай ракурсте көші-қон үдерістеріне қатысты ОА мемлекеттерінің нормативтік-құқықтық актілерінің жүйесі қаралады.

Көші-қонды басқарудың құқықтық аспектілері біріктірілген бірлестіктердің үлгілері және әртүрлі деңгейлері тұрғысынан қаралады. Осындай тетікті әзірлеудің маңыздылығы ерікті қайтып келудің құқықтық тетіктерінің көмегімен реттелмеген мәртебесі бар мигранттарға қатысты шиеленісуді шешу бойынша шешімдерді әзірлеу, көші-қон сұрақтарымен байланысты саяси жанжалдардың артуымен, жаһандық ауқымдағы көші-қон үдерістерін қазіргі белсенділендірумен, сондай-ақ «Жоспарлы қайта ықпалдастыру және реадмиссия және қауіпсіз әрі лайықты қайтып келуді қамтамасыз ету мақсатындағы серіктестік» №21 мақсатты көздейтін реттелген және реттелетін,

¹ Г.Т. Алаева Көші-қон заңнамасының негіздері. «Заманауилықтың жаһандық үдерістері контекстінде Орталық Азияны біріктіру» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (2014 жылғы 24 қазан. «Тұран» Университеті. Алматы, Қазақстан). Алматы: Interconsult Info. 2014. 112-б.

қауіпсіз көші-қон туралы БҰҰ Жаһандық шарты аясындағы көші-қон үдерістерін тиімді басқару мақсатында мемлекеттер арасындағы серіктестікті күшейту қажеттілігімен байланысты.²

«Адам құқықтарының жалпы декларациясының нәтижелері: уақыт және шындық сын-тегеуріндері» Адам құқықтары жөніндегі Азиялық форумның Самарқандтық декларациясының 10-тармағында «мемлекеттерге тұрақты даму мақсаттарымен олардың көші-қон мәртебесіне қарамастан барлық мигранттардың құқықтарын құрметтеу, қорғау және қамтамасыз еткен жөн» деп көрсетіледі.³

Қазіргі шындық қайтарымды көші-қон үдерістерін реттеу саласындағы мемлекетаралық, аймақтық және халықаралық серіктестігі қажет екенін көрсетеді. Қайтарымды көші-қон саласындағы серіктестік ХҚҚҰ көші-қон бойынша халықаралық диалог сияқты жаһандық платформалар аясында да, Көші-қон және даму жөніндегі Жаһандық форумның аймақтық алаңдарында да – бұл көші-қон саласындағы аймақаралық және аймақтық кеңес беру үдерістері.

Көп жағдайларда көші-қон көршілес елдер арасында болады, алайда көлік шығындарының төмендеуі және жаһандық ақпаратқа рұқсатты жақсарту қашықтықтың жүріп-тұру үшін айтарлықтай кедергі болмауына жағдай жасайды. Қазіргі таңда көптеген елдер шығу елі, жету елі немесе транзит елдері ретінде немесе бір уақытта осы қасиеттердің барлығына қатысады.⁴

Қайтарымды көші-қонды реттеудегі маңызды рөлді ОА елдері арасындағы екі тараптық және көп тараптық келісімдер атқарады. Осылайша, мысалы, Бішкекте 1992 жылы 9 қазанда ТМД қатысушы-елдердің оны (соның ішінде Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан) «Жер аударылған адамдар, ұлттық азшылықтар жән халықтардың құқықтарын қалпына келтірумен байланысты сұрақтар жөніндегі келісімге» қол қойды.

ТМД аясында мигранттардың қайтып келуі бойынша бірқатар келісімдер қабылданды, мысалы 2002 жылғы 7 қазандағы Кәметке толмағандардың олардың тұрақты тұратын елдеріне қайтып келу мәселелеріне ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы келісім қамқорсыз қалған кәметке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекетіне қайтып келу мәселелері бойынша ынтымақтастыққа бағытталған.⁵

Көші-қон саласындағы ынтымақтастық негіздері «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің келісілген көші-қон саясаты туралы декларацияларына» (2007 жыл) да ендірілген, сондай-ақ ол көші-қон саласындағы ынтымақтастық негіздерін анықтайды. Қазіргі таңда ОА елдері арасындағы реадмиссия туралы екі тараптық келісім – қайтарымды көші-қонды реттеу бойынша негізгі

² Қауіпсіз, реттелген жән реттелетін көші-қон туралы БҰҰ жаһандық шарты. Қауіпсіз, реттелген және заңды көші-қон туралы жаһандық шартты қабылдау үшін үкіметаралық конференцияда қабылданды (2018 жылғы 11–12 желтоқсанда, Марракеш, Марокко). БҰҰ құжаты A/RES/73/195 [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://refugeesmigrants.un.org/ru/migration-compact>].

³ «Адам құқықтарының жалпы декларациясының жетпіс жылдығының қорытындылары: уақыт және шындық сын-тегеуріндері» Адам құқықтары жөніндегі Азиялық форумның Самарқандтық декларациясы. Адам құқықтары жөніндегі Азиялық форумда қабылданды (2018 жылғы 22 және 23 қараша, Самарқанд, Өзбекстан). БҰҰ құжаты A/73/730.

⁴ Д.К. Бекашев, Д.В. Иванов. Мәжбүрлі және еңбек көші-қонын халықаралық құқықтық реттеу. М.: Проспект, 2013. 76-б.

⁵ 2002 жылғы 7 қазандағы Кәметке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтып келу мәселелеріне ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы келісім (Кишинев, Молдова) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.conventions.ru/view_base.php?id=1434].

тетік болып табылады. Екі тараптық шарттарды жасау жергілікті, ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейлерде ілгерілету, оларды тиімді жүзеге асыру үшін негіз ретінде қызмет етеді және ЕҚҚҚЫК әзірлеу және дамытудың озық тәжірибесі болып табылады.

Қайтарымды көші-қонды реттеудегі маңызды рөл егемен мемлекеттерге, олардың халықаралық құқықтық стандарттар мен халықаралық міндеттемелерге сәйкес дамуына тиесілі. Тиісті халықаралық және аймақтық заңнама мемлекеттерге қайтарымды көші-қон үдерісіндегі мигранттардың құқықтарын сақтау бойынша қосымша бағдарларды ұсына алады.

Қайтарымды көші-қон ОА елдері үшін маңызды құбылыс, бірақ әлі де болса жеткіліксіз зерттелген феномен болып қала береді. Атап айтқанда, аймақтағы мүмкіндіктер, барынша жалпы тәуекелдер мен мигранттардың осалдығының көздері арасындағы өзара байланыс, оны әрі қарай дамыту бағыттары, шығу және жету елдеріндегі көші-қон саясатының тиімділігі аз зерттелген.

ОА елдерінің стратегиялық жоспарлары, ұлттық заңнама, көп тараптық және екі тараптық келісімдер көбіне әлі де қайтарымды көші-қонды жеке бағыт ретінде белгілемейді, дегенмен аталмыш бағытта жұмыс жүргізілуде. ОА елдеріне ерікті қайтып келу туралы заңнама жақын келешекте белсенді дами бастайтыны сөзсіз.

Қайтарымды көші-қон саласындағы ОА әр жекелеген елінің нормативтік-құқықтық қорын зерттеу халықаралық актілермен қайтарымды көші-қон мәселелері бойынша өзіндік ұлттық заңнаманы үйлестіру, халықаралық шарттар, келісімдерге қол қою, халықаралық құқықтық кеңістікке олардың жоспарлы кіру үрдісін анықтауға мүмкіндік берді.

Дүниежүзілік қауымдастыққа біріктіру үдерісінде егемендік алған ОА елдері дербес, жас, тәуелсіз мемлекеттер ретінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын негізгі құжаттар болып табылатын қандай да бір халықаралық шарттарға және конвенцияларға қол қойды. Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандығын реттейтін халықаралық нормативтік-құқықтық актілер тікелей немесе жанама түрде өзінің шыққан еліне қайтқан мигранттар да, қабылдаушы ел үшін аумақта бар мигранттардың құқықтарын да қозғайды әрі қорғайды.

Қайтарымды көші-қон саласындағы ОА барлық елдерінің заңнамасын қазіргі кезеңде шартты түрде үш блокқа бөлуге болады.

Бірінші блок жаһандық деңгейдегі көші-қон бойынша құқықтық қатынастарды реттейтін *халықаралық шарттар және конвенцияларды* қамтиды және осы құжаттарға қол қойған басқа мемлекеттердің құрамында олардың толыққанды мүшелері болып табылады.

Екінші блок келісімге *қатысушы елдердің мүдделерін қамтитын міндеттерді шешу үшін аймақтың екі және одан да артық елі арасында жасалған аймақтық масштабтағы* нормативтік құқықтық актілерді – халықаралық келісімдерді қамтиды.

Үшінші блок *ұлттық заңдарды* – ОА мемлекеттері жекелеп алған нормативтік-құқықтық базаны, соның ішінде жергілікті деңгейдегі құқықтық сұрақтарды реттейтін заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді қамтиды (2.3.1-кесте).

2.3.1-кесте Қайтарымды көші-қон саласындағы нормативтік-құқықтық актілер жүйесі

Блок №	Нормативтік-құқықтық актілердің түрлері	Нормативтік-құқықтық актінің мысалы
I блок	Халықаралық шарттар және конвенциялар	2018 жылғы 12 желтоқсандағы БҰҰ қауіпсіз, реттелген және реттелетін көші-қоны туралы жаһандық шарты
II блок	Халықаралық келісімдер	2014 жылғы 29 мамырдағы ЕАЭО шарты
III блок	Ұлттық заңдар және заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілер	«Көші-қон қызметі туралы» 2009 жылғы 21 қарашадағы Түрікменстан заңы; 2017 жылғы 15 қыркүйектегі №152 «Алматы қаласындағы көші-қон үдерістерін реттеу ережелерін бекіту туралы» Алматы қаласы Мәслихатының XXI сессиясының VI шақырылымының шешімі

Әр блокты қайтарымды көші-қон бойынша ОА елдерінің ұлттық заңнамаларының айырымында толығырақ қарастырайық.

Халықаралық құқықта адамның құқықтары мен бостандықтарын анықтайтын, оларды жариялау мен қорғау тетіктерін анықтайтын көптеген халықаралық құжаттар қабылданып, қазір қолданыста жүр. Осындай құжаттардың басым бөлігі мигранттарға, соның ішінде еңбекші-мигранттарға қатысты әрекет етеді.⁶

ОА елдері 1948 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпы декларациясының қатысушылары болып табылады, ол әр адамның «әр мемлекеттің аумағында өзінің тұрғылықты жерін таңдау және еркін көшіп-қону», «кез келген елден, соның ішінде өзінің елінен кету және өз еліне қайтып келу» құқығын белгілейді.⁷

1990 жылғы 18 желтоқсандағы Еңбекші-мигранттар және олардың отбасы мүшелерінің барлық құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияға қол қою аймақ елдеріндегі қайтарымды көші-қонды реттеуде үлкен рөл атқарады. Осы құжатқа сәйкес «қатысушы мемлекеттер адам құқықтары бойынша халықаралық құжаттарға сәйкес олардың аумағында немесе олардың заңнамасындағы барлық еңбекші-мигранттар және олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын құрметтеуге және қамтамасыз етуге міндеттенеді» (7-бет), сондай-ақ «еңбекші-мигранттар және олардың отбасы мүшелері кез келген мемлекеттен, соның ішінде өзінің шыққан мемлекетінен еркін кете алады. Бұл құқық халық адамгершілігі немесе денсаулығы, қоғамдық тәртіп қауіпсіздігі (ordre public), ұлттық қауіпсіздікті қорғау үшін қажет, заңмен көзделген ерекшеліктерді қоспағанда, қандай да бір шектеулерге жатпауы тиіс. Еңбекші-мигранттар және олардың отбасы мүшелері өзінің шыққан мемлекетіне кез келген уақытта келіп, онда қала алады» (8-бап).⁸

⁶ Көші-қон құқығы: оқу құралы/ А.Н. Чашина ред., М.: Іс және Сервис, 2013. 76 б., 19-б.

⁷ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. БҰҰ Бас ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217 А (III) қарарымен қабылданды (13-бап) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.un.org/ru/universal-declaration-human-rights].

⁸ Еңбекші-мигранттар және олардың отбасыларының барлық құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция. БҰҰ Бас ассамблеясының 1990 жылғы 18 желтоқсандағы 45/178 қарарымен бекітілген (8-бап) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/migrant.shtml].

ОА елдері адамның құқықтарын қорғайтын негізгі халықаралық құжаттарға қол қойды: Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (Нью-Йорк, 1966 жылғы 16 желтоқсан), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт, Адам құқықтары туралы конвенция (Нью-Йорк, 1989 жылғы 20 қараша); Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандары туралы конвенция (Нью-Йорк, 1979 жылғы 18 желтоқсан), Босқындардың мәртебесі туралы БҰҰ Конвенциясы (Женева, 1951 жылғы 28 шілде) және т.б.

Қатысушылары ОА барлық мемлекеттері болып табылатын негізгі халықаралық құжаттардан басқа олардың бірі қол қойған кейбір халықаралық құжаттарды да атап өткен жөн.

Қазақстан 2018 жылғы 12 желтоқсанда Мароккода Марракеш қаласында БҰҰ Үкіметаралық конференциясында бекітілген қауіпсіз, реттелген және заңды көші-қон туралы Жаһандық шартқа қол қойған елдер қатарына кірді.

Қазақстан, Тәжікстан және Түрікменстан 1926 жылғы 25 қыркүйекте Женева қаласында қол қойылған, 1953 жылғы 7 желтоқсандағы хаттамамен енгізілген өзгертулерімен Құлдық туралы конвенцияны ратификациялады, оған сәйкес «Тараптар, ... тұтқындарды сатудың алдын алуға және тыйым салуға; біртіндеп және барынша қысқа уақытта барлық нысанында құлдықты толығымен жоюға біртіндеп қол жеткізуді жалғастыруға»⁹ міндеттенеді (2-бап), «бір елден екінші елге қандай көлік құралдарымен болмасын құлдарды тасымалдау немесе тасымалдау әрекеті немесе осындайларға қатысу осы Конвенцияға қатысатын мемлекеттердің заңдары бойынша қылмыс деп есептеледі және осы қылмыстарда айыпты деп саналғандар қатаң жазаға тартылады» (3-бап).¹⁰

Қырғызстан 2000 жылғы 15 қарашада Трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы БҰҰ конвенциясын ратификациялады, Өзбекстан 2006 жылғы 20 желтоқсанда барлық адамдарды зорлықпен жоғалудан қорғауға арналған конвенцияны ратификациялады.

Түрікменстан ХЕК конвенциясына қол қойды: №29 «Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы» (Женева, 1930 жылғы 28 маусым); №105 «Мәжбүрлі еңбекке тыйым салу туралы» (Женева, 1957 жылғы 25 маусым); №182 «Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы» (Женева, 1999 жылғы 1 маусым); №138 «Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы» (Женева, 1973 жылғы 26 маусым).

ЕҚҚҚЫК әрі қарай ілгерілетуге арналған қор ретінде қайтарымды көші-қонды құқықтық реттеуде үлкен рөлді аймақ елдерінің мүдделеріне қатысты екі тараптық және көп тараптық келісімдер атқарады.

ОА елдері арасында жасалған халықаралық келісімдер пакетінің құрамы әртүрлі, бірақ жалпы көші-қон үдерістерімен байланысты маңызды саяси және құқықтық мәселелерге реттеуге мемлекеттің ұмтылысын көрсетеді.

⁹ Құлдық туралы конвенция. 1953 жылғы 7 желтоқсандағы хаттамамен енгізілген өзгертулермен 1926 жылғы 25 қыркүйекте Женевада қол қойылды [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/convention_slavery.shtml].

¹⁰ Құлдықты, құлдарды сатуды және құлдықпен ұқсас дәстүрлер мен институттарды жою туралы қосымша конвенция. Женевада 1956 жылғы 7 қыркүйекте қол қойылған [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/supplementconvention_slavery.shtml].

Қайтарымды көші-қон сұрақтары бойынша ОА елдерінің саясатын анықтайтын негізгі маңызды келісімдер ретінде мыналарды атап өткен жөн.

Біріншіден, 2014 жылғы 29 мамырдағы ЕАЭО туралы шарт (Беларусь, Қазақстан, Ресей Федерациясы, Армения, Қырғызстан), оның аясында экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясатты өткізу, тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің қозғалысы бостандығы қамтамасыз етіледі. Одақ халықаралық құқық субъектілігіне ие аймақтық экономикалық біріктірудің халықаралық ұйымы болып табылады. ЕАЭО Шартының 4-бабында «Одақтың негізгі мақсаты: олардың халқының өмірлік деңгейін арттыру мүддесінде мүше-мемлекеттердің экономикасын тұрақты дамыту үшін шарттар құру; Одақтың аясында тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылу; жаһандық экономика шарттарында жан-жақты жаңғырту, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және кооперация» деп көрсетілген.¹¹

Одақтың аясында бірыңғай экономикалық кеңістікте көшіп-қону мүмкіндігі, мигранттардың еңбек қызметі үшін қолайлы шарттар жасалған. Осылайша, мысалы ЕАЭО Қырғызстанға кіргеннен кейін еңбекшілер РФ еңбек қызметін жүзеге асыруда бірқатар преференцияларды алды, олар:

- еңбекшілер және олардың отбасы мүшелері 30 күнге дейін тіркеусіз бола алады;
- тіркеу еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарттың қолданыс мерзімінде жүзеге асырылады;
- емтихан тапсыру және жұмысқа қабылдауға рұқсат алу талап етілмейді (патент);
- жұмысқа қабылдауда еңбекшілермен еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт жасалады;
- жұмысқа қабылдауда білім және біліктілік туралы Кеңес Одағы мемлекеттерінде берілген құжаттар және т.б. танылады.

Екіншіден, 2007 жылғы 16 тамыздағы ШЫҰ мүше мемлекеттердің ұзақ мерзімді адал көршілігі, достығы және ынтымақтастығы туралы шарт (Қазақстан, ҚХР, Қырғызстан, РФ, Тәжікстан, Өзбекстан). Ұйымның басты міндеті экономикалық ынтымақтастықтың тұрақтылығын және қауіпсіздігін, энергетикалық серіктестікті, ғылыми және мәдени өзара әрекеттестікті, терроризммен, сепаратизммен, экстремизммен, есірткі трафигімен күресті нығайту және дамыту болып табылады.

Үшіншіден, Тәуелсіз мемлекеттер достастығын құру туралы келісім (Минск қаласы 1991 жылғы 8 желтоқсан) ОА елдерінің қалған қатысушыларын қамтиды. ТМД қызметі аясында көші-қонды реттеуге қатысты келесі актілер әзірленіп, әрекет етеді: 1992 жылғы 9 қазандағы Жер аударылған адамдар, ұлттық азшылықтар және халықтардың құқықтарын қалпына келтірумен байланысты сұрақтар бойынша келісім; 2002 жылғы 7 қазандағы кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты қайтып келетін еліне қайтып келу сұрақтарына ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы келісім; ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің келісілген саясаты туралы декларация (2007 жыл); 2003 жылғы 1 тамыздағы Заңсыз көші-қонмен күреске Тәуелсіз мемлекеттер достастығының қатысушы мемлекеттерінің ынтымақтастығы туралы келісім.

¹¹ Еуразиялық экономикалық одақ туралы (Астана, Қазақстан, 2014 жылғы 29 мамыр) (2018 жылғы 15 наурыздағы өзгертулермен) [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31565247].

ТМД деңгейінде реттеу үшін барынша өзектісі реттелмеген көші-қонға қарсы күрес және еңбек көші-қонын құқықтық реттеуді оңтайландыру, мәжбүрлі қоныс аударушылар және босқындардың мәртебесін реттеу және мәжбүрлі көші-қон сұрақтары болып табылады.

ТМД ассоциацияланған мүшесі бола отырып, Түрікменстан көші-қон саласындағы жекелеген келісімдерге қатысады, соның ішінде мыналар бар: Зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарының құқықтарының кепілдіктері туралы келісім (1992 жылғы 13 наурыз, Мәскеу); Мәжбүрлі қоныс аударушылар және босқындарға көмек туралы келісім (Мәскеу, 1993 жылғы 24 қыркүйек); Еңбекші-мигранттарды әлеуметтік қорғау және еңбек көші-қоны саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Мәскеу, 1994 жылғы 15 сәуір).

Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан босқындарды қорғау және көші-қон саласындағы серіктестік және диалогты жүргізу үшін аймақтық кеңес беру алаңын ұсынатын Алматылық процеске белсенді қатысады.

Өзбекстан осы мемлекеттен еңбекші-мигранттарды қабылдаушы елдермен ынтымақтастық бойынша іс-шараларды іске асырады. 2017 жылы желтоқсанда Сыртқы көші-қон саласындағы ынтымақтастық – «Ресейдегі еңбек қызметін жүзеге асыру үшін Өзбекстан азаматтарын ұйымдастырылған жинау және тарту туралы» РФ-мен келісім жасалды. РФ ынтымақтастық туралы еңбек көші-қон саласындағы жоспарлы жұмысты іске асыру бойынша нақты дайындалған «Жол картасы» бекітілді. Қазіргі таңда Сыртқы еңбек көші-қоны жөніндегі агенттік РФ, кейбір еуропалық елдермен, Жапониямен және Корея Республикасымен шарттар жасады.

Өзбекстан істердің әртүрлі санаттары бойынша құқықтық көмек көрсету бойынша серіктестік сұрақтарын реттейтін бірқатар екі тараптық халықаралық шарттарды жасады: Түрік Республикасымен (1994 жылғы 23 маусым); Латвия Республикасымен (1996 жылғы 23 мамыр); Литва Республикасымен (1997 жылғы 20 ақпан); Қытай Халық Республикасымен (1997 жылғы 11 желтоқсан); Үндістан Республикасымен (2000 жылғы 2 мамыр); Чех Республикасымен (2002 жылғы 18 қаңтар); Корея Республикасымен (2004 жылғы 25 сәуір); Болгария Республикасымен (2004 жылғы 30 сәуір); Өзбекстан Республикасы және Қырғыз Республикасы арасында (2006 жылғы 3 қазан) және т.б.

Қырғызстанмен жасалған халықаралық келісімдердің ішінде мыналарды атап өткен жөн:

- 2015 жылғы 27 шілдедегі ҚЗР №197 «Қырғыз Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Ресей Федерациясындағы Қырғыз Республикасының Еңбек, көші-қон және жастар министрлігі өкілдігінің құқықтық мәтебесі туралы 2015 жылғы 15 сәуірде Мәскеу қаласында қол қойылған Келісімді ратификациялау туралы» заңы;
- 2004 жылғы 11 мамырдағы №65 «Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы 1996 жылғы 28 наурыздағы еңбекші-мигранттардың еңбек қызметі және әлеуметтік қорғау туралы 2003 жылғы 22 қыркүйекте Мәскеу қаласында қол қойылған Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Хаттаманы ратификациялау туралы» ҚЗР заңы;
- 2003 жылғы 1 тамыздағы №186 «Қырғыз Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы шекаралас облыстарда ауылшаруашылық

жұмыстарында еңбек ететін мигранттардың еңбек қызметі және әлеуметтік қорғау туралы 2002 жылы 9 шілдеде қол қойылған Келісімін ратификациялау туралы» ҚЗР заңы.

- 2004 жылы 19 наурыздағы №30 «1993 жылғы 24 қыркүйектегі Босқындарға және мәжбүрлі көшіп-қонушыларға көмек көрсету туралы Келісімге қосымша 1995 жылы 10 ақпанда Алматы қаласында қол қойылған Хаттаманы ратификациялау туралы» ҚЗР заңы.

Тәжікстан көші-қонды реттеу саласында бірқатар мемлекетаралық келісімдер жасады, олардың ішінде 2012 жылғы 8 мамырдағы «Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің көші-қон органдарының басшыларының кеңесін құру туралы» келісім; 2013 жылғы 8 ақпандағы Ресей Федерациясының аумағына Тәжікстан Республикасының азаматтарының келу тәртібі туралы»ТР және РФ арасындағы 2013 жылғы 8 ақпандағы келісім де бар.

Көші-қон саласындағы Түрікменстанның халықаралық-құқықтық базасы екі тараптық және көп тараптық шарттардан және келісімдерден, соның ішінде мамандандырылған халықаралық ұйымдармен серіктестіктен тұрады. Басқа мемлекеттермен жасалған Түрікменстанның екі тараптық шарттары және келісімдері қатарында мыналарды атап өткен жөн: Қос азаматтық туралы сұрақтарды реттеу туралы РФ және Түрікменстан арасындағы келісім (Ашхабад, 1993 жылғы 23 желтоқсан); Қос азаматтық сұрақтарын реттеу туралы РФ және Түрікменстан арасындағы келісімдердің әрекетін тоқтату туралы хаттама (Мәскеу, 2003 жылғы 10 сәуір); Түрікменстан аумағында тұрақты тұратын және РФ аумағында тұрақты тұратын Түрікменстан азаматтары туралы РФ және Түрікменстан арасындағы шарт (Мәскеу, 1995 жылғы 18 мамыр).

Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық сұрақтары бойынша Босқындар істері жөніндегі БҰҰ Жоғарғы комиссары басқармасы және Түрікменстан Үкіметі арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге (1998 жылғы 4 наурыз, Ашхабад) және Ынтымақтастық туралы Халықаралық көші-қон ұйымы және Түрікменстан Үкіметі арасындағы келісімге (1998 жылғы 10 маусым, Ашхабад) қол қойылды. Көрсетілген келісімдерге сәйкес Түрікменстанда осы халықаралық ұйымдардың тиісті өкілдіктері ашылды.

ОА елдерінің ұлттық құқықтық дереккөздеріндегі қайтарымды көші-қон мемлекеттік деңгейдегі ішкі көші-қон үдерістерін реттейтін құқықтық нормаларды қамтитын тұтас заңдар тобымен ұсынылған. ОА елдерінің барлық заңнамасы бір роман-герман құқықтық отбасына жататындықтан, заңдарының атаулары мен мазмұнының ұқсастығы үрдісі байқалады.

ОА елдерінде қызметі көші-қон мәселелерін қамтитын мемлекеттік органдардың әртүрлі ведомстволарының мемлекеттік құзыреттері және стратегиялары, мигранттардың мәртебесін анықтайтын көші-қонды реттейтін жеткілікті дамыған ұлттық нормативтік-құқықтық база бар. Қазіргі уақытта ОА елдерінің ұлттық заңнамасы ел ішіне кіру, шығу және болу рәсімдері, елдегі эмигранттардың және иммигранттардың құқықтық қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық және заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді қамтиды.

Базалық ретінде ОА елдерінің әрқайсысы Конституцияны, Азаматтық кодексті, Азаматтық процестік кодексті, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексті, Қылмыстық кодексті, Қылмыстық-процестік кодексті жариялайды.

Қайтарымды көші-қонға қатысты ОА елдерінің заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерін және салалық заңдарын қамтитын негізгі ұлттық дереккөздер 2.3.2-кестеге көрнекілік үшін біртұтас жиналған.

2.3.2-кесте. Қайтарымды көші-қон бойынша ОА елдерінің негізгі нормативтік-құқықтық актілері

Ел	Салалық нормативтік-құқықтық актінің атауы	Заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актінің атауы
Қазақстан	<p>2011 жылғы 22 шілдедегі «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;</p> <p>1995 жылғы 19 маусымдағы «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;</p> <p>2009 жылғы 4 желтоқсандағы «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;</p> <p>1991 жылғы 20 желтоқсандағы «ҚР азаматтығы туралы» ҚР Заңы.</p>	<p>2017 жылғы 29 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017- 2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын және Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017 – 2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;</p> <p>2017 жылғы 15 қыркүйектегі №152 «Алматы қаласындағы көші-қон үдерістерін реттеу ережелерін бекіту туралы» Алматы қаласы Мәслихатының XXI сессиясының VI шақырылымының шешімі.</p>
Қырғызстан	<p>2002 жылғы 30 шілдедегі «Ішкі көші-қон туралы» ҚзР Заңы;</p> <p>2000 жылғы 17 шілдедегі «Сыртқы көші-қон туралы» ҚзР заңы;</p> <p>2006 жылғы 13 қаңтардағы «Сыртқы еңбек көші-қоны туралы» ҚзР заңы;</p> <p>2002 жылғы 25 наурыздағы «Босқындар туралы» ҚзР Заңы;</p> <p>1993 жылғы 14 желтоқсандағы «Қырғыз Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы» ҚзР заңы;</p> <p>2007 жылғы 26 қарашадағы «Қырғыз Республикасына қоныс аударған этникалық қырғыздардың мемлекеттік кепілдіктері туралы» ҚзР заңы;</p> <p>2005 жылғы 17 наурыздағы «Адамдардың саудасын ескерту және күрес туралы» ҚзР Заңы;</p> <p>2013 жылғы 3 тамыздағы «Шетелдегі отандастарды қолдау бойынша мемлекеттік саясат негіздері туралы» ҚзР заңы.</p>	<p>2015 жылғы 29 сәуірдегі № 266 «ҚзР Үкіметі жанындағы шетелдегі отандастармен байланыстар бойынша Одақтың ережелерін бекіту туралы» ҚзР Үкіметінің қаулысы;</p> <p>2017 жылғы 15 қарашадағы № 743 2017–2020 жылдарға Адамдардың саудасымен күрес жөніндегі ҚзР Үкіметінің бағдарламасы;</p> <p>"Қырғыз Республикасы Үкіметінің "Бірлік. Сенім. Жасампаздық" бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Қырғыз Республикасы Үкіметінің 2018 жылға арналған Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" 2018 жылғы 30 тамыздағы № 413 ҚзР Үкімет Қаулысы.</p> <p>ҚзР Үкіметінің 2018 жылғы 31 қаңтардағы №74 «Қырғыз Республикасы Үкіметінің «Жаны доорго кырк кадам» Бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі 2018 жылға арналған Қырғыз Республикасы Үкіметінің Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысы.</p>
Тәжікстан	<p>1999 жылғы 11 желтоқсандағы «Көші-қон туралы» ТР заңы;</p> <p>2002 жылғы 10 мамырдағы «Босқындар туралы» ТР заңы;</p>	<p>1998 жылғы 8 қазандағы №411 Тәжікстан Республикасының мемлекеттік көші-қон саясатының тұжырымдамасы.</p>

	<p>2003 жылғы 1 тамыздағы «Халықты жұмыспен қамтуға әрекеттесу туралы» ТР заңы.</p>	<p>2001 жылғы 9 маусымдағы №242 Тәжікстан Республикасы азаматтарының шетелге еңбек көші-қоны тұжырымдамасы;</p> <p>2001 жылғы 2 сәуірдегі «Тәжікстан Республикасындағы заңсыз көші-қонмен күресті күшейту туралы» ТР Президентінің Жарлығы;</p> <p>2018 жылғы 20 қаңтардағы «2018 жылға Тәжікстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тарту және иммиграция квотасын анықтау туралы» ТР Президентінің жарлығы;</p> <p>2008 жылғы 1 қазандағы «Тәжікстан Республикасындағы ішкі көші-қон тәртібі туралы ережені бекіту туралы» ТР Үкіметінің қаулысы.</p>
Түрікменстан	<p>2009 жылғы 21 қарашадағы «Көші-қон қызметі туралы» Түрікменстан заңы;</p> <p>2012 жылғы 31 наурыздағы «Көші-қон туралы» Түрікменстан заңы;</p> <p>2016 жылғы 15 қазандағы «Адамдар саудасына қарсы күрес туралы» Түрікменстан заңы;</p> <p>2017 жылғы 3 маусымдағы «Босқындар туралы» Түрікменстан заңы;</p> <p>2013 жылғы 22 маусымдағы «Түрікменстан азаматтығы туралы» Түрікменстан Заңы;</p> <p>Түрікменстанның 2011 ж. 26 наурыздағы «Түрікменстандағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы» заңы;</p> <p>Түрікменстанның 2016 жылғы 18 маусымдағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңы.</p>	<p>2016 жылғы 18 наурыздағы Түрікменстан Президентінің қаулысымен бекітілген 2016–2018 жылдарға адамдар саудасымен күрес бойынша Түрікменстанның ұлттық әрекеттер жоспары;</p> <p>«ТМД қатысушы мемлекеттермен визалық режимді енгізу туралы» Түрікменстан Президентінің қаулысы;</p> <p>Түрікменстан Президентінің 2005 жылғы 13 маусымдағы «Түрікменстан Мемлекеттік көші-қон қызметін жетілдіру туралы» қаулысы.</p>
Өзбекстан	<p>ӨР 2008 жылғы 17 сәуірдегі «Адам саудасына қарсы тұру туралы» заңы.</p>	<p>1996 жылғы 21 қарашадағы «Өзбекстан Республикасындағы азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік азаматтардың келу-кету, болу және транзиттік өту тәртібі туралы» ӨР Министрлер кабинетінің қаулысы.</p>

Қайтарымды көші-қон сұрақтары бойынша ОА елдерінің қазіргі заңнамасына шолу қайтарымды көші-қонның екі негізгі нұсқада ұсынылғанын анықтауға мүмкіндік берді: келген елінің аумағында көші-қон заңнамасын бұзған адамдарды *этникалық репатриация және мәжбүрлі қайтып келу*.

Қазақстандағы этникалық репатриация «Халықтың көші-қоны туралы» заңымен бекітілген, онда иммиграцияның алғашқы түрлерінің бірі «тарихи отанына қайтып келу мақсатымен иммиграция» деп жазылған. Этникалық репатриация ҚР егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақтарды және ҚР егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туған және тұрақты тұрған, тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында ҚР келген және оралмандардың тиісті мәртебесін алған, олардың ұлты қазақ балалардың қайтып келу мемлекеттік бағдарламасын қамтиды («Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңының 17-бабы).

Аталмыш Заңмен Оралмандарға, этникалық қазақтарға және олардың отбасы мүшелеріне берілетін мемлекеттік қолдау шаралары белгіленген: олардың арасында ҚР-да тұрақты тұруға рұқсат алуды; өзінің төлем қабілеттілігін растаудан босатуды; оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтарында тегін бейімдеу және интеграциялық қызметтермен қамтамасыз етуді, медициналық көмекпен, мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардағы орындармен ҚР азаматтарымен бірдей қамтамасыз ету; ҚР оқу орындарына түсу квотасына сәйкес білім алу мүмкіндігін; ҚР заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға әрекеттесуді көрсетуге болады («Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңының 23-бабы).¹²

Қырғызстанда 2007 жылғы 26 қарашадағы №175 «Қырғыз Республикасына қоныс аударатын этникалық қырғыздарға мемлекеттік кепілдіктер туралы» ҚзР Заңымен этникалық қырғыздардың көшіп келу саласындағы мемлекеттік саясаты анықталады, көші-қон процестерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздері айқындалады, сондай-ақ шетелдік азаматтар немесе азаматтығы жоқ тұлғалар болып табылатын, Қырғыз Республикасына өз еркімен қоныс аударатын және қайрылман мәртебесін алған қайрылмандар, этникалық қырғыздар үшін жаңа жерде қажетті өмір сүру жағдайлары жасалады (1-бап). Мемлекет қайырылмандар үшін мынадай әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер белгілейді: ҚзР Білім беру мекемелеріне түсу үшін квота бөлу; жалпы білім беретін және мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне мұқтаж жандарға орын беру; мемлекеттік және ресми тілдерді үйрену үшін жағдай жасау; жұмысқа орналасуға көмек көрсету, зейнетақы мен жәрдемақы төлеу; ҚзР азаматтарын медициналық-санитарлық көмекпен қамтамасыз етудің жыл сайын қабылданатын мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қажетті медициналық көмек алу және т. б. Қайрылмандар жұмысқа рұқсат алусыз еңбек қызметін жүзеге асыруға құқылы («Қырғыз Республикасына қоныс аударатын этникалық қырғыздардың мемлекеттік кепілдіктері туралы» ҚзР Заңының 15-бабы).¹³

Мәжбүрлі қайтып келу екі негізгі нысанда – елден әкімшілік шығару және экстрадиция түрінде жүзеге асырылады. Әкімшілік шығару рәсімі ОА елдерінің процессуалдық кодталған заңнамасында жазылған және сот талқылау рәсімі арқылы құқық қорғау органдарының күштерімен мигранттардың мәжбүрлі қайтып келуін көздейді. Сонымен, ҚР Азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес ҚР-нан шығару рәсімі ішкі істер органдарының шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның келген және (немесе) тіркелген жері бойынша сотқа ҚР-дан шығару туралы арыз беруін қамтиды (ҚР АІЖК 382-бабы), ҚР заңнамасын бұзғанын растайтын құжаттар қоса беріледі. ҚР аумағынан шығару туралы өтінішті сот 10 күн ішінде қарастырады

¹² 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV «Халық көші-қоны туралы» ҚР Заңы [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000477>].

¹³ 2007 жылғы 26 қарашадағы №175 «Қырғыз Республикасына қоныстанушы этникалық қырғыздарға мемлекеттік кепілдіктер туралы» ҚР заңы [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/202209?cl=ru-ru>].

(ҚР ҚПК 384-бабы). Шығару туралы шешім оны қабылдағаннан бастап күшіне енеді, ІІБ үшін шығарудың заңды негізі болып табылады (ҚР АПК 385-бабы).¹⁴

Шығару рәсімі көрсетілген мерзімде әкімшілік шығару туралы сот қаулысын қабылдағаннан кейін жүзеге асырылады. Шығу құқық қорғау органдарының бақылауымен немесе мәжбүрлі түрде жүзеге асырылады. ҚР заңнамасы бойынша шетел адамын шығаруға негіздер: «оның іс-әрекеті мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету немесе қоғамдық тәртіпті қорғау мүдделеріне қайшы келеді; бұл халықтың денсаулығы мен адамгершілік қасиетін сақтау, Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет; ол Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзса; Қазақстан Республикасының азаматымен некеге тұруы оны Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыруға негіз болып табылып, заң актілерімен белгіленген тәртіппен неке заңсыз деп танылған жағдайда» (Қазақстан Республикасының шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы заңының 27-бабы).¹⁵

Қоныс аудару бойынша қаржы шығындарын қоныс аударылатын заңсыз иммигранттар немесе иммигрантты шақырған жеке немесе заңды тұлғалар көтереді. Қоныс аударылындардың өздерінде қаржы жеткіліксіз болғанда немесе болмаған жағдайда мемлекеттік бюджеттен қоныс аудару рәсімдерін қаржыландыру (ӘҚБтК 916-бап).¹⁶

Экстрадиция рәсімі қылмыстық-процессуалдық заңнамамен реттелген. *Экстрадиция* – бұл үкімді орындау немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін іздеудегі адамды мемлекетке беру. Экстрадиция ОА халықаралық шарт жасаған шетелдік мемлекеттің құзыретті органдарына құқықтық көмек көрсету аясында өткізіледі. Қазақстанда іздеу салынған адамды шет мемлекетке беруді (экстрадициялауды) қамтамасыз ету мақсатында сот экстрадициялық қамауға алу – адамды қамауға алу туралы шешім шығаруы мүмкін (ҚР ҚПК 7-бабы), экстрадициялық қамауға алуды санкциялау қылмыстық процесте тергеу судьясымен жүзеге асырылады (ҚР ҚПК 55-бабы).¹⁷

ӨР шетел азаматы ӨР аумағында жасаған қылмысы үшін сот тағайындаған жазаны орындағаннан немесе өтегеннен не заңнамада көзделген жағдайларда қылмыстық жауапкершіліктен немесе жазадан босатылғаннан кейін, кейіннен Өзбекстанға кіру құқығымен шектей отырып, елден тыс жерлерге шығарылады: қоғамға үлкен қауіп төндірмейтін және ауыр емес қылмыс жасағаны үшін – бес жылға; ауыр қылмыс жасағаны үшін – он жылға; аса ауыр қылмыс жасағаны үшін – өмір бойына.

ОА елдері, егер ол азаптауға ұшырауы мүмкін деп пайымдауға елеулі негіздер болса, адамдарды басқа мемлекетке жіберуге, қайтып келуге немесе беруге жол бермеу туралы саясатты ұстанады.

ОА елдерінің қолданыстағы ұлттық заңнамасына ерікті қайтып келу мен қайта ықпалдастыруды қолдану аспектісінде шолу елдердің заңнамасында қайтарымды көші-қон мен қайта

¹⁴ Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ Азаматтық процестік кодексі. Казахстанская правда. 03.11.2015. № 210 (28086) [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>].

¹⁵ 1995 жылғы 19 маусымдағы «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1003764#pos=142;-47].

¹⁶ 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі» ҚР кодексі [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235>].

¹⁷ 2014 жылғы 4 шілде № 231-V ҚРЗ ҚР Қылмыстық-процестік кодексі [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231>].

ықпалдастыру мәселелері тек жалпы контексте (жалпы ерекшеліктерде), азаматтардың елге шығуымен және кіруімен байланысты құқықтарын айқындайтын материалдық құқық нормаларында ғана қозғалғанын көрсетеді.

Қайтарымды көші-қон және қайта ықпалдастыру элементтері Түрікменстанның адам саудасына қарсы күрес жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарында да (2016 жыл) қозғалған. Осы құжат «Адамдар саудасына қарсы күрес туралы» Түрікменстан Заңымен шартталған заңнаманы дамыту бойынша нақты шараларды қамтиды. Түрікменстанның көші-қон саласындағы ұсынылған Ұлттық нормативтік-құқықтық базасы мен халықаралық шарттары қайтарымды көші-қон және қайта ықпалдастыру мәселелерін ішінара ғана, фрагментті түрде қарастырады. Аталмыш үдерістің құқықтық негіздері тек Түрікменстанда ғана қалыптаса бастады. Осылайша, заңнамада әлі күнге дейін «қайтарымды көші-қон», «қайтып келу», «ерікті қайтып келу», «мәжбүрлі қайтып келу», «межелі ел», «шығарылған ел», «реадмиссия» және басқа да құқықтық санаттар қолданылмайды.

Қайтарымды көші-қон сұрақтары Өзбекстанның даму стратегиялық жоспарларында көрсетілген. 2017–2021 жылдары Өзбекстан Республикасын дамытудың бес басым бағыттары бойынша іс-қимыл стратегиясы халықты жұмыспен қамтуды арттыру жөніндегі шараларды іске асыруды, азаматтардың денсаулығын қорғау және әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіруді, сондай-ақ көші-қон заңнамасын дамыту мәселелерін (төртінші бағыт – «Әлеуметтік саланы дамыту») көздейді.¹⁸ Сонымен қатар, ӨР заңнамасында қазіргі кезеңде сыртқы және ішкі еңбек көші-қонын реттеудің нормативтік-құқықтық негіздері жоқ, яғни жалпы қағидаттар мен ережелер негізінде көші-қон процестерін реттейтін көші-қон заңнамасы жоқ және бірыңғай көші-қон саясатын іске асыру әлі күнге дейін «Көші-қон туралы» ӨР Заңы қабылданған жоқ.

ОА елдеріндегі қайтарымды көші-қон саласындағы ұлттық заңнаманың дамымағандығы халықтың қайтарымды көші-қоны, әсіресе еңбек көші-қоны елден тыс жерлерде өзекті проблема болмауынан және тиісінше ұлттық заңнаманы құқықтық реттеуді талап етпеуінен туындап отыр. Дегенмен, көші-қон саласындағы қалыптасқан және қолданыстағы ұлттық және халықаралық құқықтық база мигранттардың ерікті түрде қайтып келу және оларды азаматтық қоғамға қайта ықпалдастыру бағдарламалары шеңберінде қайтарымды көші-қон институтын дамыту үшін негіз бола алады.

Осылайша, ОА елдерінің заңнамасында қайтарымды көші-қонның сұрақтары халықаралық, аймақтық және ұлттық деңгейлерде қаралады. Қайтарымды көші-қон ОА елдерінің заңнамасында екі негізгі нысандар бар: этникалық репатриация және мәжбүрлі қайтып келу. ОА елдерінің заңнамасында ерікті қайтып келу мемлекеттік репатриация бағдарламаларында көрсетілген («оралмандар», «қайрылмандар»). ОА елдерінің заңнамасында мәжбүрлі қайтып келу экстрадиция және әкімшілік орналастыру рәсімдерінде көрсетілген. ОА елдерінің қазіргі заңнамалық қоры аймақта ЕҚКҚЫК белсенді ілгерілету әлеуетіне ие. ЕҚКҚЫК бағдарламаларында жіберуші және қабылдаушы тараптар белсенді қатысуы тиіс, сол себепті ОА елдері арасындағы қайтарымды көші-қон мәселелері бойынша серіктестікті нығайту және халықаралық байланыстарды жақсарту маңызды.

¹⁸ 2017–2021 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы бес басым бағыт бойынша әрекеттер стратегиясы. 2017 ж. 7 ақпандағы № УП-4849 ӨР Президентінің жарлығымен бекітілді. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=39674168].

Бақылау сұрақтары:

1. Өз еліңіздегі қайтарымды көші-қонды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді атаңыз.
2. ОА елдерінде аймақтық деңгейде қайтарымды көші-қон сұрақтарын қандай халықаралық актілер реттейді?
3. ОА елдері арасындағы қайтарымды көші-қон саласындағы халықаралық серіктестіктің қажеттілігін негіздеңіз.
4. Шығару және экстрадицияны құқықтық, гуманитарлық және экономикалық тұрғыдан мәжбүрлі қайтып келудің қазіргі заманауи түрлері ретінде салыстырыңыз.
5. ОА елдерінің (сіздің еліңіздің) заңнамасындағы қайтарымды көші-қонды жетілдірудің қандай жолдарын ұсына аласыз?

Практикум:

1. Сіздің еліңіздегі шетелдіктерді шығарып жіберу сот тәжірибесінің мысалдарын келтіріңіз және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің іс жүргізу әрекеттеріне сипаттама беріңіз. Деректер қорын немесе баспа материалдарын пайдаланыңыз. Осы жағдайларда ЕҚКҚЫК қолдану арқылы мәжбүрлеп шығару баламасын пайдалануға бола ма?
2. 2020 жылдың қаңтар айында жаңа ережелер күшіне енгенге дейінгі және тіркеу үшін жауапкершілік қабылдаушы тарапқа ауыстырылғанға дейінгі ҚР сот практикасынан нақты екі мысал келтіріңіз. Аталған мысалдар шетелдіктің халықтың көші-қоны саласындағы заңнаманы бұзуымен байланысты болды, атап айтқанда: Қазақстан Республикасының заңнамасында тіркеу үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін үш тәулікке дейінгі мерзімде ішкі істер органдарында тіркеусіз елде болуы. Бір құқық бұзушылық құрамында сот неліктен әртүрлі қорытынды шешім қабылдағанын түсіндіріңіз.

2.3.1-мысал.

Азамат Ю Тәжікстан Республикасының азаматы бола отырып, 2015 жылғы 21 наурызда ҚР шекарасынан өткен және қазіргі уақытта халық көші-қоны саласындағы заңнаманы бұзып, тіркеусіз ҚР аумағында болған. Бұл заң бұзу ҚР аумағында аталмыш баптың 1-б. көзделген мерзімдерден артық, яғни бес күннен артық ішкі істер органдарында тіркеусіз болуымен байқалады. Осы арқылы азамат Ю. ҚР ӘҚБтК 517-бабының 2-б. көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасады.

Сотта Ю. 2015 жылға наурызда ҚР шекарасын кесіп өткенін және органдарда тіркелмегенін көрсетті.

Судья іс материалдарын зерттеп, сондай-ақ әкімшілік айыппұл белгілеу туралы прокурордың қорытындысын тыңдап, Ю-дың ҚР ӘҚБтК 517-бабының 2-б. көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасаудағы кінәсын толығымен дәлелдеді, ол іс бойынша жиналған басқа материалдармен және құқық бұзушының жауабымен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен расталғаны толығымен дәлелденді деп есептейді.

ҚР ӘҚБтК 517-бабының 2-б. бойынша Ю-дың әрекеті дұрыс бағаланған. Ю-ға жаза тағайындау барысында оның бес баласы бар екені, жасағанына шын жүректен өкінетіні ескеріледі. Баяндалғанның негізінде, ҚР ӘҚБтК 818, 819, 821–823-баптарын басшылыққа ала отырып, Алматы облысы Алакөл ауданы №2 аудандық сотының судьясы Ю-ды ҚР ӘҚБтК 517-бабының

2-б. көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасауда айыпты деп таныды және оған 29 730 (жиырма тоғыз мың жеті жүз отыз) теңге сомасында ең аз он бес есептік көрсеткіш мөлшерінде әкімшілік айыппұл тағайындалсын деп қаулы етті. Айыппұл қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 30 күн ішінде ерікті төлеуге жатады.¹⁹

2.3.2-мысал.

2015 жылғы 27 қарашада Павлодарда Павлодар облысы ІІБ ЗҚҚЖАСБ қызметкерлері шетелдік болып табылатын Өзбекстан Республикасының азаматы А.М.Тухтаев Қазақстан Республикасының аумағына 2015 жылы 8 қыркүйекте «Қазақстан» ШББ арқылы келгенін және уақытша, 2015 жылғы 20 қазанға дейінгі мерзімге тіркелгенін, алайда көші-қон карточкасында көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін, аталмыш мерзім аяқталғаннан кейін үш тәуліктен асатын уқыт ішінде шығудан бас тартқанын анықтады.

Сотта аталмыш істі қарауда А.М.Тухтаев әкімшілік құқық бұзушылық жасаудағы өзінің кінәсын толығымен мойындады және көші-қон карточкасын жоғалтуына байланысты Қазақстан аумағынан уақытылы кете алмағанын айтты. Қазақстан Республикасында таныстары мен туыстары жоқ.

А.М.Тухтаевтың ҚР ӘҚБтК 517-бабының 4-б. көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасаудағы кінәсы істі қарауда берген оның мойындау жауаптарымен, 2015 жылғы 27 қарашадағы № 0114375 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, Павлодар облысы ПД КҚП мәліметтерімен анықталды және сотта зерттелген жеткілікті және жол берілетін дәлелдер болып табылатын іс материалдарымен расталады.

А.М.Тухтаевтың түсіндірмесін, А.М.Тухтаевты әкімшілік жауапкершілікке тарту және оны Қазақстан Республикасының аумағынан әкімшілік шығару түріндегі әкімшілік жазаны қолдану туралы прокурордың қорытындысын тыңдап, іс материалдарын меңгеріп, судья А.М.Тухтаев көші-қон карточкасында көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін үш тәуліктен артық мерзім аяқталғаннан кейінгі кезең ішінде кетуден бас тартқаны үшін ҚР ӘҚБтК 517-бабының 4-б. бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Әкімшілік жаза тағайындауда әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, оны жасау жағдайлары, айыпты тұлға туралы деректер, оның мүліктік жағдайы, әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті жеңілдететін (қатаңдататын) жағдайлардың болмауы ескеріледі.

Бұдан басқа, сот А.М.Тухтаевтың жақын туыстық байланыстары, сондай-ақ Қазақстанмен басқа да байланыстарының болмауын және осыған байланысты тұрғылықты немесе уақытша тұратын жерінің болмауын ескереді, осыған байланысты оған қатысты айыппұл және әкімшілік жолмен қамауға алу түріндегі әкімшілік шара қолдануға негіз жоқ.

Айтылғанды ескерумен, құқықтық тәртіпті құрметтеу және заңнама талаптарын сақтау, сондай-ақ жаңа құқық бұзушылық туралы ескерту мақсатында судья А.М. Тухтаевқа Қазақстан Республикасының аумағынан тыс әкімшілік орналастыру түріндегі әкімшілік жазалау түріндегі шараларды қолдану қажет деп есептейді.

ҚР ӘҚБтК 821-б. 1-т. 1-б., 822 және 823-баптарын басшылыққа ала отырып, Павлодар қаласы Мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы С.К. Тасмағамбетова Тухтаев Ахмаджон Маматжонович ҚР ӘҚБтК 517-бабының 4-б. көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасауда айыпты деп танылсын және оны ҚР аумағынан тыс әкімшілік орналастыру түріндегі әкімшілік

¹⁹ ҚР Жоғарғы сотының сот кабинеті [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://office.sud.kz/forumTaldau/forum.xhtml?content=banks&category=48&article=3517&view=article>].

жазаға тартылсын деп қаулы етті. А.М. Тұхтаевқа сот қаулысы күшіне енген сәттен бастап 10 (он) тәулік ішінде ҚР аумағынан кету белгіленсін.²⁰

Міндетті әдебиет:

1. Д.К. Бекяшев, Д.В. Иванов. Мәжбүрлі және еңбек көші-қонын халықаралық құқықтық реттеу. М.: Проспект, 2013. 392-б.
2. Көші-қон құқығы: оқу құралы/ А.Н. Чашина ред. М.: Дело и Сервис, 2013. 176-б.
3. О.Д. Воробьева, А.В. Топилин, А.А. Гребенюк. және басқалар. Халық көші-қоны: теория, саясат: оқу-әдістемелік құрал. М.: Экономикалық білім. 2012. 364-б.

Қосымша әдебиет:

1. Г.Т. Алаева Көші-қон заңнамасының негіздері. «Заманауилықтың жаһандық үдерістері контекстінде Орталық Азияны біріктіру» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (2014 жылғы 2014 қазан. «Тұран» Университеті. Алматы, Қазақстан). Алматы: Interconsult Info. 2014. 112-б.
2. Қауіпсіз, реттелген жән реттелетін көші-қон туралы БҰҰ жаһандық шарты. Қауіпсіз, реттелген және заңды көші-қон туралы жаһандық шартты қабылдау үшін үкіметаралық конференцияда қабылданды (2018 жылғы 11–12 желтоқсанда. Марракеш, Марокко). БҰҰ құжаты A/RES/73/195 [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://refugeesmigrants.un.org/ru/migration-compact>].
3. «Адам құқықтарының жалпы декларациясының жетпіс жылдығының қорытындылары: уақыт және шындық сын-тегеуріндері» Адам құқықтары жөніндегі Азиялық форумның Самарқандтық декларациясы. Адам құқықтары жөніндегі Азиялық форумда қабылданды (2018 жылғы 22 және 23 қараша. Самарқанд, Өзбекстан). БҰҰ құжаты A/73/730.
4. 2002 жылғы 7 қазандағы Кәметке толмағандардың олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтып келу мәселелеріне ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы келісім (Кишинев, Молдова) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.conventions.ru/view_base.php?id=1434].
5. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. БҰҰ Бас ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217 А (III) қарарымен қабылданды [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.un.org/ru/universal-declaration-human-rights].
6. Еңбекші-мигранттар және олардың отбасыларының барлық құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция. БҰҰ Бас ассамблеясының 1990 жылғы 18 желтоқсандағы 45/178 қарарымен бекітілген (8-бап) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/migrant.shtml].

²⁰ ҚР Жоғарғы сотының сот кабинеті [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://office.sud.kz/forumTaldau/forum.xhtml?content=banks&category=48&article=3517&view=article>].

7. Құлдық туралы конвенция. 1953 жылғы 7 желтоқсандағы хаттамамен енгізілген өзгертулермен 1926 жылғы 25 қыркүйекте Женевада қол қойылды [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/convention_slavery.shtml].
8. Еуразиялық экономикалық одақ туралы (Астана, Қазақстан, 2014 жылғы 29 мамыр) (2018 жылғы 15 наурыздағы өзгертулермен) [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31565247].
9. 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңы [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000477>].
10. 2007 жылғы 26 қарашадағы №175 «Қырғыз Республикасына қоныс аударатын этникалық қырғыздардың мемлекеттік кепілдіктері туралы» ҚзР заңы [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/202209?cl=ru-ru>].
11. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ Азаматтық процестік кодексі. Казахстанская правда. 03.11.2015. № 210 (28086) [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>].
12. 1995 жылғы 19 маусымдағы «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» ҚР Заңы [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://adilet.zan.kz/rus/docs/U950002337_].
13. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі» ҚР кодексі [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235>].
14. 2014 жылғы 4 шілде № 231-V ҚРЗ ҚР Қылмыстық-процестік кодексі [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231>].
15. 2017–2021 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы бес басым бағыт бойынша әрекеттер стратегиясы. 2017 ж. 7 ақпандағы № УП-4849 ӨР Президентінің жарлығымен бекітілді . [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=39674168].
16. ҚР Жоғарғы сотының сот кабинеті [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://office.sud.kz/forumTaldau/forum.xhtml?content=banks&category=48&article=3517&view=article>].

ХКҚҰ машинасы Тәжікстанның алшақ аудандарының осал қоғамдастықтарына көмек беруде.

Фото: ХКҚҰ Тәжікстан




Фото: ХКҚҰ Тәжікстан

ХКҚҰ қолдау көрсеткен адам саудасы тақырыбындағы театрлық көрсетілімді қарап отырған балалар. Бохтар, Тәжікстан.

Фото: ХКҚҰ Тәжікстан, 2016



III ТАРАУ.

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ
ҚАЙТАРЫМДЫ
КӨШІ-ҚОННЫҢ
АЛҒЫШАРТТАРЫ
ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

3.1. Орталық Азия елдеріндегі демографиялық даму және көші-қон жағдайы

ОА елдерінің демографиялық дамуы. Тұрғындар санының динамикасы және құрылымы. Көші-қон бағыттары. ОА көші-қон түрлері. 2010–2018 жж аймақтың жалпы көші-қон жағдайы (эмиграция және иммиграция ауқымдары, көші-қон сальдосы). ОА елдерінің көші-қон нәтижелігі бойынша түрлері: жөнелтуші және қабылдаушы. ОА елдеріндегі миграциялық алмасудағы Ресей Федерациясының рөлі. Еңбек көші-қоны ОА елдеріндегі қазіргі жағдайлардағы көші-қонның негізгі түрі ретінде. ОА елдеріндегі көші-қонның даму келешегі.

Еуразия мен Орталық Азияда көші-қон үдерістері соңғы жылдары айтарлықтай ауқымға ие болды: халықаралық көлемі бойынша посткеңестік кеңістік (Ресей Федерациясында мигранттардың тартылу орталығымен) 2005 жылға дейін әлем бойынша АҚШ-тан кейін екінші орынды иеленді.¹ Кейіннен екінші орын Ресей Федерациясынан Германияға өтті. 2015 жылы Ресей Федерациясындағы мигранттардың жалпы саны 11 млн адамды құрады.² Біртіндеп аймақта мигранттарды тартудың екінші орталығы – Қазақстанда құрылды: әртүрлі бағалалаулар бойынша мұнда 2,5 және 3,5 млн аралығындағы еңбек мигранттары, босқындар, мәжбүр, реттелмеген және транзиттік мигранттар есептеледі.³ ТМД шеңберінде шекарааралық көші-қонның шамамен жартысы – Орталық Азия аймағы елдерінен Ресей Федерациясына, оның ішінде Қазақстанға жұмыс істеу үшін ағылғандар. Мұнымен қоса, Ресей Федерациясы мен Қазақстан Азия мен Еуропаны байланыстыратын ірі транзиттік дәліз болып табылады.

Орталық Азияда аймақтық миграциялық ішкі жүйе қалыптасты, мұнда Қазақстан еңбек мигранттарын қабылдаушы, ал аймақтағы басқа елдер «жөнелтуші» елдер болып табылады. Ресей Федерациясы ТМД-ның барлық елдері үшін негізгі тартылу аймағы, посткеңестік миграциялық ішкі жүйе орталығы болды және солай болып қала бермек.⁴ Мұндай ішкі көші-қон жүйесінің қалыптасуы әлеуметтік-экономикалық, саяси және өзге факторлардың тұтас тізбегінен туындады.

Бір жағынан ОА елдері арасында, екінші жағынан Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасында тұрғындар мен ақша аударымдары қозғалысы тұрғысынан алғанда әлемдегі ірі тұрақты миграциялық дәліздің бірі қалыптасты. Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан аймақтағы көші-қон үрдісіне белсенді қатысушы және шетелдерге айтарлықтай көп еңбек мигранттарын жөнелтуші елдер болып табылады. ОА елдері мен қабылдаушы әріптес елдер (Ресей Федерациясы мен Қазақстан) арасында еңбек көші-қонына 3,8 млн. жуық

¹ International Migration. UN. New York. 2013 [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://esa.un.org/unmigration/documents/WallChart2013.pdf>].

² Дүниежүзіндегі көші-қон туралы баяндама, ХКҚҰ, Женева (World Migration Report 2018. IOM. Geneva. 2019) [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/wmr_2018_en.pdf].

³ Сонда.

⁴ Е.Ю. Садовская. Орталық Азия республикаларындағы халықаралық еңбек көші-қоны және ақша аударымдары: күн көру стратегиясы ма, әлде даму стратегиясы ма? [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://demoscope.ru/weekly/2008/0315/analit03.php>].

адам қатысады, бұл ОА елдерінің экономикалық белсенді тұрғындарының шамамен 14%-ын құрайды. Аймақтағы ауқымды көші-қон үрдісінің жөнелтуші және қабылдаушы елдер үшін айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және саяси салдары бар.

3.3.1-кесте. 2016 жылы өз елдерінен тыс жерде жұмыс істеген ОА елдерінің еңбек мигранттар санын бағалау⁵

Мигранттар баратын елдер	Шетелдегі еңбек мигранттарының санын бағалау, мың адам	Еңбек мигранттарын жұмыспен қамтитын негізгі елдер	2016 жылы экономикалық белсенді тұрғындар саны, мың адам	Елдің экономикалық белсенді тұрғындары арасындағы еңбек мигранттарының үлесі, %
Қазақстан	350–500	РФ, Германия, АҚШ, Канада, Израиль, Еуропа елдері	8 998,8	3,9–5,6
Қырғызстан	620–700	РФ, ҚР, Түркия, БАӘ, Катар, Корея Республикасы, АҚШ, Еуропа елдері	2 547,4	24,3–27,5
Тәжікстан	700–850	РФ, ҚР, ӨзР, Израиль, АҚШ, Канада, Еуропа елдері	2 439,3	28,7–34,9
Түрікменстан	200–300	РФ, ҚР, Әзербайжан, Түркия, Иран	2 426,6	8,2–12,4
Өзбекстан	1 200–1 500	РФ, ҚР, Корея Республикасы, АҚШ, Таяу Шығыс елдері, Еуропа елдері	14 022,0	8,6–10,7
Барлығы	3 070–3 850		26 872	11,4–14,3

ОА аймағынан еңбек көші-қоны ағымдарының басты бағыты Ресей Федерациясы болып табылады. Тәжікстанның еңбек мигранттарының 85%-ға, Қырғызстанның еңбек мигранттарының⁶ 85%-ға, Өзбекстанның еңбек мигранттарының⁷ 70%-ға жуығы РФ-қа бет алады.⁸ Бір жағынан Ресей Федерациясы мен Қазақстан арасындағы, екінші жағынан ОА-ның азырақ қамтамасыз етілген елдерімен арадағы еңбек мигранттары мен ақша аударымдарының ағымдары айтарлықтай ауқымға ие болуда. Формальды және формальды емес сипаттағы бұл ағымдар мәдени, тілдік, гендерлік және институционалдық ортақтықты және Ресей Федерациясы мен Қазақстанда ОА елдерінен шыққан диаспоралар кең етек жаюда.

⁵ С. Рязанцев. Экономикалық дағдарыс жағдайындағы Орталық Азиядан Ресейге бағытталған еңбек көші-қоны. Валдай жазбалары. №55. Тамыз 2016. 7-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://ru.valdaiclub.com/files/22140>]; 2013–2016 жылдары ТМД елдерінің Ұлттық еңбек нарығының жағдайына мониторинг жүргізу. М.: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитеті, 2017. 36–37-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.cisstat.com/rus/Monitoring_labour2013-2016.pdf].

⁶ С. Олимов, И. Боск. Тәжікстаннан еңбек көші-қоны. Душанбе, 2003. 21-б.


⁷ ҚЗР Ұлттық статистикалық комитет мәліметтері [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.stat.kg].

⁸ Орталық Азия, Ресей Федерациясы, Ауғанстан және Пәкістан елдеріндегі еңбек көші-қоны. Талдамалық шолу. – Алматы, 2005. 64-б.

ОА елдерінде ауылшаруашылығының шамадан тыс өсуі байқалса, Ресей Федерациясында демографиялық дағдарыс салдарынан халық саны азаюда. 2006 жылдан бастап Ресей Федерациясында еңбекке жарамды тұрғындардың жыл сайын шамамен 1 млн. адамға қысқаруы байқалады.⁹

Болжамдарға сәйкес, Ресей Федерациясында орта мерзімді келешекте еңбек ресурстары тапшы бола түспек. Керісінше, ОА елдерінде халық саны артады (3.1.1-сур.)

3.1.1-сур. ОА елдері мен Ресей Федерациясындағы жалпы халық санының динамикасы, мың адам¹⁰



БҰҰ болжамына сәйкес, 2050 жылға қарай Ресей Федерациясы халқының саны қысқарады. Оның үстіне, Ресейде тұрғындардың қартаюуы орын алады: зейнеткер жасындағы адамдар үлесі артып, жастар мен еңбекке жарамды халық саны азаяды. Бұл мемлекеттің зейнетақы төлемдеріне, денсаулық сақтау саласына, әлеуметтік төлемдерге шығындалуын арттырады.

Ресей Федерациясы мен Қазақстанда халықтың кемуі және қартаюуы орын алған жағдайда, ОА елдерінде демографиялық жағдай түбегейлі қарама-қайшы болып отыр. Мұнда еңбекке жарамды тұрғындар саны 2050 жылға қарай Өзбекстанда – 6,4 млн, Тәжікстанда – 2,8 млн, Түрікменстанда – 900 мың, Қырғызстанда – 600 мың адамға арта түспек.


ОА елдеріне халықтың ұдайы өсіп-өнуі тән – ұрықтану коэффициенті 1 әйелге шаққанда 2,4-тен 3,2 баладан келеді, ал Ресейде бұл көрсеткіш – 1,7 баланы құрайды. ОА елдерінде тіпті экономика жедел дамыған жағдайда да еңбекке қабілетті адамдар жұмыс таба алмайды. Алдағы ортамерзімдік кезеңде ОА елдерінің Ресей Федерациясы мен Қазақстан үшін негізгі миграциялық донор болып қалу ықтималдығы жоғары.

⁹ А.В. Топилин Заңсыз көші-қон: ауқымы және әлеуметтік-экономикалық салдары. Шығыс. 2006. 5-басылым (41), 10-б.

¹⁰ Әлемдік демографиялық перспективалар (World Population Prospects: The 2017 Revision, custom data acquired via website. UN Department of Economic and Social Affairs.) 2017 [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://population.un.org/wpp/DataQuery/>].

Оң миграциялық сальдоға ие Ресей Федерациясымен салыстырғанда, ОА елдерінің көші-қон сальдосы теріс (3.1.1-сур.) болып қалуда. 2017 жылы РФ-та миграция сальдосы 212 мың адамды құрады. Донор елдер арасында Тәжікстан ең алғаш рет жаңа көшбасшыға айналды: Тәжікстаннан Ресейге көші-қон ағыны 31 мың адамнан асты. 2018 жылы Ресей Федерациясына әрбір төртінші иммигрант Тәжікстаннан келді. Екінші орында – Қазақстан (+26,5 мың адам) Үшінші орында – Украина (+14,8 мың). 2017 жылмен салыстырғанда ол елден мигранттар ағыны үш еседен астамға қысқарды (47,7 мыңнан). Бірақ Украина 2014 жылдан бері төрт жыл бойы РФ-қа келуші мигранттар саны бойынша көшбасшы болды. 2005 жылдан бастап Ресейге Федерациясына өзге елдерден миграция ағыны 2018 жылы ең төменгі көрсеткішке қысқарды – Ресей статистикасының мәліметіне сәйкес, 124,9 мың адамға азайған. 2017 жылмен салыстырғанда миграциялық өсім 41%-ға немесе 87 мың адамға кеміді. Нәтижесінде, алғаш рет соңғы он жылда көші-қон ағыны табиғи азаюдың орнын толтыра алмады және халық саны Ресей Федерациясында 93,5 мың адамға қысқарды.

3.1.2-сур. 2010–2017 жылдары ОА елдері бойынша көші-қон сальдосы, мың адам¹¹



Іс жүзінде Ресей Федерациясындағы ОА елдерінің еңбек мигранттарының басым бөлігі жұмыс істеу мақсатында келген. Алайда олардың көбісі кейіннен уақытша тұруға, тұрғылықты тұруға және азаматтыққа рұқсат алып, Ресей Федерациясының тұрақты халқы санын толықтырады. Еңбек мигранттарын көбінесе Мәскеу қабылдайды. 2017 жылы РФ астанасында 1250 мың еңбек мигранты тіркелген. Одан кейінгі кезекте Санкт-Петербург және Ленинград облысы – 719 мың, Мәскеу облысы – 344 мың, Свердлов облысы – 101 мың адам. Еңбек мигранттары арасында әйгілі басқа да өңірлер қатарында Краснодар өлкесі, Самар облысы, Новосібір облысы, Ханты-Мансы АО, Краснояр өлкесі, Иркут облысы және Татарстан. Жоғары жалақы үшін Мәскеуге ұмтылатын еңбек мигранттары баспана арзанырақ Мәскеу облысына орналасқанды

¹¹ ТМД Мемлекетаралық статистикалық комитеті сайтындағы «Көші-қон» тарауы [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.cisstat.com].

жөн санайды, сондықтан сарапшылардың пікірінше, қала бюджетінен әлеуметтік салаға айтарлықтай шығынды арттыру қажет емес, керісінше қаланың қаржы жағдайын жақсартуға, қаланың жоғары несие рейтингі мен оң болжамға ие болуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан үнемі белсенді транзиттік аймақ ретінде қала отырып, өзінің жөнелтуші елден қабылдаушы ел ретінде миграциялық мәртебесін біртіндеп өзгертті. Қазіргі кезде Қазақстан ірі қабылдаушы ел мәртебесін сақтай отырып, түрлі миграциялық жаңа бағыттар аясында қайтадан мигранттардың белсенді донорына айналууда. Ал Ресейдің иммиграциялық заңнамасындағы өзгерістер мен шектеулер аясында (әкімшілік заң бұзған шетелдіктердің қайта кіруіне тыйым салу) ОА елдерінің көптеген еңбек мигранттары Қазақстанды көші-қон мен жұмыспен қамтылууда Ресей Федерациясына балама ел ретінде қарастырады.

ОА елдерімен және Ресей Федерациясымен (Түрікменстаннан өзге) визасыз режімді, сондай-ақ ЕАЭО жұмыс жүргізуін және шетел азаматтарын тіркеу жүйесіндегі ұдайы олқылықтарды назарға алсақ, Қазақстандағы көші-қонның шынайы ауқымын бағалау айтарлықтай қиын. 2016–2018 жылдары Қазақстанда мигранттардың жалпы саны (жылына орташа есеппен) 1,3 млн адамнан 3 млн. адамға дейін бағаланған. 2016 жылғы зерттеулерге сәйкес, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстаннан Қазақстанға келіп уақытша тіркеуге тұрған мигранттар саны 1 265 мың адамды құраған.¹² 2018 жылы Қазақстан Республикасына ТМД елдерінен уақытша тұруға келгендер саны 1 812 мың адам, оның ішінде 85%-дан астамы – Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан¹³ азаматтары, олар жұмыс істеуге және жеке шаруаларымен келген. Осы елдер үштігінің өкілдері арасында Өзбекстан азаматтары басым (90%-ға жуық).

Қырғызстанда жөнелтуші ел бола отырып, жаңа заман кезеңі барысында миграциялық сальдо теріс болып қалыптасты. Оң миграциялық баланс тек үш елде байқалады: Өзбекстан, Тәжікстан және Қытай.¹⁴ Қырғызстаннан эмиграция динамикасына республиканың өзіндегі, сондай-ақ маңызды миграциялық әріптес елдердегі әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлар ықпал етеді (мәселен, Ресей Федерациясының экономикалық жағдайы және көші-қон заңнамасының өзгеруі).¹⁵

Қырғыз Республикасының 700 мыңнан астам азаматы еңбек мигранты ретінде басқа елдерде жүр – оның ішінде Ресейде 640 мыңнан астамы, Қазақстанда – 35 мың, в Түркияда – 30 мың, АҚШ-та – 15 мың, Италияда – 5,5 мың, Корея Республикасы мен Германияда – 5 мыңнан. 2018 жылы Ресей Федерациясына ҚЗР-ның 640 мың азаматы көші-қон есебіне алынды – бұл ҚЗР-ның шетелде жүрген барлық мигранттарының 90%-ға жуығы.¹⁶

2018 жылдың басынан Ресей Федерациясына кеткен Қырғызстанның еңбек мигранттар саны 2017 жылмен салыстырғанда екі есеге азайды. Жалпы қабылданған еңбек мигранттар саны бойынша ол 247,6 мың адамды құраған көрсеткішпен төртінші орынды иеленді, алайда

¹² Орталық Азияда мигранттардың осалдығы және біріктіру қажеттілігі: мигранттар мен қауымдастықтардың қажеттіліктерін бағалау және тәуекелді басқару. Астана, 2017. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.iom.kz/images/books/2017-DAR-executive-summary-rus.pdf].

¹³ ҚР ИІМ мәліметі.

¹⁴ Қырғыз Республикасының статистикалық жылдығы. А. Сұлтановтың редакциясымен. ҚЗР Ұлттық статистикалық комитеті. Бішкек. 2019. 63-б.

¹⁵ ХКҚҰ, Қырғызстан – кеңейтілген көші-қон бағдары. Бішкек. 2016. 33–37-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://iom.kg/wp-content/uploads/2011/07/Migration-Profile-2018-in-Russian.pdf>].

¹⁶ ҚЗР үкіметі жанындағы Мемлекеттік көші-қон қызметінің мәліметі [www.ssm.gov.kg].

2017 жылы РФ-қа Қырғызстаннан 472 мың адам ғана жұмыс істеуге келсе, Өзбекстаннан – 1,5 млн және Тәжікстаннан – 780 мың адам келген.

Ресей Федерациясында «қара тізім» енгізу, Орталық Азиядан келген еңбек мигранттарын жаппай депортациялау және ел аумағына кіруге тыйым салу ҚЗР-нан эмиграцияның қысқаруына және ҚЗР-нда қайтарымды көші-қонның артуына себеп болды. 2014 жылы экономикалық дағдарыстың жаңа серпініне және РФ көші-қон заңдарының қатаңдауына байланысты жағдай шиеленісті. Егер 2017 жылы «қара тізімде» 7 мың ҚЗР азаматы болса, 2014 жылдың ортасында 60 мың, 2015 жылдың басына қарай 200 мыңдай адамды, 2018 жылдың басында 77 мың адамды құрады.¹⁷ Қайтарымды көші-қон мемлекет алдына жаңа міндеттер жүктейді: қосымша жұмыс орындарын құру, әлеуметтік қызметтер көрсету, оның ішінде білім беру, отбасы кірісінің біршама төмендеуі және т.б.

Тәжікстаннан еңбек эмиграциясының өсімі 1998 жылдан бастау алды. ТР егемендік кезеңінің ең ірі әлеуметтік құбылысына айналған және бүгінгі таңда халықтың басым бөлігінің тұрмыс-тіршілігіне шешуші ықпал ететін еңбек эмиграциясынсыз елдегі нағыз әлеуметтік-экономикалық жағдайды елестету мүмкін емес. Қазіргі таңда еңбек эмиграциясы айтарлықтай жұмыссыздар санын қамтиды және түрлі дереккөздердің мәліметі бойынша елдің экономикалық белсенді бөлігінің 40%-ға жуығын құрайды. Көп жағдайда бұл үдеріс халықтың өсу қарқыны жоғары өңірлерге әсер етті.

Тәжікстанда жалпы алғанда тұрғындар санының өсу деңгейі, сондай-ақ еңбекке қабілетті жастағы адамдар саны жоғары екені байқалады. Тәжікстан Республикасында халық санының бұлайша күрт өсуінің негізгі айқындаушы себебі туу деңгейінің жоғары болуына байланысты. Тәжікстанның еңбек нарығы бірнеше факторларға байланысты теңгерімсіздігімен және шиеленісті болуымен ерекшеленеді.

2015 жылдың басында еңбек ресурстарының саны 4983 мың адамға жетті. Жұмыспен қамтылғандар санының өсімі (92 мың) еңбек ресурстарының өсімінен (453 мың) айтарлықтай төмен болуы еңбек нарығындағы жағдайды қиындатады.¹⁸ Соңғы 20 жыл ішінде Тәжікстан халқының саны 31%-ға, еңбек ресурстары – 67%-ға өсті. Жұмыспен қамтылу деңгейі небәрі 9%-ға ұлғайған, демек жұмыспен қамту өсімі еңбек ресурстарының өсімінен 58%-ға артта қалған. Тәжікстанның еңбек нарығы еңбекке жарамды тұрғындардың барлығын жұмыспен қамтуға қауқарсыз, осы орайда тәжіктердің шетелде жұмысқа тұру мақсатында белсенді еңбек эмиграциясы байқалады.

Таяу уақытқа дейін ТМД кеңістігінде Ресей Федерациясы Тәжікстаннан жұмыс күшін миграциялық тартатын жалғыз ел болатын. Қазіргі таңда Қазақстан экономикасының серпінді дамуы да Тәжікстаннан еңбек ресурстарын белсенді тартуда және посткеңестік кеңістікте шетелдік жұмыс күші үшін салмақты бәсекелеске айналуға мүмкіндік береді. Мұнымен қоса Тәжікстан өзге елдерге еңбек мигранттарының ағымын бағыттауды көздеп отыр.

¹⁷ Ресей Федерациясындағы экономикалық жағдай және Қырғыз Республикасындағы көші-қон үдерісіне оның ықпалы. Ұлттық стратегиялық зерттеулер институтының есебі. Бішкек. 2015. 27-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.nisi.kg]

¹⁸ М. Азимова, М. Махмадбеков, У. Раимдодов және басқалар. Тәжікстан Республикасындағы әлеуметтік-еңбек қатынасы құрылымындағы еңбек көші-қоны. Душанбе. 2016. 8-б.

Негізінен еңбек көші-қоны маусымдық және қайтарымды сипатқа ие, себебі Тәжікстанда отбасылық байланыстар әдетте мығым келеді. Еңбек мигранттарының көпшілігі шетелдегі еңбекті отбасының қаржылық проблемаларын шешудің уақытша амалы ретінде қарастырады. Алайда соңғы 5–7 жылда ақша табу үшін шетелде жүріп-тұру мерзімі ұзарғаны және кәсіби белгі бойынша саралау деңгейінің артқаны байқалады.

Көші-қонүлгісі *Түрікменстанда* қалыптасу сатысында. Түрікменстан посткеңестік кеңістіктегі көптеген мемлекеттер секілді эмиграция елі болып табылады. Сонымен қатар, халықтың ел аумағынан кетуі өте сирек және ол негізінен халықтың еңбек және оқу миграцияларымен байланысты. Көші-қон үрдістері ел үшін қандай да бір үлкен ауыртпалықтар тигізбеді.

Түрікменстан өзінің тәуелсіз даму жылдарында ОА өзге елдеріне қарағанда ел аумағынан мигранттардың кетуі аз орын алған ел. Дүниежүзілік банк мәліметі бойынша, 2010 жылы Түрікменстан азаматтарының бар болғаны 261 мыңы ғана немесе халқының 5%-ы шетелге кеткен.¹⁹ Түрікменстаннан мигранттар қабылдайтын негізгі елдер Ресей Федерациясы мен Түрік Республикасы болып табылады. 200–2001 жылдары Ресей Федерациясында жұмыс істеген Түрікменстан азаматтарының саны орташа алғанда 3 мың еңбек мигрантынан аспаған. Ресей Федерациясында ФМҚ мәліметіне сәйкес елдегі еңбек көші-қонының шарықтау шегі 2002 жылы Түрікменстан азаматтарына РФ-та жұмыс істеуге 7 мың рұқсат берілген кезде орын алған. 2008 жылы Ресей Федерациясында 3,1 мың түрікмен азаматы жұмыс істеген болса, 2010 жылы 500 ғана адамды құраған.²⁰ Орталық Азияның басқа елдеріндегі эмиграцияға қарағанда, Түрікменстанның еңбек көші-қонының ерекшелігі оның үлкен географиялық әртараптануында жатыр. Түрікменстан азаматтары Иран, БАӘ, ТМД және Еуропа елдеріне де қоныс аударады. Еңбек көші-қонының жаңа бағыты қарқынды дамушы Катар елі болуда.

Түрікменстанда мемлекеттің эмиграция үстінен қатаң бақылап, қатал шектеу қоятыны туралы пікір шындыққа сай емес.²¹ Көші-қон туралы заңға сәйкес Түрікменстан азаматтары оқу және еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында заңды негізде ел аумағынан еркін кете алады (32-б). Түрікменстан билігінің басты тәсілі мигранттардың келуі мен кетуін айқын реттеу, заңсыз көші-қон мен адам саудасының жолын кесу болып табылады. Түрікменстан заңсыз көші-қонды мемлекет үшін ең алдымен, адам саудасына қатысты проблема ретінде қарастырады.

Өзбекстанға тән ерекшелік халық санының өсу қарқыны жоғары болып табылады. Жұмыс күшінің жыл сайынғы өсімі 350–370 мың адамды құрайды. Қазіргі таңда ӨР үшін тербелісті, яғни тұрғындардың тәулік бойы ауылдардан қалаларға жүріп-тұруы түріндегі көші-қон тән. Бұл ең алдымен, көптеген ауыл тұрғындарының қалаларда жұмыс істеуімен немесе оқуымен байланысты. Осыған қатысты Ташкент пен Әндіжан агломерациясы ерекше көзге түседі. Мәселен, Әндіжан агломерациясының халық саны 624,4 мың адамды құрайды, алайда күндіз адам саны 1 миллионға дейін көбейеді. Ферғана облысының қалаларында түрлі өнеркәсіп салалары дамуда. Тербеліс түріндегі көші-қон ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылу деңгейін, олардың мәдениетін арттыруға, ауылдық және қалалық қауымдастықтардың өзара қарым-қатынасын жақсартуға ықпал етеді.

¹⁹ Көші-қон және ақша аударымдары, Дүниежүзілік банк (Migration and Remittances. Fact book – 2011. World Bank.) 2012. 247-б.

²⁰ С.В. Рязанцев, Е.Е. Письменная, М.Ф. Ткаченко Еуразиялық көші-қонның ішкі жүйесінің орта азиялық сегментін құру. Халықаралық үдерістер. 11-том. №3–4 (34–35). 2013 ж. қыркүйек-желтоқсан.

²¹ Сонда.

Мәліметтерді талдау барысы көрсеткендей, Өзбекстанда ішкі және сыртқы мигранттар арасындағы өзара қатынас біріндеп өзгеруде. Егер 2010 жылы мигранттардың 15%-ға жуығы Өзбекстаннан тысқары кетуді қаласа, 2016 жылы көпшілігі Өзбекстан ішінде көшіп-қонуға бет бұрған.²² Алты жыл ішінде елдің кейбір аймақтарының экономикалық жағдайы өзгергендіктен, әлеуетті мигранттар жұмысқа тұру мақсатында Өзбекстан өңірлерін таңдайтын болған.

Әртүрлі мақсатта елден тысқары кеткен Өзбекстан азаматтарының жалпы саны 2017 жылы 6,8 млн., ал 2018 жылы 13,8 млн адамды құрады. Өзбекстан азаматтары арасынан шетелге кеткен ерлер саны 58% (8 млн адам), әйелдер – 42% (5,8 млн адам) құраған. ТМД елдеріне 13,3 млн адам (96%), алыс шетелдерге 531 мың адам (4%) кеткен. Өзбекстан азаматтарының басым бөлігі Қазақстанға – 7,1 млн (52%), Қырғызстанға – 3,1 млн (23%), Ресей Федерациясына – 1,1 млн (9%), сонымен қатар Корея Республикасына, Түркияға, ҚХР, АҚШ және Германияға кеткен. Шетелдерге шығудың басты себебі туыстарын аралау мақсатында болған (58%).²³ Өзбекстаннан шетелге тұрақты тұруға кеткендер саны 2017 жылы 19 мыңнан асқан, ал бұл көрсеткіш РФ пен Қазақстанда 47%, АҚШ пен Израильде 1% құрайды. Өзбекстан мигранттары жұмыс істеу мақсатында негізінен Ресей Федерациясы мен Қазақстанға кеткен. Дүниежүзілік банк мәліметіне сәйкес 2017 жылы өзбекстандық барлық еңбек етуші мигрант ерлердің 81% және мигрант әйелдердің 67% Ресей Федерациясында, 12% бен 10% сәйкесінше Қазақстанда, 3% және 18% сәйкесінше Түркияда жұмыс істеген.²⁴ 2018 жылы Ресей Федерациясында Өзбекстанның 4,5 млн. азаматы миграциялық тіркеуге алынды, оның ішінде жұмыс мақсатында – 1 574 адам.

ОА еңбек мигранттарының Ресей Федерациясына, жартылай Қазақстанға тұрақты бағытталуының басты себептері олардың өзге елдер әзірше бәсекелесе алмайтын еңбек нарығының бәсекелі артықшылығы, географиялық және әлеуметтік-экономикалық қолжетімділігі болып табылады.

Тіпті Таяу Шығыс елдері, Түркия, Корея Республикасында жоғары еңбекақы деңгейі айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық шығындарды жаба алмайды: атқарылған жұмыстың сапасына қатаң талап, жұмыс визасын алудың күрделі болуы, білім қажеттілігі, тілді үйрену қиындығы және жұмыс берушілердің қатаң қарауы. Алайда, егер мемлекеттердің Орталық Азиядан еңбек мигранттарын тарту мәселесіндегі «жаңа көші-қон» саясаты белсенді бола түссе, Ресейде оларға деген қатынас нашарласа және экономикалық дағдарыс созылып кетсе, жағдайдың даму векторлары өзгеруі мүмкін. Орталық Азия елдерінің еңбек мигранттарының ағымдары теориялық тұрғыда Таяу Шығысқа (Түркия мен Иран), Парсы шығанағына (Катар, Оман, Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы), Шығыс Азияға (Корея Республикасы) бағытталуы мүмкін.

²² Өтпелі кезеңдегі өмір, Еуропалық қайта құру және даму банкі (Life in Transition Surveys I, II, III, 2010–2016. European Bank for Reconstruction and Development.) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.ebrd.com/what-we-do/economic-research-and-data/data/lits.html].

²³ Статистика бойынша ӨЗ Мемлекеттік комитетінің деректері [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://stat.uz/ru/press-tsentr/novosti-komiteta/5310-kolichestvo-lits-v-ekhavshikh-i-vyekhavshikh-iz-respubliki-uzbekistan>].

²⁴ Орталық Азияда машықтық пен еңбекке шолу, Дүниежүзілік банк, (Central Asia's Labor and Skills Survey (CALISS) Survey. World Bank.) 2017. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://documents.worldbank.org/curated/en/304791468184434621/pdf/106454-REVISED-PUBLIC-SecM2016-0167-1.pdf>].

Эмиграцияның негізгі бағыты ретінде ОА елдерінен Ресей Федерациясына эмиграцияны тудыратын келесі маңызды факторларды атап өтуге болады.

Біріншіден, *экономикалық фактор*. Екіжақты туындайды. Бір жағынан, ОА елдерінде «итермелеу» факторы ретінде: еңбекақы деңгейінің төмендігі; әсіресе ауылдық жерлерде жұмыссыздық деңгейінің өсуі; әсіресе өңірлерде кедейшілік деңгейінің жоғары болуы. Екінші жағынан, Ресей Федерациясындағы «тартымды» фактор: еңбек нарығының ауқымдылығы, еңбекақының жоғары деңгейі, аймақтар мен салаларда жұмыскерерге сұраныстың болуы.

3.1.2-кесте. 2017 жылғы ОА мен Ресей Федерациясы елдерінің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері²⁵

Ел	Орташа еңбекақы, долл. АҚШ	Жұмыссыздық деңгейі, %	Кедейшілік деңгейі, %
Қазақстан	463	4,9	2,6
Қырғызстан	228	6,9	25,6
Ресей Федерациясы	672	5,2	13,2
Тәжікстан	134	6,9	30,3
Түрікменстан	320	3,7	м/ж
Өзбекстан	185	5,8	14,1 (2013)

Екіншіден, *әлеуметтік-демографиялық фактор*. Бір жағынан, еңбекке қабілетті адамдар санының қысқаруы мен халықтың қартаюы байқалады, бұл Ресей Федерациясында еңбек ресурстарының тапшылығын тудырады. Екінші жағынан – ОА елдерінде қолайлы демографиялық жағдай мен еңбек ресурстарының шамадан тыс артуы.

Үшіншіден, *мәдени-тарихи фактор*. Ортақ тарихи кезеңнен, мигранттардың орыс тілін білуінен (мәселен, ҚзР-нда орыс тілінің ресми тіл ретіндегі мәртебесінен) жалпы менталдылық көрінеді. Осының бәрі жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады. Мұнымен қоса әлеуметтік желілердің және Ресей Федерациясында туыстық байланыстардың болуы маңызды. Бұл еңбек нарығына бейімделуді және ресейлік қоғамға етене араласуды жеңілдетеді.

Төртіншіден, *инфрақұрылымдық-географиялық фактор* елдердің бір-біріне жақын орналасуын, көлікпен қатынау мүмкіндігін – Ресей Федерациясы мен ОА елдері арасында авиатранспорттың дамығанын білдіреді.

²⁵ ТМД мемлекетаралық статистикалық мәліметтер негізінде құрастырылған, [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.cisstat.com]; Дүниежүзілік мәліметтер атласы [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://knoema.ru/atlas/Туркменистан/Уровень-безработицы>]; Газета.uz [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.gazeta.uz/ru/2018/01/16/wage].

Бесіншіден, *саяси фактор* «итеруші» факторларын (Тәжікстанда 1990 жылдары, Қырғызстанда 2005 және 2010 жылдары этносаяси жағдайдың тұрақсыздығы) және ЕАЭО шеңберіндегі саяси-экономикалық ықпалдасудың «тартымды» факторын қамтиды.²⁶

Ресей үшін ОА елдерінен көші-қон легінің әлеуметтік-экономикалық салдарын қарастырамыз. Ресей мамандары шетелдіктердің РФ-қа табыс табу үшін келуінің жұмыс күшінің тапшылығын жою, экономиканың көптеген салаларында көрсеткіштердің өсімі, бюджетке салықтық түсімдердің артуы сияқты бірқатар оң тұстарын атап көрсетті. Бірақ көптеген сарапшылар Ресей үшін көші-қон ағынының теріс салдары бар деп есептейді.

РФ үшін халықаралық еңбек көші-қонының теріс салдары ретінде мыналарды атап өтуге болады:

1. Мигранттарда үнемі жоғары білім бола бермейді. Еңбек мигранттарының ағыны стихиялық түрде орын алады, ұсыныс жұмыс күшіне шынайы сұраныспен үйлестірілмейді. Жұмыс күшінің көші-қон ағыны РФ-та жұмыссыздық жағдайында өтеді.
2. Еңбек мигранттарының айтарлықтай бөлігі экономиканың көлеңкелі секторында шоғырланады, олар салық төлемейтіндіктен жергілікті бюджетті шығынға әкеп соқтырады.
3. Көші-қон ағыны Ресей экономикасы мен қоғамның басты проблемаларын шешуге, атап айтқанда ауыл шаруашылығының құлдырауын болдырмауға, ауылдардың бос қалуына, елдің шығыс бөлігінде халық санының қысқаруына ықпал етпейді. Ресей Федерациясына ағылған мигранттардың басым бөлігі ауыл шаруашылығы мен ауылдық жерлерге емес, елдің еуропалық бөлігінде орналасқан ірі қалаларға және Ресей Федерациясының Оңтүстігіне бағытталады. Сол ретте Ресей Федерациясының экономикалық дамуы үшін тұрғындарды Сібір мен Қиыр Шығысқа шоғырландыру қажет.
4. Кейбір экономикалық қызмет салаларында мигранттар шамадан тыс шоғырлануда: бөлшек сауда, құрылыс және жөндеу жұмыстары, қоғамдық тамақтану және басқалар.²⁷

Зерттеушілер Ресей Федерациясына мигранттардың ағылуының оң әсері ретінде, ең алдымен, елдегі демографиялық дағдарыстың босаңсуын атап көрсетті. Дәл осы ОА елдерінен көші-қон ағыны РФ халқының кемуінің едәуір орнын толтырады. Ресей экономикасының кейбір салаларында, әсіресе жоғары біліктілікті қажет етпейтін және еңбекақы аз төленетін жерлерде жұмыс күшінің тапшылығы байқалады. Еңбек мигранттары осы олқылықтардың орнын жартылай жабады. «Шетелдік жұмыс күші ресейлік азаматтар үшін беделді емес болғандықтан жергілікті тұрғындардың сұранысына ие емес бос жұмыс орындарын бірталай толықтырып жатады». Шетелдік жұмыс күшінің тиімділігі мен сапасы айтарлықтай жоғары, ал «оның тарапынан бәсекелестіктің болуы жергілікті тұрғындарға жақсы бағыт-бағдар беріп, ынталандырады».²⁸ ОА еңбек мигранттары еңбек нарығында жергілікті Ресей халқына тартымсыз салалардан орын алады. Жалпы алғанда, бұл қызмет көрсету саласын дамытуға, бүкіл халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға оң ықпал етеді.

²⁶ С.В. Рязанцев. Экономикалық дағдарыс жағдайында Орталық Азиядан Ресейге еңбек көші-қоны. Ресей ғаламдық саясатта. 31.08.2016 [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://globalaffairs.ru/valday/Trudovaya-migratsiya-iz-Tsentranoi-Azii-v-Rossiyu-v-kontekste-ekonomicheskogo-krizisa-18333>].

²⁷ Л.Г. Ходов. Харекетшіл тұрғындардың халықаралық көші-қон экономикасы (әлемдік және ресейлік аспектілер). Оқу құралы. М. 2001. 46-б.

²⁸ Ресейде көші-қон және қауіпсіздік. М. 2000. 104-б.

ОА елдерінен келген мигранттар Ресей бюджетіне оншалықты ауыртпалық түсірмейді, өйткені РФ мигранттардың еңбегінен көретін нәтижеге қарағанда, оларға аз шығындалады.

ОА мигранттарына геосаяси тұрғыдан артықшылық беріледі, себебі аймақ елінің Ресеймен ортақ шекарасы жоқ. ОА еңбек мигранттары ресейлік этномәдени ортаға тез бейімделеді. Оларда ортаға бейімделуде көп қиындық жоқ, себебі олардың көпшілігі орыс тілін біршама біледі немесе тез үйренеді.

Дүниежүзілік банк зерттеулеріне сәйкес РФ әлемде келуші мигранттар саны бойынша (АҚШ-тан кейін) екінші орынға шықты. Таяуда шетелдік жұмыс күшінің ағымы арта түспек. Дүниежүзілік банк мамандарының пікірінше, Ресей Федерациясы қабылдаушы ел ретінде әлдеқашан мигранттардың жаппай арзан еңбегінен көп тиімділік алды. Мигранттардың арқасында Ресей Федерациясында кәсіпорындар көп банкроттыққа ұшырамады, жаңа бизнес түрлері дамыды, құрылысқа инвестиция өсімі ынталандырылды.

Мұнымен қоса, көші-қон белгілі бір проблемалар тудырады. Реттелмеген көші-қон қылмыстың көбеюіне жол ашады және жемқорлық үшін «құнарлы негіз» болып табылады. Құжатталмаған мигранттардың салық төлемеуі және мигранттардың есепке ілінбеген ақша аударымдары билік үшін нағыз проблема болып отыр. Дегенмен, Дүниежүзілік банк мамандарының пікірі бойынша, Ресей Федерациясы үшін еңбек мигранттары легінің теріс жағымен салыстырғанда оң әсері басым.²⁹

ОА елдерінен Ресейге еңбек мигранттары ағымының арту перспективаларын қарастыра отырып, көптеген ресейлік мамандар ықтимал демографиялық және уақытша шектеулерге назар аудартады. Олардың пікірінше, Орталық Азия аймағынан еңбек көші-қоны көлемінің алдағы орта мерзімді кезеңде «5 млн. адам деңгейінен асуы екіталай. Ресей Федерациясы үшін бұл көрсеткіш жұмыспен қамту, тауарлар мен қызметтер нарығында сыни жиынтық құрмайды, ал Орталық-Азиялық аймағы үшін халық санының көбею жүктемесі мен жұмыстың артық салмағын біршама азайтады».³⁰

ОА елдерінің төлем балансының айтарлықтай бөлігін еңбек мигранттарының Ресейден ақша аударымдары құрайды. «Бірақ бұл трансферттерге өзгеше тұрғыдан қарауға болады. Олар Ресей шекараларында тиісінше тұрақты жағдайдың сақталуына қомақты үлес қосады».³¹

ОА елдері үшін жергілікті тұрғындардың шетелге кетуінің теріс жағы келесі аспектілерден көрінеді:

1. Шетел асқан азаматтар өздерін қабылдаушы елде ІЖӨ өндіреді, олары қабылдаушы елдің ұлттық байлығын ұлғайтады. Эмигранттар шетелде ақша таба отырып, қаражатының айтарлықтай бөлігін сол жақта жұмсайды.
2. Аймақ елдерінен халықтың үздік, бәсекеге қабілетті және тіршілікке епті бөлігі кететіндіктен, бұл ұлттық экономиканың әлсіреуіне, еңбекке қабілетті адамдар қатарының азаюына әкеледі.

²⁹ Көші-қон және шетелде жұмыс істейтіндерден түсетін қаражат. Шығыс Еуропа және бұрынғы Кеңес Одағы. Вашингтон: Дүниежүзілік банк. 2007. 19-б.

³⁰ К. Боришполец, А. Бабаджанов. Орталық Азия елдерінің көші-қон тәуекелдіктері. Ресей СІМ ММХҚИ талдамалық жазбахаттары. М.: Ресей СІМ ММХҚИ. 2007. 2-басылым (22). 7-б.

³¹ Ж.А. Зайончковская. Ресейдегі еңбек көші-қон//Отандық жазбалар. 2003. №3. 186-б.

3. Жастардың жаппай кетуі ОА елдеріндегі демографиялық жағдайға, отбасының арақатынасына, ұлттық дәстүр сабақтастығына кері әсер етуі мүмкін.
4. Мигранттардың ақша аударымдары мен капитал көлемін анықтау және болжау өте қиын. Мигранттар шетелде көбірек болған сайын, ақша аударымдары азая түседі де, біртіндеп отанымен байланыс бәсеңдейді.

ОА елдері жергілікті халқының қазіргі заманғы еңбек көші-қонының оң әсері арасында мыналарды атап көрсетуге болады:

1. Еңбек мигранттарының кетуі ОА елдерінде жұмыс күшінің артық болу мәселесін шешуге ықпал етеді. Еңбек көші-қоны жұмыссыздық деңгейінің қысқаруына әкеп соқтырады, әлеуметтік жәрдемақының, жұмыссыздарды қайта оқытудың, оларға қоғамдық жұмыстар ұйымдастырудың, олардың отбасыларына көмектесудің шығынын азайтады.
2. Шетелде жұмыс істей отырып, еңбек мигранттары өз біліктілігін арттырады, олар жаңадан өндірістік және ұйымдастырушылық машықтарға ие болады. Барынша озық технологиялары, жоғары талаптары, еңбек стандарттары бар елде жүріп-тұру барысында ОА елдерінен келген мигранттар өздерінің жалпы білім мен мәдениет деңгейін арттырады. Мигранттар өзге мемлекеттердегі әріптестерімен жеке байланыстарын кеңейтеді. Мигранттар өз елінің кәдесіне жарайтын бағалы тәжірибе мен білімді игереді.
3. Шетелде жұмыс істеу кезінде мигранттар отанына оралғаннан кейін шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысу үшін бастапқы капитал жинақтайды. Осылайша, орта буынның қалыптасуына ықпал етеді.

Түйіндеу. РФ демографиялық дағдарысты бастан кешіп, халық саны қысқаруда. Бұған қоса, Ресей Федерациясы табиғи байлыққа тұнған, адам аз қоныстанған аумақтарға бай. Оларды игеру үшін адамдар легі қажет. Ресей Федерациясы ТМД елдерінен келетін мигранттарға басымдық береді, олардың негізгі бөлігі ОА елдерінде шоғырланған. ОА елдерінен еңбек мигранттарының келуі Ресей Федерациясының мүддесіне қайшы келмейді, себебі ел экономикасына арзан жұмыс күші қажет. ОА мигранттарына басымдық берілудің геосаяси тұрғыдан да себебі бар, өйткені аймақ елдерінің Ресей Федерациясымен ортақ шекаралары жоқ. ОА еңбек мигранттары ресейлік этномәдени ортаға тез бейімделеді. Мигранттар есебінен демографиялық мәселелер де шешіледі. Дегенмен, реттелмеген еңбек көші-қоны қылмыстың артуына, сыбайлас жемқорлыққа жол ашады. Мәртебесі құжатталмаған мигранттардың салық төлемей және еңбек мигранттарының ақша аударымдарының есепке алынбауы үлкен проблемаға айналып отыр.

Бақылау сұрақтары:

1. ОА елдерінің көші-қон үрдісіне қатысушы ретінде түрлерін айқындаңдар. Олардың негізгі сипаттамалары қандай?
2. Өз еліңіздің қазіргі замандағы демографиялық дамуының негізгі бағыттарын саралаңыз.
3. Өз еліңіздің жаңа тарихындағы көші-қон үрдісінің динамикасы немен сипатталады? Әлеуметтік-саяси және демографиялық факторлардың көші-қонға қандай ықпалы болды?
4. ОА елдерінен еңбек көші-қонын қалыптастыратын «итеруші» факторлар қандай?

Практикум:

1. Демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуын ескере отырып, өз еліңіздегі (еңірдегі, елді мекендегі) қазіргі көші-қон жағдайы туралы таныстыру жұмысын (презентация) әзірлеңіз.

Болжалды жоспар:

- а) көші-қон процестеріне себепші болатын факторлар;
 - ә) көші-қон беталыстары мен ауқымдары;
 - б) көші-қон ағымдарының түрлері;
 - в) елге тигізетін салдары.
2. Равенштайнның көші-қон заңдарына талдау жүргізіңіз және өз еліңіздің шынайы ахуалы тұрғысынан оларға растау табыңыз (Қосымша әдебиет тізіміндегі 4-дереккөзді қараңыз).
 3. Корея Республикасы, Жапония, Түркия және өзге елдердің сіздің елден еңбек мигранттарын тартуы бойынша қызметтері туралы мағлұмат жинаңыз. Қазіргі жағдайда елдер мигранттарды тартудың қандай тәсілдерін қолданады?

Міндетті әдебиет:

1. М. Азимова, М. Махмадбеков, У. Раимдодов және басқалар. Тәжікстан Республикасындағы әлеуметтік-еңбек қатынасы құрылымындағы еңбек көші-қоны. Душанбе: 2016. 163-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.rtsu.tj/upload/files/data3/Монография_ТРУДОВАЯ%20МИГРАЦИЯ.pdf].
2. О.Д. Воробьева, А.В. Топилин, В.И. Мукомель және басқалар. Халық көші-қоны: теория, саясат: оқу құралы. М.: Экономикалық білім, 2012. 364-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://www.isras.ru/publ.html?id=2971&printmode>].
3. А.Р. Тошов. Тәжікстан Республикасының экономиканы түрлендіру жағдайында халықты жұмыспен қамту және еңбек көші-қоны: экон.ғылым. канд. ғыл. дәр. алуға арналған дисс.: 08.00.14. М. 2015. 158-б.
4. Қырғызстан және Тәжікстандағы еңбек көші-қоны және бейнетті салалары: Орталық Азиядағы адами дамуға арналған мүмкіндіктер. Санкт-Петербург: Еуразиялық даму банкінің интеграциялық зерттеулер орталығы. 2015. 127-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://eabr.org/upload/iblock/0b9/report_ca_labour_migration_and_labour_intensive_sectors_full_rus.pdf].
5. Ресей Федерациясындағы экономикалық жағдай және Қырғыз Республикасындағы көші-қон үдерісіне оның ықпалы. Ұлттық стратегиялық зерттеулер институтының есебі. Бішкек. 2015. 59-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.nisi.kg/141-infografika-nisi/400-ekonomicheskaya-situatsiya-v-rf-i-ejo-vliyanie-na-protsessy-migratsii-v-kr.html].

Қосымша әдебиет:

1. С.Абашин. Орталық Азиядан бағытталған көші-қон: Тәжірибелер, жергілікті қоғамдастықтар, транснационализм. Ресейдегі құқық және саясат. 51-том. №3. Мамыр-маусым 2013. 6–20-б.
2. Қазақстан Республикасындағы демографиялық болжам: негізгі бағыттар, сын-қатерлер, практикалық ұсыныстар. Талдамалық баяндама. Астана: 2014. 66-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.akorda.kz/upload/nac_komissiya_po_delam_zhenshin/Демографическая%20политика/4.2%20рус.pdf].
3. Варшавская Е.Я., Денисенко М.Б. Ресейдің еңбек нарығында шетелдік жұмыскерлердің ұтқырлығы// Социологиялық зерттеулер. 2014. №4. 63–73-б.
4. П.В. Василенко Халық көші-қонының шетелдік теориясы. 2013. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://cyberleninka.ru/article/n/zarubezhnye-teorii-migratsii-naseleniya>]
5. Д.З. Икромов. Орталық Азия елдерінің халықаралық еңбек көші-қонының Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы: экон. ғылым. канд. ғыл. дәр. алуға диссер.: 08.00.14. Санкт-Петербург, 2017. 207-б.
6. Қырғызстан цифрлармен – 2018. Бішкек: 2019. 344-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://stat.kg/ru/publications/sbornik-kyrgyzstan-v-cifrah/>].
7. Қырғызстан – кеңейтілген көші-қон бағдары. Бішкек, 2016. 234-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://iom.kg/wp-content/uploads/2011/07/Migration-Profile-2018-in-Russian.pdf>].
8. В.С. Малахов, Е.Б. Деминцева, А.Б. Элебаева, А.Д. Мұсабаева Қырғыз Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа кіруі: көші-қон үрдісіне ықпал ету/ И.С. Ивановтың редакциясымен; Ресей Халықаралық істер жөніндегі кеңес (РХИК). 2015. №26. М.: Арнайы кітап, 2015. 57-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://russiancouncil.ru/common/upload/WP-Kyrgyzstan-26-Rus.pdf>].
9. Мигранттардың лайықты және тиімді жұмыспен қамтылу мүмкіндігіне мониторинг жүргізу. USAID баяндамасы, ХКҚҰ. Астана: 2018. 44-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://redcross.kz/wp-content/uploads/2018/10/Doklad-po-dostupu-migrantov-k-dostojnomu-effektivnomu-trudoustrojstvu-Krasnyj-Polumesyats-RK.pdf> немесе <https://kkassiyet.files.wordpress.com/2019/02/reportaccesstolabour2018redcross.pdf>].
10. Тәжікстан Республикасындағы еңбек нарығы. Душанбе: ТР Президенті жанындағы Статистика жөніндегі агенттік. 2015. 128-б.
11. С.В. Рязанцев. Экономикалық дағдарыс жағдайында Орталық Азиядан Ресейге бағытталған еңбек көші-қоны// Ресей ғаламдық саясатта. 31.08.2016. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://globalaffairs.ru/articles/trudovaya-migratsiya-iz-czentralnoj-azii-v-rossiyu-v-kontekste-ekonomicheskogo-krizisa/>].
12. И.М. Станчин, Н.Т. Исрафилов. Түрікменстан халқының миграциялық ұтқырлығы// Синергия. 2018. №4. 49–57-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://cyberleninka.ru/article/v/migratsionnaya-podvizhnost-naseleniya-turkmenistana>].

13. Қырғыз Республикасының статистикалық жылдығы/А. Сұлтановтың редакциясымен. Бішкек: ҚР Ұлттық статистикалық комитет. 2019. 468-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.stat.kg/media/publicationarchive/dde27f81-3272-44bc-ad5b-cc7647fea167.pdf].
14. Тәжікстан: үй шаруашылықтарының сатып алу қабілетінің күрт төмендеуі аясында экономикалық өсім қарқынының бірқалыпты баяулауы. Тәжікстанның экономикалық дамуы туралы баяндама. Душанбе: 2015. №2. 30-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://documents.vsemirnyjbank.org/curated/ru/859581468185963151/pdf/101278-REVISED-Box394821B-PUBLIC-TJK-RUSSIAN-FOR-WEB-REV.pdf>].
15. А.С. Чернов. Еңбек көші-қонының аймақтық еңбек нарығына ықпалы// ММТУ жаршысы. 2012. 15-т. №1. 245–249-б.
16. Дүниежүзілік демографиялық перспективалар (World Population Prospects: The 2017 Revision, Key Findings and Advance Tables. Working Paper No. ESA/P/WP/248. New York. United Nations. Population Division. Department of Economic and Social Affairs. 2017.) [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://population.un.org/wpp/DataQuery>].

Душанбе тұрғындары Дүниежүзілік адам саудасына қарсы күрес күніне арналған ақпараттық-түсіндіру кампаниясы барысында алынған ақпаратты талқылауда.

Фото: ХКҚҰ Тәжікстан, 2017



3.2. Орталық Азия елдеріндегі қайтарымды көші-қонның себептері және үрдістері

Мазмұны. ОА елдерінің қазіргі кездегі қайтарымды көші-қон түрлері мен факторлар. 2010–2018 жж. қайтарымды көші-қон ағымдарының ауқымы мен динамикасын бағалау. Аймақтағы қайтарымды көші-қонның негізгі бағыттары. ОА елдерінің қайтарымды көші-қон ағымдарының әлеуметтік-демографиялық және этникалық құрылымы. ОА жекелеген елдері деңгейіндегі қайтарымды көші-қон түрлері. Еңбек бойынша қайтарымды көші-қон. Жоғары білікті мамандардың қайтарымды көші-қоны. Білім алу бойынша қайтарымды көші-қон. Босқындардың кері оралуы. Этникалық қайтарымды көші-қон. ОА елдеріне мигранттардың кері оралу тәжірибесі және стратегиясы. ОА елдері мен жекелеген мигранттар үшін қайтарымды көші-қонның сын-қатерлері. Қайтарымды көші-қонның болжамдық үрдісі (жаңа бағыттар, әлеуметтік-демографиялық топтар, жаңа жағдайлар).

Қайтарымды көші-қон ОА аймағындағы жаңа және өзекті бағыт болып табылады. Қайтарымды көші-қон ОА елдері үшін алдыңғы қатардағы маңыздылыққа ие, ол жеткілікті деңгейде зерттелмеген құбылыс болып қалып отыр. Жөнелтуші және қабылдаушы елдерде көші-қон саясатының тиімділігі, оны әрі қарай дамыту, мигранттар мен жалпы тәуекелдіктер және аймақтағы мүмкіндіктер арасындағы өзара байланыс бағыттары секілді буындар аз қарастырылған. Сонымен қатар, ОА елдерінде ерікті қайтарымды көші-қон туралы заңнаманы дамыту қажет.

Бұл мәселені реттеу жөніндегі аймақтық шарттар қабылданды, олардың арасында 1993 жылы 24 қыркүйекте бекітілген Босқындарға және мәжбүрлі көшіп келушілерге көмек көрсету туралы келісімге қосымша Хаттама, Босқындар және мәжбүрлі көшіп келушілерге мемлекетаралық көмек көрсету қоры туралы Ереже, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы Келісім, ШЫҰ-ның көші-қон және басқа мәселелерді қамтитын Жарғысы мен құжаттары бар.

Көші-қон мәселесіндегі маңызды нәрсе ОА аймағындағы елдердің ХҚҰ-мен, ЕО және өзге халықаралық құрылымдармен, ең алдымен, БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелерімен және ұйымдарымен ынтымақтастығы болып табылады.

Ынтымақтастықтың қалыптасқан форматтары ОА елдерінің көші-қон саласындағы өзара байланысы үшін, оның ішінде ерікті түрде оралуға заңдық негіздер қалыптастыру үшін жақсы негіз болып табылады.

Бұл мәселеде аталған елдердің көші-қон заңдарын, Тұжырымдамасын және қайтарымды көші-қон туралы заңнамасын дамыту үшін де негіз бола алатын стратегиялық жоспарларды жетілдіру бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылууда.

XIX ғасырдың басына қарай көші-қон ағымы мигранттардың «кері ағылуын» тудыруы мүмкін екеніне дәлелдер аз болған жоқ. Мұнда негізінен отанына кері оралушы мигранттар туралы айтылған. Мигранттардың қайта оралуы дәл осы циркулярлы көі-қонға тән. Алайда

қайтарымды миграцияның күрделі, қарама-қайшылыққа толы үрдісінде, миграция тарихында зерттеушілердің әзірге тісі бата қоймаған көп нәрсесі бұлыңғыр қалып отыр. Бұл бір жағынан, мигранттардың өз еркімен еліне оралуы бұрын қадағаланбауымен байланысты, өйткені оларды қоныстандыруға және бейімдеуге қарағанда, мұның қажеттілігі жоқ деп есептеліп келді.

Көші-қонды басқару тұрғысынан алып қарағанда, қайтып келуші мигранттардың негізгі үш санаты бар, мұның қандай да бір мигранттың барған елдегі жағдайымен еш байланысы жоқ, дәлірек айтсақ:

- мәжбүрлесіз ерікті түрде оралу – шетелде жүрген кез келген уақытта мигранттар өз еркімен және өз қаражаты есебінен елге оралу туралы шешім қабылдайды;
- ерікті-мәжбүрлі оралу – мигранттардың ел аумағында жүру рұқсатының мерзімі бітеді, паналауға рұқсат жоқ немесе олар белгілі бір себептермен ол елде қала алмайды, сондықтан өз еркімен отанына оралу туралы шешім қабылдайды;
- еріксіз оралу, яғни қабылдаушы ел билігінің өкімімен ел аумағынан шеттетілу.¹

ОА аймағына қайтарымды көші-қонның басқа түрі – ынталандырылатын қайтарымды көші-қон тән, бұл этникалық қырғыздар – «қайрылмандардың», этникалық қазақтар – «оралмандардың» елге оралуы жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның арқасында жүзеге асырылады.

Алайда, еліне оралу әрдайым мигранттың онда келешекте тұрақты тұратынын білдіре бермейді, оралғаннан кейін әрқайсысы әртүрлі әлеуметтік-экономикалық әсер етуі мүмкін бірнеше сценарийлер жүзеге асырылуы мүмкін. Мигрант еліне уақытша немесе түпкілікті оралуы мүмкін немесе үшінші бір елге кетуі мүмкін, бәлкім ол әсіресе ОА мигранттары арасында кеңінен таралған циркулярлық немесе маусымдық миграцияның бірі болады.

Қайтарымды көші-қон ауқымын өлшеу көп жағдайда қиындық туғызады, өйткені көптеген елдер өз азаматтарының келуі мен кетуіне есеп жүргізбейді, осы орайда қайтарымды көші-қон жөнінде статистикалық мәліметтің жоқтығы осы құбылысты зерттеуде негізгі кедергіге айналды. Тіпті мемлекеттік органдар тарапынан мигранттардың келіп-кетуі туралы мәлімет жинап отыратын Ресей Федерациясының келтірген цифрлары еліне оралған мигранттардың санын тек шамалап болжайды. Елге оралудың салдарын мигранттардың оралғанға дейін және одан кейін отанына жіберген материалдық және материалдық емес ресурстарының сомасымен айқындауға болады. Мұндай аударымдар экономикалық, әлеуметтік және саяси болуы мүмкін. Саяси топтарда экономикалық аударымдардың тікелей әсеріне барынша көп көңіл бөлінеді және олардың дамуға ықпалы кеңінен зерделенді, әлеуметтік аударымдар, яғни дағдыны, ынта-жігер мен идеяны беру және көші-қон арқылы идеологияны беру және тарату түріндегі саяси аударымдар да әлеуметтік-экономикалық дамуда маңызды рөл атқарады және әлеуетті пайда да және тиімді көші-қон саясатының көмегімен бақылауға тура келетін сын-тегеуріндер де әкелуі мүмкін.²

¹ Көші-қонды басқару негіздері. Басқарушы лауазымды тұлғалар мен практиктерге арналған оқу құралы. III том. Көші-қонды басқару. 3.9-тарау «Қайтарымды көші-қон». ХКҚҰ. 2006.

² Орталық Азиядағы мигранттардың осалдығы және біріктіру қажеттігі. Қайтарымды көші-қонның негізгі себептері және әлеуметтік-экономикалық салдары. Орталық Азиядағы аймақтық өрістік бағалау. ХКҚҰ баяндамасы. Астана. 2016. 4–6-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://kazakhstan.iom.int/publications>]

Өз азаматтарының қайтып келуінен оң нәтиже алу үшін жұмыссыз және осал топтағы мигранттарға, миграцияда тыйымның салдарынан немесе қабылдаушы елде экономикалық келешектің жоқтығынан өз жоспарын іске асыра алмағандарға көмек көрсетуге барынша артықшылық берген жөн. Олардың көпшілігі шетелде жұмыс барысында жаңа дағдылар қалыптастырып, машықтарын шыңдап қайтады; әлемдік практикада осы әлеуетті пайдалану мақсатында кәсіби даярлық және сертификаттау жүйесі әзірленіп, сәтті жүзеге асырылуда. Таиланд пен Бангладеште кәсіби білім беру мен аттестаттауға жетекшілік ететін арнайы мемлекеттік ведомство құрылған; олардың қызметі қайта оралған еңбек мигранттарының бұрын алған білімі мен біліктілігінің танылып, жергілікті нарыққа шығуын жеңілдету мақсатына бағытталған.³ Ақша аударымдары мен жинақтардың біршама бөлігі үй шаруашылығының ағымдық қажеттілігіне жұмсалып, кіріс әкелетін кәсіпорынға инвестиция құю өте сирек кездесетіндіктен, қайта оралған мигранттардың машықтықтарын еңбек нарығының қажеттіліктеріне бейімдеу бойынша ұтымды шаралар қолдану тиімді болмақ, алайда мұндай шаралар ОА елдері тарапынан батыл саяси іс-қимылды талап етеді.

Оның үстіне, әлеуметтік-экономикалық қайта ықпалдастыру – қайтарымды көші-қоннан оң нәтиже алудың негізгі факторы болып табылады, өйткені қайтып келген мигранттардың осалдығы адамдарды заңсыз тасумен айналысатындардың көмегімен реттелмеген мәртебемен оларды Ресей Федерациясына кетуге немесе ол жақта заңсыз жұмысқа орналасуға. Реттелмеген көші-қонның алдын алу тәсілі ретінде қайта ықпалдастыру бағдарламаларын Ресей Федерациясынан өзге елдерде, мәселен, Қазақстанда мигранттарды жұмысқа орналастыруға ықпал ету жөніндегі шаралармен ұштастыра жүзеге асыру қажет.

Ресей Федерациясы маңындағы мигранттарда дамыған әлеуметтік желілердің болмауына байланысты ОА елдеріне мигранттарды ұйымдасқан түрде жалдау бағдарламасын үйлесімді әзірлеу қажет; атап айтқанда, ЕАЭО мемлекеттері одақтық шарттың негізін қалаушы қағидалардың бірі болып табылатын жұмыс күнінің еркін қозғалысын толық пайдалану үшін осы бағытта бірлескен жұмыс жүргізу керек.⁴

ОА елдеріндегі қайтарымды көші-қон әлемдегі ғаламдық қайта қалыптасуға байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Сириядағы, Украинадағы ірі әскери қақтығыстар, Пәкістан мен бірқатар өзге елдердегі шиеленістің артуы, Батыстың Ресей Федерациясына қатысты экономикалық санкциялары көші-қон қозғалысына, оның ішінде Орталық Азиядан бағытталған қайтарымды көші-қонға түбегейлі ықпал етті.

Айтарлықтай фактор ретінде 2015 жылы Ресей Федерациясы аумағына белгілі бір санаттағы шетел азаматтарының қайта кіруіне тыйым салудың енгізілгенін атап өту керек (3.2.1-кесте).

³ Skilling the workforce: Labour migration and skills recognition and certification in Bangladesh. ILO Country Office for Bangladesh. Dhaka. 2014 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---asia/---ro-bangkok/---ilo-dhaka/documents/publication/wcms_304402.pdf]; Harnessing the Skills of Migrants and Diasporas to Foster Development: Policy Options. OECD. Ministry of Internal Affairs of France. Paris. 2012 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.oecd.org/migration/Policy_Brief_Migrants_En_BD%20DEFINITIF.pdf]; Stella P. The Philippines and Return Migration: Rapid appraisal of the return and reintegration policies and service delivery. ILO. 2012 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.ilo.org/manila/publications/WCMS_177081/lang--en/index.htm].

⁴ Орталық Азиядағы мигранттардың осалдығы және интеграциялау қажеттілігі: қайтарымды көші-қонның негізгі себептері мен әлеуметтік-экономикалық салдары. Орталық Азиядағы аймақтық өрістік бағалау. ХКҚҰ баяндамасы. Астана, 2016. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://kazakhstan.iom.int/publications/>].

Бұл тыйымға негізінен Орталық Азиядан шыққан 2 млн. астам адам ілінді, оның үстіне тыйым салу ұзақтығы үш жылдан он жылға дейінгі мерзімді құрайды.⁵

3.2.1-кесте. 2015–2018 жылдары Ресей Федерациясында әкімшілік жауапкершілікке тартылған шетел азаматтарының саны, адам⁶

	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 г. (бірінші жартысы)
РФ-қа кіруге тыйым салынады	490 893	229 013	210 708	145 397
Ел аумағынан шеттетілген және депортацияланған шетел азаматтары	117 493	60 042	68 998	13 600
Әкімшілік жазаға тартылды	369 287	271 014	334 145	125 180

Ресейге қайта кіруге тыйым салудың енгізілуі қаржы тапшылығына ұшырап, келген еліне қайта алмай отырған, кейде бір отбасының бірнеше мүшесі бірдей рұқсат алмаған еңбек мигранттарының жүріп-тұру бағыттары мен құрылымын айтарлықтай өзгертті.

Бұл фактор қалған отбасы мүшелерін, көбінесе балаларды, қарияларды ақша аударымдары көздерінен айырды; үйіне оралғандар жұмысқа тұрда қиындықтарға кезікті; кенеттен оралуына және Ресей Федерациясына ақша табуға бара алмауына байланысты туыстар тарапынан наразылық болуы себебінен отбасында келіспеушілік туындады. Қайта оралған мигранттар өз құқығын білмегендіктен және экономикалық жағдайын түзеудің, әлеуметтік атаулы көмек алудың баламалы мүмкіндігі болмағандықтан қиын, белгісіз жағдайда қалды.

Қайта кіруге тыйым салынған мигранттардың осал топтары түрлі террористік және қылмыстық топтарға жалдануы мүмкін екені ықтимал, бұл туралы ОА елдеріндегі ХКҰ өзінің аймақтық өрістік бағалау есебінде мәлімдейді. Өзін адасқандай сезініп, жұмыс орнында құқығының бұзылуына куә болған мигранттар мемлекет тарапынан қорғанысқа деген сенімін жоғалтады, мұның арты экстремистік және (немесе) қылмыстық ұйымдарға жүгінуге әкеп соқтыруы мүмкін. ОА үкіметтері осы аталған проблемаларды шешу мақсатында қабылдап жатқан саяси шараларды талдау барысы көрсеткендей, қайта кіруге тыйым салу әлі де қауіпсіздікке төнетін қауіп ретінде қаралады, керісінше, «тыйым салынған» мигранттар олардың ортаға бірігуіне ықпал ететін жан-жақты шараларды қажет етеді.⁷

Кері оралушы мигранттар санының ұлғаюы келесі көрсеткіштерге де байланысты болуы мүмкін:

⁵ Орталық Азияда ХКҚҰ миссиясымен ҚР тұңғыш президентінің кітапханасында («Назарбаев Орталығы») АҚШ-тың Халықаралық даму агенттігінің (ЮСАИД) «Абырой және құқықтар» бағдарламасы шеңберінде 2016 жылы өткізілген I аймақтық өрістік бағалау кезеңі туралы есеп.

⁶ Ресей ІІМ көші-қон істері жөніндегі бас басқарма мәліметтері.

⁷ Орталық Азиядағы мигранттардың осалдығы және интеграциялау қажеттілігі: қайтарымды көші-қонның негізгі себептері мен әлеуметтік-экономикалық салдары. Орталық Азиядағы ХКҰ аймақтық өрістік бағалау. Астана. 2017. 68-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://kazakhstan.iom.int/publications>].

Біріншіден, Ресей Федерациясындағы экономикалық дағдарыс 2014–2015 жылдары ОА елдерінен бағытталған көші-қон үшін теріс салдарға ие болды. Өндірістің қысқаруы салдарынан еңбек мигранттарының жұмыспен қамтылу деңгейі төмендеді, өйткені олар ең алдымен жұмыстан шығып қалды. Рубльдің құлдырауы салдарынан отанына ақша аудару көлемі біршама қысқарды: үлгілі бағалар бойынша құлдырау ауқымы 30% және 50% аралығындағы ауқымды құрайды. Ресейде жұмысынан айырылған еңбек мигранттарының бір бөлігі ОА елдеріне кете бастады.

Келесі бір маңызды фактордың бірі қабылдаушы мемлекеттің көші-қон саясаты болып табылады. Мәселен, 2014 жылы Ресей билігі заңдарды бұзған шетел азаматтарына келуге тыйым салуды енгізе отырып, заңсыз көші-қонға қарсы күресті күшейтті. ФКҚ мәліметі бойынша 2015–2016 жылдары 1,6 млн шетел азаматына ел аумағына кіруге тыйым салынған.

Үшінші фактор – патенттерді рәсімдеу шығынының өсуі. Мәселен, Ресей Федерациясында 2015 жылдан бастап үнемдеу мақсатында оны рәсімдеуді тоқтатқан еңбек мигранттарының саны артты. Осы себептен олардың бір бөлігі экономиканың бейресми секторына өтті.

Жоғарыда аталған факторлар Қазақстанға аймақтағы екінші тартылу орталығы ретінде Орталық Азия елдерінен Ресей Федерациясына кіруге тыйым салынған және баруға балама ел іздеп жүрген бірнеше жүз мыңдаған мигранттың, сондай-ақ Ресей Федерациясында жұмыс күшінің қысқаруы салдарынан елге оралуы мүмкін мыңдаған өз азаматының қайтарымды көші-қонына дайын болуы қажеттігін көрсетеді.

Еңбек бойынша қайтарымды көші-қон. Әдетте, отанына оралу туралы шешімді мигрант артықшылықтар мен шығындарды шынайы бағалау негізінде қабылдайды. Көп жағдайда уақытша көші-қон тұрақты бола түсуде. Көші-қон барысында тұрақты табыс тауып, тұрмыс жағдайы жақсара бастаған өзге ел азаматтары ресейлік және басқа мемлекеттің азаматтығын ала бастайды. 2017 жылы ақпан-наурыз айларында Жоғары экономика мектебі Ұлттық зерттеу университеті (ЖЭМ ҰЗУ) жүргізген зерттеуге сәйкес, сауалнамаға қатысқан респонденттердің төрттен бір бөлігі Ресей азаматтығын алғысы келеді, ал 20%-дан астамы осы азаматтықпен өз елінде тұруды қалайды екен (3.2.2-кесте). Ресейліктер үшін мардымсыз болып көрінетін зейнетақы, бала тууға төленетін жәрдемақы, ана капиталы секілді бонустар бұрынғы КСРО республикаларының азаматтарына қомақты болып табылады.

3.2.2-кесте. ОА мигранттарының РФ-та тұруға қатысты жоспарлары (%)⁸

Шығу елі	Ресей Федерациясында мәңгілікке қалу	Ресей Федерациясы мен келген елі арасында үнемі жүріп-тұру	Бір-екі жылдай жұмыс істеп, келген жағына қайтып келу	Табыс тапқан соң бірнеше айдан кейін келген жағына қайтып келу	Ресей Федерациясында біраз тұрған соң басқа елге көшу	Басқа немесе жауап жоқ
Қазақстан	65,5	8,6	7,8	3,5	3,9	10,5
Тәжікстан	35,2	24,7	21	11,1	1,1	6,9
Қырғызстан	24,8	28,2	25,8	13,3	0,8	7,2
Өзбекстан	19,9	27,6	27,2	18,5	0,9	6

⁸ Табиғатынан мигрант. Енді Ресейге жұмыс істеуге кімдер барады. Коммерсантъ. 12.08.2017. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.kommersant.ru/doc/3380376].

Зерттеулерге сәйкес мигранттардың жартысынан көбі Ресей Федерациясынан өз еліне қайтып келуді қалайды. Кедейшілік пен жұмыссыздық жайлаған уақытта қайта еліне келген мигранттар еңбек нарығына қосымша салмақ салады, бұл әсіресе 2014–2015 жылдардан кейін байқала бастады. Қайтып келген мигранттардың ортаға бейімделіп, қайта ықпалдасуы жөніндегі бағдарламалардың, осы тұрғыда жергілікті еңбек нарығының дамуы жөніндегі шаралардың жоқтығы шындығында үлкен олқылық болып отыр. Мигранттардың осындай жағдайларда еліне оралуы әрі қарай кедейдің күнін кешіп, жұмыссыздықтың тауқыметін кеше беретінін көрсетеді.

ОА елдеріне қайта оралатын мигранттар кездесетін негізгі проблемалар:

1. *Жұмысқа орналастыру.* Мигранттар жұмыс іздеуге 4–5 ай шамасында уақыт кететінін, ал миграцияда бұған 3 күннен бір аптаға дейін уақыт кететінін айтады. Тағы бір қиындық – еңбекақының күтілетін деңгейі. Аймақ елдерінде жақсы төленетін жұмыс табу қиын, мигранттардың өз сөзіне қарағанда, олар осы жерде істеген дәл сол жұмысқа миграцияда айтарлықтай көп алады. Бұған қоса, мигранттар еліне келгенде дене еңбегін қажет етпейтін мамандық бойынша жұмыс табуға үміттенеді.
2. *Материалдық жағдай.* Миграциядағы жұмыс баспана жағдайын, жалпы әлеуметтік мәртебесін арттыруға мүмкіндік береді. Көп жағдайда мигрант еліне келгеннен кейін отбасының материалдық жағдайы нашарлайды. Тұрақты жақсы жалақысы бар жұмыстың болмауы психологиялық жағынан теріс әсер етеді, ал материалдық жағдайдың нашарлауы кері оралған мигранттардың басқа елге қайта кету пиғылына себеп болады.
3. *Мәдени бейімделудегі қиындықтар, әлеуметтік көңіл-күй.*
4. *Отбасында жұбайлар, туыстар арасындағы қарым-қатынастың нашарлауы, балаларға жеткілікті көңіл бөлінбеу және т.б.*⁹

С. Тиеме зерттеуіне сәйкес Ресей Федерациясы мен Қырғызстаннан келген еңбек мигранттары өз туған жеріне емес, ірі қалаларға оралуға бейім, бұл ішкі көші-қон ағымдарынан байқалады. Әрине бұл оқыту және емдеу секілді салаларда білікті мамандардың азаюына, «сырғымалы» миграция және т.б. қосқанда, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен дамуына кері әсер етеді. Әртүрлі жастағы адамдар әртүрлі қайтып келу аймақтарын қалайды. Егде жастағы адамдар өз шаңырағына, туған ауылына оралуды қаласа, жастар болашағын қаламен байланыстырады. Көп жағдайда мигранттардың оралуы миграцияның жаңа бір буынына немесе ағымдық циклдың жалғасуына әкеледі.

Кері оралушы мигранттардың басым бөлігі жұмыс орындары жоқтығынан, мардымсыз еңбекақы, экономикалық жағдайдың нашарлығы, өмір сүру жағдайының нашарлығы, инфрақұрылымның нашар дамығаны және т.б. себептерге байланысты ауылдық жерлерге қайтқысы келмейді. Ауылдық жерлерге қайтып келген мигранттардың аздаған бөлігі – мал шаруашылығына инвестиция салуға жеткілікті қаражаты барлар. Қайтып келген мигранттардың тағы бір тобы отанында экономиканың дамуына соншалықты үлес қоса қоймайды, себебі олар

⁹ Қырғыз Республикасының азаматтары – еңбек мигранттарын елге оралғаннан кейін әлеуметтік оңалту жағдайы мен шарттары. Талдамалық баяндама. Бішкек: ОААУ әлеуметтік зерттеулер орталығы. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://auca.kg/uploads/Migration_Database/Social%20rehabilitation%20of%20migrants%20after%20return,%20rus.pdf].

денсаулығының сыр беруіне, заңмен, отбасымен проблемалар туындауына байланысты келген не болмаса депортациялануына байланысты оралуға мәжбүр болғандар.¹⁰

3.2.1-мысал. Әлеуетті қайта оралушы мигранттың отанында ортаға қайта ықпалдасуының ықтимал қиындықтары

Азамат 29 жаста, АҚШ-тың Чикаго қаласында тұрады. Ол Бішкек жоғары оқу орнында үшінші курста оқып жүрген кезде АҚШ еліне 2011 жылы Work&Travel бағдарламасымен кеткен. Ол жартылай реттелген мәртебеге ие, алыс жолға қатынайтын жүргізуші болып жұмыс істейді. 2011 жылы Азамат бағдарлама аяқталған соң «АҚШ-та бір-екі жыл жұмыс істеп, ақша жинап, Қырғызстанға оралуды» жоспарлаған. Бірақ жыл өткен сайын ол тағы ақша жинайын деген үмітпен елге қайтып келуді кейінгі шегере берген. 8 жылдан кейін оның елге оралуға деген қалауы басылған, оның бір себебі қоғамға қайта ықпалдасу қиындық туғызады деген үрей: «Мәселен, мен келдім делік. Ол жақта кім болып жұмыс істеймін? Жоғары оқу орнын аяқтамадым, диплом алмадым, 30 жасқа келіп 18 жастағылармен оқимын ба? Сонда қалай ақша табамын? Тіпті диплом алсам да, маған еңбек жолымды басынан бастауға тура келеді. Менің қатарластарым кассир, маман сатыларынан баяғыда өтіп кеткен, ал мен өзімнен жасы кішілермен жұмыс істеймін, мұнымен қоса өзімнен кішілер маған бастық болады, себебі олар еңбек жолын ерте бастады емес пе. Мен елге оралу мүмкіндігін жіберіп алдым».

Қазіргі уақытта *Тәжікстан* үшін қайтарымды миграцияның негізгі түрі маусымдық еңбек көші-қоны. Еңбек көші-қоны, соңғы жылдары – қайтарымды көші-қон және қайта оралған мигранттарды ортаға қайта бейімдеу мәселелері Үкіметаралық комиссияның және ТР мен Қазақстан және Ресей Федерациясы сынды әріптес елдер арасындағы әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жұмыс топтарының отырыстарында ұдайы талқыланады, дегенмен қол қойылған ресми құжаттар әрдайым еңбек көші-қонының өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік туғызбайды.

Қайтарымды көші-қон мәселелері жөніндегі Инновациялық даму орталығының зерттеу нәтижелері көрсеткендей, еңбек миграциясынан оралудың басты себептері амалсыз кері қайтып келуге әкеп соқтыратын осы немесе басқа да бұзушылықтар – 42%. Респонденттердің 23%-ына Ресей Федерациясында табыстың күрт төмендеуіне және жұмыс істеу үнемділік жағынан тиімсіз болуына әкеп соқтырған дағдарыстық құбылыстар кері әсер еткен. Сонымен қатар, 15%-ға жуық адам жеке себептермен оралған (еңбек демалыс, той-томалақ, отбасылық жағдай). Хатлон облысында экономикалық себептермен, ал Душанбе мен Согди облысында – 37%-дан – келуге тыйым салуға байланысты еліне оралған. Бұл Таулы-Бадахшан автономды облысының респонденттерінің 68%-ы үшін де басты себеп болған.¹¹

Еңбек мигранттарының осалдығының тағы бір басты себебі – құқықтық білімнің болмауы. Көп жағдайда бұл құқық бұзушылыққа әкелу салдарынан олар ел аумағынан шеттетіледі. Депортацияланғандардың тек 60%-ы шеттетілу себебін біледі. Дегенмен, Хатлон облысының

¹⁰ Тиеме С. Қайда ораламыз? Ішкі және сыртқы еңбек көші-қон жағдайларындағы ауылдық және қалалық өзара қарым-қатынас. Талдамалы жазбахат. ОААУ әлеуметтік зерттеулер орталығы. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://auca.kg/uploads/Migration_Database/Susan_rus.pdf].

¹¹ Тәжікстан Республикасының қайта оралған еңбек мигранттарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын талдау. «Инновациялық даму орталығы» қоғамдық ұйым зерттеулерінің нәтижелері. Душанбе, 2018. 12-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://mehnat.tj/nii/ru/2018/12/23/2018г-анализ-социально-экономических-проблем>].

респонденттері (92%) өздерінің депортациялану себебін жақсы білетінін, ал олардың 73%-ы сот шешімінің көшірмесін алғанын атап өткен жөн. Сауалнама қорытындысы бойынша, мигранттардың 42%-ы сот шешімінің көшірмесін алды. Ел аумағына кіруге тыйым салыну себебін білетіндердің 44%-ы тіркеуде жоқ және 52%-ы патентсіз жұмыс істеген.¹²

Тәжікстанның қайтарымды көші-қонды басқару мәселелерінде нормативтік-құқықтық базаны қабылдау тәжірибесі бар. Соңғы жылдары Тәжікстан Республикасындағы негізді проблемалардың бірі Ресей Федерациясына белгілі бір уақытқа кіруге тыйым салынған адамдарды жұмысқа орналастыру болып табылады. 2015 жылдың басында ТР Еңбек, көші-қон және жұмыспен қамту министрлігінің бұйрығымен РФ және басқа елдердің аумағына кіруге тыйым салынған еңбек мигранттарын жұмысқа орналастыру бағдарламасы қабылданып, бекітілді.

Экономикалық дағдарыс жағдайында ішкі және сыртқы еңбек нарығындағы осы жағдайды тұрақтандыру мақсатында экономикалық, әлеуметтік және институционалдық сипаттағы балама шараларды қабылдау қажеттігі туындады. ТР Үкіметі 2020 жылға дейінгі кезеңге Тәжікстан Республикасының мемлекеттік еңбек нарығын дамыту стратегиясын қабылдады,¹³ онда қайтарымды көші-қон ағымдарын реттеу ережелері мен тәртібі қамтылған. Мемлекеттік бағдарлама жұмыс орнын құруға, еңбек өнімділігін арттыруға, жұмыспен тиімді түрде қамтылу және халықты әлеуметтік қорғау деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Тәжірибе көрсеткендей, еліне қайта оралған еңбек мигранттарының негізгі бөлігі Ресей Федерациясынан келген (98%). Олардың басым бөлігі Ресей Федерациясының еуропалық бөлігінде еңбек еткен. Соңғы уақытта Қазақстаннан еліне қайтқан мигранттар пайда болуда – 2%-ға жуық. Сауалнамаға қатысқандар қатарында мигранттардың негізгі бөлігін құрайтындар 35–45 жастағылар – 46%, ал 18–29 жастағылар – 42%. Яғни, сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі – (88%) жастар және орта жастағы адамдар. 46 жастан жоғары – 12%.¹⁴

Өзбекстан еңбек мигранттарымен, оның ішінде Ресей Федерациясынан депортацияланған мигранттармен байланысты айтарлықтай проблемалар барын назарға алады. Өзбекстан СІМ Ресей Федерациясындағы Өзбекстан консулдығының штаттық кестесіне мигранттар жөніндегі атташе қызметін енгізді, ал Өзбекстан сыртқы еңбек көші-қоны жөніндегі агенттік РФ-та филиалдарын аша бастады.

Түрікменстанда қайта оралушы мигранттар жөнінде статистика жоқ. Көбінесе Түрікменстанда елге ерікті түрде оралуға назар аударылған. Қайта оралатын мигранттардың негізгі ағымын келесі санаттағылар құрайды: еңбек мигранттары, оның ішінде жоғары білікті мамандар; шетелде білім алғандар (білім алу бойынша қайтарымды көші-қон); сонымен қатар, шетелде отбасыларымен біріге алмаған тұлғалар (қайтарымды отбасылық көші-қон). Ерікті қайта оралу үрдісі жеке сипаттағы себептерге байланысты: еңбек шарты мерзімінің бітуі, оқу орнын аяқтау

¹² Тәжікстан Республикасының қайта оралған еңбек мигранттарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын талдау. «Инновациялық даму орталығы» қоғамдық ұйым зерттеулерінің нәтижелері. Душанбе, 2018. 13-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://mehnat.tj/nii/ru/2018/12/23/2018r-анализ-социально-экономических-проблем>].

¹³ Тәжікстан Республикасының 2020 жылға дейінгі мерзімге арналған Мемлекеттік еңбек нарығын дамыту стратегиясы (27.04.2015 жылғы №238 ред. ТР Үкімет қаулысы).

¹⁴ Тәжікстан Республикасының қайта оралған еңбек мигранттарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын талдау. «Инновациялық даму орталығы» қоғамдық ұйым зерттеулерінің нәтижелері. Душанбе, 2018. 16-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://mehnat.tj/nii/ru/2018/12/23/2018r-анализ-социально-экономических-проблем>].

және диплом алу, денсаулығының сыр беруі, некесін бұзу, балаларымен немесе туыстарымен проблема орын алуы және отбасымен қосылу қажеттігі.

РФ-та, Түркияда жүріп-тұру режимін бұзған кейбір еңбек мигранттары құжатталмаған мигранттарға айнала отырып, отанына, Түрікменстанға депортацияланады. Алайда бұл құбылыс жаппай сипатқа ие емес. Түрлі себептермен шетелде құлдық жағдайға ұшыраған адам саудасының құрбандарының кері оралуы байқалады.

Этникалық қайтарымды көші-қон. Әрбір елдің осы үрдіске қатысты өз ерекшелігі бар, алайда жалпы репатриация проблемалары моральдық және материалдық ауқымы мен маңыздылығы бойынша үш ғаламдық блоктан тұрады:

1. репатрианттарды өз тарихи отанына жеткізуді ұйымдастыру;
2. баспана, жұмыс орны және оқумен қамтамасыз ете отырып жергілікті жерлерге орналастыру және бейімдеу;
3. азаматтық құқығын беру немесе қалпына келтіру.

Бұл тұрғыда соңғы жылдарда және келешекте қайтарымды көші-қонның барынша маңызды бағыттары, мәселен, Қазақстан үшін мыналар болып табылады:

- біріншіден, мигранттардың этникалық тобының Қазақстаннан өз елдеріне оралуы: орыстар Ресей Федерациясына, тәжіктер Тәжікстанға кетті, ал бұрын – еврейлердің Израильге немесе немістердің Германияға этникалық эмиграциясы. Бұл үрдістердің Қазақстан үшін елеулі демографиялық және әлеуметтік-экономикалық салдары болды;
- екіншіден, этникалық қазақтарды («оралмандар») мемлекеттік деңгейде келешекте қазақ қоғамына біріктіру және бейімдеумен елге қайтып келуді ынталандыру. 1991 жылдан бастап келген этникалық репатрианттар саны 1 млн адамнан асты. Тәуелсіздік жылдарында келген оралмандардың демографиялық үлесінің арқасында теріс сальдо деңгейін 28%-ға төмендету мүмкін болды.¹⁵ Оралмандардың 74%-ы ТМД елдерінің тумалары болып табылады: Өзбекстан, Түрікменстан, Ресей Федерациясы. Тағы 26% алыс шетелдерден, оның ішінде Моңғолия мен Қытайдан келген.¹⁶ Қайтарымды ретінде де айқындалатын этникалық көші-қон жалпы көші-қон саясатын және елдің демографиялық дамуын айқындайтын Қазақстанның көші-қон саясатының маңызды бағыты болып табылады;
- үшіншіден, халықаралық донорлар мен Қазақстандағы ХККҰ миссиясы қолдау көрсететін қайтарымды көші-қон. Бұл бағыт ХККҰ миссиясымен жүзеге асырылатын Бельгия, Канада, Финляндия, Нидерланды, Норвегия, Португалия, Швеция, Түркия және Ұлыбритания елдерінің арнайы қайтып келу бағдарламасы бойынша Қазақстанда қайтып келуге және қайта ықпалдастыруға көмек көрсету бойынша қызметті қамтиды. Бұл қайтып келу түрін ХККҰ және әріптес елдер әзірлеген және Қазақстан жағдайында қайта оралудың өзге үлгілерін дамыту үшін жақсы негіз бола алады;

¹⁵ 2017 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің «2017–2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының тұжырымдамасын және 2017–2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысы.

¹⁶ Қазақстан Республикасының халқы. 2009 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық халық санағының қорытындысы. 1-том. Статистикалық жинақ. А.А. Смаиловтың редакциясымен. Астана. 2011. 242-б.

- төртіншіден, Қазақстанда қайтып келудің дамытуға болатын қатысты бағыты Орталық Азия елдері азаматтарының шығу еліне (Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан) қайтарымды еңбек көш-қоны болып табылады;
- бесіншіден, қайтарымды көші-қонның әзірге лайықты түрде дами қоймаған тағы бір түрі – ол Қазақстанға уақытша келген транзитті мигранттардың отанына қайтып келуі. Алайда, мигранттардың бұл тобы барынша осал және теңестіру қиын. Транзиттік ел ретінде Қазақстанға мұндай жағдайларда лайықты қолдау көрсету айтарлықтай қиын, дегенмен мигранттардың бұл санатымен жұмыс жүргізу қажет.

Қырғызстанда қайта оралушы қырғыздарға, қайрылмандарға арналған отанына оралу және азаматтық алудың жеңілдетілген тәртіптемесі іске асырылады. Этникалық қырғыздардың иммиграциясы саласындағы мемлекеттік саясат «Тарихи отанына оралған этникалық қырғыздарға арналған мемлекеттік кепілдіктер туралы» ҚЗР Заңымен реттеледі. Заңда қайрылмандарға арналған қажетті өмір жағдайын құрудың құқықтық, әлеметтік және өзге негіздері көзделгенімен, іс жүзінде мұның жеткіліксіздігі анықталып, 2016 жылы ҚЗР Үкіметінің 2017–2022 жылдарға арналған «Қайрылман» бағдарламасы қабылданды.

Қайрылмандардың көпшілігі Өзбекстаннан, Тәжікстаннан және Қытайдан келеді, қайта оралған мигранттар негізінен Шу облысына, Бішкекке және елдің оңтүстік облыстарына қоныс тебеді. Қайрылмандар ағымына еңбекке қабілетті адамдар қатары басым, ал балалар мен егде тартқан адамдар үлесі болмашы ғана. Сонымен қатар әйелдер саны басым түсіп, гендерлік ассиметрия байқалады.¹⁷ 1995 жылдан бастап 50 мыңнан астам адам ҚЗР азаматтығын және «қайрылман» мәртебесін алды.

Этникалық өзбектердің тарихи отанына оралу үдерісі біркелкі өтпеді. Өзбекстанға 1990 жылдардың басында өзбектер белсенді түрде оралды – олар жалпы иммигранттардың 40%-ын құрады; 2000 жылдың басында бұл үрдіс бәсеңдеп, этникалық өзбектер үлесі иммигранттардың тек 17–19% құрады. 2010 жылдары бұл көрсеткіш қайтадан ұлғайып, жекелеген жылдары 35–40%-ға жетті.

Осылайша, ОА елдерінде қайтарымды көші-қонның бірнеше түрі дамыды: мәжбүрлеусіз ерікті түрде оралуы – еңбек және білім алушы мигранттарға тән; ерікті-мәжбүрлі оралу – мигранттардың елде жүріп-тұруға рұқсат мерзімінің аяқталуы, пана беруге бас тартылған немесе өзге де себептерге байланысты ел аумағында қала алмайды, сол себепті өз еркімен отанына оралу туралы шешім қабылдайды; еріксіз оралу, яғни қабылдаушы ел билігінің өкімімен депортациялау. Қазақстан мен Қырғызстанда қайтарымды көші-қон этникалық қырғыздар – «қайрылмандарды», этникалық қазақтар – «оралмандардың» елге қайтып келу мемлекеттік бағдарламасы арқасында жүзеге асырылады.

¹⁷ ХКҚҰ, «Қырғызстан – кеңейтілген көші-қон бағдары». Бішкек. 2018. 51–53-б.

Бақылау сұрақтары:

1. Қайтарымды көші-қон деп нені айтамыз? Қайтарымды көші-қонның қандай түрлерін білесіз?
2. Ерікті оралуға жатпайтын жағдайларды сипаттаңдар.
3. Еліңізде қайта келуші мигранттардың көп санын қабылдау қажеттілігі бар ма?
4. Еліңізде қайтарымды көші-қонның қандай салдары бар?
5. Қайтарымды көші-қонды реттеу шеңберінде еліңіздің үкіметі кімдермен ынтымақтастық жүргізеді?
6. Мигранттардың оралуын жүзеге асыратын мемлекеттердің, мигранттардың өздерінің, сондай-ақ мигранттардың шыққан елінің ортақ мүдделері қандай?
7. Мигранттардың оралу үрдісінің сенімділігі мен тиімділігін арттыру үшін қандай шаралар қабылдаған жөн?
8. Мәжбүрлі қайтарымды көші-қонның қандай түрлерін білесіздер? Оларға қысқаша сипаттама беріңіз және өз еліңіздің тәжірибесінен мысал келтіріңіз.

Практикум:

«Сіз – бұрынғы мигрантсыз» рөлдік ойыны.

Ойынның мақсаты: тыңдаушылардың тәжірибелерін пайдалана отырып, көші-қон себептерін, оралу себептерін, мигранттардың ықтимал проблемаларын және миграция мен оралу жағдайларын жақсарту үшін қажетті қадамдарды талдау.

Оқытушы аудиторияда бұрынғы еңбек мигранттары болған тыңдармандар бар-жоғын сұрайды. Егер сіз ОА аймағында болсаңыз, әдетте, тыңдармандар арасында көші-қон тәжірибесі бар адамдар міндетті түрде болады, егер жоқ болса, еріктілер мигранттың «рөлін ойнауды» сұраңыз. Содан кейін мұғалім біртіндеп сұрақтар қояды. Сұрақтардың тұжырымдалуы оқытушы мен аудиторияға байланысты болады. Кейбір жалпы сұрақтарға мысалдар келтірейік:

- Еңбек көші-қонында қанша уақыт болдыңыз?
- Жұмысты қаншалықты тез таптыңыз? Бұл жұмысыңыз мамандық бойынша болды ма?
- Үйге оралғанда жұмысты қаншалықты тез таптыңыз?
- Еңбек көші-қонынан алған оң тәжірибеңіз қандай? Осы тәжірибеңізді пайдаланасыз ба?
- Еңбек көші-қонында жүргенде қандай қиындықтарға кезіктіңіз?
- Елге оралғанда қандай қиындықтарға тап болдыңыз? (Көші-қонда біршама ұзақ болғандар мен азырақ мерзімде болғандардың жауаптарында айырмашылық болатынына назар аударыңыз.).

Міндетті әдебиет:

1. Тәжікстан Республикасының қайта оралған еңбек мигранттарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын талдау. «Инновациялық даму орталығы» қоғамдық ұйым зерттеулерінің нәтижелері. Душанбе: 2018. 69-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://mehnat.tj/nii/ru/2018/12/23/2018г-анализ-социально-экономических-проблем>].
2. Орталық Азиядағы сын-тегеуріндер және қайтарымды көші-қон: тәуекелдерді талдау 2017. Алматы: ХКҚҰ-Қазақстан. 2017. 68-б.
3. Көші-қонды басқару негіздері. Басқарушы лауазымды тұлғалар мен практиктерге арналған оқу құралы. ХКҚҰ. 2006.
4. С.Тиеме. Қайда оралу керек? Ішкі және сыртқы еңбек көші-қон жағдайларындағы ауылдық және қалалық өзара қарым-қатынас. Талдамалы жазбахат. ОААУ Әлеуметтік зерттеулер орталығы. Бішкек. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://auca.kg/uploads/Migration_Database/Susan_rus.pdf].
5. Орталық Азияда мигранттардың осалдығы және біріктіру қажеттілігі: мигранттар мен қауымдастықтардың қажеттіліктерін бағалау және тәуекелді басқару. Астана: ХКҰ. 2017. 48-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://bit.ly/3c4OsoA>].

Қосымша әдебиет:

1. С. Абашин. Орталық Азиядан бағытталған көші-қон: Тәжірибелер, жергілікті қоғамдастықтар, транснационализм. Ресейдегі құқық және саясат. 51-том. №3. Мамыр-маусым 2013. 6–20-б.
2. М. Азимова, М. Махмадбеков, У. Раимдодов және басқалар. Тәжікстан Республикасындағы әлеуметтік-еңбек қатынасы құрылымындағы еңбек көші-қоны. Душанбе: 2016. 163-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.rtsu.tj/upload/files/data3/Монография_ТРУДОВАЯ%20МИГРАЦИЯ.pdf].
3. И.Б. Бритвина. Мигранттар әлеуметтік жұмыс объектісі ретінде: Оқу құралы. Қорған: Қорған мемлекеттік университет баспасы. 2012. 248-б.
4. Д.З. Икромов. Орталық Азия елдерінің халықаралық еңбек көші-қонының Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы: экон. ғылым.канд. ғыл. дәр. алуға диссер.: 08.00.14. Санкт-Петербург. 2017. 207-б.
5. ХКҚҰ, «Қырғызстан – кеңейтілген көші-қон бағдары». Бішкек, 2018. 152-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://iom.kg/wp-content/uploads/2011/07/Migration-Profile-2018-in-Russian.pdf>].
6. Табиғатынан мигрант. Енді Ресейге жұмыс істеуге кімдер барады. Коммерсантъ. 12.08.2017 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.kommersant.ru/doc/3380376].
7. В.И. Мукомель. Тәжікстанды дамыту жөніндегі әріптес-диаспора. Душанбе. 2014. 147-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://www.iom.tj/files/ru_Diaspora_research_tajikistan.pdf].

8. Тәжікстан Республикасындағы еңбек нарығы. Душанбе: ТР Президенті жанындағы Статистика жөніндегі агенттік. 2015. 128-б.
9. Көші-қон саласындағы терминология бойынша анықтамалық. 2-ші басылым. ХКҚҰ. 2011. 98-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://publications.iom.int/system/files/pdf/iml_2_rus.pdf]
10. Тәжікстан: үй шаруашылықтарының сатып алу қабілетінің күрт төмендеуі аясында экономикалық өсім қарқынының бірқалыпты баяулауы. Тәжікстанның экономикалық дамуы туралы баяндама. Душанбе: 2015. № 2. 30-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.vsemirnyjbank.org/ru/country/tajikistan/publication/economic-update-fall-2015.print]
11. А.Р. Тошов. Тәжікстан Республикасының экономиканы түрлендіру жағдайында халықты жұмыспен қамту және еңбек көші-қоны: экон.ғылым. канд. ғыл. дәр. алуға арналған дисс.: 08.00.14. М. 2015. 158-б.
12. А.С. Чернов. Еңбек көші-қонының аймақтық еңбек нарығына ықпалы. ММТУ Жаршысы. Т. 15. № 1. 2012. 245–249-б.
13. А.Чобанян. Қайтарымды көші-қон және қайта ықпалдастыру мәселелері: Армения. CARIM-East RR 2013/04. Florence: European University Institute. Robert Schuman Centre for Advanced Studies. 2013. 26-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://cadmus.eui.eu/bitstream/handle/1814/27864/CARIM-East_RR-2013-04.pdf?sequence=1&isAllowed=y]
14. Cassarino J.-P. Theorising Return Migration: The Conceptual Approach to Return Migrants Revisited. International Journal on Multicultural Societies, UNESCO. 2004. № 6 (2). 253–279-б.
15. Return Migration: Theory and Empirical Evidence from the UK. Christian Dustmann and Yoram Weiss. British Journal of Industrial Relations. 2 June 2007. 236–256-б.



Еңбек көші-қонына бара жатқан Тәжікстан азаматы Душанбе әуежайында ХКҚҰ-мен ұйымдастырылған мобильді зертханаларда медициналық тексеруден өтуде. Акция Халықаралық мигранттар күніне арналған.

Фото: ХКҚҰ Тәжікстан, 2017

3.3. Орталық Азия елдерінің аймақтық дамуындағы қайтарымды көші-қонның экономикалық және әлеуметтік-демографиялық үлесі мен әлеуеті

Мазмұны. ОА елдері мен қабылдаушы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуына мигранттардың қосатын үлесі. Қайтарымды мигранттардың халық санын, еңбек ресурстарын, халықтың кейбір әлеуметтік-демографиялық топтарын толықтыруға қосатын үлесі. ОА елдеріндегі жергілікті және аймақтық деңгейде қайтарымды мигранттар әлеуетін пайдалану. ОА елдерінде қайта оралған мигранттарды жұмыспен қамту салалары. ОА елдерінде қайтарымды мигранттардың кәсіпкерлік әлеуетін жүзеге асыру формасы. Қайта оралған мигранттар ашқан бизнес пен кәсіпорындардың түрлері. Қайта оралған мигранттар әкелген жаңа технологиялар. Қайта оралған мигранттар құрған немесе қайта оралған мигранттарға арнап құрылған инфрақұрылым нысандары. ОА елдеріндегі ақша жинақтары және олардың қайтарымды мигранттарды қайта ықпалдастырудағы рөлі.

БҰҰДБ және ЕАДБ талдамалық жазбахатында көрсетілгендей: «бүгінгі таңда еңбек көші-қоны мен олардың ақша аударымдарының әлемдегі ірі халықаралық ағымдары ТМД шеңберінде, РФ және ОА-ның аса бай емес мемлекеттері арасында орын алды».¹ 2000 жылдары қолайлы сыртқы жағдаят нәтижесінде экономика жылдам қарқынмен ұлғайды. Экономиканың тұрақты өсімін ұстап тұру үшін арзан еңбек ресурстары қажет болды. Ресейлік жұмыс берушілер айтарлықтай бюрократиялық және жемқорлық факторларға кезіге отырып, жергілікті қызметкерлерге жоғары еңбекақы төлей алмады. Ауыр жұмыс жағдайы мен мардымсыз еңбекақы жергілікті тұрғындарды экономиканың кейбір салаларынан сыртқа итерді. Бұл ресейлік экономиканы шетелдік жұмыс күшіне, ең алдымен Орталық Азия елдерінен бағытталған мигранттарға тәуелді етті. Әсіресе мұны құрылыстан айқын көруге болады.²

Ресей Федерациясы үшін еңбек мигранттарын негізгі тасымалдаушы ОА-ның үш мемлекеті: Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан. Ол елдердің еңбек көші-қоны негізінен біліктілігі төмен жұмысшылардан немесе білікті, бірақ экономиканың сұранысқа ие емес салаларында жалақысы аз жұмыс істеуге дайын мамандардан құралды. ОА елдерінің еңбек мигранттары РФ үшін тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды факторларының біріне және тығыз экономикалық өзара байланыстың негізіне айналды. 2017 жылы ресейлік бюджетке мигранттардан 160 млрд рубльден астам (2,8 млрд АҚШ долларына шамасында) қаржы түсті. Мәскеу бюджетін 2017 жылы мигранттар 15,7 млрд рубльге (277 млн АҚШ долларына) толықтырды. 2018 жылы қазан айында Мәскеу мэрі С.Собянин заңды еңбек мигранттарынан түсетін қала кірістері ұлғайғанын және жыл соңына қарай 16 млрд рубльден (245,2 млн АҚШ доллары) асатынын мәлімдеді.

¹ Орталық Азия елдеріндегі еңбек көші-қоны, ақша аударымдары және адами даму. Орталық Азия елдері үшін адамзатты дамыту жөніндегі талдамалық жазбахаттар сериясы. БҰҰ Даму бағдарламасы (БҰҰ ДБ) және Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ). Ыстамбұл: Еуропа мен ТМД елдеріне арналған БҰҰ ДБ аймақтық кеңсесі. 2015. 12-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: [www.undp.org/content/dam/rbec/docs/CAM&RHDpaper\(rus\)FINAL.pdf](http://www.undp.org/content/dam/rbec/docs/CAM&RHDpaper(rus)FINAL.pdf)].

² Д.З. Икромов. Орталық Азия елдерінің халықаралық еңбек көші-қонының РФ әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы: экон. ғыл. канд. ғыл. дәр. алуға диссер.: 08.00.14. – Санкт-Петербург, 2017. 5-б.

2014–2016 жылдары қаржылық-экономикалық дағдарыс Ресей Федерациясының көші-қон саясатының қатаңдауына әкеп соқтырды. Ресей Федерациясында ұлттық еңбек нарығын қорғау мақсатында тіпті болмашы әкімшілік заң бұзушылыққа барған шетел азаматтарының кіруіне тыйым салынды. Нәтижесінде жаңа бағыт – шыққан еліне, яғни ОА мемлекеттеріне еңбек мигранттарының қайтарымды көші-қоны қалыптасты.

Ресейден ОА елдеріне қайтарымды көші-қон басталғанға дейін жаппай еңбек көші-қонының көптеген оң аспектілері болды, оның ішінде еңбек нарығынан жүктеме деңгейі төмендеді, жұмыссыздық деңгейі азайды және осыған сәйкес мемлекеттің әлеуметтік жәрдемақыларға шығыны кеміді, жұмыссыздар қайта даярлықтан өтті, оларға арнап қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылды, олардың отбасыларына көмек көрсетілді; ұлттық экономикаға экономика өсімін ынталандырып, кедейлікті қысқартуға мүмкіндік беретін ақша аударымдары түсті.

Осының нәтижесінде, ОА елдерінің азаматтары РФ және өзге елдерде ұзақ уақыт жүріп-тұрады, аймақтың осы елдермен сауда-экономикалық байланысы тереңдеп, кеңі түскені байқалады, іскерлік байланыстар орнап, әртүрлі бірлескен кәсіпорындар ашылуға, тауар айналымы ұлғаюда. Қазіргі таңда ОА елдері үшін жұмыс күшінің экспорты жүз мыңдаған адамның материалдық жағдайын жақсартуға, қаражатын көбейтуге, көптеген әлеуметтік проблемаларын шешуге шынайы мүмкіндіктер береді.

Дүниежүзілік банктің халықаралық салыстыруларына сәйкес, Тәжікстан мен Қырғызстан Ішкі жалпы өнімдегі (ІЖӨ) ақша аударымдарының үлесі бойынша елдердің әлемдік рейтингінде сәйкесінше 47% және 29% көрсеткішпен бірінші және үшінші орынды иеленді. ОА елдеріне шетелдерден ақша аударымдарының көлемі 2013 жылы 12,9 млрд долларды құрап, өз шарықтау шегіне жетті. Сонан кейін Ресейде қаржылық-экономикалық дағдарыс салдарынан рубльдің құнсыздануы және еңбек мигранттарының елге қайтып келуі салдарынан ОА елдеріне ақша аударымдарының түсуі қысқарды. Соның нәтижесінде, ақша аударымдарының төменгі мөлшері 2016 жылы орын алды – 6,6 млрд доллар. Ресейден еңбек мигранттарының ақша аударымдары көбінесе Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан елдеріне жіберіледі (3.3.1-кесте). 2017 жылы ақша аударымдар сомасы дағдарыстан кейін қайта ұлғайды. Мәселен, Қырғызстанда ақша аударымдары көлемінің өсуі 2016 жылы байқалды, 2017 жылы аударымдар 2013 дағдарысқа дейінгі жылдан асып, 2,5 млрд долларды құрады. 2017 жылы ақша аударымдары көлемінің жаңа өсімі тіркелді – 7,9 млрд долларға дейін.


3.3.1-кесте. 2010–2017 жылдары ОА елдеріне ақша аударымдары, млн АҚШ доллары³

Елдер	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Қазақстан	226	180	178	207	229	194	275	355
Қырғызстан	1 266	1709	2 031	2 278	2 243	1 688	1 995	2 486
Тәжікстан	2 021	2 722	3 222	3 698	3 384	2 259	1 867	2 220
Түрікменстан	35	35	37	40	30	16	9	10
Өзбекстан	2 858	4 276	5 693	6 689	5 828	3 062	2 479	2 839
Барлығы	6 406	8 922	11 161	12 912	11 714	7 219	6 625	7 910

³ Көші-қон және ақша аударымдары, Дүниежүзілік банк (Migration and Remittances Fact book 2018, 3rd Edition, Washington DC, The World Bank), 2018, 149–238-б.

Еңбек мигранттарының ақша аударымдары шетелдік валютаның айтарлықтай көзі болып табылады. Еңбек мигранттарының табысы тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттырады, ОА елдерінің төлем балансын жақсартады. Еліне оралған мигранттар өзімен бірге қаражатын әкеледі. Бұл қаражат мөлшері жұмыс күшін экспортаушы елдің ұлттық кірісіне шынайы түсімдерді есептеу кезінде аударымдар сомасын екі еселеуге мүмкіндік береді.⁴ Мигранттардың ақша аударымдары отанына ішкі сұранысты арттырып, өндіріс пен жұмыспен қамтылу өсімін ынталандырады. Аударымдар есебінен бүкіл қоғамның болмаса да, оның кейбір бөлігінің өмір сүру деңгейі айтарлықтай артады.

3.3.1-б. 2010–2017 жылдары ОА елдеріне ақша аударымдары, млн АҚШ доллары⁵



Алайда, еңбек мигранттарының ақшалай аударымдары, өкінішке орай, ОА елдерінің экономикасын орта мерзімде дамытуда айтарлықтай рөл атқармайды. Еңбек көші-қоны есебінен жұмыссыздық азайып, ақша аударымдары есебінен қаржыландырылатын тұтынуға алынатын салық арқылы мемлекеттік бюджет толыққанда көп жағдайда ақша аударымдарының «әлеуметтік көмек әсері» қалыптасады. Мұнда көбінесе «қысқа ақша» атты әсері пайда болады. Еліне ерікті түрде оралған мигранттардың көпшілігінде шетелден кетерде еліне қайтып оралғанда өзіне, туыстарына және жақындарына қаржылай қолдау көрсету үшін тапқан және сақтаған біраз қаражаты болады. Шетелде жинақтаған қаржысы тиісті жағдайларда отанында шағын және орта кәсіпорын ашу үшін бастапқы капитал бола алады.

Ерікті түрде қайта оралу бағдарламасын жандандыру ОА елдері үшін маңызды мәнге ие, себебі кері оралған мигранттар ағынымен аймақтық даму алшақтығын, халықтың алшақ қоныстануын тегістеуге, кейбір елді мекендерде тұрғындар саны мен еңбек ресурстарын толықтыруға шынайы мүмкіндік туады. Мемлекеттік бағдарламалар және атқарушы органдардың бағдарламалары қайта келуші мигранттарды осындай аймақтарға бағыттап, ынталандырудың тетігін қамтуы тиіс, бұл жағдайда аймақтардағы тұрғындар санын ескере отырып аймақты көркейтуге

⁴ Тұрғындардың халықаралық көші-қоны: Ресей және қазіргі әлем. М., 1999. 69-б.

⁵ Көші-қон және ақша аударымдары, Дүниежүзілік банк (Migration and Remittances Fact book 2018. 3rd Edition. Washington DC. The World Bank.) 2018. 149–238-б.

бюджеттен қаржыландырумен байланыстыру керек, өйткені қайта оралған мигранттар өзінің туған қаласын, ауылын жаңғыртуға, мектеп сыныптарын толықтыруға көмектесуі мүмкін, сондай-ақ олардың шетелдік тәжірибесін ескеріп, оны мемлекеттің қолдауымен өз бизнесіне қолдануын ескеру қажет.

Көші-қон, жастар және гендерлік теңдік проблемаларын шешу әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық буыны үшін қажет және оларды ОА аймағында шешкен жөн, себебі бұл ОА елдері қосылған Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) жетудің басты шарттарының бірі болып табылады. Атап айтқанда, «Жиырма топ» ауыл жастарының қатысуымен қайта құру жөніндегі бастамада атап көрсетілгендей, ауыл жастары тұрақты даму үшін мүмкіндіктер құрылатын ауыл аймақтарын жандандырудың жетекші факторы бола алады.⁶

Қазақстанда кадрлар даярлау мен қысқа мерзімдік кәсіптік білім беруді қарастыратын 2017–2021 жылдарға арналған Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы жобаларында тегін кәсіптік-техникалық білім алу жағдайларын құру және алғашқы жұмыс мамандығын игеру қамтылған. Бұл жобаға оқуға түспей қалған, жұмыс іздеп жүрген, қиын жағдайға тап болған тұлғалар, аз қамтылған отбасы мүшелері, сондай-ақ қайтып келген мигранттар қатыса алады.⁷

Қайтарымды көші-қон ОА елдеріне капиталдың келуіне ықпал етеді. Мәселен, Ranking порталының мәліметі бойынша Қазақстанда соңғы жылдары шетелден ақша аударымдарының саны мен мөлшері артқан. Атап айтқанда, 2017 жылдың бірінші тоқсанында транзакциялар саны 311,6 мың, 2016 жылмен салыстырғанда өсім – 20%, немесе 51,6 мың операцияны құрайды. Ақшалай түрде аударымдар 56,2 млрд теңге, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 27%-ға артық. Ақша аударымының бір транзакцияға шаққандағы мөлшері 6%-ға, 180,5 мың теңгеге дейін ұлғайған.⁸

Қайтарымды көші-қон тұрғысынан алып қарағанда, Қырғызстанға ақша аударымдарының рөлін атап өту керек, ол 2018 жылы ІЖӨ шаққанда 40%-ға жуық болған. ҚЗР Ұлттық банкінің мәліметі бойынша 2016 жылы еңбек мигранттарынан түскен ақша аударымы 1 991,3 млн долларға, ал 2017 жылы 2 083,7 млн долларға жеткен. Бұл қаражатты үй шаруашылығының күнделікті тіршілігіне, іс-шараларға, балалардың оқуына, (елге оралу кепілі ретінде) жылжымайтын мүлік, мал сатып алуға жұмсалады. Жылжымайтын мүлік пен баспана, әдетте, қалалардан сатып алынады. Бұл мигранттардың жаңа әлеуметтік құбылысы – «көп жергіліктілікті» қалыптастырады.⁹ Еңбек көші-қонының оңтайлы аспектісі ҚЗР жұмыссыз азаматтарының шетелде жұмысқа орналасу мүмкіндігі болып табылады.

⁶ Орталық Азиядағы гендерлік теңдік, жастар және көші-қон: қажеттіліктен әрекетке. Еуропаға арналған ФАО аймақтық конференциясы. 31-сессия (16–18 мамыр 2018 жыл, Воронеж, Ресей Федерациясы).

⁷ «Бәрі үшін тегін ТжКБ» жобасы туралы мәлімет [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://cmonitor.kz/33298-ob-izmeneniyah-v-programme-besplatnoe-tipo-dlya-vseh-rasskazal-ministr-obrazovaniya.html>].

⁸ Қазақстан: Сыртқы экономикалық байланыстар және саясат// Көші-қон. № 255–256. 29.03.2018 [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://ranking.kz/ru/a/infovody/kazahstancy-stali-chashe-poluchat-dengi-iz-za-rubezha-v-1-kvartale-2017-kolichestvo-tranzakcij-vyroslo-pochti-na-20-obem-denezhnyh-perevodov-v-rk-uvlichilsya-na-27>].

⁹ С. Тиеме. Қайда оралу керек? Ішкі және сыртқы еңбек көші-қон жағдайларындағы ауылдық және қалалық өзара қарым-қатынас. Талдамалы жазбахат. ОААУ әлеуметтік зерттеулер орталығы. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://auca.kg/uploads/Migration_Database/Susan_rus.pdf].

3.3.1-мысал. Кыргызстанның Баткен облысы Лейлек ауданындағы ақша аударымдарының жағдайы.

24 жастағы Алтынай егер ата-анасы Ресейден ақша жіберуді доғарса не істейтінін білмейді. Айына тек осы 20 мың сом оған өмір сүруге көмектеседі. Алтынай 3 жылдан бері зейнетақысы ештеңеге татымайтын әжесімен бірге тұрады. Қыздың айтуынша, Баткен облысы Лейлек ауданына қарасты ауылының тұрғындары үнемі шетелге табыс іздеп кетеді екен: онда жұмыс орны тапшы, жаңа кәсіпорындар ашылмайды, көпшілігі аз еңбекақыға мемлекеттік органдарда жұмыс істейді. Лейлектегі көптеген отбасы мигранттардың ақшасына ғана өмір сүріп қоймай, несие алады, оны ақша аударымы есебінен өтейді: «Әрбір отбасының басында 2–3 шағын несие бар. Әдетте несиеңі той жасауға, үйдің жөндеу жұмыстарына, көлікке алады, кейде әуе билетін сатып алуға рәсімдейді, ал мұнда туыстары несиеңі жабады».¹⁰

Егер Қазақстанға түсетін ақша аударымдарын қарастырсақ, шетелде жұмыс істеп, елге ақша аударып жатқандар жақсы деңгейдегі білікті кадрлар (мәселен, инженерлер, экономистер және т.б.) екені жөнінде болжам келтіруге болады, бұл Қазақстан Республикасынан келген еңбек мигранттары құрамының ОА басқа елдерімен салыстырғанда біліктілігі жоғарырақ екенін сипаттайды.

Тәжікстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы еңбек мигранттарының ақша аударымдарының рөлі. 2010 жылы еңбек мигранттарынан елге 2,1 млрд доллар түсті. 2013 жылы – 4 млрд долларға жуық, бұл елдің ІЖӨ шаққанда шамамен 52% құрайды. Қазіргі кезде мигранттардың ақша аударымдары әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтаудың маңызды шарты болып табылады.¹¹ Алайда, соңғы жылдары ақша аударымдары қысқарған, мәселен, респонденттердің аударымдары Хатлон облысына 62%-ға, Душанбеге 47%-ға кеміген.¹²

Мигранттардың ақша жинақтары мен Түрікменстанға ақша аударымдарына баға беру қиын, себебі мағлұматтарды ұлттық институттар да, Дүниежүзілік банк те жарияламайды. РФ ОБ деректеріне сәйкес, 2013 жылы жеке тұлғалардың Ресей Федерациясынан Түрікменстанға шекарааралық операциялары 40 млн АҚШ долларын құрады, оның ішінде резидент емес жеке тұлғалар пайдасына – 19 млн АҚШ доллары. Түрікменстанға ақша аударымдарының жағдайын ОА өзге елдерімен салыстырғандағы түбегейлі айырмашылық транзакциялар санының айтарлықтай көп еместігінде.¹³

Өзбекстанға еңбек мигранттарының жеке ақша аударымдары 2013 жылы 6,7 млрд долларды немесе елдің ІЖӨ шаққанда 12%-ды құрады. 2014 жылдан бастап ақша аударымының деңгейі РФ экономикасының бәсеңдеуі себепті қысқара бастады. 2015 жылы ақша аударымының көлемі

¹⁰ Асыраудағы ел. Кыргыз Республикасы мигранттардың ақшасымен күнелтеді [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://kloop.kg/blog/2018/08/23/strana-na-izhdivenii-kyrgyzstan-vyzhivaet-na-dengi-migrantov-no-ne-umeet-ih-tratit/>].

¹¹ ТР қайта оралған еңбек мигранттарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын талдау. Душанбе, РБА және Хатлон облысындағы қайта оралған еңбек мигранттарының проблемаларын зерттеу. «Инновациялық даму орталығы» қоғамдық ұйым зерттеулерінің нәтижелері. – Душанбе. 2018. 36–б.

¹² ТР қайта оралған еңбек мигранттарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын талдау. Душанбе, РБА және Хатлон облысындағы қайта оралған еңбек мигранттарының проблемаларын зерттеу. «Инновациялық даму орталығы» қоғамдық ұйым зерттеулерінің нәтижелері. – Душанбе. 2018. 10–б.

¹³ С. Рязанцев. Ресей Федерациясының экономикасын дамытуда еңбек көші-қонының рөлі. – М., 2016. 41–42-б.

3,1 млрд (ІЖӨ шаққанда 4,7%), ал 2016 жылы 2,7 млрд АҚШ долларына дейін қысқарды.¹⁴ Іс жүзінде еңбек мигранттарынан Өзбекстанға түсетін валюта қаражаты ресми көздерде тіркелгенге қарағанда айтарлықтай көп, өйткені халықаралық және ұлттық қаржы жүйесімен қатар еңбек мигранттары ақшаны өздерімен бірге алып келеді.

Ақша аударымдарының көлемін анықтап, болжау өте қиын. Мигранттар шетелде көп болған сайын ақша аударымдары азайып, біртіндеп Отанымен байланысы үзіле бастайды. *Ақша аударымдарының көпшілік бөлігі ақша транзакцияларының операторлары арқылы түседі. Бұл ақшаның экономикалық даму үшін үлкен әлеуетке ие депозит түрінде ұстап қалу ықтималдығы бар банктік сектор арқылы аударылған ақшаға қарағанда оңай жұмсалатынын білдіреді.* Жалпы алғанда еңбек миграциясына кеткен адамдардың өмір сүру деңгейі мен сапа көрсеткіші барынша жоғары болды, олардың өмір сүру сапасының көрсеткіші олардың жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуінің маңызды деңгейін көрсетеді.

Ауқымы кең болуына қарамастан, ОА елдеріндегі еңбек көші-қоны әлі де әлеуметтік-экономикалық мәселелерді толық шеше алмай отыр. *Еңбек көші-қонының кеңінен таралуы әзірге аймақта әлеуметтік және адами капиталды жақсартуда айтарлықтай жетістіктерге әкелмеді.*

Мәселен, Тәжікстанда алған ақша негізінен азық-түлік және күнделікті қажет заттарды сатып алуға жұмсалған: балалардың оқуына 20%; қалғандары құрылыс, жөндеу жұмыстары және баспана, көлік және басқа нәрселер (23%) сатып алуға жұмсалған. Ақша аударымдары бизнесті дамытуға, кәсіпкерлікке емес, ағымдағы тұтыну саласына (тамақтану, тұрғын үй, кеңінен қолданыстағы тауарлар сатып алу, той-томалақ, жерлеу) жұмсалған. Өкінішке орай, жеке бизнесті ұйымдастыруға және дамытуға ақша аз қалады (тек 0,4%). Бұл мәліметтер ақша аударымы бизнесті дамытуға неге инвестицияланбайтынын түсіндіреді, себебі олар жеткіліксіз.¹⁵ ТР-да қоғамдық жобалар практикасы қолданысқа енген – онда кейбір елді мекендердің жергілікті инфрақұрылымын (су құбыры, газ құбыры, жолдар, қоғамдық орындар және басқалар) дамытуға қаржы салу қаралған.

Өзбекстанда ақша қаражаты негізінен ауылдық жерлерде отбасылардың шығынына және әлауқатын көтеруге жұмсалады. Дүниежүзілік банктің 2017 жылғы сауалнамасы көрсеткендей, өзбекстандық мигранттардың 39%-ы ақша аударымдарын өз отбасы мен туыстарының тамағын қамтамасыз етуге, 30% – үй салуға және жөндеу жұмыстарына, 7% – той өткізуге, 25% – басқа мақсаттарға, мұнымен қоса, балалардың білім алуына және адамзат капиталының дамуына қаржы салуға пайдаланған. *Басқа еңбектерде де көрсетілгендей, Өзбекстанда жұмысшы мигранттар қаражатын үй жағдайын жақсартуға жұмсайды, бұл отбасының әлеуметтік мәртебесінің өсімін айқындайды, бірақ бизнесті дамытуға аз жұмсалады, ақша аударымдарының көпшілік бөлігі «өнімсіз» шығынға пайдаланылады; тамаққа және үй шаруашылығына кететін шығыннан соң дәстүрлі той шығыны (той мен жерлеу рәсімі) маңыздылығы жағынан (жеті*

¹⁴ И.А. Седых. Халықаралық ақша аударымдар нарығы. М.: ЖЭМ ҰЗУ. 2016. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://dcenter.hse.ru/data/2017/01/31/1114338513/Рынок%20международных%20денежных%20переводов%202016.pdf>].

¹⁵ ТР қайта оралған еңбек мигранттарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын талдау. Душанбе, РБА және Хатлон облысындағы қайта оралған еңбек мигранттарының проблемаларын зерттеу. «Инновациялық даму орталығы» қоғамдық ұйым зерттеулерінің нәтижелері. – Душанбе. 2018. 38-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://mehnat.tj/nii/ru/2018/12/23/2018r-анализ-социально-экономических-проблем>].

санаттан) үшінші санатты құрайды; киімді, білімді, денсаулық пен борыштық міндеттемелерді қамтитын едәуір шығындар бойынша басқа да санаттар.

Жалпы ОА елдері үшін еңбек көші-қонның оң аспектілерінің бірі қайтарымды көші-қон жұмыс орындарын құру мүмкіндігін, еңбекақысы лайықты жұмыс табу мүмкіндігіне кепілдік бере отырып, урбандалуды ынталандырады, алайда бұл қала құрушы кәсіпорындар мен ұйымдары бар қалаларға тән. Мәселен, ҚР-да 2018 жылы республикалық маңызы бар тағы бір қала – Шымкент пайда болды.¹⁶ Қалаларды дамыту жергілікті тұрғындарға және қайтарымды мигранттарға жұмыс пен бизнесті дамытуға көп мүмкіндіктер табуға жол ашады. Отанында жұмыс істей алмайтын немесе еңбекақысы төмен секторларда жұмыс істейтін азаматтар көбінесе өз елінен гөрі шетелге барып, көбірек ақша табады. Осылайша, еңбек көші-қонының арқасында үй шаруашылығының табысы артып, мигранттарды жөнелтуші елдерде кедейлік деңгейі қысқарады. Бұл жағдайларда ОА елдері елдің әлеуметтік-экономикалық жағдай ерекшеліктері мен халықаралық ахуалды дамытуды, адам құқықтарының сақталу талаптарын, тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің және әлемдік қоғамдастықтың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, демография және көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты түзетуге мәжбүр. Мәселен, ҚР-да мемлекет стратегиясының басты мақсаттарының бірі – заңсыз көші-қоннан сақтау және иммигранттардың құқығы мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету. Осы орайда халықаралық-құқықтық доктрина және практика, сондай-ақ ұлттық құқықтық жүйені ескере отырып, тұрғындар көші-қонының және соған байланысты үрдістерді халықаралық-құқықтық реттеу проблемаларына кешенді зерттеулер мен жүйелі талдаудың ерекше маңыздылығы артуда.¹⁷

Елге мигранттардың ерікті түрде қайта келуіне мониторинг жүргізу барысында түрлі оралу себептері айқындалады, олардың негізгілеріне мыналарды жатқызуға болады: шетелде еңбек келісімшарттарының аяқталуы, белгілі жас мөлшеріне жету, өз тарихи отанына оралу ниеті, отбасымен қайта қауышу және отбасына оралу – ОА елдеріне әулет болып өмір сүру, көп балалы отбасылардың болуы, туыстармен етене араласу тән болып табылады.

Мигранттардың отанына мәжбүрлі немесе ерікті оралуы жағдайында қабылдаушы елдің мемлекеттік құрылымдары шетелде тұрып, жұмыс істеу тәжіибесі бар адамның өсу және қайта өзгеру факторын ескеру қажет. Сонымен қатар, оларды өз аймағын дамытуға экономикалық және әлеуметтік-демографиялық үлес қосуы үшін олардың кәсіби әлеуетін барынша қатыстыру керек. ОА-да қайта оралушы мигранттардың ресурстық әлеуетін қатыстыруда жетекші шет мемлекеттердің тәжіибесін пайдаланған жөн.

3.3.2-мысал. Еуропалық оралу және қайта ықпалдастыруға ықпал ету желісі.

Еуропалық қайта оралу және қайта ықпалдастыруға ықпал ету желісі (ERRIN) қайта оралу және қайта ықпалдасу жөніндегі жалпы бағдарлама ретінде белсенді қызмет етеді. Оны Нидерланды басшылығы және ЕО қаржылай қолдауымен бірнеше еуропалық әріптес мемлекет құрған. ERRIN

¹⁶ 2018 жылғы 9 маусымдағы ҚР Президентінің «Түркістан облысын құру туралы» Жарлығы [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=38448242].

¹⁷ Г.Т. Алаева Көші-қон құқығының қалыптасуы және дамуы. «Ғаламдану жағдайларында саяси-құқықтық реттеудің өзекті проблемалары» ХФПК материалдары (28.02.2014). – Алматы. «Тұран» Университеті. 243–247-б.

шеңберінде ерікті мигранттарға бірнеше көмек түрі көрсетіледі, оның ішінде елге келгенде көмек көрсету, кәсіби оқыту, жұмысқа тұруға немесе өз ісінің негізін қалауға көмектесу.¹⁸

Мигранттардың отанына, ОА елдеріне ерікті оралу бағдарламасын дамыту кезінде, оң тәжірибе пайдалану және оны аймақты дамытуға пайдаланудың тамаша мүмкіндігі бар. Мәселен, ЕАЭО ықпалдасу шеңберінде ОА елдерінде көші-қон үрдістері жандана түсті. Мигранттардың негізгі донорлары ретінде ТР, ӨР және Қырғыз Респубикасы, ал реципиент ретінде – РФ және Қазақстан Респубикасы саналады. Бұл үрдіске екі негізгі фактор әсер етеді: экономикалық және әлеуметтік-демографиялық.

Қайтарымды мигранттар үйлеріне жаңа біліммен, білікпен және тәжірибемен оралады. Әдетте еңбек мигранттары қолайлы, экономикалық және әлеуметтік-мәдени тұрғыдан дамыған елдерге барады. Инфрақұрылымы дамыған шетелдік ортада жүріп-тұру барысында мигранттар өздері үшін жаңа өмір сүру ортасымен танысады, қатты бәсекелестікке төтеп беру талпынысы оларға өзінің кәсіби дағдыларын немесе біліктілігін арттыруға, жаңа құзыреттікке ие болуына ықпал етеді. Мигранттар шет тілін білу деңгейін жақсарту, озық өнеркәсіп саласының әлемдік жетістіктеріне, оның ішінде IT-технологияларға, медицина, құрылыс, мейрамхана немесе қонақ үй бизнесі саласындағы қызметтер, тамақтану, күтім көрсету жөніндегі медбике қызметі, шаруашылық жүргізу әдістері және т.б. қол жеткізу мүмкіндігіне ие болады. Олардың еліне жаңа біліктіліктермен және біліммен оралуының, жаңа технологияларды меңгеруінің ОА донор елдерінің экономикасын дамыту үшін әлеуеті мол.

ТР үшін еңбек көші-қоны және шетелдік еңбек нарығы арқылы елдің көптеген белсенді азаматтарының өтуінің маңызды әлеуметтік жақсы жағы бар. Бұл оларға жаңаша жұмыс тәжірибесін жинақтауға, біліктілігін арттыруға және жаңа технологияларды меңгеруге, оралғаннан соң еңбек жағдайларына басқаша көзқараспен қарауға, еңбекақының жоғары деңгейіне үміткер болуға, барынша өр мансап құруға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда бұл ТР еңбек нарығындағы жағдайдың өзгеруіне оң әсер етеді.

Әлеуметтік-демографиялық фактор қабылдаушы елдердің адамзат ресурстарының сұранысқа ие болуынан көрінеді. Ресейде соңғы он жыл ішінде еңбекке жарамды азаматтар саны айтарлықтай қысқарды, халықтың қартаюы орын алуда, ҚР-да көші-қон бойынша күрт теріс сальдо байқалады, елден орыс тілді тұрғындардың кетуі жиілеуде. Донор елдерде, керісінше, туу саны әдеттегідей жоғары екені байқалады, көп балалы отбасылар қатары көп және еңбекке қабілетті адам ресурстары шамадан тыс артып отыр. Мәселен, ҚР үшін қайтарымды көш-қон демографиялық және еңбек ресурстарын толықтырады. Туу санының төмендеуі, өлім санының артуы және эмиграция ҚР-да 1990 жылдары демографиялық жағдайды нашарлатты. ҚР әлемде аумағының көлемі бойынша тоғызыншы орынды иеленеді. Елде қоныстанбаған және игерілмеген жерлер көп, сондай-ақ тұрғындар мен еңбек ресурстарының үлестірілімі біркелкі еместігі байқалады. Бұл жағдайда оралмандардың тарихи отанына оралуы ҚР демографиялық проблемаларын шешуге ықпал етеді.¹⁹ Тәуелсіздік жылдары 1 млн астам этникалық қазақ

¹⁸ Еуропалық қайта ықпалдастыру желісінің (ERRIN) мәліметі [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.returningfromgermany.de/ru/programmes/erin].

¹⁹ Шетелдегі қазақтар [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://e-history.kz/ru/scorm/course/414>].

өздігінен, сондай-ақ қоныстандыру жөніндегі мемлекеттік бағдарлама шеңберінде елге оралды.²⁰ Қоныс аударушылар халық санын арттырып қана қоймай, елдің еңбек әлеуетіне зор үлес қосады. Қоныс аударушылар арасында мәдениет, бизнес және ғылым өкілдері көп.²¹

Еңбек көші-қонының теріс жағының бірі ОА елдеріндегі демографиядағы теңгерімсіздік болып табылады. Мәселен, ТР-ның ортастатистикалық мигранты – 24–27 жастағы ер адам, үйленген, орта немесе орта арнайы білімі бар, көбінесе мамандықты керек ететін еңбекпен емес, қол күші жұмысымен шұғылданады, не болмаса жұмыссыз, тұрғын үй жағдайы айтарлықтай қанағаттандырылған, табыс деңгейі салыстырмалы түрде төмен, көбінесе шағын отбасында тұрады және туыстарымен, достарымен, көршілерімен, қоғаммен бірқалыпты қатынаста, РФ-да тұрақты тұру мүмкіндігімен ұзақ уақыт жұмыс істеп жүргендер. Бұл жағдай ТР демографиялық жағдайға айтарлықтай ықпал етеді – әйелі мен бала-шағасын тастап кету, отбасылардың ажырасуы, туу санының азаюы.

Соңғы жылдары ресми статистикаға сәйкес, еңбекке қабілетті 1 млн астам адам және ең алдымен, ер кісілер РФ-қа жұмыс істеуге кеткен, осыған байланысты еңбек көші-қон ауқымы демографиялық жағдайды қиындатады, осылайша ТР-да жалғасып отырған еңбек көші-қоны дәстүрлі тәжік отбасы институтының сақталуына қауіп келтіреді.

Мигранттар көші-қонның теріс жағы отбасынан алыста болу, балалар мен қарттарды күтіп-баптау мүмкіндігінің жоқтығы екенін айтады. Көші-қон салдарынан адамдардың біраз бөлігі бөлек тұрады, бұл айтарлықтай әлеуметтік шығындарға ұшыратады. Мәселен, ТР-дағы алаңдатарлық жағдай тұрақсыз некелердің көптігі, отбасылық қатынастардың бұзылуы және мигранттардың отбасыларының жиі ажырасуы болып отыр. Сонымен қатар, ТР құқық қорғау органдары ата-аналары шетелге ақша табуға кетіп, қараусыз қалған жасөспірімдер мен жастар арасында қылмыстың көбейгенін тіркеген. Осылайша, ТР еңбек эмиграциясының экономика үшін, демографиялық жағдай мен елдің әлеуметтік дамуы үшін салдары әрқилы.²²

*Көші-қонның Өзбекстан үшін де әлеуметтік-демографиялық теріс салдары болды. Ең алдымен – бұл жұмыс күшін жоғалту, бүгінгі таңда Өзбекстанның барлық еңбекке қабілетті тұрғындарының 10%-дан астамы еңбек көші-қонына тартылған, олардың 60–65%-ы Ресейде.*²³ Әдетте, басқа елге ақша табуға отбасының жас мүшелері – ер адамдар кетеді. Өзбек еңбек мигранттарының негізгі қызмет саласы: құрылыс (23%), бөлшек сауда (18%), қызмет көрсету және қоғамдық тамақтандыру саласы (19%), ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп орындары, транспорт.²⁴ Өзбекстанның еңбек мигранттары қауымдық және отбасылық байланыстың дәстүрлі мықтылығына байланысты негізінен қысқа мерзімдік және маусымдық жұмыстарды таңдайды. Қауымдық өмір салтын ұстанатын өзбек азаматтары еңбекқорлығымен, ішімдіктен

²⁰ Шетелдегі қазақ диаспорасы мәдениет саласында қолдауды қажет етеді [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.inform.kz/ru/kazahskoy-diaspore-za-rubezhom-nuzhna-podderzhka-v-sfere-kul-tury-talgat-mamashev_a3038836].

²¹ Шетелде неше қазақстандық тұрады? [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://diapazon.kz/news/16473-skolko-kazakhstancev-zhivet-za-rubezhom>].

²² Ш.Ю. Акрамов, З.К. Вазиров, А.Х.Рахмонов. ТР-дан РФ-ға бағытталған мигранттар: санын бағалау және әлеуметтік-экономикалық жағдай// Ғылыми шолу. 1-серия. Экономика және құқық. 2018. №3–4. 12-б.

²³ М.Б. Денисенко, О.С. Чудиновских. ТМД елдері арасындағы көші-қон. Демоскоп Weekly. № 533–534 (26.11.2012 – 9.12.2012) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.demoscope.ru/weekly/2012/0533/analit04.php].

²⁴ Л. Максакова. Өзбекстан Республикасы халықаралық көші-қон жүйесінде// Посткеңестік трансформация: көші-қондағы көрініс/ Ж.А. Зайончковская және Г.С. Витковскаяның редакциялауымен – М.: АдамантЪ. 2009. 323–349-б.

бойын алшақ ұстайтындығымен ерекшеленеді, алайда олар сенгіштігі мен аңғалдығынан кейде алаяқтық нысанына айналады.

ОА аймағының елдері атап айтқанда, әсіресе ішкі – ауылдан қалаға және сыртқы – елдер арасындағы көші-қон ағымдарын бастан өткеруде. Бұл негізінен ҚР, РФ және аймақтың өзге елдері мен оның тысқары жерлеріне маусымдық еңбек көші-қоны болып табылады. ОА елдеріндегі көші-қон ағымдарының көзі болып табылатын елдер ҚЗР, ТР және ӨР халық санының тез ұлғаюы, ауылдық жерлерде тұрғындардың жұмыс істемеуі секілді даму проблемасын бастан кешуде. Ауыл шаруашылығының жұмыспен қамту үшін жеткілікті мүмкіндіктермен қамтамасыз ете алмауы ауылдағы әйелдер мен ерлерді, әсіресе жастарды басқа жаққа кетуге итермелейді. Жастар болса өзіндік проблемалар мен тәуекелдік факторларына кезігеді, олардың кетуі демографиялық вакуумды қалыптастырып, елдің экономикалық дамуына кері әсерін тигізеді.

Шетелде жұмыс барысында мигранттар ақша тауып, өз отбасы мен туыстарына ақша аударуға мүмкіндік алады, соның нәтижесінде олардың табысы өсіп, өмір сүру деңгейі жақсарады, жергілікті экономикаға қаржы құйылады. Ақша түсімі, мүмкін тауар ресурстары есебінен мигранттар өз бизнесін ашу үшін бастапқы капитал жинақтай бастауы мүмкін. Көші-қон саясатын реттеу, отандастардың көші-қонын екіжақты келісім деңгейінде жүйелі және жоспарлы ұйымдастыру ел экономикасын валюталық қамтамасыз етуге де ықпал ететін болады. Бұл үрдісте ОА елдерінде несиелеу және көші-қонды басқару саласында аймақтық бағдарлама түрінде бастамаларды жүзеге асырушы ДБ Ұйымдар тобы маңызды реттеуші рөл атқарады. Олардың қатарында МирПАЛ (MiRPAL), мақсаты – ТМД елдерінің көші-қон және ақша аударымдары саласындағы мамандар мен практиктер қоғамдастығының қызметіне қолдау көрсету; КАРМП (CARMP), негізгі мақсаты – «еңбек көші-қонын реттеуді жетілдіру арқылы ОА-да кедейлік деңгейін қысқартуға, мигранттардың өмір сүру көздерін кеңейтуге, шетелге еңбек ресурстарын жөнелтуші елдерде де, қабылдаушы елдерде де әлеуметтік-экономикалық игіліктерді арттыруға жәрдемдесу».²⁵

ОА елдерінде экономиканың маңызды қозғаушы күші кәсіпкерлік және шағын бизнес болып табылады. Еңбек мигранттарының ақша аударымдары тұрғындардың бір бөлігінің осы әлеуетін жүзеге асырудың бастамасы болуда. Қайтарымды көші-қон ОА елдерінің кәсіпкерлікті және бизнесті дамыту жөніндегі экономикалық стратегиясымен айтарлықтай жақсы ұштасады. Мәселен, ҚР-да елді инновациялық кәсіпкерлік дамыту курсы өткізіледі, онда шағын кәсіпкерлікке басымдық беріледі. «Халық көші-қоны туралы» ҚР Заңы бизнес-иммиграцияны қолдайды, мұндай бизнес иммигранттар ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында келгендер қарастырылады, ал заңның жекелеген нормалары бизнес-иммигранттардың келуін және кіруге виза беруді реттейді, бизнес-иммигранттардың ҚР аумағында жүріп-тұруы және олардың кәсіпкерлік қызметпен айналысу жағдайларын көздейді, мұнда ҚР аумағына кіруге визаны ҚР СІМ және шетелдік мекемелері береді.

ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа арнаған үндеуінде кәсіпкерлік бастамаларды жүзеге асырудың қолайлы жағдайларын құру жөнінде міндеттер қойылды. Жұмыс істейтін қазақстандықтар үшін: олардың салықтық жүктемесін 10 есеге – 1%-ға дейін төмендету, шағын несие берумен жұмыспен қамтылған және

²⁵ Көші-қон және ақшалай аударымдар [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.vsemirnyjbank.org/ru/region/eca/brief/migration-and-remittances].

жұмыссыз тұрғындар арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жұмыс шеңберіндегі шағын несиелеуді кеңейту. 2017 жылы 32 млрд теңгеге 7200 шағын несие берілді.²⁶

Бұл саладағы маңызды қадамдардың бірі нәтижелі жұмыспен қамту жағдайларын құра отырып өздігінен жұмыс істейтіндердің және жұмыссыздардың табысын арттыру мақсатында 2017–2025 жылдарға арналған «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады.²⁷

ҚР-да жүргізіліп жатқан реформалар мен кәсіпкерлікте бағын сынап көргісі келетін, тәуекелге бел буған және өзі мен отбасының жарқын болашағы үшін жауапкершілік алатын адам үшін қолайлы бизнес-ахуал қалыптастыру әлеуетті қайтарымды мигранттар үшін көші-қон тартымдылығын арттыруға, мигранттардың ҚР-ға оралуына сөзсіз ықпал етеді. ҚР мемлекеттік ішкі саясаты еңбекке қабілетті халықтың өз-өзін жұмыспен қамтуына, салықтық артықшылықтар мен өз ісін, «стартап», қожалық шаруашылық, қызмет көрсету саласындағы түрлі шеберханалар, тіл мектептері, жаңа мамандықтар игеруге немесе біліктілікті арттыруға арналған оқыту курстары және т. б. дамыту үшін бастапқы капитал алуға мүмкіндік беретін шағын және орта бизнестің кәсіпкерлік белсенділігін қолдауға бағытталған. ҚР еңбек мигранттарымен жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында Көші-қон мәселелері жөніндегі құзырлы органның сот төрелігі саласына шетелдік жұмыскерлердің орталықтандырылған деректер қорын құру; еңбек мигранттарының бірыңғай деректер қорын құру міндеті қамтылған.²⁸

Зерттеулер көрсеткендей, қайтарымды көші-қон ҚЗР-да жұмыспен қамтудың жаңа түрін ынталандырады, ешқайда шықпаған жергілікті тұрғындармен салыстырғанда қайта оралған мигранттар көп жағдайда өз бетінше жұмыспен айналысады: бірақ қайта келуші мигранттар өздігінен жұмыс істеуді уақытша құбылыс («уақытша тұрақ») ретінде қарастырады. Егер қайта оралған мигрант миграцияға дейін өз бетінше жұмыс жасаған болса, еліне келгеннен кейін «өзіне» жұмыс істеу ықтималдығын таңдауы екіталай. Бұл құбылыстың жағымды жағы мигрант алған білімі мен біліктілігін ұтымды пайдалану жағын қарастыруымен, сондай-ақ кәсіпкерлік ортада қабілеті төмен өзіне жұмыс жасаушылар санының азаюымен байланысты.²⁹

3.3.3-мысал. Қырғызстанның Баткен облысындағы еңбек көші-қоны және жеке бизнес тәжірибесі

Баткен облысының Медер есімді тумасы Исфанда 5 жылдан бері әріптестерімен бірлесіп құрылыс материалдарын сату бизнесімен айналысады. Ол Ресейде 3 жыл жүк түсіруші және құрылысшы болып тапқан ақшадан да көп табады. «Мәскеуге амалсыз бардым: мұнда жұмыс болмады, анам қатты ауырды, інім бірінші топ мүгедегі», – деп еске алады Медер. РФ-те ол өз ісін ашуды армандаған («гастарбайтер болмау үшін»), сондықтан оның жіберген ақшасын ата-анасы

²⁶ ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа жолдауы [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://strategy2050.kz/ru/news/51108/?sphrase_id=13061223].

²⁷ Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік. 2017–2025 жылдарға арналған бағдарлама тұжырымдамасы: [қол жеткізу тәртіптемесі: <https://primeminister.kz/ru/documents/gosprograms/gosudarstvennaya-programma-razvitiya-produktivnoy-zanyatosti-i-massovogo-predprinimatelstva-na-2017-2021-gody-en-bek>].

²⁸ «Халық көші-қоны туралы» ҚР Заңы (өзгертулер мен толықтырулар 26.12.2018 шаққанда) [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://online.zakon.kz/document/>].

²⁹ Брук және басқалар. Қайтарымды көші-қон және өз-өзін жұмыспен қамту: Қырғызстан мәліметтері (Bruck T., Mahe C., Naude W. Return Migration and Self-employment: Evidence from Kyrgyzstan. IZA Institute of Labor Economics. Bonn.) 2018. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://ftp.iza.org/dp11332.pdf>].

жинақтай берген. Осы жинақ арқасында Медер өз бизнесін ашты. Бизнесін дамыта отырып, ол ақша табуға шетел асып жатқан жерлестерінің қатары көбейе түскеніне куә. «Елімізде жағдай оңала қоймағандықтан, көбісі сонда қалып қояды», – дейді Медер.³⁰

Қайтарымды көші-қонның инвестиция тарту және мигранттардың жеке кәсібін ашу, сондай-ақ ел экономикасына білікті мамандар тарту тұрғысынан алғанда Түрікменстан экономикасына қосатын үлесі зор. Мигранттар шет мемлекеттерде оқу және жұмыс істеу кезінде кейін еліне пайдасы тиетін мамандық, дағды және тәжірибе жинақтады. Олар елге оралғанда негізінен ұсақ бизнеспен айналысады, өз ісін ашуға, жеке коммерциялық құрылымдарда жұмысқа орналасуға артықшылық береді. Елде еш қиындықсыз тіркеу тәртібі, патент алу, салықтың жеңілдетілген режимі көзделген шағын бизнес туралы заңнаманы; ауыл шаруашылығында жеңілдікпен несие беру және т.б. қосқанда бірталай ынталандырушы факторлар бар.³¹ Қайтарымды мигрант³² тардың әлеуеті ауыл шаруашылығында белсенді түрде пайдаланылады, мәселен, өз бизнесін жүзеге асыру үшін кәсіпкерлерге (қызмет көрсету және ауылшаруашылық саласында) ауылшаруашылық және ауылшаруашылық емес мақсатта 99 жылға дейінгі мерзімге жер телімдері беріледі.

ӨР тәжірибесінде жұмысқа тұру қиыншылығын тартушы адамдардан өзге, еңбек көші-қонына кәсіпкерлер де қатысады. Кәсіпкерлік қызметке тартыла отырып, олар өз жеке бизнесіне бастапқы капитал жинақтауға талпынады. Қазіргі таңда Өзбекстан кәсіпкерлігінде өндіріске қатысы бар қызмет үлкен рөлге ие болуда, бұл инвестициялық капитал өсімімен және экономика саласына қосымша жұмыс күшін тартумен ұштасады. Зерттеулер көрсеткендей, кәсіпкерлік қызметке шетелде жұмыс істеген көптеген мигранттар қосылған. Еңбек мигранттарына жүргізілген сауалнамаға сәйкес, олардың 6–7% ғана тапқан ақшасын өндіріске және өз ісін ашуға салуды көздейді.³³ Мигранттар жинаған қаржысын өндірісті дамытуға салады, жаңа жұмыс орындарын құрады, басқа адамдарды жұмыспен және еңбекақымен қамтамасыз етеді, бұл республикада жұмыссыздық деңгейін төмендетуге және әл-ауқатын көтеруге ықпал ететін шынайы фактор болып табылады. Кейбір еңбек мигранттары тапқан ақшасын тұрғын үйді жөндеуге, жаңа үйлер салуға, пәтер сатып алуға жұмсаған, тағам өнімдеріне, тұрмыста кеңінен қолданылатын тауарларға, тұрғын үйге, білім алуға деген негізгі қажеттілікті белсенді түрде қанағаттандыра бастады, тауарлар импорты ұлғайды, бұл ӨР-да нарықтық сауда өсімін ынталандырды. Еңбек мигранттары айтарлықтай қаражатын шағын бизнес пен кәсіпкерлікті дамытуға салады: кейбір мигранттар немесе олардың туыстары шағын бизнесін ашты (наубайханалар, дәмханалар, дүкендер және т.б.). Сонымен қатар, қайтарымды еңбек мигранттары ӨР-на бизнес жүргізу бойынша жаңа технологиялар әкеледі, бұл кәсіпкерлікті және шағын бизнесті дамытуға серпін

³⁰ ҚР келген еңбек көші-қонының проблемалары мен қарама-қайшылықтары [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://kloop.kg/blog/2018/08/23/strana-na-izhdivenii-kyrgyzstan-vyzhivaet-na-dengi-migrantov-no-ne-umeet-ih-tratit/>].

³¹ Түрікменстанның 2004 жылғы 25 қазанда бекітілген (200-6), 2014 жылғы 1 наурыздағы №49-V және 2016 жылғы 15 қазандағы өзгертулер енгізілген Салық кодексі// Түрікменстан Президентінің актілер және Түрікменстан үкіметінің шешімдер жинағы. Ақпан 2015 жыл. №6. 3680-6.

³² Түрікменстан Президентінің 2013 жылғы 6 наурыздағы «Ауылшаруашылық өнім өндіруге қаржылық көмек көрсету туралы» қаулысы// Түрікменстан Президентінің және Түрікменстан үкіметінің актілер жинағы. 2013. №3. 2465-6.

³³ Л.П. Максакова. Өзбекстандағы көші-қон және еңбек нарығы// Орта Азия елдеріндегі көші-қон және еңбек нарығы. Аймақтық семинар материалдары (Ташкент, 11–12 қазан 2001 жыл)/ Максакованың редакциясымен. М. – Ташкент. 2002. 35-6.

береді, еңбек мигранттары өз ісін ашып, дамытуға да ақша жинақтайды. Осы мақсатта ӨР-да халықтың кәсіпкерлік әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдайлар құрылуда, жеңілдетілген салықтық жағдайлар жасалуда, осының бәрі еңбек мигранттарының отбасыларын өз бизнесін дамытуға ынталандырады. Мәселен, көптеген бастамалар жергілікті деңгейде – махалла комитеті деңгейінде шешіледі.

Қазіргі таңда Өзбекстанда кәсіпкерлік қызметті ырықтандыру бойынша үлкен жұмыс атқарылуда, бұл ақша аударымдарын түрлі инвестициялық жобаларға кеңінен тартуға және олардың инвестициялық әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Маңызды фактор – мигранттардың отбасыларына инвестициялау практикасын меңгеруге жәрдемдесу, өңірлерде ақша аударымдарының әлеуетін экономикаға инвестициялау үшін толығырақ және тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті және қолжетімді тетіктер құру: еңбек мигранттарының инвестициялық қызметін қолдау үшін банктік-қаржы жүйесін жандандыру, олардың қаржысын депозит салымдарына тартуға қызығушылығын арттыру, шағын несиелеу жүйесін дамыту, отбасылық бизнесті ұйымдастыруға бағытталған салықтық жеңілдіктер енгізу және инвестициялық үрдістерге қатысуға халықтың қызығушылығын арттыратын өзге де шаралар. 2018 жылдың 1 сәуіріне шаққанда Өзбекстанда диқандық және қожалық шаруашылықтарды есептегенде, жұмыс істеп тұрған шағын бизнес субъектілерінің саны 238,5 мыңды (2001 жылы тек 99,4 мыңды) құрады. Шағын бизнес субъектілерінің жалпы санының 8%-ын шағын кәсіпорындар және 92%-ын шағын фирмалар құрайды.

ОА мемлекеттері тұрғындардың кәсіпкерлік әлеуетін пайдалануы қажет. Еңбек мигранттарының отбасыларын өз ісіне қаржы салуға ынталандыратын жеңілдетілген салықтық жағдайлар құрған жөн. Шетелдегі еңбек көші-қоны ОА елдеріне экономиканы дамытудың жаңа үлгісіне көшуге мүмкіндік береді.

ХКҚҰ қызметкерлері мен еріктілері Душанбе әуежайында Халықаралық мигранттар күніне арналған ақпараттық-танымдық кампания аясында ақпараттық парақшалармен бөлісуде.

Фото: ХКҚҰ Тәжікстан, 2017



Бақылау сұрақтары:

1. Шетелде жұмыс істейтін мигранттар ОА елдерінің экономикасына қандай демографиялық және әлеуметтік-экономикалық үлес қосады?
2. Сіз тұратын аймақта немесе елді-мекенде қайта оралушы мигранттар қандай демографиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шеше алады?
3. Ұлттық және жергілікті дамуда ақша аударымдары қандай рөл атқарады?
4. Сіздің аймақта немесе елді-мекенде еңбек мигранттарының ақша аударымдарына не салынды? Мысалдар келтіріңіз.
5. ОА елдерінде қайта оралған мигранттардың әлеуетін жергілікті жерлерді дамытуға пайдалануға көмектесетін түрлі бағдарламаларды мысалға келтіріңіз. Сіздің көзқарасыңыз бойынша аймағыңызда қайсы бағдарламалар барынша тиімді және қолданылуы мүмкін?

Практикум:

«Еңбек көші-қонының әлеуметтік-экономикалық және демографиялық даму салдары» іскерлік ойыны.

I кезең: «Ой-талқы» топпен жұмыс. Аудиторияны 2 командаға бөлу қажет. Елді әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамыту үшін еңбек көші-қонының оң және теріс салдарына қатысты терминдер тізімін дайындау бойынша командалық жұмыс ұйымдастырылады (5–10 минут). Әр команда өз тізімін жасайды және түсіндіре отырып таныстырады.

II кезең: Терминдер тізімін саралау бойынша командалардағы жұмыс. Терминдерді маңыздылық деңгейі бойынша саралай отырып, барынша маңызды бесеуін таңдап, олар не үшін маңызды екенін айту қажет.

III кезең: SWOT-талдау. Аудитория 4 топқа бөлінеді. SWOT-талдау – процестің мықты және осал тұстарын, сондай-ақ үрдісті ұйымдастыру барысында мүмкіндіктер мен қауіп-қатерді талдау. Бірінші топ еңбек көші-қоны үрдісінің ел үшін мықты жақтарымен немесе артықшылықтарымен жұмыс істейді. Екінші топ еңбек көші-қоны үрдісін ұйымдастырудың осал тұстарын сипаттайды. Үшінші топ еңбек көші-қонының тиісті мүмкіндіктерін көрсетеді. Төртінші топ елдің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуына кері әсер ететін еңбек көші-қонының тәуекелдіктерін айқындайды.

IV кезең: Елді экономикалық және әлеуметтік дамытуда көші-қонның рөлі. Бұрын белгіленген 4 топпен жұмыс. SWOT-талдау мәліметтері негізінде «Неліктен бес?» құралының көмегімен еңбек көші-қонын реттеудің тиімді үрдісін ұйымдастыру қиындықтары анықталады: 1) Неліктен? Еңбек көші-қон үрдісін ұйымдастыру мәселелерінде тиімсіз шешімдер қабылданады; 2) Неліктен? Еңбек көші-қоны үрдісінде тәжірибе жетіспейді; 3) Неліктен? Біз еңбек көші-қонын ұйымдастыру жөніндегі шешімдер қабылдау кезінде қателесуге қорқамыз; 4) Неліктен? Еңбек көші-қонын нақты тұжырымдау және проблемаларын анықтау қиын; 5) Неліктен? Еңбек көші-қонын басқару мәселелеріндегі жағдайлар және келешек шешімдер талданбаған.

Қосымша ретінде топтарға сұрақтар беріледі: 1) Егер сізде болса «Неліктен?»; 2) Тағы нелер болады «Неліктен?»

Жұмыс қорытындысы бойынша топтар таныстырылым әзірлейді.

Негізгі әдебиет:

1. Д.К. Бекашев. Мәжбүрлі және еңбек көші-қонды халықтық-құқықтық реттеу. –М.: Анықтамалық, 2014. 392-б.
2. Т. Гаврилова. Халықаралық көші-қон және қазіргі қоғамдағы жұмыспен қамтылу. –М.: Әлем, 2012. 232-б.
3. Көші-қон және ұлттық мемлекет. –М.: ТСЗО, 2016. 216-б.
4. Орталық Азия елдеріндегі еңбек көші-қоны, ақша аударымдары және адами даму. Орталық Азия елдері үшін адамзатты дамыту жөніндегі талдамалық жазбахаттар сериясы. БҰҰ (ДББҰҰ) және Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ). – Ыстамбұл: Еуропа және ТМД елдері үшін ДББҰҰ аймақтық қызметтік кеңсе. 2015. 81-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: [www.undp.org/content/dam/rbec/docs/CAM&RHDpaper\(rus\)FINAL.pdf](http://www.undp.org/content/dam/rbec/docs/CAM&RHDpaper(rus)FINAL.pdf)].
5. Е. Ю. Садовская. XXI ғасырдың басында Орталық Азиядағы халықаралық еңбек көші-қоны (Қазақстан Республикасының мысалымен). – М.: Шығыс кітап (Шығыс-Батыс, Құмырсқа), 2013. 410-б.

Қосымша әдебиет:

1. Г.Т. Алаева Көші-қон құқығының қалыптасуы және дамуы. «Ғаламдану жағдайларында саяси-құқықтық реттеудің өзекті проблемалары» ХҒПК материалдары (28.02.2014). – Алматы. «Тұран» Университеті. 243–247 б.
2. Ш.Ю. Акрамов, З.К. Вазиров, А.Х.Рахмонов. ТР-дан РФ-ға бағытталған мигранттар: санын бағалау және әлеуметтік-экономикалық жағдай// Ғылыми шолу. 1-серия. Экономика және құқық. 2018. №3–4. 10–18 б.
3. Орталық Азиядағы гендерлік теңдік, жастар және көші-қон: қажеттіліктен әрекетке. Еуропа үшін Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының аймақтық конференциясы (ААҰ). 31-сессия (2018 жыл 16–18 мамыр, Воронеж, Ресей Федерациясы).
4. М.Б. Денисенко, О.С. Чудиновских. ТМД елдері арасындағы көші-қон. Демоскоп Weekly. № 533–534 (26.11.2012 – 9.12.2012) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.demoscope.ru/weekly/2012/0533/analit04.php].
5. Д.З. Икромов. Орталық Азия елдерінен халықаралық еңбек көші-қонының РФ әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы: экон. ғыл. канд. ғыл. дәр. алуға диссер.: 08.00.14. – Санкт-Петербург, 2017. 32-б.

6. Қазақстан: Сыртқы экономикалық байланыстар және саясат// Көші-қон. № 255–256. 29.03.2018 [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://ranking.kz/ru/a/infopovody/kazahstancy-stalichashe-poluchat-dengi-iz-za-rubezha-v-1-kvartale-2017-kolichestvo-tranzakcij-vyroslo-pochtina-20-obem-denezhnyh-perevodov-v-rk-uvlichilsya-na-27>].
7. Л.П. Максакова. Өзбекстандағы көші-қон және еңбек нарығы// Орта Азия елдеріндегі көші-қон және еңбек нарығы. Аймақтық семинар материалдары. Ташкент, 11–12 қазан 2001 ж. / Л.П. Максакованың редакциясымен –Мәскеу-Ташкент. 2002. 180-б.
8. Л. Максакова. Өзбекстан Республикасы халықаралық көші-қон жүйесінде// Посткеңестік трансформация: көші-қондағы көрініс/ Ж.А. Зайончковская және Г.С. Витковскаяның редакциялауымен – М.: АдамантЪ. 2009. 323–349-б.
9. 2013–2016 жылдары ТМД елдерінің ұлттық еңбек нарығы жағдайына мониторинг жүргізу. –М.: ТМД Мемлекетаралық статистикалық комитеті, 2017. 213-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.cisstat.com/rus/Monitoring_labour2013-2016.pdf].
10. В.И. Мукомель. Мигранттарды бейімдеу және қайта ықпалдастыру // 2000–2012 жылдары Ресейдегі көші-қон. Хрестоматия: 3 томдық. 1-т, 2-бөлім / РХІК КӘ; И.С. Ивановтың жалпы ред.; жауапты ред. Ж.А. Зайончковская. – М.: Арнайы кітап, 2013. 695-б.
11. С. Рязанцев. Ресей Федерациясының экономикасын дамытуда еңбек көші-қонының рөлі. – М. 2016. 40–49-б.
12. С. Рязанцев. Экономикалық дағдарыс жағдайында Орталық Азиядан Ресейге бағытталған еңбек көші-қоны. //Валдай жазбахаттары. №55. Тамыз 2016 ж. 58-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://ru.valdaiclub.com/files/22140>].
13. С. Тиеме. Қайда оралу керек? Ішкі және сыртқы еңбек көші-қон жағдайларындағы ауылдық және қалалық өзара қарым-қатынас. Талдамалы жазбахат. ОААУ Әлеуметтік зерттеулер орталығы [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://auca.kg/uploads/Migration_Database/Susan_rus.pdf].
14. Көші-қон және ақша аударымдары, Дүниежүзілік банк (Migration and Remittances Fact book 2018, 3rd Edition, Washington DC, The World Bank), 2018, 320-б.
15. Bruck T., Mahe C., Naude W. Return Migration and Self-employment: Evidence from Kyrgyzstan. IZA Institute of Labor Economics. Bonn. 2018. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://ftp.iza.org/dp11332.pdf>].

Бейнесюжеттер:

1. Ресейдегі еңбек мигранттарының проблемалары. Бар шындық [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.youtube.com/watch?v=pRhGK-0h-mw].
2. Ресейге мигранттар қажет пе? Мәскеу көшелеріндегі сауалнама [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.youtube.com/watch?v=ACCw2VeqVC8].
3. Нағыз алаяқтар, немесе Ресейде жұмыс беруші өзбек еңбек мигранттарын қалай алдады [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.podrobno.uz/cat/obchestvo/nastoyashchie-moshenniki-ili-kak-rab/].

3.4. Орталық Азия елдеріндегі қайтарымды мигранттарды бейімдеу және қайта ықпалдастыру мәселелері

Мазмұны. ОА елдеріндегі қайтарымды мигранттардың қайта ықпалдасуының әлеуметтік мәдени, діни және тілдік аспектілері. Қайта оралған мигранттардың денсаулық жағдайы. ОА елдерінде қайта оралған мигранттардың отбасыларының жағдайы, отбасы қатынасының үзілуі, балалар мен жасөспірімдердің ата-анасыз тәрбиелену проблемасы, ажырасқан отбасылардың проблемалары.

ОА елдерінде ерікті қайтып келу және қайта ықпалдастыру мигранттардың өздеріне, сондай-ақ ЕҚКҚЫК жүзеге асырудың барлық субъектілеріне тиімді көмек үшін маңызды көптеген аспектілерге ие. Бұл контексте отанына оралған мигранттардың ел өміріне араласуының әлеуметтік мәдени, діни және тілдік аспектілерін, сонымен бірге олардың денсаулық әлеуетін, отбасының ажырасу және балаларды тәрбиелеу проблемаларын бөліп көрсету қажет. Дәл осы аспектілер ОА елдерінен шыққан, Ресей Федерациясы мен Қазақстанда жүрген мигранттар үшін ел өміріне араласу, қайта ықпалдасу және бейімделу үрдісінде күрделі болып табылады.

Көшіп-қонушыларды біріктіру (интеграциялау) деп жергілікті ортаның қайта көшіп келушілерді жеке және топтық деңгейде қабылдау үрдісін айтамыз, мигранттар өздерінің мәдени сәйкестігін сақтай отырып, топқа және қабылдаушы орта үшін маңызды, сыртқы этникалық негізде қабылдаушы ортамен тұтас қоғамға бірігеді. ¹Көшіп-қонушыларды біріктірумен қоса, оларды бейімдеу және ортаға қайта ықпалдастыру маңызды.

Бейімдеуді екіжақты қарастыруға болады: ортаға бірігуінің алғашқы сатысы ретінде және мигранттардың, олардың қауымдастығының жергілікті тұрғындармен өзара байланыс стратегиясы ретінде. *Мигранттардың бейімделуі деп мигранттың өз нормативтік-құқықтық жүйесін (нормалар, салт-дәстүрлер және т.б.) сақтай отырып мигранттың жүріс-тұрысын қоғамда басым келетін нормалар, жаңа жерде тұрақты (уақытша) тұру және өзінің (жеке, отбасылық) қажеттіліктері мен мүдделер жүйесіне лайықтау үрдісі мен нәтижесін түсіну керек.*²

Мигрантты келген ортасына бейімдеу жағдайында мигрант өз тарихи отанында әлеуметтену барысында игерген салт-дәстүрлері, тәртіп ережелерін сақтай отырып жаңа ортаның құндылықтар мен нормалар жүйесін бойына сіңіруі жүзеге асуы мүмкін. Бейімдеу тетігін қалыптастыру негізі ретінде әлеуетті және шынайы мигранттардың сенімді өзара байланысы, олардың туыстық, достық, көршілес, жерлес, белгілі бір этника өкілі ретінде бір-бірін өзара тануымен байланысты өз айналасы; ортақ тарихи өткені, мәдениеті (көзқарас, наным-сенімі

¹ В.И. Мукомель. Мигранттардың бейімделуі және қайта араласуы. 2000–2012 жылдары Ресейдегі көші-қон. 3 томдық хрестоматия. 1-том, 2-тарау. ХЖРК ҮӘ. И.С. Ивановтың жалпы редакциясымен. Жауап. ред. Ж.А. Зайончковская. М.: Арнайы кітап. 2013. 695-б.

² Сонда, 695-б.

және т.б.) қарастырылады. Ресурстармен алмасу (мәліметтер, материалдық және материалдық емес игіліктер) осындай тетікті қолдау тәсілі болып табылады.

Мигранттарды *қайта ықпалдастыру* деп олар бұрын бір бөлігі болған жергілікті қауыммен *қайта араласуын түсінген жөн, бірақ бұл қауымдағы және мигранттардың өздеріндегі белгілі бір өзгерістердің орын алуы әлеуметтік, психологиялық, қаржылық, құқықтық, мәдени және өзге бейімдеулерді қосқанда бірқатар іс-шараларды қажет етеді.*

Еңбек мигранттарын қайта ықпалдастыру және оңалту саласында қалыптасқан белгілі бір халықаралық тәжірибені ОА елдеріне ұсынуға болады. Мигранттардың келешек еңбек жолын жүзеге асыруы және өз елінің экономикасын дамытуы үшін қоғамға толыққанды азамат ретінде оралуына бағытталған қызмет көрсетудің түрлі жолдары мен тетіктері бар. Филиппин елінің тәжірибесін оңтайлы мысалдардың бірі ретінде қарастыруға болады.

3.4.1- мысал. Филиппин елінде жұмысқа орналасуда жәрдемдесу нәтижесінде қайта келгендерді ортаға араластыру

Филиппинде, еңбек көші-қоны мәселелерімен айналысатын Еңбек және жұмыспен қамту министрлігі құрылымында мигранттар мен жұмыссыз азаматтарды қабылдау және қолдау көрсету бойынша департамент қызмет көрсетеді. Жыл сайын шағын және орта бизнесті дамыту, тиісті еңбекақымен жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында мемлекет бюджетінен қысқа мерзімдік несие түрінде кемінде 400 млн песо (шамамен 85 млн АҚШ доллары) қаржы бөлінеді. Бұл мәселенің тиімділігі мен нәтижелі айқын қызмет жыл сайын Филиппинде жұмыссыздық деңгейі 1%-ға төмендегенінен көруге болады және мұндай жетістік әлемдік сарапшылар тарапынан оң бағаға ие болды.

ЕҚҚҚЫК жүзеге асыру барысында қайта ықпалдастыру және бейімдеу проблемалары мигранттарды қабылдаушы ел үшін де, бұл мигранттар қайтып оралатын ел үшін де өзекті. ОА елдерінде ортаға бейімдеу және қайта ықпалдастыру проблемаларының түрлі өлшемі бар, бірақ біркелкі факторларды қамтиды: *әлеуметтік мәдени, діни және тілдік, психологиялық және құқықтық.* Мұнымен қоса, қайта ықпалдастыру және бейімдеу үрдістерінің қыр-сырын жөнелтуші ел немесе қабылдаушы елдердің сипаты айқындайды. Барлық тараптар мен елдер тиімді ынтымақтастық жүргізген кезде ғана ЕҚҚҚЫК ұтымды жүзеге асыруға болатынын түсіну маңызды. Мұнда мигранттардың барған елінде, оның ішінде Қазақстанда да, қабылдаушы елдер Қырғызстанда, Тәжікстанда, Түрікменстанда, Өзбекстанда да қайта ықпалдастыру және бейімдеу проблемаларына назар аудару қажет.

Қазақстан негізгі және баламалы мақсаттағы ел болып табылады, сондықтан бейімдеу және қайта ықпалдастыру проблемалары дәл осы тұрғыдан қаралады. Мәселен, Қазақстанда ішкі және сыртқы көші-қон үдерістерін реттейтін, көшіп-қонушының мәртебесін, олардың құқығы мен міндеттерін айқындайтын құқықтық база әзірленген. Көші-қон саласындағы қазір қолданыстағы заңдарды талдау барысы көрсеткендей, қайтарымды көші-қон негізінен мәртебесі реттелмеген еңбек мигранттарының мәжбүрлі қайтып келуіне қатысты қаралады. Мигранттарға осал жағдайларда ҚР ұлттық құқықтық актілерінің әрекеттері қолданылмайды. Ерікті түрде қайтып келу тарихи қандастардың оралуына және оңтүстік, халық тығыз орналасқан аудандардан елдің солтүстік аудандарына қоныстандыру бойынша ішкі миграцияға қатысты құқықтық нормаларда

ғана қамтылған: 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV ҚР «Халық көші-қоны туралы» Заңы, 1991 жылғы 20 желтоқсандағы №1017 ҚР «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңы, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік дамыту министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы №515 «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы және т.б.

Қазақстанға келген мигранттардың мәртебесінің реттелмеуі айтарлықтай кедергілер келтіреді. Виза режимінің болмауына және тіпті еңбек мигранттарының қызметін жүзеге асыруға арналған ұлттық режимге (Қырғызстан мигранттарына арналған) қарамастан, мигранттардың көпшілігі Қазақстанда алғашқы қажеттілік қызметтеріне (ең алдымен медициналық) қол жеткізу мүмкіндігінен айырылған, оның себебі олар заңсыз жолмен келеді және (немесе) еңбек қызметін құқықтық өріс аясынан тыс жүзеге асырады.

Қазақстан негізгі мақсаттағы мемлекет, алайда соңғы жылдары өте жиі балама немесе транзитті мақсаттағы да ел болуда. Бұған РФ иммиграциялық заңдарының өзгеруі себеп болды – әкімшілік құқық бұзған шетелдіктер үшін қайта кіруге тыйым салудың енгізілуі, сондай ақ Ресей Федерациясы экономикасының турбуленттілігі. Бұл басым бөлігі ОА еңбек мигранттарын құрайтын 1,5 млн астам адамның бес жыл мерзімге дейін Ресейге қайта кіре алмауына әкеп соқтырды.³

Мұнымен қоса, Қазақстанда көші-қон ағымдарының ұлттық экономикаға кері әсерін азайтуға және елдің еңбек нарығына жоғары білікті еңбек мигранттарын тартуға басымдық беріледі. Нәтижесінде, жалпы әкімшілік шектеу шараларының күшеюі, оның ішінде Қазақстандағы қайта кіру құқығын жоғалтып есеңгіреген мигранттар тобына да қатысты болды. Көп жағдайда, Қазақстанға мигранттар көбінесе бағыттан адасып, еңсесі түскен күйде келеді. Бұл олардың жалпы қауқарсыздығын күшейтеді, оның үстіне барлық құжаттары түгел бола тұрып, мигранттар кезекті тіркеу мерзімін және өзге де құқықтық сипаттағы процедураларды жіберіп алуы салдарынан құқықтық өріс аясынан шығып қалады. Зерттеулерге сәйкес мұндай мигранттардың зорлық-зомбылық, айла-шарғы және радикализация құрбанына айналу қаупі бар. *«Бұл параграфта ОА зерттеулеріне сілтемелер (4) берілген, онда радикализацияның қайта ықпалдастыру үдерісіндегі проблема екені, тіпті қауіп төндіретіні айтылған. Осы зерттеулер көрсеткендей, айла-шарғыға оңай ырық беретін және айқын көші-қон стратегиясы жоқ мигранттарда радикализацияға бой алдыру ықтималдығы жоғары. Олар барған елдегі ортаға тез араласып кете алмайды. Әлеуметтік-экономикалық қиындықтармен қатар, олар өз отанында да, барған елде де құқықтары бұзылатындықтан, әлеуметтік әділетсіздік сезімде болады. Бұл да радикализацияға итермелейтін фактор болып табылады.»*

Мұнымен қоса, мигранттар өз тілі (қырғыз, өзбек) қазақ тілімен ұқсас болуына қарамастан, аздап мәдени есеңгіреген күйді де кешеді. Тәжікстаннан оралған мигранттарда осы тұрғыда көбірек проблема туындайды. Тілді білмеу, мәртебесінің реттелмеуі, құқықтық сауатсыздықтың салдары бейресми делдалдарға жүгінуге және денсаулыққа қауіпті еңбек жағдайында аз жалақыға жұмыс істеуге мәжбүрлейді.

³ Орталық Азиядағы мигранттардың осалдығы және біріктіру қажеттігі. Қайтарымды көші-қонның негізгі себептері және әлеуметтік-экономикалық салдары. Орталық Азиядағы аймақтық өрістік бағалау. – 2016. – 9-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://kazakhstan.iom.int/publications>].

⁴ Сонда, 30-б.

Әсіресе гендерлік аспект өте әлсіз болып қалуда. Феминизация тұрақты үрдіске айналуға, мұнда қайтарымды көші-қон тұрғысынан да осындай тренд байқалады. Кішкентай балаларымен қалған әйелдер көп тұрмыс тауқыметін кешеді, балаларды тәрбиелеуде қиындықтарға кезігеді, көбінесе балаларын қараусыз қалдыруға тура келеді.

Жас ұл-қыз мигранттардың проблемаларын жеке атап өткен жөн. Барлық жастағы мигранттарға тән ортақ проблемалардың болуымен қатар, бұл топ осалырақ келеді, себебі жастар өздерін қабылдаушы елдің де, шыққан елінің де қоғамының бір бөлігі ретінде сезінбейді. ХҚҚҰ зерттеулерінің қорытындысына сәйкес, басқа елдермен қатар, Қазақстанда да мұндай жағдайда жас мигранттар радикализацияға ғана емес, қылмыс жолына түсуге де бейім келеді.⁵

Қазақстандағы барлық жас мөлшеріндегі мигранттар үшін өте маңызды проблема денсаулық жағдайы және медициналық қызмет алу мүмкіндігінің шектеулі болуы.

Медициналық қызметтерге қол жеткізу бойынша қазақстандық заңнамаға сәйкес (Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы ҚР Кодексінің 88.5-бабы) тек реттелген мәртебесі бар еңбекші-мигранттар ғана халық үшін қауіпті жұқпалы аурулар жағдайында ғана тегін медициналық қызмет көрсетуге қол жеткізе алады.⁶ ТМД елдерінің, соның ішінде ОА елдерінің мигранттарына тегін медициналық көмек олардың көші-қон мәртебесіне байланысты шұғыл жағдайларда ғана көрсетіледі. Басқа жағдайларда еңбекші-мигранттардың медициналық қызметтерге қол жеткізуі ақылы түрде жүзеге асырылады.

Қырғызстаннан келген реттелген мәртебесі бар еңбекші-мигранттар және олардың отбасы мүшелері Қазақстанның азаматтары сияқты шарттарда және дәрежеде қазақстандық денсаулық сақтау жүйесіне қол жеткізе алады. Бұл ЕАЭО шартында көзделген.⁷ Шын мәнісінде Қырғызстаннан келген мигранттардың басым бөлігі алдын ала шартқа қол қоймастан Қазақстанда жұмыс істейді. Осыған байланысты олар медициналық қызметтерді шектеусіз қолдану мүмкіндігінен айрылған, тек шұғыл жағдайлардағы тегін медициналық көмекке ғана рұқсаттары бар. Осылайша, Қырғызстаннан келген мигранттар жиі Тәжікстаннан және Өзбекстаннан келген мигранттармен ұқсас жағдайда болады.

Барлық мигранттардың медициналық қызметтерге шектеулі рұқсатының басқа себептері қаржылық дәрменсіздік, сондай-ақ ауруханаға барғанда құқық қорғау органдарының өкілдеріне ұсталып қалудан қорқуы болып табылады.

Бұдан бөлек, Қазақстанда халықты тіркеу жүйесі енгізілген, оған сәйкес әрбір келушіде ЖСН, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұл үшін тұрақты тұру ықтиярхаты жоқ шетелдік азаматтарға арналған салық қызметі жауап береді) болуы тиіс. Көптеген мәртебесі реттелмеген еңбекші мигранттар бұл нөмірді оларда тіркеудің болмауы салдарынан немесе елден шығарып жіберу қаупіне байланысты құдалаудың әртүрлі фобияларына байланысты ала алмайды.⁸ Бір жағынан,

⁵ Орталық Азиядағы мигранттардың осалдығы және біріктіру қажеттігі. Қайтарымды көші-қонның негізгі себептері және әлеуметтік-экономикалық салдары. Орталық Азиядағы аймақтық ерістік бағалау – 2016. – 38-б.

⁶ Қазақстандағы еңбек мигранттары: мәртебесіз және құқықтарсыз. Қыркүйек. 2016 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.fidh.org/IMG/pdf/note_kazakhstan_681r_6_sept_2016_ru_web.pdf].

⁷ Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (Астана қаласында 29.05.2014 қол қойылған) (15.03.2018 ред.) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_163855].

⁸ Қазақстандағы еңбек мигранттары: мәртебесіз және құқықтарсыз. Қыркүйек. 2016 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.fidh.org/IMG/pdf/note_kazakhstan_681r_6_sept_2016_ru_web.pdf].

аталмыш жүйе қызметтерді пайдалануды мүлдем жоққа шығармайды, мысалы, қызметтер коммерциялық негізде көрсетіледі, бірақ екінші жағынан ол шектеуші фактор болып та табылады.

Қайтарымды мигранттардың медициналық қызмет көрсетуге шектеулі қолжетімділігі бар екенін ескере отырып, еңбекші-мигранттардың денсаулық жағдайының нашарлауы мәселесі өзекті болып барады. Бұл өмір сүру мен еңбектің нашар жағдайларына байланысты,⁹ еңбекші-мигранттар көбінесе өндірістегі жазатайым оқиғалардың құрбаны болады, жұқпалы ауруларды жұқтырып, ауырады немесе олардың аурулары белгілі бір уақыттан кейін, көмек көрсету қиын болған кезде белгілі болады. Көбінесе, мигранттар, соның ішінде қайтарылғандар да, адамның иммундық тапшылығы вирусы (АИТВ) немесе туберкулез сияқты аурулар туралы аз хабардар етілген немесе мүлде хабарсыз, диагностикалық тексерулерге қол жеткізе алмайды, олардан қорқыныштан немесе қаражаттың болмауынан қашақтайды немесе елемейді. 2015 жылға кейбір деректер бойынша мигранттардың 15% туберкулезбен ауырған немесе АИТВ тасығыштары болған.¹⁰

Осылайша, Қазақстанда қайтарымды мигранттарды қайта ықпалдастыру және бейімдеу үдерісі тілдерді меңгермеуді қоса алғанда, әлеуметтік-мәдени, сипаттағы, сондай-ақ олардың моральдық және психологиялық денсаулығына байланысты факторлардың тұтас сериясымен күрделене түседі. Барлық осы факторларды қайтарымды мигранттарды бейімдеуге және қайта ықпалдастыруға жәрдемдесу процестерінде ескеру қажет.

ОА қабылдаушы елдеріне келетін болсақ, қайтып келетін мигранттардың қоғамға және ұлттық еңбек нарығына қайта ықпалдасуы маңызды міндет болып табылады, себебі қайтарымды көші-қон Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан үшін барынша маңызды құбылысқа айналып келеді. Қайтып келген мигранттардың басым бөлігі шетелден алған жаңа біліктілікпен және жұмыс тәжірибесімен келеді. Қайтып келген мигранттардың қайта ықпалдандырудағы қайтып келудегі қауіптер мен бар мәселелер, қайтып келу себептерін талдау маңызды рөл атқарады.

Радикализация мүмкіндігін маңызды мәселе ретінде негіздеу

Жергілікті еңбек нарықтарының аясы тар екенін, жұмыссыздықты және кедейшілікті, сондай-ақ жаңа өмірлік жағдайға байланысты күшті психологиялық күйзелісті ескере отырып, Ресей Федерациясына қайта кіру бас тартылған мигранттар барынша осал топтардың біріне айналады және террористік, экстремистік және қылмыстық топтарға тартылудың жоғары қаупіне ұшырайды.¹¹

Жауынгерлік іс-қимыл аймақтарынан Қырғызстан азаматтарының, соның ішінде жауынгерлер мен олардың отбасыларынан қайтарымды көші-қоны ерекше орында тұр. Осы санаттағы қайтарымды мигранттарды қайта ықпалдастыру бойынша бағдарламалар ҚЗР-да жоқ.

⁹ Мигранттардың лайықты және тиімді жұмыспен қамтылу мүмкіндігіне мониторинг жүргізу. Баяндама. Астана. 2018 [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://redcrescent.kz/wp-content/uploads/2018/10/Doklad-po-dostupu-migrantov-k-dostojnomu-effektivnomu-trudoustrojstvu-Krasnyj-Polumesyats-RK.pdf> немесе <https://kkassiyet.files.wordpress.com/2019/02/reportaccessstolabour2018redcrescent.pdf>].

¹⁰ Қазақстандағы еңбек мигранттары: мәртебесіз және құқықтарсыз. Қыркүйек. 2016 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.fidh.org/IMG/pdf/note_kazakhstan_681r_6_sept_2016_ru_web.pdf].

¹¹ Орталық Азиядағы сын-тегеуріндер және қайтарымды көші-қон: тәуекелдерді талдау 2017. Қазақстан, 2017. – 12-б.

Мигранттарды қайта ықпалдастыру, мүмкін радикализацияға жол бермеу сұрақтарында қауымдық, ресми емес көшбасшылар үлкен рөл атқаратынын атап өткен жөн.

3.4.2-мысал. Қырғызстандағы қайтарымды мигранттарды қайта ықпалдастырудағы имамдардың рөлі

Имамдар жамағатты қолдауды қажет ететін мигранттарға көмектесуді сұрайды және шақырады. Осының нәтижесінде мигранттар салафиттер қатарын толықтырады.

Қайтқан мигранттардың көпшілігі өздігінен жұмыс табуға қабілетті емес. Бұндай жағдайда бос уақыт ұйымы осындай мигранттарды радикализациялаудың алдын алу жолдарының бірі ретінде бірінші орынға шығады. Мәселені шешудің мүмкін нұсқалары спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және спорт клубтарын құру болуы мүмкін.

Бастамашыл азаматтар оқушылар және тәубесіне келген бұрынғы жауынгерлер үшін кездесулер ұйымдастырады.

Біреулері Сириядан келген, бірақ соғыспадық дейтін отандастарына өздері көмектеседі. Ал енді біреулері органдардың (милицияның) құдалауынан қорғау мақсатында делдал ретінде шығуға да дайын.

Әдетте көші-қонға орта және кіші жастағы адамдар қатысады, ал олардың балалары ата-әжелерінде қалады. Осылайша, отбасындағы әлеуметтік-психологиялық қатынастар айтарлықтай өзгереді. Ата-аналар мен балалардың ұзақ уақыт бөлінуі теріс салдарларға әкеледі: білім беру мекемелеріне бару төмендейді, үлгерімі нашарлайды, балаларда психологиялық проблемалар пайда болады, қарт адамдарды күтуді қамтамасыз ету мүмкін болмайды.¹²

Мемлекеттік қайтып келу бағдарламасы аясында Қырғызстандағы қайырылмандардың қайта біріктірілуі ерекше атап өтуге лайық.

3.4.3-мысал. Таулы Ауғанстаннан Қырғызстанға этникалық қырғыздарды қайта ықпалдастыру

Ауғандық Памир аумағында қырғыздар шамамен жүз жыл тұрады. Тек қазір ғана мүлде басқа өмір бар екенін білу мүмкіндігі пайда болды. Қырғызстанда қоныс аударушылардың қайтып келу бағдарламасы іске қосылды. Қырғызстандағы отанына әзірше 49 адам оралды. Әр отбасыға тұрғын үймен көмек көрсетілді. Көбісі үшін бұл алғаш рет болды. Мысалы, теледидар. Көп балалы ана Жамба Памири жақында қайтадан босанды және өмірінде бірінші рет перзентханаға түсті, гинекологты көрді. «13 баланың алтауын жерледі. Туа сала ауырып, шетінеп кетті. Біздің білімсіз әжелеріміз бала анасын көріп шошып, шетінеп кетті деп айтады. Бізде дәрігерлер болмады. Жақын маңдағы ауған қаласына бару үшін якамен сегіз күн жүру керек немесе түйемен түсу керек. Ал қыста барлық жолдарды қар басып, өту мүлде мүмкін емес. Бір-бірімізді босандырамыз. Сол себепті бізде әйелдер аз, көбісі босанып жатып қайтыс болады», – деп айтты әйел. Ал ерлер болса кейде көшкендеріне өкінеді. Бос жерлер сұрайды, барлық малды айдап әкелгілері келеді. Басқаша отбасын қалай асырайды? Ауғанстанда тағы да туысқандар қалды. Барлық құжаттарды рәсімдеп үлгермедік деп уайымдайды.¹³

¹² С. Тиеме. Қайда оралу керек? Ішкі және сыртқы еңбек көші-қон жағдайларындағы ауылдық және қалалық өзара қарым-қатынас. Талдамалы жазбахат. ОААУ әлеуметтік зерттеулер орталығы. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://aoca.kg/uploads/Migration_Database/Susan_rus.pdf].

¹³ Үйге апарар қиын жол: памирлік қырғыздардың оралуы. «Мир-24» АА. 2018 жылғы 8 сәуір [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://mir24.tv/articles/16299948/trudnaya-doroga-domoi>].

Қырғызстан үкіметі қоныс аударған этникалық қырғыздардың әлеуметтік жәрдемақы және зейнетақы алу сұрақтарын әлі шешпеді.¹⁴ Жергілікті билік органдары және тұрғындар жұмыс өткізбейді. Нәтижесі ретінде Ауғанстанға кері қайтқан қайрылмандар да бар. Бұндай үдеріс үшін жекелеген термин жоқ, бірақ бұл сәтсіз қайта ықпалдастырудың айқын белгісі.

3.4.4-мысал. Таулы Ауғанстаннан Қырғызстанға этникалық қырғыздарды қайта ықпалдастырудың әлеуметтік-этникалық мәселелері.

«Жұмыс істеуге ешқандай көңіл-күй жоқ, бұл жерде біз ешкімді білмейміз. Бізбен бірге келген туысқандарды әртүрлі жерлерге бөліп тастады. Егер біз бірге болсақ, қандай да бір іспен айналысар едік. Памирде үкімет бізге көмектеспеді, біз бәрін өзіміз жасадық, малдың есебінен күн көрдік. Осы жерде де сонымен айналысуға болар еді, бірақ біз үйрене алмай қойдық», – дейді Жээнбек уулу.

Кочкор ауданының Кара-Тоо ауылында тұратын Исламидин Насриддин де өзінің отбасымен жұмыссыз отыр. Ол памирлік қырғыздардың мал бағумен байланысты емес жұмыспен айналысқысы келетінін жасырмайды. «Бөтен жерде мал асырау оңай емес. Егер ол басқа жерге адасып барса, бізге қырын қарайды. Шынын айтқанда, малды баққым да келмеді, бұл негізі өте қиын ғой. Такси немесе дәнекерлеуші болсам жақсы болар еді, бірақ ол үшін оқу керек, – дейді Насриддин уулу. – Мен тауда тапқан ақшамды пәтерге бердім, азық-түлік сатып аламыз. Мұнда барлық жерге ақша керек. Үйде жұмыс істейтін мен ғана. Тамаққа жету үшін мен арзанырақ үй мен жұмыс іздеп жүрмін». Памирлік қырғыздар кетулері мүмкін екенін айтады, себебі жалдамалы тұрғын үйді төлеуге ақша жоқ. «Егер үкімет учаскелер бөліп берсе, біз Памирдегі малды сатып, өзімізге үй салып алар едік. Ал бермесе, онда бұл жерде ұзақ тұра алмаспыз», – дейді Насриддин уулу.¹⁵

Осылайша, Қырғызстандағы мигранттарды қайта ықпалдастыру және бейімдеу мәселелері – бұл әлдеқашан ұлттық деңгейде қаралып, шешілуі қажет мәселелердің маңызды блогы. Тұрақты негізде ҰЕҰ, мемлекеттік құралымдардың және жеке сектордың қатысуымен сол жерде үлкен жұмыс өткізіледі. Сонымен қатар шешілуі керек көптеген мәселелер және ақаулар да бар.

Тәжікстанның көші-қон саясатында *мигранттарды қайта ықпалдастыру мәселелеріне ерекше маңызды рөл бөлінеді*. Циркулярлық көші-қон үдерісі республика халқының сыртқы еңбек көші-қоны шеңберінде негізгілердің бірі болды. Еңбек мигранттарының басым бөлігі маусымдық жұмыстарға шығып, олар аяқталғаннан кейін отанына оралады. Бірақ қайта оралатын мигранттардың көпшілігі өздерін қажетсіз сезінеді және қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін не істеу керектігін білмейді, жұмыс тауып, өмірлерін жақсартқылары келеді және өз бизнестерін бастағылары келеді. Соңғы жылдары әкімшілік жауапкершілікке тартылған және Ресей Федерациясына қайта шығу құқығынан айрылған Тәжікстан азаматтарының саны 275 мың адамнан асты. Сондықтан соңғы жылдары елде Тәжікстанға оралатын және жер аударылған еңбек мигранттарын қайта ықпалдастыру тетігін әзірлеуге әрекеттер жасалды.

¹⁴ ХКҚҰ, Қырғызстан – кеңейтілген көші-қон бағдары. Бішкек. 2018. 37–38-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: : <https://iom.kg/wp-content/uploads/2011/07/Migration-Profile-2018-in-Russian.pdf>].

¹⁵ Отанға қайтамыз – памирлік қырғыздар неліктен наразы? Бейнесюжет: Sputnik Кыргызстан. 2018 жылғы 13 шілде. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://ru.sputnik.kg/video/20180710/1040104513/kyrgyzstan-pamirskie-kyrgyzy-video-zhizn.html>].

Соңғы жылдары заңнамалық базаны да, сондай-ақ еңбек мигранттарын қайта ықпалдастыру орталықтарын да құруға әрекеттер жасалғанын ерекше атап өткен жөн. 2010 жылғы шілдеде АКТЕД халықаралық бағдарламасының қолдауымен, «әлеует пен ақпарат алмасуды дамыту» жобасы шеңберінде, Еуропалық Комиссия қаржыландыратын ауылдық қауымдастықтардың өсуі мен дамуына еңбек көші-қонының оң әсерін арттыру мақсатында ТР Еңбек, көші-қон және халықты жұмыспен қамту министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту және көші-қон мемлекеттік агенттігімен бірлесіп, еңбек мигранттарын қайта ықпалдастыру орталығын құру бойынша жұмыс басталды.

Аталмыш орталық Отанына оралған еңбек мигранттарын әлеуметтік дамыту және кәсіби қайта ықпалдастыру мақсатында құрылды. Орталықтың негізгі функциялары: қайтып келген мигранттарға жеке консультациялар беру, кәсіби дағдыларға бағалау жүргізуге көмек көрсету, қайтып келген мигранттарды жұмысқа орналастыру, еңбекші мигранттардың өз бизнесін ашуына қолдау көрсету. Кейін орталық филиалдары Тәжікстанның Согди және Хатлон облыстарында іске қосылды. Еңбек мигранттарын қайта ықпалдастыру орталықтары шектеулі қаржыландырумен қысқа мерзімде құрылды. Бұл орталықтардың идеясы мен құрылуы – жер аударылған мигранттардың қоғамға кірігуі және тиісті мемлекеттік құрылымдардың халықтың осы санатына көмек көрсетуге және қолдау көрсетуге дайын болуы бойынша жақсы үлгі. Қайта ықпалдастыру орталықтарының негізгі проблемалары мыналар болып табылады: депортацияланған мигранттардың дерекқорының болмауы; халықты жұмыспен қамту орталықтарының мамандары мен осы орталықтарда психологтардың тиісті біліктілігінің болмауы; шектеулі қаржыландыру.

Жоғарыда аталған барлық мәселелер тиісті құрылымдардың үйлестірілген қызметінде өз шешімін табуы мүмкін, бұл мүмкін функциялардың қайталануын болдырмауға, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға, жер аударылған мигранттар бойынша дерекқор құру және жалпы синергиялық әсерге қол жеткізу мақсатында өкілеттіктерді бөлу үшін негіз қалауға мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды мәселе жұмыспен қамту орталықтарындағы мамандардың біліктілік мәселесі және психологтардың болмауы болып табылады. Мамандардың біліктілігін қысқа мерзімді оқыту тренингтерін өткізу арқылы қысқа мерзімде арттыруға болады, алайда оларды жұмыс орындарында төмен жалақымен ұстау екіталай.

Сәйкесінше, тиісті қаржыландырусыз жағдайдың түбегейлі өзгеруін күтпеген жөн. Алайда, қаржыландыруды ұлғайтумен қатар құнын және шығындарын талдау жолымен бөлінген қаржыны тиімді пайдалануға да назар аударған жөн.

Қайта ықпалдастыру орталықтарын құру мемлекеттік құрылымдар айналыспайтын және әлеуметтік-құқықтық қолдауды қажет ететін тұлғалар санаты үшін де ерекше маңыздылыққа ие. Сондай-ақ осындай орталықтар еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелеріне жан-жақты көмек пен қажетті қызмет көрсетуі тиіс. ТР еңбек көші-қонының ауқымы жүздеген мың адаммен есептеледі, сондықтан мұндай қолдау көптеген адамдарға қажет деп айтуға болады. Еңбек көші-қоны, сондай-ақ еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік-құқықтық қорғау саласындағы көптеген мәселелер мен шешілмеген сұрақтардың көптігін ескере отырып, аталмыш жобаны іске асыру бір жақты нәтиже береді. Сарапшылардың бағасы бойынша, Тәжікстанның еңбек мигранттары барынша осал және еңбек нарығындағы

бәсекелестік үшін дайындалмаған, сондықтан оларға көмек және қолдау көрсету жөніндегі қызмет көп қырлы және ұшы-қиырсыз болып табылады.

Осындай факторларды ескерумен қайта ықпалдастыру орталығы қайтып келетін мигранттарға жеке кеңес ұсынуға, жұмысқа орналастыру және кәсіби дағдыларды бағалауды өткізуге көмек көрсетуге арналған. Сондай-ақ өз бизнесін ашуға қолдау көрсету, еңбек және жұмыспен қамту агенттіктеріне қайтып келген мигранттарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жүзеге асырылады, көші-қон үдерістерін мониторингтеу, бағалау және болжау орындалады, халықтың көші-қоны мәселелерін реттеу бойынша шаралар іске асырылады.

Сондай-ақ, Тәжікстандағы мемлекеттік органдар мен қоғамдық секторда азаматтық соғыстан кейін жинақталған ел ішінде мигранттарды қайта ықпалдастыру бойынша жеткілікті бай тәжірибесі бар екенін атап өту қажет.

Еңбек мигранттарын қайта ықпалдастыру орталықтарының тағы бір маңызды міндеті әртүрлі мамандықтар бойынша оқыту және курстарды ұйымдастыру болып табылады. Бірақ бұл орталықтар барлық ниет білдірген еңбек мигранттарына білім беру қызметтерін ұсына алмайды. Сол себепті кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін еңбек мигранттарының қажеттілігіне, тіпті техникалық бейіндегі және қолданбалы мамандықтардың жоғары білікті мамандарын даярлауға дейін ішінара қайта бағдарлау қажет.

Қайтып келген еңбек мигранттарының пікірлерін талдау және сарапшылардың пікірлерін зерделеу негізінде еңбек мигранттарын қайта ықпалдастыру бойынша орталықтар бұрын барлардан бөлек мынадай функцияларды орындай алады:

- қайтып келген еңбек мигранттарын күн сайын қабылдауға және кәсіптік дағдыларды алуға, кәсіптік даярлау орталықтарында оқыту мен қайта оқытуға қатысты барлық мәселелер бойынша жеке консультациялар беру, растайтын құжат-куәлік немесе сертификат беру; ТР аумағындағы меншік нысанына қарамастан ұйымдар мен кәсіпорындарда жұмысқа орналасу, шағын және орта бизнесті дамыту саласында қолдау көрсету, осы саладағы мәселелерді шешу тетігін түсіндіре отырып, сондай-ақ ел экономикасының түрлі салаларындағы бос жұмыс орындары туралы ақпаратты беру;
- қолда бар ақпаратты және деректер банкіні уақытылы беруді ескере отырып, облыстардағы көші-қон қызметінің құрылымдық бөлімшелеріне қайтып келген еңбек мигранттарын жұмысқа орналастыру және қажетті дағдыларды алу, оларға қайта ықпалдастыру және оңалту үдерістерінен өтуде пәрменді көмек көрсету мәселелері бойынша жәрдемдесу;
- Тәжікстан Республикасының ұйымдары мен кәсіпорындары бойынша, меншік нысанына қарамастан, осы жұмыс берушілерден ресми түскен өтінімдер негізінде қайтып келген еңбек мигранттарын қабылдау және жұмысқа орналастыру бойынша деректер жинауды жүзеге асыру;
- оларға отанына оралған ТР азаматтарын жұмысқа орналастыру мақсатымен Тәжікстанға шетелдік жұмыс күштерін тартумен айналысатын кәсіпорындар, фирмалар мен жеке агенттіктер бойынша ақпаратты жинауды жүзеге асыру;
- лайықты жұмысты таңдауда еңбек мигранттарына, ал жұмыс берушілерге қайтқан еңбек мигранттары қатарынан қажетті жұмыскерлерді іріктеуге көмек көрсету, еңбек мигранттары

және жұмыс берушілер үшін бос орындар және ұсыныстар бойынша деректер банкіне еркін рұқсатты ұсыну;

- әлеуметтік-экономикалық деңгейін арттыру және кәсіби дағдыларын әрі қарай дамыту бойынша орталыққа жүгінген еңбек мигранттарына қатысты деректер банкін жүргізу және жасау;
- ТР аумағындағы халықтың көші-қоны мәселелерін реттеу бойынша мемлекеттік биліктің тиісті органдарымен бірлескен жұмысты өткізу, көші-қон үдерістерін бағалау және болжау, мониторингті жүзеге асыру;
- жұмыскерлердің (қайтқан еңбек мигранттары) және жұмыс берушілердің деректер қорын жаңарту және қызмет етуіне әрекеттесу;
- Тәжікстан халқын жұмыспен қамту саласындағы нақты жағдайды ескере отырып, жұмыс күшіне сұраныс пен қажеттілікті зерттеу және болжау;
- қайтып келген еңбек мигранттарының негізгі бөлігін ауылдан шыққандар құрайтынын ескере отырып, ауылдық жерлердің инфрақұрылымын дамыту бойынша мемлекеттік, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу және сол арқылы тиісті еңбекақысы бар жаңа жұмыс орындарын құру бойынша сұрақтарды қолдау;
- қалалар мен аудандарда мемлекеттік биліктің атқарушы органдарымен (хукуматтар) елдің экономикасын, шағын және орта бизнесті дамытуға еңбек мигранттарының қаражатын тарту, әртүрлі өндірістерді ұйымдастыру бойынша бірлескен жұмыс жүргізу және сол арқылы қайтып келген еңбек мигранттарын тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету;
- көші-қон сұрақтары бойынша конференциялар, семинарлар, кездесулер, түсіндіру-ақпараттық жұмыстарын өткізу, көші-қон саласында ақпараттық материалдар шығару, бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен іс-шаралар ұйымдастыру;
- орталық қызметінің белгіленген саласындағы мәселелерді шешу үшін ғылыми және өзге де ұйымдарды, ғалымдар мен мамандарды тарту.

Барлық функцияларды орындау тиісті құрылымдар/мүдделі тараптар арасында өкілеттіктерді барлық деңгейлерде нақты бөлу және беру кезінде, тиісті қаржыландыру, қаржыландыру көзін айқындау кезінде бар қажеттіліктер мен талаптарды, пайда мен шығындарды ескере отырып, қолда бар қаржыландыруды тиісті түрде пайдалану кезінде мүмкін болады. Ол үшін қоныс аударылған мигранттар бойынша ақпарат жинаудың тиімді сызбасын және сенімді дерекқорын құру қажет.

Тәжікстандағы еңбек көші-қонының ауқымды масштабтарын ескере отырып, қазіргі уақытта көптеген адамдар еңбек мигранттарын қайта ықпалдастыру орталығы сияқты институтты қолдауды қажет етеді деп айтуға болады. Қайта ықпалдастыру орталықтарын құру әлеуметтік-құқықтық қолдауды қажет ететін адамдар үшін, сондай-ақ еңбек мигранттары және олардың отбасы мүшелеріне қажетті қызметтер мен жан-жақты көмекті көрсету үшін ерекше маңыздылыққа ие.

Түрікменстанға оралғандарды қайта ықпалдастыру бір жағынан олардың шетелде алған оң тәжірибесіне, екінші жағынан ел ішіндегі жағдайларға байланысты болады. Түрікменстанға

қайта оралған мигранттардың басым бөлігі әлеуметтік мәдени, діни және тілдік аспектілермен байланысты бейімдеумен және қайта ықпалдастырумен байланысты ерекше қиындықтарды сезінбейді.

Белгілі бір мәселелер көбінесе адам саудасының құрбандары ретінде зорлық-зомбылыққа ұшыраған немесе денсаулығына байланысты мәселелері бар адамдарға қатысты. Осал азаматтардың осындай санатына нақты көмек (2016 жылғы) Адамдар саудасымен күрес жөніндегі Түрік менстанның Ұлттық әрекеттер жоспары аясында қамтамасыз етіледі. Шетелден келген денсаулығында кінәрат бар адамдар осындай қызметтердің жалпы құнынан 50% жеңілдікті қамтитын жеңілдік шарттарымен тиісті медициналық көмекті қолдана алады. Көші-қон елдерінде қымбат екенін ескере отырып, олар жеткілікті дәрежеде медициналық қызметтерді пайдалана алмайды, бұл мигранттардың денсаулығына теріс әсер етеді.

Осылайша, Түрікменстандағы мигранттарды қайта ықпалдастыру мәселелері өзіндік ерекшелікке ие, бірақ оларға ОА аймағында қайта ықпалдастыру мен бейімделудің жалпы ерекшеліктері тән.

Өзбекстан – мигранттардың ең ірі донор елі, мәселелердің белгілі бір қабатына және жетістіктеріне, өзіндік ерекшеліктеріне ие. 2013 жылы Дүниежүзілік банк және GIZ Өзбекстанда отбасылар мен жеке адамдарға сауалнама өткізді (CALISS). Жұмыспен қамту, дағдылар және көші-қон мәселелері бойынша осы зерттеу Орталық Азия елдерінде отбасыларға өткізілген үш бірдей зерттеудің бірі. Оның нәтижелері орта статистикалық өзбек мигранты барынша жас, аса білімді емес және шетелде жетістікке жетуге ұмтылатынын көрсетті. Еңбекке қабілетті және көшуге жоспарлары бар Өзбекстан азаматтары көшуді жоспарламайтындармен салыстырғанда барынша жоғары когнитивті (жады, сауаттылық, санау қабілеті) және когнитивті емес (байланысқа бейімділік, жұмысқа қатынас, шешім қабылдау, жетістікке ұмтылу) дағдыларға ие. Бұдан бөлек, қайта оралатын мигранттар көшіп-қонбайтындармен салыстырғанда барынша жоғары когнитивтік және когнитивтік емес дағдыларды көрсетеді, ол шетелдегі жұмыс кезінде біліктілікті арттыруға дәлел болады. Тағы бір жаңа көші-қон тренді – феминизация және отбасылық көші-қон.¹⁶

ӨР Жұмыспен қамту және еңбек қатынастары министрлігінің деректері бойынша 2017 жылы қайтарымды мигранттардың орташа жасы 33 жасты құраған, мигранттардың шамамен 81% ерлер және тек 19% әйелдер болды, оған қоса мигранттардың үштен екіден артығы этникалық шығуы бойынша өзбектер және басым бөлігі ауылдық аймақтардан шыққандар, 91% мигранттарда кем дегенде орта білімге және кемінде 10% жоғары білімге ие болды. Бұл ретте барлық мигранттардың 45% құрылыс саласында, 12% өнеркәсіптік өндіріс саласында, 10% қызметтер саласында, 7% ауыл шаруашылығында жұмыс істеді.

Қайтарымды мигранттарды қайта ықпалдастыру сұрақтары «Өзбекстан Республикасындағы сыртқы еңбек көші-қоны жүйесін әрі қарай жетілдіру бойынша қосымша шаралар туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі ӨР Президентінің жаңа қалысында көрсетілген.¹⁷ Құжатта ӨР Жұмыспен қамту және еңбек қатынастары министрлігінде заңды тұлға мәртебесі бар шетелде

¹⁶ 2013 жылы Өзбекстанда өткізілген ВБ зерттеуі және GIZ. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://uz.sputniknews.ru/migration/20171218/7095406/Uzbekistan-migranty-OON-statistika.html>].

¹⁷ ӨР Президентінің 2018 ж. 5 шілдедегі №ПП-3839 «Өзбекстан Республикасының Еңбек сыртқы көші-қонын әрі қарай жетілдіру бойынша қосымша шаралар туралы» қаулысы [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.lex.uz].

еңбек қызметін жүзеге асыратын азаматтардың мүдделері және құқықтарын қорғау және қолдау қорын құру тапсырылды.

Қордың негізгі міндеттері анықталды:

- шетелде еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде өмір сүруге ақшасыз, жеке басты куәландыратын құжаттарсыз және қиын қаржылық жағдайда қалған, еңбек және өзге құқықтарының бұзылуы, кемсіту және мәжбүрлі еңбекке, зорлыққа ұшыраған азаматтарға материалдық көмек, құқықтық және әлеуметтік қорғаныс көрсету;
- көрсетілген азаматтарға төленген ақшаны кейін өтеумен еңбек мигранттары есебінен көрсетілген медициналық қызметтердің құнын өтеу мүмкін болмаған жағдайда, жазатайым жағдайға байланысты еңбек көші-қонында болған кезде медициналық көмек қажет азаматтарға медициналық қызмет көрсету;
- шет мемлекеттерде еңбек көші-қонында жүріп қайтыс болғандардың денесін, сондай-ақ шетелде жүріп ауыр жарақат алған және бұл жарақаты салдарынан еңбекке жарамдылығын жоғалтқан азаматтарды, егер жұмыспен қамтыған елдің тиісті органдары растаған жағдайда тасымалдау;
- заңсыз еңбек көші-қонының алдын алуға бағытталған шетелде азаматтарды ұйымдасқан жұмысқа орналастыру жүйесін жетілдіру сұрақтары бойынша ақпараттық-сауаттандыру іс-шараларын өткізу.

2018 жылғы 1 тамызда Өзбекстанда жеке еңбек келісімшарттары бойынша шетелге кеткен азаматтарды ерікті тіркеу енгізілді және шетелдегі еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсатты беру жойылды.

Жоғарыда көрсетілген шаралардың барлығы Өзбекстандағы қайтарымды мигранттардың бейімделуі мен қайта ықпалдасуына оң әсерін тигізеді. Елде қайтарымды мигранттарға көмек көрсету жүйесі болашақта дамидыны сөзсіз.

Осылайша, ОА барлық елдерінде қайтарымды мигранттарды қайта ықпалдастыру және бейімдеу мәселелері ұқсас генезиске ие, бірақ оларды шешуге тәсілдер жергілікті ерекшелік және ұлттық заңнаманың әзірлену деңгейіне байланысты жеткілікті сараланады. Әлеуметтік-мәдени факторлармен байланысты теріс әсерлерді кеміту үшін ЕҚКҚЫК іске асырудың басқа субъектілері және ҮЕҰ, халықаралық ұйымдардың, шығу және бару елдерінің кемсітуге жол бермеу және төзімділікті марапаттау, қабылдаушы және жіберетін елдер қауымдастығына мигранттардың оң үлесі, мигранттардың адами құқықтарын акценттеуге бағытталған бірлескен күштер қажет. Бұл өз кезегінде қайтарымды мигранттар лайықты еңбекке, еңбек нарығында өзін-өзі танытуға, қоғамда тұрақты дамуға үлес қосатын толыққанды мүше ретінде құқылы екенін ұғынуға әкеледі.

Бақылау сұрақтары:

1. «Мигранттарды қайта ықпалдастыру» терминінің мәнін түсіндіріңіз.
2. ОА мигранттарды қайта ықпалдастырудың әлеуметтік мәдени және діни аспектілерін, соның ішінде аймақтың жекелеген елдері айырымында талдаңыз.
3. ОА қайтарымды мигранттарды біріктіру және қайта ықпалдастыруды қиындататын әлеуметтік мәдени сипаттағы негізгі мәселелерді белгілеңіз және талдаңыз.
4. ОА қайтып келетін мигранттарының денсаулық жағдайымен байланысты мәселелерді сипаттаңыз.
5. ОА қабылдаушы қауымдастығына мигранттарды қайта ықпалдастыру үдерісіне бизнес-құрылымдарды тартудың күшті және әлсіз жақтарын талдаңыз.

Практикум:

1. Мигранттардың шығу елінде бейімделуге және қайта ықпалдастыруға дайындығына және жағдайына әсер ететін факторларды саралаңыз (ел дәріскердің қалауына қарай анықталады). Өз көзқарасыңызды түсіндіріңіз.
2. Симуляциялық ойын: Жас баласы бар 28 жастағы мигрант келіншекке қатысты ЕҚКҚЫК іске асыру.

Шығу және жету елін дәріскер анықтайды.

Ойынның мақсаты: курсты оқыту барысында алынған тыңдаушылардың тәжірибесі мен қабілеттерін мемлекеттік тыңдаушылар ретінде пайдалана отырып, Ерікті қайтып келу және қайта ықпалдастыру бағдарламасын іске асыру үдерісін имитациялау.

Дәріскер қиын өмірлік жағдайда қалған, зорлыққа және осал психологиялық, әлеуметтік және қаржылық қиындыққа ұшыраған жас баласы бар мигрант рөліне кіріп, ХКҚҰ-ға көмекке жүгінеді. ХКҚҰ ерікті қайтып келуді ұсынады. Тыңдаушылар 4 топқа бөлінеді (дайындық уақыты – 10 минут):

- Мемлекеттік құрылымдар
- ҮЕҰ, ХҰ
- Бизнес
- Диаспора

Әрбір топ өз «рөліне» сәйкес – мигрант қайтқаннан бастап оның бейімделуіне, қайта ықпалдасуына дейін, соның ішінде баланы әлеуметтендіру және толық жұмысқа орналастыруға дейінгі ЕҚКҚЫК үдерісін «іске асыруды» ұсына отырып (5–7 минуттан), жүйелі әрекет етеді.

Аяқталғаннан кейін тыңдаушылар дәріскермен бірге барлық үдерісті талдайды (10 минут).

Міндетті әдебиет:

1. Орталық Азиядағы сын-тегеуріндер және қайтарымды көші-қон: тәуекелдерді талдау, 2017. 68-б.
2. ХКҚҰ, Қырғызстан 2015–2018. Кеңейтілген көші-қон бағдары <https://iom.kg/wp-content/uploads/2011/07/Migration-Profile-2018-in-Russian.pdf>.
3. В.И. Мукомель. Біріктіру саясаты // Халық көші-қоны: теория, саясат: оқу құралы/ О.Д. Воробьева мен А.В. Топилинның редакциясымен. Мәскеу: Экономикалық шолу, 2012. 204–235-б.
4. Х. Умаров, Р. Ульмасов Тәжікстандағы сыртқы еңбек көші-қоны (себептері, мәселелер, салдарлар, реттеу). Душанбе: Ирфон, 2006. 104-б.
5. ХКҚҰ, Орталық Азиядағы біріктіру қажеттіліктері және мигранттардың осалдығы. Қайтарымды көші-қонның негізгі себептері және әлеуметтік-экономикалық салдары. Орталық Азиядағы аймақтық өрістік бағалау. Қысқаша шолу. – 2016. 44-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://kazakhstan.iom.int/publications>].

Қосымша әдебиет:

1. С. Абашин. Орталық Азиядан бағытталған көші-қон: Тәжірибелер, жергілікті қоғамдастықтар, транснационализм. Ресейдегі құқық және саясат. 51-том. №3. Мамыр-маусым 2013. 6–20-б.
2. М.И. Аджвад, С.Хат, И.Абдуллоев және басқалары. 2013 жылы Өзбекстанда өткізілген ВБ зерттеуі және GIZ. Өзбекстандағы жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған кәсіби біліктіліктерді дамыту. Дүниежүзілік банктің құжаты [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://documents.vsemirnyjbank.org/curated/ru/873101468224387956/pdf/91010ORUSSIAN00n0Main0Text0Jan02015.pdf>].
3. Тәжікстан Республикасының қайта оралған еңбек мигранттарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын талдау. «Инновациялық даму орталығы» қоғамдық ұйым зерттеулерінің нәтижелері. Душанбе: 2018. 69-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://mehnat.tj/nii/ru/2018/12/23/2018г-анализ-социально-экономических-проблем>].
4. И.Б. Бритвина. Мигранттар әлеуметтік жұмыс объектісі ретінде: Оқу құралы. Қорған: Қорған мемлекеттік университетінің баспасы. 2012 ж. 248-б.
5. Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (2014 жылғы 29 мамырда Астанада қол қойылды; 2018 жылғы 15 наурыздағы ред.) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_163855].
6. Мигранттардың лайықты және тиімді жұмыспен қамтылу мүмкіндігіне мониторинг жүргізу. Баяндама. – Астана, 2018. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://redcrescent.kz/wp-content/uploads/2018/10/Doklad-po-dostupu-migrantov-k-dostojnomu-effektivnomu-trudoustrojstvu-Krasnyj-Polumesyats-RK.pdf> немесе <https://kkassiyet.files.wordpress.com/2019/02/reportaccess-stolabour2018redcrescent.pdf>].

7. В.И. Мукомель. Ресейдегі мигранттарды бейімдеу, біріктіру және қайта ықпалдастыру // Ресейдегі көші-қон: ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығы. 3 томдық хрестоматия/ И.С. Ивановтың редакциясымен. М.: Халықаралық істер жөніндегі ресейлік кеңес, «Арнайы кітап», 2013. Т. I. 2-т. 692–702-б.
8. В.И. Мукомель. Ресейдегі мигранттарды біріктіру саясаты: сын-тегеуріндер, әлеует, тәуекелдер: жұмыс дәптері; бас ред. И.С.Иванов; Халықаралық істер жөніндегі ресейлік кеңес (ХІРК). М.: Арнайы кітап, 2013. 34-б.
9. Тәжікстан Республикасындағы әлеуметтік-еңбек қатынасы құрылымындағы еңбек көші-қоны. Душанбе, 2016. 163-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.rtsu.tj/upload/files/data3/Monografiya_TYUDOVAYA%20МИГРАЦИЯ.pdf].
10. С. Тиеме. Қайда оралу керек? Ішкі және сыртқы еңбек көші-қон жағдайларындағы ауылдық және қалалық өзара қарым-қатынас. Талдамалы жазбахат. ОААУ Әлеуметтік зерттеулер орталығы [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://auca.kg/uploads/Migration_Database/Susan_rus.pdf].
11. Қазақстандағы еңбек мигранттары: мәртебесіз және құқықтарсыз. Қыркүйек. 2016 [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.fidh.org/IMG/pdf/note_kazakhstan_681r_6_sept_2016_ru_web.pdf].
12. Үйге апарар қиын жол: памирлік қырғыздардың оралуы. «Мир-24» Ақпараттық агенттігі. 2018 жылғы 8 сәуір [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://mir24.tv/articles/16299948/trudnaya-doroga-domoi>].
13. Integration: The Role of Communities, Institutions, and the State// Migration Policy Institute. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.migrationpolicy.org/article/integration-role-communities-institutions-and-state].

Бейнесюжеттер:

1. Отанға қайтамыз – памирлік қырғыздар неліктен наразы? Sputnik Қырғызстан. 2018 жылғы 13 шілде [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://ru.sputnik.kg/video/20180710/1040104513/kyrgyzstan-pamirskie-kyrgyzy-video-zhizn.html>].
2. Мигранттарды біріктіру мәселелерін культурализациялау – В. Малахов [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.youtube.com/watch?v=P7dPH-Ut_Os].

3.5. Диаспоралар Орталық Азия елдерінің қайтарымды көші-қонның әлеуеті және ресурсы ретінде

Мазмұны. Диаспоралар түсінігі және типтері. Шетелдегі ОА елдерінен келген диаспоралардың қоныстануы және әлеуметтік-демографиялық құрылымы: негізгі елдер, саны, әлеуметтік-демографиялық құрылымы. Диаспоралардың отанмен өзара әрекеттесу нысандары. Отанмен диаспоралардың өзара әрекеттесуінің экономикалық аспектілері. ОА елдеріндегі диаспоралардың ақшалай аударымдары. Отанмен диаспораның әлеуметтік мәдени өзара әрекеттесуі. Отанға диаспора өкілдерінің қайтып келуге көші-қон орналастырулары. Әлеуетті қайтарымды мигранттардың әлеуметтік-демографиялық топтары және мүмкін санын болжамды бағалаулар.

«Диаспора» сөзі грек тілінен аударғанда «шашырау», ал терминнің өзі өз отанында тұрмайтын халықтың бөлігі дегенді білдіреді. Бастапқыда «диаспора» термині б.з.д. VI ғасырдағы Вавилондық тұтқын дәуірінен бастап еврейлердің Палестина аумақтарынан тыс қоныстануы» деп қарастырылды. Британ энциклопедиясында түсінік еврейлік тарих призма арқылы түсіндіріледі. Аталмыш жағдайда еврей диаспорасы «диаспора» терминіне олардың сәйкестігі пәніне барлық шашыраған қалған халықты тексеру ретінде қабылданған жіберу нүктесі болып келеді.¹

Еврейлер және басқа халықтар Вавилон тұтқындығынан босатылғаннан кейін және Кирдің бүкіл империясы бойынша олардың қоныстануынан кейін іс-әрекеті бүкіл Ахаменид империясын қамтыған Манифест (адам құқықтарының дүниежүзіндегі алғашқы декларациясы деп санауға болады) қабылданды. Аталмыш құжаттың VI тармағында Ұлы Кирдің атынан былай делінеді: «Мен барлық халықтарды азат деп жариялаймын, олар өздері бейім кез келген дін мен салт-дәстүрді таңдауда еркін, олар кез келген жерде тұруға еркін, олар кез келген бағыну түрін таңдауда еркін, олар кез келген өздері қалаған, бірақ басқа адамдардың құқықтарын бұзып, кемсітпейтін шарттарда ғана жұмыс пен мамандық таңдауда еркін».²

Қазіргі уақытта диаспоралар деп шыққан елінен тыс тұратын кез келген этникалық топтарды атайды. Бұл терминнің жаңа түсіндірілуіне және барынша ауқымды түсіндірілуіне әкелді және арнайы әдебиетте «жаңа және заманауи диаспора» сөз тіркестері қолданыла бастады. **Диаспора** – аталмыш қауымның қызмет етуі және дамуы үшін әлеуметтік институттары бар және өзінің тарихи отанының аумағынан тыс өзге этникалық ортада тұратын, бірыңғай этникалық тегі бар (немесе өз халқының орналасу ареалынан тыс) адамдардың тұрақты жиынтығы.³

¹ Т.С. Кондратьева. Қазіргі әлемдегі диаспоралар: құбылыс және түсініктер эволюциясы // Келешектер. Тарихи перспективалық қордың зерттеулер және талдаулар орталығы. 2010. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.perspektivy.info/srez/etnos/diaspory_v_sovremennom_mire_evolyucija_javlenija_i_ponatija_2010-02-27.htm].

² Дж. Сьездизода, Н. Файзизода Ұлы Кир декларациясы және Еркіндіктің ұлы хартиясы: ұқсастық және ерекшеліктер// Құқықтық өмір. 2015. №2 (10). 74–88-б.

³ Ж.Т. Тощенко, Т.И. Чаптыкова Диаспора әлеуметтік зерттеу объектісі ретінде// Социс. 1996. №12. 37-6.

Қайтарымды көші-қон мәселелерімен өзара байланысты диаспора сұрақтарын зерттеу және түсіндіру өзектілігі келесі концептуалды тұжырымдарда жатқанын ерекше атап өткен жөн:

Біріншіден, диаспора және диаспораландыру үдерісі көші-қонның терең тарихи тамырға ие екенін және жүзжылдықтар ішінде адамзат қоғамында заңды құбылыс болғанын көрсетеді.

Екіншіден, диаспора белгілі бір көші-қондық үдерістердің нәтижесі ретінде өзін барынша оң жағынан көрсетті және аталмыш үдерістің тек күшейетініне байланысты көші-қонмен байланысты аталмыш қоғамдық құбылысты тиімді басқару үшін ғылыми интерпретациялау және ғылыми талдау өзектілігін шарттастырады.

Үшіншіден, диаспора белгілі бір көші-қон үдерістерінің нәтижесі ретінде мигранттардың және олардың отанының арасында көпір бола отырып, сондай-ақ мигранттар доноры елінің және қабылдаушы елдің қайтарымды көші-қонның тетіктерін сәтті іске асыруға жағдай жасайды.

Төртіншіден, диаспораландыру үдерісінің үлкен көші-қон ағымдары нәтижесінде дамуы мүмкін, сол себепті олардың криминализациялаудың алдын алу және аталмыш үдерістерді реттеудің арнайы және жетілдірілген тетігін әзірлеу қажеттілігі туындайды. Сәйкесінше, қайтарымды көші-қон сұрақтарын диаспоралар қызметімен өзара байланыста шешу қажет, себебі олар аталмыш тұжырымдаманы іске асыруда қаржылық көмекті қамтамасыз ете алады және мигранттардың ерікті қайтып келуіне жағдай жасай алады.

Бесіншіден, диаспораландыру үдерісінің соңғы онжылдығында өзіндік тартымдылыққа ие болады және қазіргі әлемнің шамамен барлық елдерінде дерлік байқалады, бірақ реттеу тетігі болмағанда аталмыш үдерістің белгілі бір теріс нәтижелерге әкелуі мүмкін.

Бұл тұрғыда біз аталмыш үдерістің қазіргі әлемде дамуы және адамзат тарихында диаспораларды қалыптастыру туралы кейбір мәліметтерді келтіруді жөн санадық.

Диаспора үшін оның әлеуметтік функциясы – адам құқықтары декларациясына сәйкес адамдардың қамтамасыз етілуі және кепілдіктерді алуы, олардың құқықтарын қорғау, диаспора мүшелерін әлеуметтік қорғау бойынша қызмет ерекше маңыздылыққа ие. Соңғы жылдары оның қосымша құқықтарды және кепілдіктерді алуы мақсатымен диаспораның мүдделерін ұсыну, сондай-ақ диаспора қабылдайтын әртүрлі шаралар нысанында көрінетін саяси функция үлкен мәнге ие болып келеді.

Британдық әлеуметтануші Р. Коэн диаспоралардың төрт типін белгілейді: құрбандар диаспоралары (еврей, африкалық, армян, палестиналық), еңбек диаспоралары (үнділік), сауда (қытай) және империялық (британдық, француздық, испандық, португалдық).⁴

Зерттеуші Г. Шеффер диаспоралардың келесі типтерін белгілейді: терең тарихи тамыры бар диаспоралар (бұнда армян, еврей және қытай диаспоралары жатады); «мүлгіген» диаспоралар (Еуропадағы және Азиядағы американдықтар және АҚШ-тағы скандинавтар); «жас» диаспоралар (оларды гректер, поляктар және түріктер құрайды); «жаңадан пайда болған», яғни өзінің қалыптасуының бастапқы кезеңіндегілер (оларды енді ғана кәрістер, филиппиндіктер, сондай-ақ бұрынғы кеңес республикаларындағы орыстар қалыптастырып келеді); «үйсіз», яғни

⁴ Т.С. Кондратьева. Қазіргі әлемдегі диаспоралар: құбылыс және түсініктер эволюциясы // Келешектер. Тарихи перспективалық қордың зерттеулер және талдаулар орталығы. 2010. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.perspektivy.info/srez/etnos/diaspory_v_sovremennom_mire_evolyucija_javlenija_i_ponatija_2010-02-27.htm].

өзінің мемлекеті жоқ (бұл санатқа күрттер мен сығандар кіреді); «этноұлттық» – диаспоралардың ең кең тараған типі; «шашыраған» және жинақы тұратын диаспоралар.⁵

Диаспоралардың отанымен экономикалық және әлеуметтік мәдени өзара әрекеттесуі бәрінен бұрын қазір диаспоралардың мигранттарды, соның ішінде еңбек мигранттарының қайта ықпалдандыру және ерікті қайтып келу бағдарламалары және рәсімдерін іске асыруда маңызды рөл атқаратынында жатыр және аталмыш үдеріс мигранттардың шыққан еліне қайтып келуіне әрекеттесу; шыққан елмен байланысты қолдау; қабылдаушы елде мигранттарды бейімдеу ортасын құру; қабылдаушы елде мигранттарға жәрдемдесу және оларды қолдау процестерін қамтиды.

Халықаралық деңгейде шығу және тұру елдерін дамытуға диаспоралардың үлесін зерттеу сұрақтары бойынша барынша көп күш белсенділендірілуде. 2013 жылы диаспоралар бойынша жоғары деңгейдегі ХКҚҰ бірінші диалогы өтті. Әлемнің түкпір түкпірінен министрлер деңгейінде 55 министр және лауазымды тұлғалар диаспоралардың өсіп келе жатқан жаһандануына және олардың дамуына қосқан үлесіне байланысты мәселелерді талқылау үшін екі күнді бірге өткізді. Қатысушылар өз елдерінің жағдайы мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін диаспоралармен өзара іс-қимыл саясаты мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру үшін негіз ретінде саяси және институционалдық ұстанымды қалай күшейту керектігі туралы пікір алмаса алды.

Диаспора қауымдастықтарын олардың шыққан еліне тарту ХКҚҰ жұмысының маңызды аспектісі болып табылады. Шетелдік диаспоралық қауымдардың көптеген мүшелері шыққан елімен байланысты болып қалады. Олар өзінің жаңа еліне үлес қосады, бірақ өздері шыққан елдің дамуына да ықпалды қатысушылар бола алады. Көші-қон және даму саласындағы ХКҚҰ жобалары шыққан елін дамыту және қайта құру үшін білімдер және дағдылармен алмасуға бағытталды. ХКҚҰ-ның шыққан елдерде білімін алмастыру негізінде шетелде уақытша диаспоралар қауымдастығын тағайындауды қарастыратын бағдарламалармен жұмыс істеуде 30 жылдан астам тәжірибесі бар. Атап айтқанда, Нидерландыда 2006 жылдан бастап ХКҚҰ Ганадағы денсаулық сақтау саласындағы жоба (MIDA Ghana health), Кабо-Вердеде диаспоралардың қатысуы (Dias de Cabo Verde), «Батыс Балкандарда дамыту мақсатындағы көші-қон» (MIDWEB) және Біліктіазаматтардың уақытша қайтып келуінің үш кезеңі (TRQN) сияқты көші-қон және дамыту саласындағы жобаларды жүзеге асыру барысында 2004 жылы алынған жақсы нәтижелерге сүйенеді.

ХКҚҰ және көші-қон саясаты институтының (MPI) «Диаспоралардың даму үдерісіне тарту үшін жол картасы» жобасы саясат әзірлеушілері мен практиктерге үкіметтік бастаманың қазіргі жағдайы бойынша практикалық нұсқаулықты ұсынады. Анықтамада бүкіл әлемнен нақты оқиғаларға негізделген бағдарламалық опциялар және өмірге қабілетті саясаттардың мұқият іріктелген тізбесі ұсынылған.⁶

⁵ Г. Шеффер. Дүниежүзілік саясаттағы диаспоралар// Диаспоралар. 2003. №1. 165-6.

⁶ Дамуды жоспарлау барысында көші-қон мәселелерін есепке алу: ХКҚҰ, директивті органдар мен практиктерге арналған нұсқаулық (Mainstreaming Migration into Development Planning: A Handbook for Policy-makers and Practitioners. IOM. Global Migration Group.) 2010. 152 p. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://publications.iom.int/es/books/mainstreaming-migration-development-planning-handbook-policy-makers-and-practitioners/>].

Көптеген елдердің үкіметі шығу елдерімен диаспоралардың байланыстарының құндылығын сезінеді және олармен ынтымақтастық тәсілдерін іздейді. Олардың өкілдері отанға аударатын ақшалай аударымдардан басқа (2010 жылы 400 млрд АҚШ долларынан астам), диаспоралар аса маңызды және дамып келе жатқан саладағы негізгі тікелей инвесторлар, жаңадан пайда болып келе жатқан туристік бастамалардың танымал қамқоршылары және жомарт жәрдемшісі болып табылады. Саясаткерлердің алдында тұрған мәселе диаспораның өз шыққан елдеріне пайдасын тигізе алмауынан ғана емес, олардың мұны қалай жасайтыны және мемлекеттік саясат пен бағдарламалардың қандай түрлері осындай қарым-қатынастардың дамуына ықпал ете алатыны болып табылады.

3.5.1-мысал. Әзірбайжанның әзірбайжандық диаспорамен жұмыстағы тәжірибесі

Әзірбайжанда Диаспорамен жұмыс жөніндегі мемлекеттік комитет құрылды. Комитет қызметінің басқа да бағыттарының ішінде шетелде тұратын әзірбайжандарды, сондай-ақ олар құрған диаспоралық ұйымдарды, оның ішінде Әзірбайжанға достас халықтардың диаспораларын Әзербайжан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі мен егемендігін қорғау мен нығайтуға, елдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына, қоғам мен мемлекеттің саяси өміріне қатысуға, сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының басқа елдермен өзара тиімді қатынастарын дамыту мен құруға қатысуға тарту да бар. Мемлекеттік комитеттің міндеттері қатарында шетелде тұратын отандастарды Әзірбайжан Республикасындағы экономикалық қайта құру үдерісіне белсенді тарту, оларды Әзірбайжан экономикасына инвестициялау үшін қолайлы жағдайлар жасау және ел аумағында кәсіпкерлік қызметпен еркін айналысу мүмкіндігі, шетелде тұратын әзірбайжандарға өзара байланыстарды жолға қою, ұйымдардың қалыптасуына, құрылған қоғамдық, мәдени және басқа да бірлестіктерге Әзірбайжан Республикасымен байланыстарды орнату мен дамытуға көмек көрсету.⁷

Қазақ диаспорасы. Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан кейін Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығының (ДҚК) деректері бойынша 5 миллионнан артық қазақтар тұратын шет елдерде өзінің диаспоралық саясатын жүргізе бастады. Қазіргі уақытта қазақтар 44 мемлекетте тұрады, негізгі бөлігі – Қытайда (1,5 млн), Өзбекстанда (1,5 млн) және Ресей Федерациясында (800 мың). Сондай-ақ ТМД басқа елдерінде – 187 мың, Моңғолияда – 83 мың, Ауғанстанда – 30 мың, Түркияда және Иранда – 10 мыңнан, Канадада – 7 мың, Пәкістанда – 5 мың, Германияда және Францияда – 2 мыңнан, АҚШ және Сауд Арабиясында – 1 мыңнан, Австралияда – 900, Австрияда – 700, Аргентинада – 500, Ұлыбританияда – 300, Швеция және Иорданияда – 200-ден, Израильда және Сирияда – 100-ден, Швейцарияда, Голландияда, Норвегияда, Марокко, Египетте, Бельгияда, Тайванда – кемінде 100 адам.⁸

Дүниежүзілік халық санағы деректері бойынша (2010 жылғы) РФ 21 субъектіндегі қазақтардың саны 648 мың адамды құрады. Санақта халық саны кем есептелгенін ескеретін болсақ, Ресей Федерациясындағы қазақтардың нақты саны 800 мыңнан 1,5 миллионға дейін адамды құрауы мүмкін. Қазақтар Ресей Федерациясында татарлардан, башқұрттардан және чуваштардан кейінгі төртінші түрік этносы және елдің барлық этностары ішінде оныншы болып табылады. Қазақ диаспорасының ықшам тұру орындары ҚР шекаралас облыстар болып табылады:

⁷ Диаспоралармен жұмыс бойынша Әзірбайжан Республикасының Мемлекеттік комитеті туралы ереже [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://diaspor.gov.az/ru/esasname>].

⁸ Қазақ диаспорасы [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://e-history.kz/ru/scorm/course/434>].

Астрахань – 149 мың, Оренбург – 120 мың, Омбы – 78 мың, Саратов – 76 мың, Волгоград – 76 мың, Челябинск – 35 мың, Тюмень – 19 мың, Мәскеу және Мәскеу облысы – 13 мың адам.

Шетелде тұратын қазақтар ҚР ұлттық саясатының объектілерінің бірі болып табылады. Қазақ диаспорасының тарихи және заманауи мәселелерін зерттеу Қазақстанның ұлттық мүдделері тұрғысынан маңызды болып көрінеді. Қазақ диаспорасына тән белгі халықтың әлеуметтік-психологиялық, физиологиялық және дүниетанымдық қабілеттеріне ықпал еткен генетикалық берілген көшпенді өмір салты, бейімделуге басым қабілеттілігінің нәтижесінде полиэтникалық, мультимәдени және мультидіни құрылымы бар елдерде сәтті қызмет етуі болып табылады.

Қазіргі қазақ диаспорасы үшін екі үдеріс тән: Қазақстанға оралу және этникалық сәйкестікті сақтау. Қазақ диаспорасының өкілдерінде этникалық сәйкестіктің сақталуын бірнеше белгілермен белгілеуге болады: неке және отбасының, этникалық қауымдастықтардың және ұлттық мектептердің болуы, қазақ тілін сақтау және қолдану. Қазақ диаспорасына тән ерекшеліктердің бірі урбанизацияланған ортада тұру болып табылады.

1991 жылға дейін қазақтардың шетелде ұйымы болмады, ол олардың санының аз болуына және қазақтардың түрік бірлестіктеріне және өзге этникалық ұйымдарға бірігуімен байланысты болды. Жағдай ҚР тәуелсіздігін жариялағаннан кейін өзгерді. Бұл дүниежүзінің әр елінде қазақ қауымдастықтарын құрудағы бастапқы нүкте болды, олардың қатысушысы қазіргі уақытта тұрақты түрде кездеседі, бірлескен мәдени және спорт іс-шараларын ұйымдастырады. Қазақ диаспорасын дамыту стратегиясы этникалық сәйкестікті сақтау идеясында құрылады. Қазақ диаспорасы үш шығу елінен қалыптасады: Қазақстаннан, Түркиядан және Қытайдан, одан әрі қарай бүкіл әлем бойынша таралады. Дүние жүзінің әр елінде тұратын қазақтарға үштілділік тән: қазақ тілі, шығу елінің тілі және келген елінің тілі.

Қазіргі уақытта қазақ диаспорасы негізінен Қазақстан үшін демографиялық ресурстар резерві, сондай-ақ қазақ халқының мәдени мұрасының сақтаушысы болып табылады. Көптеген онжылдықтар бойы Қазақстан аумағынан тыс тұратын қазақ отбасылары өздерінің дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, тілін сақтап келді. Бұл жерде менталдылықты сақтау туралы сөз болып отыр, себебі тіпті өзінің тарихи отанынан алыс болса да, көптеген қазақ диаспораларында тұратын еліне сіңіп кету мүмкіндігі көп еді. Қалыптасқан жағдайдан шығудың жолы балаларды мектепте ана тілінде оқыту немесе Қазақстанға оралу болып табылады. Қазақ ұлты өкілдерінің тіл мәселесі әліпбимен, дәлірек айтқанда үш түрлі әліпбиді пайдаланумен байланысты: кириллица, латын және арабтың өрме жазуы. Қытайда тұратын қазақтар араб графкасын, Түркия қазақтары латын, ал ТМД-да тұратын қазақтар кириллица әліпбиін қолданады. Ұзақ уақыт орын алып келе жатқан бұл феномен қазақ диаспораларының арасындағы, сондай-ақ Қазақстандағы туысқандармен жақындасу үдерісін де қиындатуда.

Шетелде тұратын қазақтардың басым бөлігі қазіргі таңға дейін бірыңғай қазақ ұлтының құрамдас бөлігі ретінде сақталды. Олар ана тілінде сөйлейді, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтайды, Қазақстанды тарихи отаны деп есептейді. Кейбір елдердегі қазақтар тығыз тұратын жерлерде олар ана тілінде білім ала алады, ұлттық мәдениет пен дәстүрді дамыта алады. Нәтижесінде, диаспора өкілдері қазақ мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің шетелдегі бай қабатын қалыптастыра алды.⁹

⁹ Отандастардың 1960 жылдардағы оралуы. ТМД елдеріндегі қазақтар. № 454 [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://e-history.kz/ru/scorm/course/417>].

ҚР Сыртқы істер министрлігі ДҚК және шетелдегі дипломатиялық өкілдіктер көмегімен шетелдегі отандастарға мәдени, гуманитарлық және практикалық әрекеттесуді жүзеге асырып келеді. Қазақстан және Ресей Федерациясы шекара маңы аймақтарының арасындағы мәдени байланыстар дамып келеді. ДҚҰ желісі бойынша да, аймақтық ұлттық-мәдени автономиялар да ұйымдастыратын ресейлік қазақтардың үлкен және шағын құрылтайлары тұрақты түрде өткізіледі. Мұндай кездесулер Ресей Федерациясындағы отандастардың өзекті мәселелерін талдау үшін өзіндік өзіндік пікірталас алаңы ретінде қызмет етеді. Ресей өңірлерінде және қалаларында 50-ден астам әртүрлі қазақ ұлттық-мәдени және қоғамдық бірлестіктері жұмыс істейді, олардың бірінші кезектегі міндеттері ана тілін, мәдениет пен дәстүрді сақтау және дамыту болып табылады.

РФ-те ҚР Елшілігі, Бас консулдықтары және консулдықтарының мәдени-гуманитарлық саладағы бірлескен іс-шаралары өткізіледі, отандастардың қоғамдық ұйымдарымен диалог жақсартылды. Дипломатиялық өкілдіктердің отандастармен өзара іс-қимылын жетілдіру мақсатында жыл сайынғы кездесулер ұйымдастырылады, ал мәселелерді жедел шешу және бірлескен жобаларды талқылау үшін айына бір рет бірлескен интернет-конференциялар өткізіледі. ҚР-ның РФ-тағы Елшілігі «Ресейдегі қазақтар» атты екі томдық кітап шығарды, ол өмірі Ресей Федерациясымен, оның тарихымен және мәдениетімен байланысты қазақ халқының көрнекті өкілдері туралы қосымша ақпаратты қамтиды.¹⁰

Тәжікстанның аумағындағы қазақ диаспорасының саны әртүрлі уақытта 70 мың адамға жетті. КСРО ыдырар алдында Тәжікстандағы қазақтар саны жағынан тоғызыншы ұлт болды. Жаппай шығу 1990 жылдардағы азаматтық соғыспен, елдегі саяси және экономикалық тұрақсыздықпен туындады. Тәжікстанмен ортақ шекарасы жоқ Қазақстан тарихи отанында құрамында 12 мыңға жуық адам бар 2752 қазақ отбасын ұйымдасқан түрде қоныстандырып, жайластыра алды. Шамамен 95% репатрианттар Қазақстанның оңтүстігіне қоныстанды. Қазір Тәжікстандағы қазақтар барлығы 936 адам, оның 350 адамы Согдий облысында (37%), Хатлон облысында 311 (34%), республикалық бағынышты тоғыз ауданда 87 адам (9%), Душанбеде 185 адам (20%), ТБАО-да барлығы үш қазақ тұрды. Қазақтар тәжік халқының мәдениетін құрметтейді, тәжік тілін үйренеді немесе біледі, Қазақстанмен байланысты қолдауға тырысады. 2002 жылғы санақ бойынша Тәжікстандағы 22% қазақтар тәжік тілін ана тілі деп санайды немесе еркін біледі. Әлеуметтік бейімделудің жеткілікті деңгейіне қазақтардың және барлық ұлттық қауымдастықтардың бірдей өзара қарым-қатынасы дәлел.

«Бәйтерек» қазақ мәдени орталығы диаспораны шоғырландырады, оған Қазақстанда болып жатқан процестерге ұмтылатын патриоттар, энтузиастар, бұрынғы педагогтар, спортшылар, жаттықтырушылар, психологтар, дәрігерлер, ғылыми қызметкерлер біріктірілген. «Бәйтерек» басшысы. З. Саминова ТР Президенті жанындағы қоғамдық кеңестің мүшесі болып табылады. «Бәйтерек» белсендісі, белгілі жаттықтырушы М. Идирисов 2011 жылы Астанада IV Дүниежүзі қазақтарының құрылтайының делегаты болды. А. Нұралиевтің «Тәжікстанның қазақтары» атты кітабы дайындалып шығарылды, онда қазақтардың Тәжікстанға қоныс аударуы, олардың жұмыспен қамтылуы және экономикалық қызметі, республиканың дамуына қосқан үлесі зерттелді.¹¹

¹⁰ Ресейдегі қазақтар: тарихи очерк. РФ-тағы ҚР елшілігі [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://kazembassy.ru/rus/diaspora/kazahi_v_rossii].

¹¹ Душанбеде «Тәжікстандағы қазақтар» кітабы шықты [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://theopenasia.net/articles/detail/v-dushanbe-vyshla-kniga-kazakhi-tadzhikistana>].

2018 жылдың басында Қырғызстанда 35 мыңнан астам этникалық қазақ тұрды. 2018 жылғы 19 тамызда Бішкекте Қырғызстан қазақтары қауымдастығының кезектен тыс съезді өтті. Съезде қазақ диаспорасының төрағасы болып Жогорку Кенеш депутаты Г. Асылбаева сайланды. Қырғызстан қазақтарының қауымдастығы Қырғызстан халықтарының ассамблеясы эгидасымен жұмыс істеді. Егемен Қырғызстандағы қазақ диаспорасының алғашқы қоғамы 1992 жылғы 22 мамырда «Отан» мәдени орталығы атауымен құрылды. 2010 жылғы желтоқсанда «Отан» мәдени орталығы мен «Алаш» қазақ қоғамдық бірлестігі Қырғызстан қазақтарының қауымдастығына қосылды.¹²

IV Дүниежүзілік қазақтар құрылтайында, ДҚҚ президиумының төрағасы Н. Назарбаев ғалымдар алдына шет елдердегі қазақ диаспорасының тарихын зерттеу үшін ғылыми экспедициялар өткізу міндетін қойды. 2013 жылы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ДҚҚ Білім және ғылым министрлігінің бірқатар ғылыми институттарымен бірлесіп, «Қазақ диаспорасының жасампаз әлеуеті: тарихы және қазіргі заман» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізді.

Диаспора сұрақтарына Қазақстанның жоғары оқу орындарында назар аударылады. Мысалы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде «Диаспора» арнайы курсы оқылады.¹³ Қазақстанда диаспора жастарының білім алуы үшін жағдай жасалған. 2018 жылы Өзбекстаннан Қазақстанға 12 мың бала оқуға келді, оның ішіндегі шамамен 5 мыңы – этникалық қазақтар.¹⁴ 2019 жылы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін озық оқыту жүйесі бар 20 Назарбаев Зияткерлік мектебінде басқа елдерден келген 4 мың қазақ баласы оқитын болады.

ҚР Үкіметінің қаулысымен 2018–2022 жылдарда шетелдегі этникалық қазақтарды қолдау бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді, ол тарихи отанмен мәдени-гуманитарлық байланыстарды белсенділендіру, ана тілін меңгеру, білім алу бойынша шетелдегі қазақ диаспоралары үшін жаңа мүмкіндіктерді құруды көздейді.¹⁵ 2017 жылғы ДҚҚ V құрылтайында берілген ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес «Отандастар» қоры құрылды. Ұйымның қызметі шетелде тұратын отандастарды, сондай-ақ Қазақстанға келген этникалық қазақтарды қолдауға бағытталған. Бұл ретте Қордың басты міндеті тарихи отанына оралған отандастарды бейімдеу кезінде ақпараттық, ұйымдастырушылық және консультациялық көмек көрсету, сондай-ақ олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қолдау болып табылады.

1992 жылғы 29 қыркүйекте Алматыда құрылған ДҚҚ Дүниежүзілік қазақтардың I құрылтайының шешім бойынша «Алыстағы ағайын» фильмдер циклын жасады. «Қазақстан» мемлекеттік телерадиокорпорациясы шетелдік қазақтар туралы деректі фильмдер (11 серия) циклын түсірді. Жыл сайын Қазақстанның Қоғамдық даму министрлігі шетелдегі қазақтардың шағын құрылтайын өткізеді, оның мақсаты – салт-дәстүр және әдет-ғұрып, өзіндік мәдениетті көтеру және қалпына келтіру.

¹² Қырғызстандағы қазақ диаспорасын Жогорку Кенеш депутаты басқарды [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://informbuo.kz/novosti/deputat-zhogorku-kenesha-vozglavila-kazahskuyu-diasporu-v-kyrgyzstane.html>].

¹³ Қазақтар: Пекиннен Берлинге дейін [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://kstnews.kz/newspaper/612?node=43932>].

¹⁴ «Отандастар» қоры және ХБО ынтымақтастық туралы меморандум жасады [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://ru.qazaq-alemi.kz/2019/02/26/memorandum-o-sotrudnichestve-zaklyuchili-fond-otandastar-i-tsmpl/>].

¹⁵ ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 18 мамырдағы №280 «2018–2022 жылдарға шетелдегі этникалық қазақтарды қолдау бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысы [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000280>].

«Отандастар» қоры ДҚК-мен бірлесіп «Туған жерге тағзым» жобасын – шетелде тұратын отандастар үшін Қазақстанның қасиетті жерлеріне тарихи-танымдық экскурсиялар сериясын іске қосты. 2018 жылдың 20–21 қарашасында өткен жобаның бірінші экскурсиясы үшін түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістан таңдалды. Жобаның мақсаты – қазақ халқының мәдени және рухани құндылықтарын отандастарымыздың Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Арыстан Баб кесенесі, Түркістан тарихи мұражайы және т.б. өңірдің көрікті жерлерімен таныстыру арқылы насихаттау.¹⁶

Көптеген қазақ диаспорасының өкілдері өзінің тарихи отанында пайдалы болғысы келеді және оның дамуына өз үлестерін қосқысы келеді. Отандастардың ұмтылысын ҚР Мәдениет және спорт министрлігі қолдады. 11 елден келген қазақ диаспорасының өкілдері ақпараттық топ құрды. Өзіндік ортақтастықты құрудың бастамашысы «Жанашыр» халықаралық қоғамдық қоры, оның міндеті Қазақстандағы және диаспора тұратын елдердегі қазақ мәдениетінің басымдылықтарын ілгерілету болып табылады.

3.5.2-мысал. Финляндияда қазақ өнімдерін ілгерілетудегі диаспораның рөлі

Финляндияның әртүрлі аудандарында тұратын 20 қазақ отбасының күш-жігері соңғы жылдары жергілікті фермерлердің қазақ ұлттық тағамына деген қызығушылығына қол жеткізуге мүмкіндік берді. Қазақ асүйінің інжу-маржаны болып табылатын қымыз және ет сияқты жеңсік астары өзінің дәмдік қасиеттерінің арқасында осы елде де танымал болды. Қазы-қарта және жал-жаяны енді фин фермерлері үстелге салқын тіске басар ретінде қояды.

– Өткен жолы елге жалғыз келмедім, – дейді «Литер» газетіне финдік Турку қаласынан келген Айкен Соломен. – Менімен бірге фермерлердің шағын тобы келді. Оларға қымыз өндіруді көру, қазақстандық фермерлермен қарым-қатынас жасау, тәжірибе алмасу, ынтымақтастық туралы келісімге келу қызықты болды. Финляндиядағы қазақтарды біріктіретін «Жұлдыз» қоғамы Қазақстанды ілгерілетуге бағытталған көптеген іс-шараларды өткізеді. Біздің отандастарымыз ғана емес фин халқының арасында да танымал мереке – Наурыз. Қазақ ұлттық киімдерімен Наурыз мейрамын тойлау дәстүрін Финляндияның жоғары оқу орындарында оқитын қазақстандық студенттер қалыптастырды.¹⁷

Қырғыз диаспорасы. Соңғы жылдары Қырғызстаннан эмиграцияның негізгі елдері Ресей Федерациясы, Қазақстан және Түркия болып табылады. Бұл елдер мигранттарды тек географиялық, мәдени жақындықпен ғана емес, сондай-ақ тірек нүктелері болып табылатын қырғыз диаспораларының болуымен де қызықтырады.¹⁸ Сараптамалық бағалауларға сәйкес 2017 жылы Қырғызстаннан Ресей Федерациясына шығушылардың саны 1 млн-нан астам адамды құрады, олардың жартысы ҚзР азаматтығын РФ азаматтығына ауыстырып үлгерген. Жаңа жерлестік Қазақстанда – 50 мың, Түркия және Корея Республикасында – 15 мың адамнан, бірқатар еуропа елдерінде және АҚШ-та түзілді. 2002 жылғы санақ деректері

¹⁶ «Отандастар» қоры ДҚК-мен бірлесіп «Туған жерге тағзым» ауқымды жобасын іске қосады [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://ru.qazaq-alemi.kz/2018/11/18/fond-otandastar-sovmestno-so-vak-zapuskaet-masshtabnyj-proekt-tu-anzherge-ta-zym/>].

¹⁷ Шетелде тұратын қазақ диаспораларының кездесулері Қазақстанда жыл сайын болып тұрады [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://old.liter.kz/ru/articles/show/12903-vstrechi_kazahskih_diaspor_prozhivayushih_zarubezhom_stanut_v_kazahstane_ezhegodnymi].

¹⁸ ХКҚҰ, Қырғызстан – кеңейтілген көші-қон бағдары. Бішкек. 2018. 15-б.

бойынша Ресей Федерациясында Қырғызстаннан келген 29 мың адам және 32 мың этникалық қырғыз тұрды. 2010 жылы олардың саны сәйкесінше 45 мыңға және 103 мыңға артты. РФ ІІМ мәліметтеріне сәйкес, 2017 жылы Ресей Федерациясында әртүрлі мақсатпен 880 мың ҚзР азаматы есепке алынды. Негізінен Қырғызстаннан шыққандар Мәскеуде, Мәскеу облысында, Санкт-Петербуркте, Ленинград облысында және елдің шығыс бөлігіндегі кейбір аймақтарда шоғырланады.

Қырғызстанның көптеген еңбекші-мигранттар еңбек нарығында басымдыққа ие екендігін, Ресей экономикасындағы неғұрлым жоғары әлеуметтік-экономикалық тауашаларды алып отырғанын ескере отырып, олар ресейлік қоғамға жақсырақ бірігеді. Қырғызстаннан келген еңбек мигранттары бір кездері негізінен Ресей Федерациясында тұрақты тұруға бейімделуін және сол кезде болған жеңілдіктерді пайдаланып, белсенді түрде Ресей азаматтығын алды. 2001–2011 жылдары 374 мың Қырғызстан азаматы ресейлік азаматтықты алды. Өкінішке орай, Ресей Федерациясы көші-қон саясаты Қырғызстаннан келген адамдарға азаматтық беруге қатысты тұрақтылығымен ерекшеленбеді және 2002 және 2010 жылдары рәсімдерді қатаңдату және ережелерді күрделендіру кезеңдері болды. 2014–2016 жылдары ҚзР азаматтарының шамамен 23 мың адамы РФ азаматтарына айналды. РФ ІІМ мәліметтері бойынша 2017 жылы Қырғызстаннан келген 8,8 мың адам РФ азаматтары болды, тағы 5 мың адам Ресей Федерациясында тұруға рұқсат алды, ал 7,6 мың адам уақытша тұруға рұқсат алды.

Әлеуметтік сауалнама көрсеткендей, қырғыз мигранттарының төрттен бір бөлігі ҚзР-на оралғысы келмейді. Отандастарды ҚзР қайта оралуға итермелейтін ең маңызды себептер тұру инфрақұрылымын/жағдайларын жақсарту; сыбайлас жемқорлықты төмендету; бизнесті бастау үшін ең жақсы мүмкіндіктер; балаларға арналған ең жақсы білім беру; кәсіби салада жұмыс табу мүмкіндігі; Қырғызстанда неғұрлым жоғары ақы төленетін жұмыс табу мүмкіндігі болып табылады. Қырғыздардың көпшілігі ҚзР-ға жылына бір рет келеді. Келудің ең жиі себебі – отбасын, достарын көру (79%).

Сұхбаткерлердің 88%-ға жуығы ҚзР даму бастамаларына қатысқысы келеді, бұл осы бағытта жұмыс істеу үшін айтарлықтай әлеуеттің барын дәлелдейді. Отандастар ақпарат алмасу (25%), консультациялық қызметтер (19%), көшпелі дәрістер мен мастер-кластар (17%), оқыту (16%), бірлестіктерге қатысу (10%), қаржылық салымдар (7%) түрінде дамуға жеке үлес қосуға дайын. Олар Қырғызстанда білім мен ғылымды (12%), туризм және қызмет көрсету саласын (11%), жастар бастамаларын (9%), қайырымдылық жобаларын (8%), кәсіпкерлік пен инвестицияларды (7%), ауыл шаруашылығын (7%), денсаулық сақтауды (6%) және т.б. қолдауға дайын.

Қырғыз отандастар өз ауданы мен елді мекендерін дамытуға үлес қосуға ниет білдіретінін атап өткен жөн, алайда сұхбаткерлердің үштен бірі туған жеріне қарамастан, кез келген өңірдің дамуына үлес қосуға дайын. Отандастар үшін отанға даму бастамаларына қатысуға уәждеуші факторлар мыналар: саяси жағдайды жақсарту (23%), нақты жобалар, идеялар, жергілікті кәсіпкерлердің бизнес-жоспарлары туралы уақытылы ақпарат (21%), мемлекет пен үкімет тарапынан міндеттемелер (16%), серіктестермен ынтымақтастық үшін виртуалды коммуникациялық алаңның болуы (12%), жобалық бастамалар үшін қаржы қаражатын беру үшін сенімді арналардың (тораптардың) болуы (10%) болып табылады.

Әзірше Қырғызстаннан келген мигранттарды қоныстандырудың негізгі бірдебір елінде дамыған және барлық мигранттарды қамтитын ұйымдар (бірлестіктер, жерлестіктер) қалыптаспаған.

Негізінде, қоғамдық ұйымдар белсенділердің күш-жігерінің арқасында құрылады және шетелге тұрақты тұруға көшіп кеткен және азаматтығын ауыстырған немесе ҚР азаматтығынан бас тартусыз жаңа азаматтық алған адамдарды біріктіреді. Әдетте ұйымдардың белсенді мүшелері көші-қон процесінде туындайтын проблемалық мәселелерді өзектендіреді, жекелеген жағдайларда еңбекші-мигранттардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғайды, оларға кеңес береді, ұжымдық көмек бастамашыларының рөлін атқарады, әсіресе, отандастар ұжымдық жұмыс істейтін жерлерде, ірі ұйымдарда, сауда базарларында не әлеуметтік желілер арқылы орындайды.

Қырғыз жерлестерімен және бірлестіктерімен жұмысты мемлекеттік құрылымдар мен үкіметтік емес ұйымдар жүргізеді. «Мекендеште»– Дүниежүзілік отандастар форумы екі жылда бір рет өткізіліп, қырғыздардың шетелдегі жерлестігі мен қауымдарын біріктіреді.¹⁹ Форумды ҚЗР Үкіметі мен «Роза Отынбаева бастамалары» халықаралық қоғамдық қоры қолдайды. Мемлекеттік деңгейде ҚЗР Президенті жанындағы отандастармен байланыстар жөніндегі кеңес жұмыс істейді.

Келесі қырғыз диаспоралық бірлестіктері шетелде барынша белгілі және белсенді болып табылады: Kyrgyz Club Germany, Kyrgyz Club New York, «Қырғызстан Достук жана Маданият Коому. Стамбул», Kyrgyz USA Community, «Ала-Тоо Мәскеу». Сондай-ақ қырғыз диаспорасы ұйымдары БАӘ, Италия, Украина, Қытай, Корея Республикасы, Польша, Австрия, Малайзия, Канада, Швейцария, Катар, Ұлыбритания, Бельгия елдерінде құрылып, жұмыс істеп келеді. Қырғыз диаспоралық бірлестіктерінің басым бөлігі Ресей Федерациясында да бар.²⁰

Мұндай бірлестіктер негізінен қырғыздық өзіндік ерекшелігін, қырғыз тілін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін сақтауды негізгі міндет ретінде қояды, сондықтан диаспоралар бірінші кезекте этникалық қырғыздарды біріктіреді. Аз дәрежеде диаспора істеріне басқа ұлт өкілдері тартылған. Мысалы, Қырғызстаннан шыққан және Ресей Федерациясында тұратын орыстар Ресей азаматтығын тезірек алуға және ресейлік қоғамға бірігуге ұмтылады, сондықтан мұндай ұйымдардың қызметіне қатыспайды. Белсенді көші-қон шарттарында қоғамдық бірлестіктер рөлі маңызды болып қалады. ҚЗР мемлекеттік құрылымдары жоқ және отандастармен тұрақты және тікелей байланыс жасауға мүмкіндігі жоқ өңірлерде мигранттардың қоғамдық бірлестіктері өзара көмек көрсету орталығына айналады, олар жер телімдерін қалыптастырады, бірлескен кездесулер, серуендер мен тойлаулар, спорттық жарыстар өткізеді.

3.5.4-мысал. Қырғыз диаспорасының Қазақстандағы әлеуеті.

Қиындықтарды жеңгендердің басқаларға қажетті тәжірибесі, құнды білімі бар. Бірақ, өкінішке орай, бұл тәжірибе үшін елшіліктер мен консулдықтардың қызметкерлері де, диаспоралық бірлестіктер де жүгінбейді. Қазақстандағы мемлекеттік құрылымдармен байланыстар көші-қон қырғызстандықтар үшін сәтті болуы үшін мигранттар мәселелерін де қамту қажет.²¹

¹⁹ [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://roza.kg/initiative/sustainable-development/6>].

²⁰ Шетелдегі отандастардың сараптамалық ростерлері және қырғызстандықтардың диаспораларын карталау. Зерттеу туралы талдамалы есеп. Бішкек. 2016.

²¹ Шетелдегі отандастардың сараптамалық ростерлері және қырғызстандықтардың диаспораларын карталау. Зерттеу туралы талдау есебі. Бішкек. 2016. 52-б.

Қырғызстан диаспора мигранттарды ел экономикасына инвестиция салуға жұмылдыруға, сауда қатынастарын фасилитациялауға, құқықтық және консультациялық көмек көрсетуге, сондай-ақ шетелде отандастардың бейімделуіне жәрдемдесуге көмектеседі деп күтуде.²²

Тәжік диаспорасы. Тәжік диаспорасының тарихы ғасырлар қойнауына кетеді. Бастауын соғдылықтар Үндістанда және Қытайда өздерінің колонияларын салған біздің заманымыздың II мыңжылдығынан табуға болады. VII ғасырдың екінші жартысында араб басқыншыларынан құтылу үшін зорастрийліктер, ирантілді халықтардың діндерін ұстанушылар осы елдерден пана тапты. Тәжіктердің жаппай эмиграциясы әртүрлі себептермен олардың тарихының кейінгі кезеңдерінде де байқалды. Тәжік халқының тарихы диаспоралардың тарихымен, сондай-ақ Қытай, Ауғанстан, Иран, Өзбекстан, Қазақстан, Түрікменстан аумағында тәжіктердің орналасуымен тығыз байланысты. Негізінен тәжік диаспоралары *Irredenta Terra* қағидаты бойынша қалыптасты (итал. – «бос емес жер», немесе өзінің байырғы жерінде тұратын ұлттық азшылықтар), яғни шекараны ауыстыру себебі бойынша диаспораның қалыптасуы болды.

Қазіргі уақытта дүние жүзінде 24-тен 30 млн-ға дейін этникалық тәжіктер тұрады, соның ішінде Ауғанстанда – 9,8-ден 11,5 млн адамға дейін, Тәжікстанда – 7 млн, Өзбекстанда – 1,5 (ресми деректер бойынша) 8 млн-ға дейін (ресми емес бағалар), Пәкістанда – 1,2 млн, Иранда – 388 мың, РФ-та – 300-ден 980 мыңға дейін, Германияда – 100 мың, АҚШ-та – 76 мың, ҚХР – 53 мың, Қырғызстанда – 52 мың, Ұлыбританияда – 40 мың, Қазақстанда – 32 мың, Швецияда – 26 мың, Украинада – 7,4 мың, Түрікменстанда – 5,3 мың, Бельгияда – 5 мың, Италияда – 4,8 мың, Финляндияда – 3,5 мың, Нидерландыда – 3,4 мың, Канадада – 2,4 мың, Польшада – 2 мың адам.

Тәжікстанның ресми статистикасының деректері бойынша уақытша жұмысқа орналасу мақсатымен ел аумағынан тыс 420 мың адам болды, соның ішінде Ресей Федерациясында – 413 мыңнан астам, Қазақстанда – 4 мың, Қырғызстанда, Беларусияда және Өзбекстанда – 2 мың адамнан, Украинада – шамамен 1 мың адам. Бұл деректер статистикалық және әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерімен сәйкес келмейді. С.В.Рязанцевтің деректері бойынша Еңбек көші-қонына Тәжікстаннан шамамен 600 мың адам қатысты, оның 85% жұмысқа Ресей Федерациясына барады.²³ Дүниежүзілік банктің деректері бойынша 2010 ж. шекарадан тыс Тәжікстанның 791 мың азаматы немесе 11%-дан астам ел халқы болды.²⁴ Осы бағалардың уақытша алшақтығына қарамастан, олар қатты өзгермесе керек.

Тәжік еңбек мигранттары Ресей Федерациясының барлық аймақтарында жұмыс істейді десе де болады. Олардың басым бөлігі шағын және орта бизнеске жұмысқа орналастырылған. Ресей Федерациясында тәжік еңбекші мигранттарының екі топтарын белгілеуге болады. Бірінші – барынша көп санды – бұл маусымдық қызметкерлер. Олардың ағымы Ресей Федерациясына ауыл шаруашылығына және құрылысқа жұмысқа барғанда көктемде және жазда артады. Егер маусымдық жұмыспен қамтылуы туралы сөз болып отырса, негізінен қысқы уақытта Ресей Федерациясы экономикасының ауыл шаруашылығы мен құрылыс сияқты секторларында белсенділіктің төмендеуі байқалады. Олар күзде үйлеріне қайтады. Болжамды бағалаулар

²² ХКҚҰ, Қырғызстан – кеңейтілген көші-қон бағдары. Бішкек. 2018. 172-б.

²³ С.В. Рязанцев, Н. Хорие Орталық Азия елдерінен Ресейге еңбек көші-қоны ағымдарын үгілеу: Экономикалық-әлеуметтік зерттеу. М.: Филыми әлем. 2011. 35-б.

²⁴ Көші-қон және ақша аударымдары, Дүниежүзілік банк (Migration and Remittances. Washington. World Bank.) 2011. 235-б.

бойынша Ресей Федерациясының кейбір аймақтарында тәжіктердің үлесіне шамамен 75–80% маусымдық мигранттар келеді.²⁵

Тәжік мигранттарының екінші тобы – Ресей Федерациясына ұзақ уақыт жұмыс істеген және тұратын, бірақ толығымен заңды мәртебесі жоқ адамдар. Көптеген мигранттар заңды түрде де, патентті рәсімдеусіз немесе келу орнында тіркелусіз де құрылыста, қызмет көрсету саласында, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығында жұмыс істейді. Тәжікстаннан еңбек мигранттары арасында сауалнама деректері бойынша мигранттардың үлкен бөлігі (шамамен 69%) ауызша келісім бойынша Ресей Федерациясында жұмыс істеді. Еңбекші мигранттардың төрттен бірі ғана жұмысқа жазбаша шарт жасады. Сондай-ақ тек 23% сұхбаткерлерде ғана Ресей Федерациясында жұмысқа рұқсат болды.²⁶

Тәжікстаннан Ресей Федерациясына еңбек мигранттарының арасында ерлер басым түседі. Соңғы уақытта үдерістің феминизациясы байқалса да, Тәжікстаннан Ресей Федерациясына көші-қон ағымдарында жеке немесе күйеуімен, әкесімен, ағасымен және отбасының басқа да мүшелерімен келетін әйелдердің үлесі ұлғайып келеді. Мигранттардың арасында балаларымен келетін отбасыларды немесе әйелдерді жиі кездестіруге болады. Ресей Федерациясына, қабылдаушы ел ретінде отбасылық көші-қонға мүдделі болуы тиіс. Отбасымен, әсіресе балалармен көші-қон көбінесе мигранттарды қабылдаушы ортаға ықпалдасуға мәжбүр етеді; жайлы психологиялық атмосфера тудырады; мәдени қондырғыларды жоғалтудан сақтайды, мигранттардың маргиналануына қарсы әрекет етеді. Алайда, әсіресе балалармен келетін әйелдер қабылдаушы қоғамның көші-қон және әлеуметтік институттарына (білім беру, денсаулық сақтау жүйесіне қол жеткізу, әлеуметтік кепілдіктер) бірқатар ерекше талаптар қояды, қабылдаушы қоғамға қандай да бір талап қояды, оны әлеуметтік жауапкершілікке тартады.

РФА әлеуметтану институтының зерттеу нәтижелері бойынша (сауалнамалар Мәскеуде 2004 жылы, сондай-ақ Мәскеуде, Самарада және Астраханьда 2005 жылы жүргізілген), Тәжікстаннан келген көптеген еңбек мигранттары Ресей Федерациясына сапар және жұмыс кезінде үлкен қиындықтарды бастан кешуде. Атап айтқанда, шамамен 53% сұхбаткерлер Ресейге баратын жолдағы ең маңызды мәселелер шекарадан өту кезінде құжаттарды тексеру екендігін айтты, ал шамамен 44% сұхбаткерлер кеденшілер, шекарашылар және полиция тарапынан алым-салыққа ұшыраған.²⁷

Тәжікстаннан келген баласы бар мигранттардың отбасылары отбасы мүшелерінде ресейлік азаматтықтың болмауынан көптеген қиындықтарға ұшырағаны жайлы көптеген жағдайлар белгілі. Мысалы, егер күйеуі Ресей Федерациясының азаматы болса, онда автоматты түрде оның әйеліне және балаларына Ресей аумағында ешқандай құқықтық мәртебе берілмейді. Нәтижесінде, өзінің жағдайын заңдастыру үшін әйелі патент рәсімдеуі немесе әр үш ай сайын Ресей Федерациясынан шығып тұруы тиіс. РФ-тың ірі қалаларында Тәжікстан азаматтығы бар мигранттардың балаларының мектептер мен балабақшаларға қолжетімділігі өзекті мәселе

²⁵ С.В. Рязанцев, Е.С. Красинец Орталық Азиядан Ресейге еңбек көші-қонының қазіргі үрдістері және экономикалық әсерлері. Ғылыми шолу. 1-серия. Экономика және құқық. 2016. №5. 5–14-б.

²⁶ С.В. Рязанцев. Ресейдегі көші-қон саясатының артықшылықтары. Ғылыми шолу. 1-серия. Экономика және құқық. №6. 2015. 34–39-б.

²⁷ Ф.Ш. Акрамов. Тәжікстаннан Ресейге еңбек көші-қоны және демографиялық жағдай// Ресейдегі шетелдік жұмыс күшін пайдалану және тарту практикасы: үрдістер, механизмдер, технологиялар: Ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары (2006 ж. 16–17 қазан) / Жауапты ред. С.В. М. Рязанцев. 2006. 5–10-б.

болып келеді. Тәжікстан азаматтары уақытша тұруға рұқсат және Ресей Федерациясында тұруға рұқсат алу үшін құжаттарды тапсырған кезде көптеген бюрократиялық кедергілер сақталады. Бұл ретте жұбайы – РФ-тың азаматы болғанымен де. Дегенмен РФ-дағы қазіргі демографиялық жағдайларда Тәжікстаннан шыққан ресейлік азаматтардың жұбайлары мен балалары кейбір ресейлік өңірлердің халық санын толықтырудың жақсы ресурсы бола алар еді.

Ресей көші-қон заңнамасы мигранттардың отбасы мүшелеріне, соның ішінде балаларға тіптен дерлік көңіл бөлмейді. Ең алдымен, бұл олардың Ресей Федерациясы аумағында болу, жұмысқа орналасу, білім беру және денсаулық сақтау қызметтеріне қол жеткізу әрекеттерін құқықтық ресімдеу мүмкіндіктеріне қатысты. Көбінесе бұл сұрақтар ресейлік қоғам үшін әлеуметтік шығындар призмасы арқылы ғана қарастырылады. Дегенмен орта мерзімді келешекте мигранттардың балаларын білім жүйесінен алып тастау, ал мигранттардың өздерін денсаулық жүйесінен алып тастау ресейлік қоғамға барынша қымбатқа түседі.

РФ тәжіктердің ресми қауымдастығы тіркелген: «Аджам», «Тәжік еңбек мигранттары», «Тәжіктер» ұлттық лигасы, «Тәжік диаспоралары», «Құқық және гүлдену», «Сомониен», «Сомон».

Экономикалық дағдарыстар мен көші-қон саясатын қатаңдату тәжіктік еңбек мигранттарының отанына кетуіне жағдай жасайды.

Түрікмен диаспорасы. Кеңестіктен кейінгі кеңістіктің барлық елдерінде, сондай-ақ Иракта (шамамен 3 млн адам), Сирияда (шамамен 3 млн), Ауғанстанда (шамамен 2 млн), Иранда (1,5-нан 3 млн-ға дейін), сондай-ақ Еуропаның кейбір елдерінде (Германия, Швеция және т.б.) қалыптасты. Жалпы КСРО құрамына кірмейтін елдерде шамамен 10 млн этникалық түрікмен тұрады.

Өзбекстанда 2000 жылғы санақ деректері бойынша шамамен 152 мың түрікмен тұрды. Өзбекстандағы түрікмендер негізінен Амудария өзені бассейнінің бойында және бұрынғы Хорезмге жатқан шекара аудандарын мекендейді.

2010 жылғы Бүкілресейлік халық санағына сәйкес Ресей Федерациясының әртүрлі өңірлерінде 36 мыңнан астам этникалық түрікмен өмір сүрді. Ең көп түрікмен диаспоралары Ставрополь аймағында, Мәскеуде және Астрахан облысында болды. Түрікмен моноэтникалық елді мекендері бар, онда түрікмендер мәдениетін, тілін, ұлттық өзіндік ерекшелігін сақтайды, Түрікменстанмен байланыстарды қолдайды (мысалы, Ставрополь өлкесінің Благодарное ауданындағы Эдельбай ауылы).

Тәжікстанда ресми деректерге сәйкес шамамен 20 мың түрікмен тұрады. Қалған кеңес үкіметінен кейінгі елдерде этникалық түрікмендердің саны кішігірім және көбіне өзге түрік этностарымен бірге немесе басқа ұлттар санатында қаралады.

Шетелде әртүрлі әлеуметтік топтарды біріктіретін түрікмен этникалық бірлестіктері құрылды. Мысалы, ірі ресейлік университеттерде студенттердің түрікмендік жерлестігі бар. Түрікмен диаспоралары қызметінің негізгі бағыттары Түрікменстаннан шыққан адамдарға (мигранттарға) ел аумағында бейімделуге және әлеуметтендіруге көмек көрсету, оларды келген елде ақпараттық қолдау, елдің оқу орындарында оқитын түрікмен студенттерін қолдау, тиісті ел мен Түрікменстан арасындағы әлеуметтік-мәдени және гуманитарлық байланыстарды

дамыту болып табылады. Олар Түрікменстанның мигрант-азаматтарының құқықтарын қорғауға байланысты әртүрлі мәселелерді шешуге жәрдемдесетін шетелдегі Түрікменстанның дипломатиялық өкілдіктері/консулдық мекемелері мен мигранттардың арасындағы өзіндік байланыстырушы буын болып табылады.

Түрікменстандағы шет елдердегі түрікмен диаспораларының қызметін қолдау мақсатында Түрік менстанда 1991 жылғы 24 қазанда құрылған Дүниежүзілік түрікмен гуманитарлық қауымдастығы (ДТГҚ) жұмыс істейді. Дүниежүзі түрікмендерінің гуманитарлық қауымдастығы – бұл оның өкілдіктері бар елдердің заңдарын сақтайтын халықаралық гуманитарлық қоғамдық ұйым. ДТГҚ, веляяттық (облыстық) филиалдардан басқа Түрікменстанның өзіне дүниежүзі бойынша әрекет ететін 27 бөлімше кіреді. Түрікмен диаспоралары Ресей Федерациясында, Германияда, Қазақстанда, Өзбекстанда, Иракта, Иранда, Францияда және тіпті Норвегияда бар. Шынын айтқанда, барлық елдерде бірдей ДТГҚ бөлімшелері жоқ. Барлығы олар тіркелген 14 ел есептелген, мысалы, Ресей Федерациясы, Украина, Өзбекстан, Ауғанстан, Пәкістан, Қазақстан, Тәжікстан және т.б.

ДТГҚ түрікмендік бөлімшелері өздерінің шетелдік серіктестерімен гуманитарлық, мәдени және экономикалық байланыстарды үнемі қолдайды. ДТГҚ мүшелері жүздеген жеке мүше болып табылады, оның ішінде шетелдік мемлекеттерден шамамен 400, сондай-ақ ұжымдық мүшелер бар, олар дүние жүзі бойынша 340 кәсіпорынмен және ұйыммен ұсынылды.

ДТГҚ жыл сайын кездесулер өткізеді, олар шетелдегі отандастардың өзекті мәселесін талқылау үшін өзіндік пікірталас алаңдары ретінде қызмет етеді. Соңғы жылдары шетелдік отандастармен ДТГҚ жұмыс бағыты мен мазмұны айтарлықтай түрленді. Ғылым және білім, мәдениет және өнер, кәсіпкерлік салаларындағы байланыстар белсенділендірілді. Қауымдастық Түрікменстанның басқа мемлекеттермен ынтымақтастығын дамыту ісінде, Түрікменстанның саясатын насихаттауда, соның ішінде отандастар мен мигранттар арасында ерекше рөл атқарады. Мигранттар ДТГҚ бөлімшелері мен диаспоралар арқылы көші-қон қатынастары саласындағы барлық қажетті ақпаратты, оның ішінде Отанына қайтарымды көші-қонды ала алады.

ДТГҚ тұрақты түрде қауымдастықтың бөлімшелері бар елдерде түрікмен мәдениетін, дәстүрін, тілін насихаттауға бағыттылған акцияларды өткізеді. Осылайша оның бастамасы бойынша «Дүние жүзі түрікмендері және ұлы қайта жандану дәуірі» шығармашылық конкурсы өткізілді. Конкурсанттар және қазылар алқасы мүшелерінің арасында әртүрлі елдерден түрікмен ұлтының өкілдері болды.

ДТГҚ Түрікменстандағы бөлімшелері шетелдегі әріптестермен еңбек ұжымдарының кездесулерін өткізеді, кездесу үшін шетелге барады, мысалы Ресей Федерациясының Ставрополь өлкесіне және т.б.

ДТГҚ қызметінің тағы бір негізгі бағыты – гуманитарлық. Түрікменстанда ДТГҚ бастамасы бойынша қыстың өте суық кезінде Тәжікстан мен Ауғанстанға жүз тонна дизель отыны, ұн және киім түрінде гуманитарлық көмек жіберілгені белгілі. Бұдан басқа, Ауғанстанның 4 млн доллардан астам қарызы өтелді. Бұл елге сондай-ақ жеңілдік тарифтері бойынша электр энергиясы экспортталады және теміржол салынады.

Түрікменстан президенті Г. Бердымухамедов, Дүниежүзі түрікмендерінің Гуманитарлық қауымдастығының президенті бола отырып, шетелдегі отандастарды шоғырландыру бойынша

жұмысқа үлкен назар аударды. Президенттің бастамасы бойынша түрікмен диаспорасына тіл мен өзіндік дәстүрлерді сақтауға, әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді салуға көмек көрсетіледі. Осылайша, 2018 жылы ең көп түрікмен диаспорасы тұратын Ресей Федерациясы Астрахань облысы Приволжск ауданы Фунтово ауылында Түрікменстан Президентінің бастамасы бойынша түрікмен құрылысшылары салған Махтумкули Фраги атындағы жалпы білім беретін орта мектеп ашылды.

Қауымдастықтың шетелдік филиалдармен ынтымақтастығының маңыздылығы туралы Мекан Ашхабад сарайындағы штаб-пәтерінде ДТГҚ мұражайының болуы дәлелдейді, онда түрікмен, орыс, араб, ағылшын, француз, түрік тілдерінде Түрікменстанның тарихы, мәдениеті, этнографиясы бойынша әдебиетпен танысуға болады. Мұражай қорлары үнемі бірегей экспонаттармен толығып отырады.

Өзбек диаспорасы. Қазіргі уақытта Өзбекстан аумағынан тыс әлемнің әртүрлі елдерінде бірнеше миллион этникалық өзбек тұрады. Саны барынша көп өзбек диаспоралары Ауғанстанда (1,7 – 2,7 млн адам), Қырғызстанда және Тәжікстанда (900 мыңнан), Қазақстанда (550 мың), Түрікменстанда (500 мың), Ресей Федерациясында (300 мың), Түркияда (70 мың), АҚШ-та (70 мың), Пәкістанда (70 мың адам). Қазіргі уақытта шетелдегі консулдықтарда және елшіліктерде тұрақты консулдық есепте 126 мың Өзбекстан азаматы бар, оның ішінде Қазақстанда – 49 мың, Ресей Федерациясында – 47,5 мың, Украинада – 8 мың, АҚШ-та – 6,5 мың, Германияда – 5,5 мың, Израилда және Түрікменстанда – 1,3 мың, Тәжікстанда – 780, Корея Республикасында – 660, Қырғызстанда – 470, Түркияда – 400, БАӘ – 240 адам.

Өзбек диаспорасының құрамында мыналарды белгілеуге болады:

- біріншіден, *шетелге тұрақты тұруға кеткен немесе еңбек қызметі мақсатында уақытша келген Өзбекстан азаматтары;*
- екіншіден, *шетел азаматтығын алған бұрынғы ӨР азаматтарының, сондай-ақ республика аумағында туған және тұрған өзбек ұлтының адамдары мен олардың ұрпақтарының өсіп келе жатқан ұрпақтары бойынша әр жылдары шетелге тұруға кеткен.* Бұл ретте олар Өзбекстанды өз отаны деп санайды, онымен ортақ рухани-мәдени байланыстарды сезінеді, күнделікті өмірде ана тілін білуге, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтауға, туған жерінде туыстарымен немесе таныстарымен байланысты қолдауға ұмтылады.

Шетелге тұрақты тұруға кеткен Өзбекстан азаматтары тұратын елдегі ӨР дипломатиялық өкілдіктері мен консулдықтарында тұрақты консулдық есепке тұрмайтынын ескере отырып, бұл көрсеткіштер шетелде тұрақты тұратын өзбек азаматтарының нақты санынан ерекшеленуі мүмкін. Төлқұжатқа тиісті белгі қойылатын тұрақты консулдық есепке қою, рәсім ерікті, алайда «Өзбекстан Республикасының азаматтығы туралы» ӨР Заңы бойынша (21-бап, 2-тармақ) үш жыл ішінде консулдық есепке алынбаған Өзбекстан азаматы (2017 жылға дейін – бес жыл) азаматтығынан айрылуы мүмкін.²⁸ Осыған байланысты шетелде тұратын, азаматтығын сақтағысы келетін Өзбекстан азаматтары тұратын елдегі Өзбекстанның елшілігінде немесе консулдығында тұрақты консулдық есепке тұруға немесе ол болмаған жағдайда, дипломатиялық өкілдік бар жақын елде есепке тұруға мүдделі.

²⁸ 1992 жылғы 2 шілдедегі «Өзбекстан Республикасының азаматтығы туралы» ӨР Заңы. ӨР Жоғарғы кеңесінің тізімдемелері. 1992. №9. 338-б; ӨР заңнама жинағы. 2004. №51. 514-б; 2015. №32. 425-б; 2016. №39. 457-б.

Тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеуін сақтай отырып, жұмыс істеу мақсатында ғана шетелде жүрген Өзбекстан азаматтарының саны, онда тұрақты тұратын адамдардан әлдеқайда көп. Мысалы, Ресейде 1 миллионнан астам ӨР азаматы уақытша тұрады және жұмыс істейді, ал тұрақты консулдық есепте – 47,5 мың адам; Қазақстанда 500 мыңнан астам адам жұмыс істейді, консулдық есепте 49 мыңға жуық адам тұрады; Корея Республикасында – 20 мыңнан астам адам жұмыс істейді, консулдық есепте – 660 адам; Түркияда – консулдық есепте 400-ге жуық адам тұрады, ал уақытша тұратын және жұмыс істейтін адам айтарлықтай көп.

Жұмыс немесе оқу мақсатында шетелде уақытша жүрген Өзбекстан азаматтары уақытша консулдық есепке тұру үшін елшіліктерге немесе консулдықтарға жүгіне алады, алайда бұл көбінесе міндетті болмағандықтан немесе қажеттіліктің болмауы себебінен аз адамдар орындайды. Шетелдерде уақытша болатын және жұмыс істейтіндердің ішінде шамамен 2 млн ӨР азаматы бар, Өзбекстанның дипломатиялық өкілдіктерінде уақытша консулдық есепте тек 7,5 мыңға жуық адам тұр.

2017 жылғы мамыр айында ӨР Президентінің Жарлығымен Министрлер Кабинеті жанынан Республикалық интернационалдық мәдени орталық және достық қоғамдары негізінде шет елдермен ұлтаралық қатынастар және достық байланыстар жөніндегі Комитет құрылды.²⁹ Комитеттің міндеттеріне халықаралық достық байланыстарды орнату, өнімді ынтымақтастықты дамыту, шет елдердің азаматтық қоғамдастығымен, оның ішінде шетелде тұратын біздің отандастарымызбен достықты нығайту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру кіреді. ӨР Сыртқы істер министрлігіне Комитетке шет елдерде жұмыс істейтін аралас ұйымдар, өзбек мәдени орталықтары мен қоғамдар туралы деректер қорын қалыптастыруға және жүргізуге, сондай-ақ шетелде жұмыс істейтін тиісті ұйымдармен өзара ынтымақтастықты жолға қою мен дамытуға іс жүзінде көмек көрсетуді қамтамасыз ету тапсырылды.

ӨР Үкіметінің 2017 жылғы желтоқсанның соңындағы қаулысымен Комитеттің Қоғамдық кеңесі туралы ереже бекітілді, оның құрамына Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, Мәдениет, Сыртқы істер министрлігі, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық, Әйелдер комитеті, «Махалля», «Нуроний» қорлары, жастар, жазушылар одақтары, Кәсіподақтар федерациялары, Ғылым академиялары кірді.³⁰ Қоғамдық кеңес оның қызметі бойынша нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу, комитеттің қызметін жетілдіруге көмек көрсететін болады.

Шетелде отандастармен өзара іс-қимылды жолға қою негізінен мәдениет саласы бойынша халықаралық ынтымақтастық шеңберінде өзбек диаспораларының қоғамдарымен, сондай-ақ отандастар дипломатиялық өкілдікке түрлі мәселелер бойынша жүгінген кезде байланыс орнату жолымен жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта 19 елдегі өзбек диаспорасының 30 ұйымымен байланыс орнатылған: олардың ішінде Қазақстандағы өзбек мәдени орталығы; Қырғызстандағы «Ош» Өзбек қоғамы; Тәжікстандағы Өзбек рухани және ағартушылық орталығы; Ресейдегі «Умид» өзбек

²⁹ 2017 жылғы 19 мамырдағы ӨР Президентінің №УП-5046 «Шетелдермен достық қарым-қатынастар мен ұлтаралық қатынастарды әрі қарай жетілдіру бойынша шаралар туралы» жарлығы. Халық сөзі. 2017 жылғы 23 мамыр. №101 (6765).

³⁰ 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №1018 ӨР Министрлер кабинетінің «Өзбекстан Республикасының министрлер кабинеті жанындағы ұлтаралық қарым-қатынастар және достық байланыстар жөніндегі Қоғамдық кеңесінің қызметін ұйымдастыру туралы» қаулысы. СПП. №12. 301-бап.

отандастар орталығы; Түркиядағы түркістандықтарға мәдени және әлеуметтік көмек көрсету орталығы; Германиядағы Түркістандық отандастардың мәдени қоғамы; Израильдегі Өзбек мәдени орталығы; Түркістан-Америка қауымдастығы, АҚШ пен Канаданың Бұхар еврейлерінің Конгресі, АҚШ пен Канададағы канадалық өзбектердің мәдени одағы; Қытайдағы өзбек тілі мен мәдениетін зерттеу орталығы және т.б.

Өзбекстандағы шетелдегі отандастармен байланыс орнатуға жауапты басты ведомстволар шет елдермен ұлтаралық қатынастар және достық байланыстар жөніндегі комитет болып табылады, ол шетелде туыстық құрылымдармен байланыс орнату арқылы, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігі отандастарға және олар құрған қоғамдастықтарға тікелей шығатын өздерінің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері арқылы жұмыс жүргізе алады.

Шетелдегі өзбек диаспорасының өкілдері тұратын елдің заңдары шеңберінде әртүрлі іс-шараларды, оның ішінде ұлттық мерекелерге (Навруз, Хаит және т.б.) байланысты іс-шараларды бірлесіп өткізуді ұйымдастыру, салт-дәстүрлерді сақтау, балаларды өзбек тілінде оқыту үшін өз қоғамдарын ҰЕҰ нысанында құра алады, сондай-ақ жергілікті билік органдары тарапынан өз қызметіне қолдау ала алады. Бұл ретте осындай қоғамдар бір елде бірнешеу болуы мүмкін, ол көбіне бір-бірінен тәуелсіз өзбек ұлтты адамдар шоғырланып тұратын аймақтарда жиі ұйымдастырылады.

Шетелде тұратын отандастармен ынтымақтастық бойынша ӨР президенті ұсынған Мемлекеттік саясат тұжырымдамасы осындай жұмысты сапалы жаңа деңгейге шығаруға арналған. Жинақталған шетелдік тәжірибені ескере отырып, онда шетелде тұратын және жұмыс істейтін ӨР азаматтары қатарынан отандастардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оларға қажетті консулдық қызмет көрсетуге, қажет болған жағдайда олардың отанына қайтып келуіне жәрдемдесуге бағытталған ұйымдастыру және құқықтық шаралар, сондай-ақ Өзбекстан уәкілетті мемлекеттік құрылымдарының мәдениет және туризм саласы бойынша халықаралық ынтымақтастық шеңберінде шетелдік азаматтығы бар отандастармен өзара іс-қимылын жолға қою жөніндегі шаралар көзделеді. Концепция шеңберінде сондай-ақ шетелде отандастармен ынтымақтастыққа байланысты мәселелерде мемлекеттік министрліктер мен ведомстволардың, қоғамдық ұйымдардың қызметін реттейтін бағдарламалар мен заңдар қабылданатын болады.

Отандастармен жұмыс істеудің маңызды бағыттарының бірі Өзбекстанда жүргізіліп жатқан экономикалық реформалар, адамдар өмірінің барлық салаларындағы оң өзгерістер, туындайтын жаңа мүмкіндіктер туралы оларға жеткізу болып табылады.

2018 жылғы 25 қазандағы ӨР Президентінің №ПП-3982 «Өзбекстан Республикасының шетелде тұратын отандастармен ынтымақтастық саласындағы мемлекеттік саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» қаулысы қабылданды, онда өткен уақыт кезеңінде шетелде тұратын отандастармен тұрақты диалог пен ынтымақтастықты дамыту, олардың елде жүргізіліп жатқан реформаларға қатысуын көтермелеу, сондай-ақ олардың құқықтары мен мүдделерін толықанды және жан-жақты іске асыруға жәрдемдесу жөнінде айтарлықтай жұмыстар атқарылғаны атап өтілді.³¹

³¹ 2018 жылғы 25 қазандағы ӨР Президентінің №ПП-3982 «Өзбекстан Республикасының шетелде тұратын отандастармен ынтымақтастық саласындағы мемлекеттік саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» қаулысы.

Қазіргі уақытта көптеген отандастар экономиканың, әлеуметтік саланың, ғылымның, мәдениеттің, спорттың және басқа да бағыттардың дамуына, өзінің тарихи Отанының – Өзбекстанның беделін арттыруға, сондай-ақ оның сыртқы әлеммен қатынастарын нығайтуға лайықты және елеулі үлес қосуда. Сонымен қатар, отандастармен байланысты дамытудың сөзсіз маңыздылығы мен өсіп келе жатқан өзектілігіне қарамастан, жемісті ынтымақтастыққа және олардың әлеуетін жүргізіліп жатқан реформаларды сапалы жақсартуға толыққанды тартуға кедергі келтіретін бірқатар мәселелер сақталуда:

- мемлекеттік органдар мен ұйымдардың отандастармен байланысын ұйымдастыруда өнімділіктің төмен деңгейінің және фрагменттілігінің болуы;
- басым экономикалық, әлеуметтік, инвестициялық, ғылыми-білім беру, мәдени және басқа да жобалар мен бағдарламаларды іске асыруда отандастар әлеуетін тиімсіз пайдалану;
- өзбек тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға және насихаттауға бағытталған отандастар ұйымдарының қызметіне қолдау көрсетудің кешенді және ұзақ мерзімді стратегиясының болмауы;
- шетелде білім алып жатқан Өзбекстан жастарымен жұмысқа жеткілікті назар аударылмауы, елге оралғаннан кейін оларды жұмысқа орналастыру жүйесінің реттелмеуі.

2017–2021 жылдары Өзбекстанды дамытудың бес басым бағыттары бойынша іс-қимыл стратегиясының мақсаттарын негізге ала отырып, ұзақ мерзімді кезеңге арналған отандастармен ынтымақтастықтың пәрменді жүйесін құру үшін, сондай-ақ оны тиімді іске асыру үшін отандастармен ынтымақтастық саласындағы ӨР мемлекеттік саясатының негізгі мақсаттары айқындалды:

- тұрғылықты елінің заңнамасы мен ӨР жасасқан халықаралық шарттар негізінде халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларына сәйкес шетелде отандастардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әрекеттесу қарастырылады;
- Өзбекстанның мәдени, ғылыми және рухани мұрасын кеңінен таратуға, оны әлемде зерделеуге және танымал етуге, отандастар тұратын елдерде өзбек тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға және дамытуға, олардың Өзбекстанда білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған отандастардың қызметіне қолдау көрсету;
- ӨР әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосуға және оның шет мемлекеттермен өзара тиімді және достық қарым-қатынастарын арттыруға жәрдемдесуге тілек білдірген отандастармен және олар құрған ұйымдармен байланысты дамыту және нығайту;
- Өзбекстан аумағында отандастардың кәсіби, соның ішінде кәсіпкерлік, инвестициялық, ғылыми, білім беру және мәдени қызметті жүзеге асыруы үшін қолайлы құқықтық, әлеуметтік және экономикалық жағдайлар жасау;
- Өзбекстанда жүргізіліп жатқан ауқымды әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси реформаларды қолдау, ӨР халықаралық имиджін одан әрі нығайтуға әрекеттесу үшін отандастар әлеуетін тарту.

Аталмыш қаулыны қабылдаумен шетелде тұратын отандастармен ынтымақтастық саласындағы Өзбекстан Республикасының мемлекеттік саясатының концепциясы бекітілді. Аталмыш

Концепцияға сәйкес аталмыш салада елді саясатын өткізу тетіктері және негізгі бағыттары, мақсаттары, қағидаттары анықталды. Шетелде тұратын отандастардың анықтамасы берілді:

- Өзбекстан аумағынан тыс жерлерде тұрақты тұратын немесе оқуға, еңбек қызметіне, отбасылық және басқа да жағдайларға байланысты шетелде уақытша болатын ӨР азаматтары;
- шет елге кеткен және шет мемлекеттің азаматы болған Өзбекстаннан шыққан адамдар, сондай-ақ олардың Отанына рухани және мәдени қатыстылық сезімін сақтаған және ӨР-мен достық мәдени-гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық және басқа да байланыстарды дамытуға ұмтылған ұрпақтары;
- өзбектер немесе қарақалпақтар ретінде этникалық және тілдік қатыстылығы бойынша, сондай-ақ мәдени-тарихи тұрғыдан өзін сәйкестендіретін және Өзбекстанмен жан-жақты байланыс орнатқысы келетін шет елде тұратын шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ адамдар.

Отандастар ұйымына анықтама берілді – бұл отандастардың мүдделерін білдіретін және халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормалары, тұратын елінің және ӨР заңнамасы, сондай-ақ өз жарғылары (ережелері) негізінде әрекет ететін өз бастамасымен құрылған қоғамдық мәдени және ұлттық орталықтар, қауымдастықтар, студенттік қоғамдар, мектептер, қорлар мен кәсіпкерлік құрылымдар.

Концепцияға сәйкес ӨР отандастарымен әрекеттестік қағидаттары анықталды:

- Өзбекстанмен рухани, мәдени және құқықтық байланысты сақтауға, сондай-ақ елдің экономикалық және қоғамдық өміріне қатысуға ұмтылған отандастармен ынтымақтастықты қолдау және дамыту ӨР мемлекеттік саясатының басымдықтарының бірі болып табылады;
- ӨР шетелдегі отандастарымен ынтымақтастығының барлық нысандары мен бағыттары ашықтық, әріптестік, еріктілік, заңдылық, олар тұратын елдің заңнамасын құрметтеу, мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздік, тең құқылық және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық құқық пен ӨР халықаралық шарттарының жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын сақтау қағидаттарына негізделеді;
- аталмыш саладағы мемлекеттік саясат оған мүдделі барлық отандастармен жан-жақты достық ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ олардың құқықтары мен бостандықтарын, атап айтқанда, мәдениет, тіл, білім беру, ақпарат саласындағы, олардың этникалық, ұлттық, діни және әлеуметтік тиесілігіне қарамастан, ӨР-мен экономикалық және гуманитарлық байланыстарды дамытуға қолдау көрсетуге бағытталады;
- елдер арасындағы достық байланыстарды нығайту, отандастарды олардың әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін іске асыруда қолдау, олардың тұратын елінде мәдени бірегейлігін сақтау және дамыту үшін қолайлы жағдайларды қолдауға жәрдемдесу мақсатында отандастардың ұйымдарымен өзара іс-қимылға тұрақты назар аударылатын болады.

Жоғарыда аталған қағидаттарды негізге ала отырып отандастармен ӨР ынтымақтастығының басты мақсаттары анықталды:

- халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларына, тұратын елінің заңнамасына сәйкес және ӨР халықаралық шарттары негізінде шетелде отандастардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға жәрдем көрсету;

- Өзбекстанның мәдени, ғылыми және рухани мұрасын кеңінен таратуға, оны әлемде зерделеуге және танымал етуге, отандастар тұратын елдерде өзбек тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға және дамытуға, олардың Өзбекстанда білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған отандастардың қызметін қолдау;
- ӨР әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосуға және оның шет мемлекеттермен өзара тиімді және достық қарым-қатынастарын арттыруға жәрдемдесуге тілек білдірген отандастармен және олар құрған ұйымдармен байланысты дамыту және нығайту;
- Өзбекстан аумағында отандастардың кәсіби, соның ішінде кәсіпкерлік, инвестициялық, ғылыми, білім беру және мәдени қызметті жүзеге асыру үшін қолайлы құқықтық, әлеуметтік және экономикалық жағдайлар жасау;
- Өзбекстанда жүргізіліп жатқан ауқымды әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси реформаларды қолдау, ӨР халықаралық имиджін одан әрі нығайтуға әрекеттесу үшін отандастар әлеуетін тарту.

Бұл ретте Өзбекстан Өзбекстанды дамытуға және өзінің үлесін қосуға, тұратын елдеріндегі қазіргі жетістіктер және оның рухани, ғылыми, мәдени мұрасын насихаттау және сақтауға жағдай жасауға ұмтылатын отандастардың қызметін жүзеге асыруға барынша жәрдемдесетін болады. Экономика, ғылым және технологиялар, медицина, білім беру, мәдениет және спорт салаларында жоғары біліктілігі мен жетістіктері бар, басқа салаларда таланттары мен сіңірген еңбектері танылған отандастармен өзара іс-қимылға ерекше назар аударылатын болады.

ӨР Президентінің 2018 жылғы 25 қазандағы №ПП-3982 «Өзбекстан Республикасының шетелде тұратын отандастармен ынтымақтастық саласындағы мемлекеттік саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген Шетелде тұратын отандастармен ынтымақтастық саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасының ережелеріне сүйене отырып, ӨР осы саладағы отандастармен ынтымақтастығының басты мақсаттары елдің экономикалық және қоғамдық өміріне қатысуға ұмтылған отандастармен ынтымақтастықты қолдау және дамыту болып айқындалды.

Өзбекстан іскер топтар өкілдерінің, шетелдік компаниялар қызметкерлерінің, инвесторлардың, халықаралық қаржы құрылымдарының қызметкерлерінің және отандастар қатарынан басқа да мамандардың қаржы-экономикалық және зияткерлік-технологиялық әлеуетін тартуға мүдделі:

- ӨР әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдау және оның сыртқы экономикалық байланыстарын кеңейту;
- экономиканың басым салаларына тікелей шетелдік инвестицияларды, озық технологияларды белсенді тарту, бірлескен кәсіпорындар құру, Өзбекстанда экспорттық бағдарланған өнім өндірісін жақсарту;
- отандық өнім экспортының көлемдерін ұлғайтуға және оның географиясын кеңейтуге әрекеттесу;
- шетелдік туристерді тарту, елдің туристік әлеуетін, туристік инфрақұрылымды және Өзбекстандағы туризмнің жаңа түрлерін дамыту;
- банктік-қаржылық қызметті реттеудің қазіргі заманғы қағидаттары мен тетіктерін енгізу;

- Өзбекстандағы шетелдік инвесторлардың қызметін және кәсіпкерлікті дамыту, инвестициялық тартымдылықты арттыру мәселелеріндегі озық шетелдік тәжірибені зерттеу және енгізу;
- озық шетелдік тәжірибе негізінде экономиканың барлық салаларының жедел инновациялық дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесу, әлемдік ғылымның қазіргі жетістіктерін, инновациялық идеяларды, әзірлемелер мен технологияларды енгізу, сондай-ақ Өзбекстанда қажетті экономикалық, ғылыми, техникалық және өзге де мамандықтар бойынша жоғары білікті мамандар даярлау үшін шетелдік кәсіби кадрларды, консультанттар мен сарапшыларды тарту.

Диаспораның Отанымен экономикалық аспектілер тұрғысынан қаншалықты тиімді өзара іс-қимыл жасай алатынына осы саладағы, мысалы, ӨР Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті өкілдерінің іс жүзіндегі қадамдары дәлел болады. 2018 жылғы 2 мамырда РФ-тегі өзбек диаспорасының өкілдерін құрайтын бизнес-топ өкілдерімен бейресми кездесу өтті. Делегация құрамында өз қызметін 7 ресейлік өңірде сәтті жүргізетін 8 адам келді: Свердлов өлкесі, Приморск өлкесі, Краснодар және Астрахань облыстары, Чувашия Республикасы және Татарстан, Удмурт Республикасы. Сұхбат барысында ӨР аумағында бірлескен жобаларды іске асыруға РФ инвесторларынан тікелей инвестицияларды тарту арқылы мүмкін ынтымақтастық мәселелері қозғалды.

Медициналық саладағы жобаларға қызығушылық туындады. Ел аймақтарындағы онкоорталықтар құрылысы және отоларингологиялық қызметтер көрсететін РФ-та кеңінен ұсынылған клиникалар желілерінің бірінің Хорезм қаласындағы франшизасын ашу тақырыбы талқыланды. Сондай-ақ келешекті деп мұнай-газ және өнеркәсіптік секторлардағы серіктестік танылды. Қалқан жапқыштарды өндіру және жеткізу және өнеркәсіптегі әртүрлі технологиялық процестерде қолданылатын вакуум қондырғыларын өндіру мәселесі қозғалды. Кездесу соңында РФ өзбек диаспорасының өкілдері РФ өзбек бизнес-диаспорасы өкілдерімен бизнес-форумды ұйымдастыруға барлық өңірлерден және ӨР сауда-өнеркәсіп палатасының және сыртқы сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің қатысуымен әрекеттесуге ниет білдірді.

2018 жылғы 25 қазандағы ӨР Президентінің №ПП-3982 «Өзбекстан Республикасының шетелде тұратын отандастармен ынтымақтастық саласындағы мемлекеттік саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бектілген шетелде тұратын отандастармен ынтымақтастық саласындағы ӨР мемлекеттік саясаты концепциясының ережелерін негізге ала отырып ӨР ынтымақтастықтың басты мақсаты болып осы салада Өзбекстанда олардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейту, отандастар тұратын елдердегі дәстүрлер және мәдениет, өзбек тілін дамыту және сақтау, оны меңгеру және дүние жүзінде насихаттау, Өзбекстандағы мәдени, рухани және ғылыми мұраны кеңінен таратуға бағытталған отандастардың қызметін қолдау анықталды.

ӨР мәдениет, ғылым, білім және ақпарат саласында отандастармен белсенді серіктесуге, олармен Өзбекстан және басқа елдер арасындағы достық қатынастарды нығайтуға бағытталған бірлескен іс-шараларды төмендегілердің көмегімен ұйымдастыруға ниетті:

- бірлескен ғылыми, білім, медициналық, мәдени, сауаттандыру, спорт және басқа жобаларды іске асыруға олардың әлеуетін, сондай-ақ ӨР азаматтары қатарынан мамандарды және жас кадрларды даярлауға тарту;

- отандастардың білім алуға және біліктілігін арттыруға, сондай-ақ өзінің тарихи Отанының ғылыми, мәдени және қоғамдық өміріне қатысуға қол жеткізуін кеңейту;
- отандастар мен олардың ұйымдарына олардың тұрақты тұратын елінде өзбек тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін зерделеуге, сақтауға және жас ұрпаққа беруге жан-жақты жәрдемдесу;
- шетелдегі отандастардың өмірі мен қызметін барынша толық жариялау, сондай-ақ оларға Өзбекстан туралы қажетті ақпарат беру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары саласында ақпараттық алмасулар мен ынтымақтастықты кеңейту;
- шетелде оқитын ӨР азаматтары қатарынан жас отандастармен тұрақты байланыс орнату және қолдау, оларға Өзбекстанда жұмысқа орналасуға қажетті қолдау көрсету және жәрдемдесу.

Сондай-ақ 2018 жылғы 25 қазандағы ӨР Президентінің №ПП-3982 «Өзбекстан Республикасының шетелде тұратын отандастармен ынтымақтастық саласындағы мемлекеттік саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» қаулысының ережелерімен келесі тәртіпте отандастарды мемлекеттік қолдау шаралары бекітілді:

- келу визаларын, соның ішінде көп мәртелік және ұзақ мерзімді визаларды, тұруға ықтиярхатты, сондай-ақ еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсатты жеңілдетілген ресімдеу;
- Өзбекстандағы сұранысқа ие мамандықтар бойынша біліктілігі жоғары кадрларды жұмысқа орналастыру;
- әлеуметтік және тұрмыстық сұрақтарды шешуге көмектесу;
- отандастардың кәсіпкерлік, ғылыми-зерттеу, білім беру, инновациялық және өзге де жобалар мен бағдарламаларды іске асыруы үшін бос тұрған мемлекеттік меншік объектілері мен жер учаскелерін ұсыну;
- отандастардың оқу, жұмыс және басқа да әлеуметтік сұрақтарын толық (ішінара) қаржыландыру;
- мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарында, жергілікті жерлердегі атқарушы билік органдарында, ӨР басқа да мемлекеттік ұйымдарында басшылық лауазымдарда, сондай-ақ олардың басшыларының консультанттары (кеңесшілері) ретінде жұмыс істеу үшін жоғары білікті мамандар қатарынан отандастарды тарту;
- оңайлатылған рәсім бойынша Өзбекстан азаматтығын беру;
- өзбек тілі мен әдебиеті, тарих, кино, мәдениет, театр өнері, телевизия және радио бағыттары бойынша Өзбекстанның жоғары білім беру мекемелерінде оқу үшін отандас-шетелдік азаматтарға гранттар бөлу;
- Өзбекстанда отандас – БАҚ өкілдерін аккредиттеудің оңайлатылған тәртібі;
- Өзбекстанның дамуына елеулі үлес қосқан отандастарды мемлекеттік наградалармен марапаттау және оларға құрметті атақтар беру.

Бақылау сұрақтары:

1. Диаспора дегеніміз не? Анықтауда қандай тәсілдер бар?
2. Шығу және тұру елдерінің дамуындағы диаспоралардың рөлі қандай?
3. ОА елдеріндегі диаспоралармен өзара іс-қимылды қандай мемлекеттік құрылымдар жүзеге асырады?
4. Қазақ, қырғыз, тәжік, түрікмен және өзбек диаспоралары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар неде?
5. ОА елдерінің саясаты өзінің диаспораларына қатысты несімен ерекшеленеді?

Практикум:

1. ҚЗР-ның Үкіметі ұсынған «Мекен карт» жүйесін диаспорамен өзара қарым-қатынас тұрғысынан талдаңыз. Шетелдік елдермен салыстырыңыз. Аталмыш бастама Қырғызстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына қалай әсер ететінін болжаңыз.

2. Қазақ, қырғыз, тәжік, түрікмен және өзбек диаспораларының ерекшеліктерін салыстырыңыз.

Болжалды салыстыру жоспары:

- а) саны;
- ә) қоныстандыру географиясы;
- б) диаспораның Отанды дамытуға үлесі;
- в) Отанмен өзара іс-қимыл ерекшеліктері;
- г) диаспораға қатысты отандағы мемлекеттік саясат.

Презентация жасаңыз.

3. Сіздің елдегі Диаспоралар жөніндегі министрлікті құру қажеттілігін (қажеттіліктің болмауын) негіздеңіз.

Негізгі әдебиет:

1. Т.С. Кондратьева. Қазіргі әлемдегі диаспоралар: құбылыс және түсініктер эволюциясы // Келешектер. Тарихи келешек қорының Талдау және зерттеулер орталығы. 2010. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.perspektivy.info/srez/etnos/diaspory_v_sovremennom_mire_evolyucija_javlenija_i_ponatija_2010-02-27.htm].
2. С.В. Рязанцев, Н. Хорие Орталық Азия елдерінен Ресейге еңбек көші-қоны ағымдарын үлгілеу: Экономикалық-әлеуметтік зерттеу. М.: Ғылыми әлем. 2011. 250-б.
3. Ж.Т. Тощенко, Т.И. Чаптыкова Диаспора әлеуметтік зерттеу объектісі ретінде// Социс. 1996. №12. 33–42-б.
4. Г. Шеффер. Дүниежүзілік саясаттағы диаспоралар// Диаспоралар. 2003. №1. 162–184-б.

5. Diasporas: New Partners in Global Development Policy. Ed. by K. Newland. Migration Policy Institute. USAID. 2010. 288 p. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.migrationpolicy.org/research/diasporas-new-partners-global-development-policy].

Қосымша әдебиет:

1. Ф.Ш. Акрамов. Тәжікстаннан Ресейге еңбек көші-қоны және демографиялық жағдай// Ресейдегі шетелдік жұмыс күшін пайдалану және тарту практикасы: үрдістер, механизмдер, технологиялар: Ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары (2006 ж. 16–17 қазан) / Жауапты ред. С.В. М. Рязанцев. М., 2006. 5–10-б.
2. К.Н. Балтабаева, Т.А. Мамашев, Ж.А. Еремекбай және т.б. Қазақ диаспорасы және репатриация (1991–2012). Алматы: Елтаным. 2015. 187-б.
3. Орталық Азиядағы сын-тегеуріндер және қайтарымды көші-қон: тәуекелдерді талдау 2017. Астана: ХКҚҰ-Қазақстан. 2017. 68-б.
4. Шетелдегі отандастардың сараптамалық ролдері және қырғызстандықтардың диаспораларын карталау. Зерттеу туралы талдамалы есеп. Бішкек. 2016.
5. Г.М. Мендикулова. Қазақ диаспорасы және ирредента: тарих және қазіргі заман. Қазақ диаспорасы және ирредента: анықтамасы, типологиясы және сипаттамасы// Қазақ диаспорасы: қазіргісі мен болашағы. Астана: Елорда. 2005. 38–47-б.
6. С.В. Рязанцев, Е.С. Красинец. Орталық Азиядан Ресейге еңбек көші-қонының қазіргі үрдістері және экономикалық әсерлері. Ғылыми шолу. 1-серия. Экономика және құқық. 2016. №5. 5–14-б.
7. Дж. Саъдизода, Н. Файзизода. Ұлы Кир декларациясы және Еркіндіктің ұлы хартиясы: ұқсастық және ерекшеліктер// Құқықтық өмір. 2015. №2 (10). 74–88-б.
8. Дамуды жоспарлау барысында көші-қон мәселелерін есепке алу: ХКҚҰ, директивті органдар мен практиктерге арналған нұсқаулық (Mainstreaming Migration into Development Planning: A Handbook for Policy-makers and Practitioners. IOM. Global Migration Group). 2010. 152-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://publications.iom.int/es/books/mainstreaming-migration-development-planning-handbook-policy-makers-and-practitioners>].

Бейнесюжеттер:

ХКҚҰ Бас директорының құттықтау жолдауы (Welcome Message of Director General IOM. Diaspora Ministerial Conference (18–19 June 2013)) [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://diaspora.iom.int>].

IV ТАРАУ.

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ
ҚАЙТАРЫМДЫ КӨШІ-ҚОН,
СЫН-ҚАТЕРЛЕР МЕН
СТРАТЕГИЯЛАР**

4.1. Орталық Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы және көші-қон саясаты: қайтарымды көші-қонның рөлі

Мазмұны. ОА елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының ұлттық стратегиясы және онда көші-қонның даму ресурсы ретіндегі рөлі. ОА елдерінің көші-қонды реттеудегі тәсілдері. Көші-қон саясатының әлеуметтік-экономикалық дамудың ұлттық стратегиясымен өзара байланысы. Көші-қонның ОА елдерінің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясындағы көрініс табуы. Ұлттық стратегиялардағы қайтарымды көші-қон. Қайтарымды көші-қонды елдің ұлттық даму стратегияларына енгізу келешегі. ОА елдерін әлеуметтік-экономикалық дамытудың аймақтық және жергілікті бағдарламаларындағы қайтарымды көші-қон. Қайтарымды көші-қонды бағдарламаларға енгізу келешегі.

Көші-қон саласындағы саясат ұлттық үкіметтердің құзыретіне жатады. Алайда көші-қон келешекте ғаламдық даму тұжырымдамасы туралы пікірсайыстарда маңызды рөлге ие болуда. Ғаламдық және ұлттық деңгейдегі 2030 жылға дейінгі тұрақты даму үрдісіне мониторинг жүргізу шеңберінде 2015 жылы қыркүйек айында БҰҰ Саммитінде қабылданған Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) жету үшін де оның маңызы зор. Атап айтқанда:

ТДМ 8.8 міндеті «еңбекші-мигранттарды, әсіресе әйел мигранттар мен тұрақты жұмысы жоқ тұлғаларды қосқанда барлық еңбекшілер үшін сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын құруды және еңбек құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге» шақырады;

ТДМ 10.7 міндеті «ұйымдасқан, қауіпсіз, жүйелі және жауапты көші-қон мен адамдардың жинақтылығын, оның ішінде жоспарлы және ұтымды басқарылатын көші-қон саясатын жүзеге асыру негізінде қолдау көрсетуге» үндейді;

ТДМ 17.18 міндеті «дамушы елдерге ...табысы, жынысы, жасы, нәсілі, этникалық тиістілігі, миграциялық мәртебесі, денсаулық жағдайы, географиялық орналасуы және ұлттық жағдайлардағы өзекті өзге де өлшемдер бойынша бөлінген қолда бар сапалы, уақтылы және сенімді деректер көлемін барынша ұлғайту мақсатында қолдау көрсетуді күшейтуге» үндейді;

ТДМ 10.с міндеті «мигранттардың ақша аударымдарымен байланысты операциялық шығындарды кемінде 3%-ға дейін төмендету және шығыны 5%-дан асатын ақша аударымдарының арналарын жоюға» үндейді.¹

БҰҰ-ның көші-қон және даму жөніндегі бірлескен бастамасы «Жергілікті дамуды жоспарлауға көші-қонды енгізу жөніндегі нұсқаулық» жариялады. Ол жергілікті және аймақтық билікке көші-қон және даму саласында саясаттың келісімділігін арттыру үшін басқарудың барлық салаларында күш-жігерді белсенді етуге көмектеседі. Көші-қон және даму саласындағы саясат әртүрлі секторларда қалай жүзеге асырылатынын көрсетеді. Бұл көрсеткіштерге жету мақсатында институционалдық, саяси және интервенциялық олқылықтарды анықтауға немесе көші-қонды

¹ ТДМ [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://sustainabledevelopment.un.org/focussdgs.html>].

интеграциялау және оны жергілікті деңгейде шешуге жауап беретін практик мамандар жұмыс істейді. Нұқсаулық көрсеткіштері негізгі екі санатқа бөлінеді: (1) институционалдық тетіктер және (2) саясат және практика.²

ХКҰ-БҰҰ ДБ Біріккен ғаламдық бағдарламаның ортақ мақсаты адами әлеуетті дамыту нәтижелерін жақсарту және мигранттардың, олардың отбасылары мен шыққан және барған елдегі қауымның тәуекелдіктерін азайту үшін үкіметтер мен олардың әріптестеріне мемлекеттерді дамыту үшін көші-қонның салдарын нақты өлшеп, жариялау; көші-қон феноменін басқару мүмкіндігін беруді көздейді.³ Жалпы алғанда, әр елдің ұлттық көші-қон саясатының кешенділігін бағалау үшін, оны Көші-қонды басқару индикаторы (MGI) тұрғысынан талдау қажет.

2015 жылы ХКҰ ұлттық деңгейдегі «ұтымды басқарылатын көші-қон саясаты» деген не екенін анықтау үшін көші-қонды басқару құрылымын (MiGOF) әзірледі. Сол жылы ХКҰ-ға мүше мемлекеттер MiGOF құрылымын да қолдады. Көші-қонды басқару индикаторлары (MGI) ұлттық құрылымды бағалау және MiGOF практикалық жүзеге асыруда көмек көрсету үшін әзірленді.

MGI – көші-қонды басқаруды дамыту үшін елдер қолдана алатын саяси тетіктерді түсінуге мүмкіндік беретін құрал. MGI көші-қон саясатын әзірлеу және жүзеге асыру бойынша елдерді саралауға арналған емес, ол елдерге өз көші-қон саясатында кешенділікті бағалауда, сондай-ақ қызметтің олқылықтары мен басты бағыттарын анықтауда негіз бола алады. MGI пайдаланудың мақсаты – «ұтымды басқарылатын көші-қон» ТДМ 10.7 мақсатының мазмұнында қалай болатынын түсіндіру арқылы көші-қонды басқару бойынша пікірсайыс жүргізу.

MiGOF және MGI құрылымына көші-қонды басқарудың алты аспектісі қамтылған:

1. **Мигранттардың құқықтары.** Бұл саладағы көрсеткіштер мигранттардың денсаулық сақтау, білім алу және әлеуметтік қамтамасыз етілу секілді базалық әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуі тұрғысынан алғанда, сол елдің азаматтарымен тең мәртебеге ие болу деңгейін бағалайды. Онда мигранттардың отбасымен қауышу, жұмыс істеу, өмір сүру, азаматтық алу құқықтары айқындалған. Мұнда негізгі халықаралық конвенцияларды ратификациялау мәселесі де енгізілген.
2. **Жалпы мемлекеттік тәсіл.** Осы саладағы индикаторлар елдердің көші-қон саясаты бойынша институционалдық, құқықтық және нормативтік базасын бағалайды. Мұнда сонымен қатар, дамуға, институционалдық айқындық және көші-қонды басқарудағы келісімділікке сәйкес келетін ұлттық көші-қон стратегияларының жүзеге асырылуы қарастырылады. Бұл сала үкіметтер көші-қон мәліметтерін қандай деңгейде жинақтап, пайдаланатынын зерделеуге де арналады.
3. **Серіктестік.** Бұл сала елдердің көші-қон саласында өзге елдермен және азаматтық қоғам мен жекеменшік секторды қоса алғанда, тиісті үкіметтік емес субъектілермен ынтымақтастығы бойынша күш-жігер жұмсауына бағытталған. Ынтымақтастық стандарттарды келісу

² Жергілікті дамуды есепке алудың жетекшілік қағидалары (Success Stories Guidelines on Mainstreaming Migration into Local Development Planning) [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://migration4development.org/sites/default/files/guidelines_on_mainstreaming_migration.pdf].

³ Ұлттық даму стратегиясындағы көші-қон мәселелерін есепке алу (Mainstreaming Migration into National Development Strategies) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.iom.int/mainstreaming-migration-national-development-strategies].

және арттыру, диалогты кеңейту және қиындықты жеңу үшін құрылымдар құру арқылы басқаруды жақсартуға мүмкіндік береді.

4. *Мигранттардың игілігі.* Бұл сала мигранттардың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын басқару, оның ішінде мигранттардың білім және кәсіби біліктілігін тану, студенттердің көші-қонын реттейтін ережелер және елдер арасында екіжақты еңбек келісімдерінің болу көрсеткіштерін қамтиды. Индикаторлар диаспоралар мен мигранттардың ақша аударымдарын тартуға байланысты жалпы саясат пен стратегияларға тең дәрежеде шоғырланған.
5. *Жүріп-тұруға байланысты дағдарыс аспектілері.* Бұл салада елдердің зілзала, қоршаған орта және/немесе қақтығыстарға байланысты жүріп-тұруындағы дағдарысқа дайындық деңгейі мен түрі зерттеледі. Бұл көрсеткіштер азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табиғи апаттар кезіндегі және одан кейінгі жағдайын, оның ішінде мигранттарға да, ел азаматтарына да гуманитарлық көмектің тең дәрежеде қолжетімді боуын сипаттау үшін пайдаланылады.
6. *Қауіпсіз, реттелген және лайықты көші-қон.* Бұл салада елдердің шекаралық бақылау және құқық пайдалану, мигранттарды қабылдау өлшемдері, айтарлықтай және күтпеген көші-қон легі бола қалған жағдайдағы дайын болуы және төтеп беруі, сондай-ақ адам саудасы мен мигранттарды заңсыз әкелуге қарсы күрес тұрғысынан қарағандағы көші-қонды басқару тәсілдері талданады. Бұл көрсеткіштер қайта оралған азаматтардың ортаға бірігуіне көмектесуге бағытталған ынта-жігерді бағалайды.⁴

Осылайша, көші-қон және даму саласындағы үйлесімді саясаттың шешуші маңызы бар, себебі көші-қон басқарудың барлық секторларын қамтиды: денсаулық сақтаудан бастап білім беруге дейін және баспана беруден әлеуметтік қамсыздандыруға дейін. Егер білім беру, жұмысқа орналастыру және басқа салалардағы шаралар мигранттар мен қоныс аударған өзге тұлғалардың нақты бір қажеттіліктері мен құқықтарын тиімді түрде қанағаттандырмаса, мұндай көші-қонмен ғана байланысты саясат тиімсіз болуы мүмкін.

ХКҰ ОА елдеріндегі көші-қон саласындағы бірнеше проблемаларды атап көрсетеді:

- көші-қон мәселелері бойынша елдер арасында диалогтың жоқтығы;
- ақылға қонымсыз аймақтық және ұлттық көші-қон саясаты, сондай-ақ дамымай қалған нормативтік-құқықтық база;
- үйлестіру жұмыстарының әлсіз болуы және көші-қон мәліметтерін жинақтау тетіктерінің жоқтығы;
- мемлекеттік ведомстволардың көші-қон мәселелерін жеткілікті түрде түсінбеуі, сондай-ақ көші-қонды және шекарадан өтуді басқарудағы дамымаған әлеует;
- мигранттарды жұмысқа жегу және жыныстық қатынасқа итермелеудің кең етек алуы;
- мигранттардың ақша аударымдарын өз елінің экономикалық дамуы үшін пайдалану бойынша әлеуеттің жоқтығы.

⁴ Көші-қонды басқару индикаторлары (Migration governance indicators) [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://gmdac.iom.int/migration-governance-indicators>].

ОА елдері бетпе-бет келіп отырған және аймақтағы көші-қон жағдайына ықпал ететін проблемалардың ұқсастығына қарамастан, әрбір мемлекет өзіне ғана тән қиындықтармен кезігеді.

ОА аймағындағы елдерде көші-қон легі артып отыр, бұл ішкі көші-қон – әсіресе ауылдан қалаға, сыртқы көші-қон – елдер арасында. Бұл РФ-ке, Қазақстанға, аймақтан тыс жердегі елдерге маусымдық еңбек миграциясы. ОА-да көші-қон легінің қайнаркөзі Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан елдері болып табылады. Олар халық санының тез көбеюі, ауылдық жерлерде халықтың жұмыссыздығы секілді проблемалармен кезігеді. Ауыл шаруашылығы жұмыс істеу үшін жеткілікті мүмкіндікпен қамтамасыз ете алмайды, бұл ауыл әйелдері мен ерлерді, әсіресе жастарды басқа жаққа кетуге мәжбүр етеді. Жұмыс пен жалақы соңында көшіп-қона отырып, жастар арнайы проблемаларға кезігіп, тәуекелдік факторына бой ұрады. Олардың кетуінен демографиялық вакуум құрылып, ол елдің экономикалық дамуына кері әсерін тигізеді.

Көші-қон проблемаларын шешу, жастар мен гендерлік теңдік әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық аспектілері үшін маңызы зор және оларды аймақта шешу керек – бұл тұрақты даму саласындағы мақсаттарға жетудің қажетті шараларының бірі. Атап айтқанда, қайта құру жөніндегі «Жиырма топ» бастамасында көрсетілгендей, ауыл жастарының қатысуы ауыл аймақтарын тұрақты дамытудың жетекші факторы болуға қабілетті.

Осы орайда елдің әлеуметтік-экономикалық стратегиясы мен олардың көші-қон саясатын қалыптастыруы үлкен мәнге ие болуда.

«*Стратегия*» термині (ежелгі гректің *στратηγία* – «генерал өнері» сөзінен шыққан) – соғыс туралы ғылым, оның ішінде жалпы, ұзақ уақытты қамтитын әскери қызметтің толық емес жоспары, сондай-ақ күрделі мақсатқа, кейіннен қандай да бір адамзат қызметіне жету тәсілі.⁵ Стратегияның мақсаты негізгі мақсатқа жету үшін қолма қол ресурстарды тиімді пайдалану болып табылады (стратегия қимыл әрекеті ретінде негізгі мақсатқа тікелей жету үшін қолма қол ресурстардың жеткіліксіз болу жағдайында аса қажет бола бастайды).

Ел экономикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын әзірлеу кезінде осындай даму мақсаттары, стратегиясы мен құралдарын сипаттайтын көрсеткіштер әзірленеді. Стратегия әзірлеу кезіндегі негізгі міндет ел тұрғындарының әл-ауқатының артуы, жалпы экономикалық теңдікті сақтау кезінде – өмір сүру мен еңбек ету үшін қолайлы орта құру, сондай-ақ келешек экономикалық дамуды қамтамасыз ету.

Даму саласында мемлекеттік стратегиялық құжаттар құру кезінде мигранттар алдында тұрған міндеттер мен проблемаларды ескере отырып, оларға көші-қон жөнінде бөлімдер енгізу қажет. Ішкі және сыртқы еңбек нарығындағы жағдайға аракідік талдау жасау, қажетті мамандықтар тұрғысынан еңбек ресурстарына сұранысты зерттеп, болжап отыру керек.

Еңбек мигранттарын қайта ықпалдастыру мәселесімен қоса, стратегияда білім, медицина, банктік сала, әлеуметтік сақтандыру және қорғаныс, ішкі еңбек нарығында жұмыспен қамту және ел аймақтарын дамыту мәселелері қаралуы тиіс.

⁵ Стратегия, тактика және стратегиялық ойлау деген не? [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://ivanpalii.com/strategy-and-tactics/>].

4.4.1- кесте. ОА елдерінің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы

Мемлекет	Стратегиялар және бағдарламалар, негізгі ережелер
Қазақстан	<ul style="list-style-type: none"> - «Қазақстан-2050» стратегиясы; - 2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының халыққа арнаған жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған Даму стратегиясы ұсынылды. Оның негізгі мақсаты – мықты мемлекет негізінде өркениетті қоғам, дамыған экономика және жалпыға бірдей еңбек мүмкіндіктерін құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған отыз ел қатарына кіруі; - 2015–2019 жылдарға арналған «Нұрлыжол» мемлекеттік инфрақұрылымдық бағдарламасы; - «Нұрлы жол» бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 6 сәуіріндегі №1030 Жарлығымен бекітілді; - Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған Стратегиялық даму жоспары: <ul style="list-style-type: none"> а) 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспары 2018 жылғы 15 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің №636 Жарлығымен бекітілді; ә) 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспары ортамерзімдік кезеңге арналған мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаты болып табылады және 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстанның ұзақмерзімдік Стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру үшін әзірленген; - Мемлекеттік индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы №874 Жарлығымен бекітілген. Бағдарламаның мақсаты – өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және түрлендіру; - Қазақстан Республикасының 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы 2010 жылғы 7 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің №1118 Жарлығымен бекітілді; - Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы.
Қырғызстан	<ul style="list-style-type: none"> - Қырғыз Республикасының 2018–2040 жылдарға арналған Ұлттық даму стратегиясы; - Қырғыз Республикасы Үкіметінің «Бірлік. Сенім. Жасампаздық» бағдарламасы; - Қырғыз Республикасының аймақтық саясат тұжырымдамасы 2017 жылғы 31 наурызда ҚЗР Үкіметтің №194 қаулысымен бекітілді.

Тәжікстан	<ul style="list-style-type: none"> - Тәжікстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Ұлттық даму стратегиясы; - Тәжікстан Республикасының 2016–2020 жылдарға арналған орта мерзімді даму бағдарламасы (2016 жылғы 28 желтоқсанда Тәжікстан Республикасының намояндагон Маджлиси Өлий Мәжіліс №678 Қаулысымен бекітілген); - 2015 жылғы Тәжікстан Республикасының азаматтарын – еңбек мигранттарын жұмысқа орналастыру жөніндегі бағдарлама; - 2018–2019 жылдары Тәжікстан Республикасының халықты жұмыспен қамтуды қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламасы; - 2018–2021 жылдарға арналған ТР-на қайта оралған еңбек мигранттарын әлеуметтік және экономикалық қайта ықпалдастыру бойынша жол картасы (2018 жылы бекітілген).
Өзбекстан	<ul style="list-style-type: none"> - 2017–2021 жылдары Өзбекстанды дамытудың бес басым бағыты бойынша іс-қимылдар стратегиясы; - Белсенді инвестиция және әлеуметтік даму жылында 2017–2021 жылдарға арналған Өзбекстан Республикасы дамуының бес басым бағыты бойынша Іс-қимылдар стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік бағдарлама.
Түрікменстан	<ul style="list-style-type: none"> - «Түрікменстанның 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған экономикалық, саяси және мәдени даму стратегиясы» ұлттық бағдарламасы.

Қазақстан. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына жататындар:

- 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстанды дамыту стратегиясы;
- 10 жылға дейінгі ҚР стратегиялық даму жоспары, оның ішінде елді аумақтық-кеңістіктікте дамытудың болжамды схемасы;
- 5 жылға немесе 5 жылдан астам уақытқа арналған ҚР Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы;
- 5 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамы;
- мемлекеттік бағдарламалар (5 жылдан кем емес);
- 5 жылға арналған мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспары;
- 5 жылға арналған аумақты дамыту бағдарламасы;
- жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуымен ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді және ұлттық компанияларды дамытудың 10 жылға арналған стратегиясы.⁶

⁶ ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» қаулысы [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000790>].

2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясында былай делінген, артып отырған демографиялық теңсіздік жаңа көші-қон толқынын тудырады және бүкіл әлем бойынша әлеуметтік шиеленісті күшейтеді, Қазақстанға шекаралас елдерден бағытталған көші-қон ағынына бақылауды күшейту қажет және келешекте шетелдік еңбек нарығына шамадан тыс кетіп қалмау үшін отандық білікті кадрларға қолайлы жағдайлар жасау міндеті тұр.

2025 жылға дейінгі кезеңге арналған ҚР Стратегиялық даму жоспарында көрсетілгендей, білікті және сұранысқа ие адам ресурстарын тарту үшін визалық және көші-қондық тәртіпті әрі қарай жетілдіру шаралары қабылданады.⁷

ҚР ұлттық қауіпсіздігі туралы заңнамада бақыланбайтын көші-қон негізгі қауіптердің бірі ретінде көрсетілген.⁸

2019–2023 жылдарға арналған Әлеуметтік-экономикалық даму болжамында кері тенденциялар туғызуы мүмкін тәуекелдіктер ретінде мигранттардың келуі және білікті кадрлардың дамыған нарыққа кетуі атап көрсетіледі. Сонымен қатар, құжатта мемлекеттік көші-қон саясаты мынаған бағытталатыны атап көрсетілген: ішкі көші-қонды дамытуға қолдау көрсету – азаматтардың басым аймақтарға ерікті қоныс аударуы; тарту тетіктерін жетілдіру, шетелдік жұмыс күшін тарту, іріктеу және пайдалану; мигранттардың бейімделуіне, мигранттар мен қабылдаушы қоғам арасындағы өзара сындарлы байланысты қалыптастыруға жәрдемдесу.⁹

ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қаулысының 9-т. сәйкес тұжырымдар мен доктриналар ҚР Стратегиялық даму жоспары, елді аумақтық-кеңістіктікте дамытудың болжамды схемасы, мемлекеттік бағдарламалар, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспары және заңдар арқылы орындалады. Сәйкесінше, көші-қон саясатын жүзеге асырудың өлшемдері мен тетіктері жоғарыда аталған құжаттарда көрініс табуы тиіс.

Елді аумақтық-кеңістіктікте дамытудың болжамды схемасында ауылдық жерлерден қалаға қоныс аударған азаматтарға қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін бағдарламалар мен институттар құру қамтылған. Қазақстанда урбанизацияның негізгі басым бағыттары қатарында ауыл тұрғындарын ортаға біріктіру қаралады.¹⁰ Мұнда қайтарымды көш-қон және этникалық репатриацияға байланысты мәселелерге назар аударылмайды.

Халық көші-қоны жөнінде жекелеген мемлекеттік бағдарлама жоқ. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі №602 қаулысымен 2017–2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының тұжырымдамасы бекітілді.

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарында қайтарымды көші-қон, мигранттарды бейімдеу және қайта ықпалдастыру, қайта оралған мигранттарды

⁷ ҚР Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту» жарлығы [<http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636#1255>].

⁸ ҚР 2012 жылғы 6 қаңтардағы №527-IV «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңы [<http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1200000527>].

⁹ 2019–2023 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.gov.kz/memleket/entities/economy/documents/details/26696?lang=ru].

¹⁰ Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі №118 «Елді аумақтық-кеңістіктікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы» жарлығы [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1100000118>].

және диаспораларды қоғамды дамытуға тарту бойынша мақсатты индикаторлар айқын жазылуы тиіс. Бұл жағдайда Қазақстан көші-қонды даму үшін ресурс ретінде қарайтын және тиісті жобалар жүзеге асырылатын халықаралық тәжірибеге жүгінуі қажет.

Қырғызстан. Қырғызстанда әлеуметтік-экономикалық дамудың басты проблемасы – жұмыс орындарының санымен салыстырғанда еңбекке жарамды жастағы тұрғындар санының өсімі асып түсетінінде. Бұл көрсеткіштер арасындағы алшақтық екі еседен де артық. Елде жұмыссыздық деңгейі әлі де жоғары болып отыр, бұл мардымсыз жалақы мен жаңа жұмыс орындарының тапшы болуымен қатар Қырғызстан тұрғындарының арасында еңбек мигранттарының деңгейінің артуына себеп болады.

Қырғызстанда еңбек нарығын реттеу және көші-қонды басқару жөніндегі мемлекеттік саясат, біріншіден, өзара тығыз байланысты және үйлесімді болуы тиіс, екіншіден, олар экономикалық белсенді халықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ішкі көші-қонды реттеуге және сыртқы еңбек көші-қонын өркениетті дамытуға жағдай құруға бағытталған болуы тиіс. Өкінішке орай, Қырғызстанда соңғы жылдары көші-қонды басқару мәселелері бір мекемеден екінші мекеменің құзырына бірнеше мәрте өткендіктен, онымен тиянақты түрде жұмыс жүргізілмеді.

Қазіргі таңда Қырғызстанның көші-қонды басқару саласында мына бағыттарға түбегейлі басымдық берілген:

- біріншіден, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты шетелге кететін ҚзР азаматтар санын қысқарту және жергілікті жерлерде жаңа жұмыс орындарын құру;
- екіншіден, ішкі еңбек нарығын қорғау. Қырғызстанда халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жұмыс күшін құру. Үздіксіз кәсіби білім беру жүйесін дамыту арқылы еңбек нарығының талаптарына сай жұмыс күшінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- үшіншіден, этникалық қайтарымды көші-қонды (қайрылмандар) және диаспорамен жұмысты қолдау. Мемлекет этникалық қырғыздарды ҚзР-на қоныстандыру үшін жеңілдетілген жағдайлар құруда және қайрылмандарды қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен қамтамасыз етуде.

Қырғызстан Бангладеш, Эквадор, Ямайка, Молдова Республикасы, Марокко, Сербия, Тунис елдерімен бірге Көші-қонды ұлттық даму стратегиясына енгізу жөніндегі Ғаламдық бірлескен бағдарламаға (2014–2018 жылдары) қатысты. Алайда елде көші-қонды басқарудың тиімді мемлекеттік тетіктері әлі соңына дейін қалыптасқан жоқ, таяуда дайындау жоспарланған еңбек ресурстарын басқарудың жалпы ұлттық стратегиясы әзірлебеген.

ҚзР Үкіметінің 2018 жылға арналған Іс-шаралар жоспарына сәйкес «Бірлік. Сенім. Сенім. Жасампаздық» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Қырғызстанның шетелде жүрген еңбек мигранттарының құқығын қорғау нормаларын жетілдіруге қатысты «Шетелдегі отандастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат негіздері туралы» ҚзР Заңының жобасын жаңа редакцияда әзірлеу, сондай-ақ ЕАЭО мүше мемлекеттерінің аумағында Қырғызстаннан шыққан еңбек мигранттарының құқығын қорғауды жақсарту қарастырылған. ҚзР Үкіметі 2018 жылға арналған жұмыс жоспарында аймақтарды дамытудағы жүйелі шараларды жүзеге асыруға қатысты қалаларды дамытудың негізгі бағыттары – «өсім нүктесін» анықтау қарастырылған. Тағы бір

міндет жұмыссыздық деңгейін қысқарту мақсатында өндіруші кәсіпорындарды іске қосу, соның нәтижесінде белсенді және еңбекке қабілетті тұрғындардың көшіп-қону ауқымын төмендету болып табылады.¹¹

Соңғы жылдары мемлекеттік саясаттың басым міндеттері аймақтарды дамыту болып табылады. ҚзР Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтарда «2018 жылды аймақтарды дамыту жылы деп жариялау туралы» жарлығы қабылданды, 2017 жылғы 31 наурызда ҚзР Үкіметінің №194 қаулысымен ҚзР Аймақтық саясат тұжырымдамасы бекітілді. Бұл бағдарламалық құжаттарда аймақтарды дамытудың орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңге арналған векторы айқындалған. Аймақты дамытудың ортақ мақсаттарына жету үшін билік, бизнес және азаматтық қоғам әріптестігі қамтамасыз етіледі. Аймақ тұрғындарының өмір сүру сапасы олардың сұраныстарына, қызмет стандарттарының талаптарына сәйкес келеді және елдің географиялық орналасуы, климаттық жағдайы және орталықтан қашықтығына байланысты болмайды.

Аймақтық бағдарламаны жүзеге асырудың басты мақсаты өндірістік күштерді оңтайлы орналастыру негізінде экономиканы дамыту болмақ. Қабылданған шаралар ауылшаруашылық өнімдерін сақтау және қайта өңдеу өндірісін дамытуды, соғымдық цехтар құруды, өнеркәсіпті қайта жаңғыртуды қамтамасыз етеді. Жергілікті жерлерде ауылшаруашылық кооперативтерін дамыту кластерлері, жеңіл өнеркәсіп құрылады, туризм, оның шінде экологиялық және этникалық бағыттағы туризмді дамыту үшін жағдайлар құрылады. Аймақтық экономика ресурстарды, климатты, географиялық орналасуды, инфрақұрылымның болуын ескере отырып аумақты мамандандыруға негізделеді.

ҚзР Көші-қон саясатының тұжырымдамасы тиісті жоба әзірленгеніне қарамастан әзірге бекітілмеді. Мемлекет отанына қайтып келуді қалайтын мигранттарға ерекше көңіл бөліп: оларға жер бөліп беру, қаржылық-экономикалық тұрғыда қолдау көрсете отырып, мәселен, төмен пайызбен несие, ссуда, ипотекалық несие және т. б. қолайлы жағдайлар құруы тиіс.

2018–2022 жылдарға арналған ҚзР аймақтық саясат тұжырымдамасында аймақтардың базалық өсім нүктесі ретінде 20 елді мекенді бөлу ұсынылған.¹² Аймақтардың өсім нүктесі индустриалдық парктер мен өнеркәсіптік кластерлерді қарқынды дамытудың өңірлік орталығы рөлін алады. Міндетті шарт тірек қалаларда мемлекеттік биліктің аумақтық органдарын, халыққа және бизнеске қызмет көрсету орталықтарын, логистикалық орталықтар, әлеуметтік тұрғыдағы орталықтар құру болуы тиіс. Қалаларды мақсатты дамыту автоматты түрде олардың экономикалық даму саласына көрші өңірлердің кәсіпорындар мен шаруашылықтар желісін тартады, жергілікті бизнесті кеңейту мен нығайтуға жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Осылайша, әсіресе аймақтық қалаларда жаңа жұмыс орындары құрылады. Тұрғындар әлеуметтік-экономикалық дамуға тартылады, осының бәрі бірігіп өмір сүру салаларының бәрінде мультипликативті тиімділікті қамтамасыз етеді. Яғни еңбек мигранттарының өз туған деріне ерікті түрде оралуына алғышарттар қалыптасады.

¹¹ Қырғыз Республикасының 2018–2022 жылдарға арналған аймақтық саясат тұжырымдамасы. ҚзР Үкіметінің 2017 жылғы 31 наурыздағы №194 қаулысымен бекітілген [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://mineconom.gov.kg/ru/direct/9/npb>].

¹² Қырғыз Республикасының 2018–2022 жылдарға арналған аймақтық саясат тұжырымдамасы. ҚзР Үкіметінің 2017 жылғы 31 наурыздағы №194 қаулысымен бекітілген [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://mineconom.gov.kg/ru/direct/9/npb>].

Тәжікстан. Қазіргі жағдайларда өзекті проблема бола отырып, көші-қон мәселелерін реттеу Тәжікстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік саясатының басым бағыттарына жатады. Қазіргі таңда көші-қон мәселелері ел өмірінің әртүрлі салаларын дамыту тұрғысынан қаралады, осыған сәйкес, көші-қон мәселелеріне, әсіресе еңбек көші-қонына көптеген мемлекеттік және нормативтік-құқықтық құжаттарда түсіндірмелер жиі кездеседі.

Еңбек көші-қон мәселелері ТР Үкіметінің қаулысымен қабылданған 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тәжікстан Ұлттық даму стратегиясында орын тапты.¹³ Бұл құжатта еңбек көші-қонын реттеу «нәтижелі жұмыспен қамтуды кеңейту» деп аталатын стратегиялық мақсат шеңберінде жүзеге асырылады. Межеленген мақсатқа жетудің маңызды қадамдарының бірі «гендерлік факторды да ескере отырып, сыртқы еңбек көші-қонын түрлендіру және мигранттардың оралу үдерісін мемлекеттік реттеуді күшейту» болып отыр.¹⁴ Қазіргі уақытта мемлекеттік басқару жүйесі, азаматтық қоғам және бизнес құрылымдар теңгерімді кооперация жүргізе бастаған кезде, кеңінен түрлендіру және бәсекеге қабілеттілікті есепке ала отырып, ұлттық шаруашылықтың барлық салаларының инновациялық дамуын қамтамасыз етуде мемлекеттік билік органдарының үйлесімділігі мен жауапкершілігі үлкен маңызға ие болады. Үйлестіру және жауапкершілік жүйесін дамыту мемлекеттік сектор мен бизнес қызметін бақылауда азаматтық қоғам рөлін күшейтуді қарастырады.

ТР Ұлттық даму стратегиясы – ол мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінің директивті іс-қимыл жоспары, ал жекеменшік сектор мен азаматтық қоғам үшін бұл құжат іс-қимылдың индикативті жоспары ретінде қызмет атқарады. Тәжікстан қоғамының тиісті секторлары үшін директивті және индикативті іс-қимыл жоспарының арақатынасы әлеуметті өмірдің өзекті проблемаларын, оның ішінде көші-қон үрдісін реттеуге ықпал етеді.

Демографиялық болжамдар көрсеткендей, алдағы жақын уақытта Тәжікстан ішкі және сыртқы еңбек нарығы үшін еңбек ресурстарының толыққанды доноры ретінде танылады.

Тәжікстан еңбек мигранттарының құндылықтар тұрғысынан да, құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан да мүдделері қорғалып, олардың түрлі фильмдердің жағымсыз кейіпкері ретінде келемежге айналуына, қандай да бір халықтың намысын, адамның ар-ожданын таптауға жол берілмеуін қамтамасыз ету бойынша барынша толыққанды еңбек нарығы үшін сыртқы еңбек көші-қонын түрлендіруге бағыт алды.¹⁵ Атап айтқанда, тәжік еңбек мигранттарын Парсы шығанағы елдеріне жіберу туралы келіссөздер жүргізілуде. Құжатта көрсетілгендей, еңбек көші-қоны және мигранттарды жұмыс беруші елде әлеуметтік қорғау үрдісін заңдастыру бойынша күш жұмсалуда.

Халықты жұмыспен қамту мәселелері Тәжікстан ұлттық стратегиясының тиісті тармақтарында көзделген: «Ауыл тұрғындарын тыңайтылған және тың жерлерді игеру арқылы жұмыс орындарымен қамтамасыз ету; әйелдер, жастар, осал топтар, оның ішінде мүгедектердің мұқтаждықтарына сай кәсіби дағды қалыптастыру, қайта даярлықтан өту және біліктілікті

¹³ Тәжікстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Ұлттық даму стратегиясы. ТР Үкіметінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі №392 қаулысымен қабылданды.

¹⁴ Сонда, 14-б.

¹⁵ «Гастарбайтерлер елі» атты даулы мақала «АиФ» бетінен «ғайып болды» [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://rus.ozodi.org/a/27096438.html>]; Тәжікстан – гастарбайтерлер елі [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.dw.com/ru/a-609347].

арттыру бойынша білім беру желісін дамыту; білім саласындағы саясатпен үйлестірілген жұмыспен қамту жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру».¹⁶

Сыртқы еңбек көші-қонына қатысты өзге маңызды нәрсе тұтыну дәне инвестициялық сұранысты ынталандыру арқылы ел экономикасына еңбек мигранттарының ақша аударымдарын еркін тарту үшін қолайлы жағдайлар құрумен байланысты. Мұндай жағдайда еңбек мигранттарының ақшалай аударымдары елдің экономикалық өсіміне ықпал ететін қаржыландырудың сыртқы көзі ретінде болады. Құжат жаңа өндіріс орындарын ашу және «жаңа экспорттық нарыққа шығу және елдің мигранттардың аударымдарына тәуелділігін төмендетуді» ескере отырып, өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының және қаржы секторының қарқынды өсімін қамтамасыз ету қажеттігін көрсетеді.¹⁷

Сыртқы еңбек көші-қоны көптеген проблемалар мен қоғамдық өмір мәселелердің шешілуіне ықпал етіп қана қоймай, белгілі бір әлеуметтік проблемалардың қайнаркөзіне айналды. Егер өткен 20 жыл ішінде ел ішінде еңбек әлеуетін жүзеге асыруға тиісті жағдайлар құрылған болса, онда бүгінгі таңда Тәжікстан дамудың басқа деңгейінде болар еді.

Шетелге бағытталған сыртқы еңбек миграциясының теріс салдары да бар. Мәселен, ерлер арасындағы еңбек мигранттарының жұмысынан айырылуы. Лайықты жұмыстың болмауы және ақшаның жоқтығынан елге оралған еңбек мигранттары отбасының басқа мүшелері үшін масыл болады, оларға енді отбасымен қосып, мигранттың өзін де асырау үшін көп жұмыс істеуге тура келеді. Ерлердің жаппай эмиграциясы гендерлік теңсіздікке соқтырды: ерлер әйелдерге қарағанда 0,5%-ға артық; алайда еңбек көші-қоны салдарынан елде ерлер саны ресми деректермен салыстырғанда азырақ.¹⁸ Бұл кейде отбасының бұзылуына және туу санын қысқартуға әкеледі. Отанында қалған мигранттардың отбасындағы әлеуметтік проблемалардың тереңдеуі де маңызды проблемаларды бірі болып отыр, бұл «мигранттардың әйелі», «көшенің баласы» осал әлеуметтік топтардың қалыптасуына әкеп тірейді.¹⁹

Сыртқы еңбек көші-қонының тағы бір маңызды қыры – еңбек мигранттарының ақша аударымдарына тәуелділік, бұл ішкі нарықта белгілі бір бөлігін мигранттардың әелдері мен балалары құрайтын еңбекке қабілетті адамдардың белсенді емес қатарының қалыптасуына ықпал етеді. Бұл процесс осындай топтардың стереотиптік «тұтынушылық көзқарасын» одан әрі күшейте түседі.

Кейбір қабылдаушы елдерде, ең алдымен, Ресейде мұндай қорғанысқа ешқандай мүмкіндігі жоқ сыртқы еңбек мигранттарын әлеуметтік қорғау үшін осы мәселені шешу жолдары мен тәсілдері ұсынылады, оның ішінде еңбек мигранттары үшін де «зейнетақы құрудың сақтандыру, жинақтау қағидасына өтуді қамтамасыз ету» атап көрсетілді.²⁰

¹⁶ Тәжікстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Ұлттық даму стратегиясы. ТР Үкіметінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі №392 қаулысымен қабылданды. 14-б.

¹⁷ Сонда, 19-б.

¹⁸ Тәжікстан Республикасының қайта оралған еңбек мигранттарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын талдау. «Инновациялық даму орталығы» қоғамдық ұйым зерттеулерінің нәтижелері. Душанбе, 2018. 21-б.

¹⁹ Тәжікстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Ұлттық даму стратегиясы. ТР Үкіметінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі №392 қаулысымен қабылданды. 32-б. Тәжікстанға мүмкіндігінше теңгерілген отбасылық және демографиялық саясат қажет болады.

²⁰ Тәжікстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Ұлттық даму стратегиясы. ТР Үкіметінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі №392 қаулысымен қабылданды. 85-б.

Осылайша, 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған ТР Ұлттық даму стратегиясында осы құжатта белгіленген талаптардың тиімді және уақтылы жүзеге асырылуын ескере отырып күтілетін нәтижелері көрсетілген. «Өнімді еңбек пен адамзат капиталын дамыту үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз ету мақсатында белгіленген жұмыспен қамту шараларын жүзеге асыру мынадай нәтижелерге жеткізеді: еңбекке қабілетті адамдар мен жұмыс орындарының теңгерімді саны мен сапасы, жұмыссыздар санының азаюына; озық даму перспективалары бар секторларда ерлер мен әйелдердің жұмыс істеу деңгейін арттыруға; гендерлік топтардың демографиялық құрылымдарын ескере отырып еңбек нарығын талдау және болжау тетігін нығайтуға, еңбек нарығы туралы мәлімет жылына кемінде екі рет жаңартылады; еңбек өнімділігін тұрақты арттыруды қолдау ұлттық жүйесі құрылды; жұмыспен қамтудың аумақтық алшақтығын қысқарту қамтамасыз етілді, ішкі көші-қон қысымы азайды; жұмысқа орналасуда арнайы проблемалары бар адамдардың жұмыспен қамтылуы жақсарды».²¹

ТР Ұлттық даму стратегиясы көші-қон үрдісінің, ең алдымен, ресми жұмыспен қамту, бейресми жұмыспен қамту және еңбек миграциясы тең үлесте болатын «үшкомпонентті» еңбек нарығы дамып отырған алдағы онжылдықта сыртқы еңбек көші-қонының проблемаларын шешудің барлық қажетті аспектілерін қамтиды. Үшкомпонентті еңбек нарығында сыртқы еңбек көші-қоны айтарлықтай деңгейде әлі де бейресми және бақылаудан тыс қалады, бізге осы үрдісті реттеу мәселелері бойынша нақты қадамдар қабылдау қажет.

Сыртқы еңбек көші-қонын стратегиялық реттеудің тағы бір маңызды мәселелерінің бірі – еңбек мигранттарын шыққан еліндегі ортаға қайта ықпалдастырудың күрделілігі. ТР Үкіметінің 2014 жылғы 4 маусымдағы №390 қаулысына сәйкес, Тәжікстан Республикасының Еңбек, көші-қон және жұмыспен қамту министрілігінде қазіргі кезде еңбек мигранттарына кеңес беру, дайындау бойынша Душанбе, Хорог, Худжанд және Бохтар қалаларында төрт орталық жұмыс істейді. 2015 жылы ТР Еңбек, көші-қон және халықты жұмыспен қамту министрілігі ТР азаматтары болып табылатын Ресейге және басқа елдерге кіруге «тыйым салынғандар» тізіміне ілінген еңбек мигранттарын жұмысқа орналастыру жөнінде бағдарлама қабылдады. Осыған байланысты ТР Үкіметінің 2017 жылғы 26 қазандағы №499 қаулысымен 2018–2019 жылдарға арналған ТР халықты жұмыспен қамтуды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Бағдарламада халықты жұмыспен қамтамасыз етудің мемлекеттік саясатының негізгі міндеттері айқындалған, сондай-ақ қайта оралушы еңбек мигранттарының қызметін бейімдеу және халықты жұмыспен қамту жөніндегі мемлекеттік саясаттың іс-шараларының жүзеге асырылуын 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған ТР еңбек нарығын мемлекеттік дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған ТР Ұлттық даму стратегиясын жүзеге асыру барысымен үйлестіруді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру көзделген.

2018–2019 жылдарға арналған ТР халықты жұмыспен қамтуды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы «Мемлекеттік болжамдар, тұжырымдар, стратегиялар және Тәжікстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы туралы» ТР Заңының 7-бабына және «Халықты жұмыспен қамтамасыз етуге қолдау көрсету туралы» ТР Заңының 13-бабына сәйкес әзірленген. Бағдарлама жаңа жұмыс орындарын құру, еңбек нарығындағы

²¹ Тәжікстан Республикасының 2018–2019 жылдарға арналған халықты жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі 2017 жылғы 26 қазанда қабылдаған №499 мемлекеттік бағдарламасы, 499 www.adlia.tj/show_doc.fwx?Rgn=130357&login=yes].

мердігерлік, еңбек ресурстарын кәсіптік дамыту, қайта оралған мигранттарға әлеуметтік қолдау көрсету, әйелдер мен жастардың жұмыспен қамтылуына, жеке кәсіпкерліктің дамуына және жұмыссыздық кезінде мемлекеттік әлеуметтік кепілдендірумен қамтамасыз етуге ықпал ету жөніндегі шараларды қамтиды.

2018 жылы ТР Еңбек, көші-қон және халықты жұмыспен қамту министрлігі тарапынан 2018–2021 жылдарға арналған ТР қайта оралған еңбек мигранттарын әлеуметтік және экономикалық қайта ықпалдастыру бойынша жол картасы әзірленіп, бекітілді. Жол картасы отанына қайтып келген еңбек мигранттарын қайта ықпалдастыру үрдісіне жету жолдарын көздейтін 8 мақсаттан тұрады.

ТР түрлі стратегиялық даму құжаттарының, көші-қон саласындағы бағдарламалардың мазмұнын қарастырсақ, ТР мемлекеттік көші-қон саясатының келешектегі негізгі мақсаттары мен міндеттерін көруге болады:

- ТР көші-қон саласындағы халықаралық шарттарға қосылуы және көші-қон мәселелері жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындауы;
- халықаралық танылған құқықтық нормалар, Конституция және ТР заңдарына сәйкес мигранттардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету;
- көші-қон үрдістерін реттейтін заңдық негізді жетілдіру және дамыту;
- көші-қон үрдістерін басқару және тиісті кадрларды дайындаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру;
- көші-қон үрдістерін болжау, осы салада тиісті мемлекеттік және өзге бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- заңсыз көші-қонның алдын алу; көші-қон үрдістерін басқару жөніндегі атқарушы билік органдарының қызметін үйлестіру;
- халықаралық талаптарға сай келетін және деректер қорымен бірегейлендірілген миграциялық бақылау жүйесін құру;
- уақытша мигранттардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге бағытталған арнайы бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы олардың қайтып келуі үшін қолайлы жағдайлар құру;
- ел ішінде көшіп-қонатын тұлғалардың тұрақты тұратын жеріне ерікті түрде және қауіпсіз қайтып келуі үшін саяси, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар құру.

Түрікменстан. Түрікменстанды әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламалары мен жоспарлар көші-қон легінің нақты көрсеткіштерін және олардың ел экономикасына ықпалын қамтымайтындықтан мемлекеттің көші-қонға қандай көзқараста екенін анықтауды қиындатады. Елдің жоспарлы құжаттары мен ұлттық стратегиялар шетелден қайта оралған тұлғаларды бейімдеу және ортаға қайта ықпалдастыру бойынша арнайы шараларды қарастырмайды. ЕҚБЖ елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ортақ бағдарламалары мен жоспарлары шеңберінде қамтамасыз етіледі.

Түрікменстан билігі жұмыс күші мен жоғары білікті мамандардың эмиграциясын келешекте еңбек нарығы мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсер ететін теріс құбылыс

ретінде есептейді. Шетелде тәжірибе жинақтап, жаңа дағды мен білім алатын қайтарымды мигранттар ағымы, керсінше, Түрікменстан экономикасын дамыту үшін оң құбылыс ретінде қарастырылады.

Түрікменстанда тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи өлшемдер бойынша аз мерзім ішінде саяси, құқықтық және экономикалық үлкен өзгерістер жүзеге асырылды. Түрікменстан XIV Мемлекеттік ақсақалдар кеңесі, Халқ Маслахаты және «Галкыныш» жалпыұлттық қозғалысына қатысушылар бірқатар маңызды шешімдер қабылдады, олардың бірі «2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Түрікменстанның экономикалық, саяси және мәдени даму стратегиясы» ұлттық бағдарламасы болып табылады. Ұлттық бағдарлама Түрікменстан Мемлекеттік ақсақалдар кеңесі, Халық Маслахаты және «Галкыныш» жалпыұлттық қозғалысынның XII бірлескен отырысының шешіміне сәйкес әзірленді. Оны дайындауды Түрікменстан Президенті С. Ниязов басшылық еткен Мемлекеттік комиссия жүзеге асырды.

Ұлттық бағдарламаның стратегиялық мақсаты – Түрікменстанды әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері және халықтың өмір сүруінің лайықты стандарттары бойынша жоғары әлемдік деңгейі бар қарқынды дамушы мықты державаға айналдыру. Ұлттық бағдарламада үш басым міндет айқындалды:

Біріншіден, Түрікменстанның дамыған елдер деңгейіне жетуі, экономикалық өсімнің жоғары қарқыны есебінен оның экономикалық тәуелсіздік пен қауіпсіздікті сақтауы, жаңа технологиялар мен өндірістерді енгізу және еңбек өнімділігін арттыру.

Екіншіден, бір адамға шаққандағы жалпы өнім өндірісінің ұдайы өсімі.

Үшіншіден, жоғары инвестициялық белсенділік және өндірістік тұрғыдағы нысандар құрылысын арттыру.

Алға қойған басым міндеттердің шешілуі Түрікменстан азаматтарының өмір сүру деңгейін дамыған әлемдік державалардың деңгейіне арттыруға және түрікмен халқының жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы міндеттерді шешу үшін Түрікменстан экономикалық, табиғи, рухани-адамгершілік және интеллектуалдық әлеуетке барынша көңіл бөледі.²²

Өзбекстан. Қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік басқару және халықаралық ынтымақтастықты дамыту саласындағы ауқымды реформалар шеңберінде Өзбекстанда көші-қон мәселелеріне қатысты көзқарас түбегейлі өзгерді. 2018 жылы Өзбекстан ЖКҰ-ның толыққанды мүшесі болды және ЖКҰ Конституциясын ратификациялады.

2017–2021 жылдары Өзбекстан Республикасын дамытудың бес басым бағыты бойынша іс-қимылдар стратегиясы халықты жұмыспен қамтамасыз етуді арттыру, әлеуметтік қорғау және азаматтардың денсаулығын қорғау жүйесін жетілдіру, сондай-ақ көші-қон заңдарын дамыту мәселелерін қарастырады (төртінші бағыт – «Әлеуметтік саланы дамыту»).

Іс-қимылдар стратегиясында белгіленген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында, ӨР Президентінің 2017 жылғы 24 мамырдағы «Жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік

²² «Түрікменстанның 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған экономикалық, саяси және мәдени даму стратегиясы» ұлттық бағдарламасы [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=6787].

саясатты әрі қарай жетілдіру және еңбек жөніндегі органдар қызметінің тиімділігін түбегейлі арттыру шаралары туралы» №УП-5052 жарлығымен Еңбек министрлігі Жұмыспен қамтамасыз ету және еңбек қатынастары министрлігі болып қайта құрылды. Бұл реформа жұмыспен қамту, еңбек нарығының инфрақұрылымын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты, оның ішінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізіндегі жаңа тәсілдерді енгізуге бағытталған.

Өзбекстан Республикасында кедейшілікті, теңсіздікті және жұмыссыздықты азайтуға және болдырмауға, халықтың өмір сүру деңгейін тұрақтандыруға және түрлі халық топтары арасындағы экономикалық ауыртпашылықтардың жүгін тең бөлуге бағытталған мемлекеттің әлеуметтік функциясын дамытуға және жетілдіруге айтарлықтай назар аударылады. Елде әлеуметтік әділдік қағидаларын әрі қарай нығайту, халықтың табысы мен өмір сүру жағдайлары бойынша күрт жіктелуін болдырмау мәселелеріне үлкен мін беріледі.

Еңбек көші-қоны мақсатында елге келіп, кетіп жатқан азаматтарды тіркеу саласындағы деректер қорын біріктіру үшін ӨР Ішкі істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі және Жұмыспен қамтамасыз ету және еңбек қатынастары, жоғары және орта білім, халықтық білім беру, денсаулық сақтау министрліктері еңбек мигранттарын есепке алу бойынша бірыңғай деректер қорының жұмыс істеуін реттейтін нормативтік құжат әзірлеуде.

Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясат және жұмыс істеуге дайын және жұмыс іздеп жүргендердің барлығын жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында қабылданып жатқан шаралар:

- жынысы, жасы, нәсілі, ұлты, тілі, әлеуметтік тегі, мүліктік және лауазымдық жағдайы, дін ұстануы, наным-сенімі, сондай-ақ жұмыскерлердің іскерлік қасиеті мен олардың жұмыс нәтижелеріне қатысы жоқ өзге де жағдайларға қарамастан, барлық азаматтарға еңбек ету және жұмысты еркін таңдау құқығын жүзеге асыруға тең мүмкіндіктер қамтамасыз ету («Халықты жұмыспен қамту туралы» заңның 5-бабы);
- адамдардың еңбек және кәсіпкерлік бастамасын қолдау және мадақтау, оларға лайықты еңбек етіп, өмір сүруді қамтамасыз ететін өндірістік және шығармашылық еңбекке қабілеттерін дамыту;
- ерікті еңбек;
- жұмыспен қамтамасыз ету және жұмыссыздықтан қорғауды қамтамасыз ету саласында әлеуметтік кепілдіктер беру;
- жұмыспен қамту саласындағы іс-шараларды экономикалық және әлеуметтік саясаттың басқа бағыттарымен үйлестіре, қатар алып жүру және т. б.

Мемлекет жұмыспен қамту саласында қосымша кепілдіктерді қамтамасыз етеді:

- жұмыс табуда қиындыққа кезіккен және еңбек нарығында бәсекелесуге қауқарсыз, әлеуметтік қорғауға мұқтаж жандарға, оның ішінде жалғыз басты және көп балалы, 14 жасқа дейін балалары бар және мүгедек балалары бар ата-аналарға;
- орта арнайы, кәсіптік білім беретін оқу орындарын бітірген жастар, сондай-ақ мемлекеттік грант бойынша оқыған, жоғары оқу орындарының түлектерге;
- ӨР қарулы күштері қатарына мерзімдік әскери қызметтен босағандарға;

- мүгедектер мен зейнетке дейінгі жастағы тұлғаларға;
- жазаның орындалуы немесе сот шешімімен медициналық сипаттағы мәжбүрлі шаралар қолдану бойынша мекемелерден босап шыққан тұлғаларға;
- адам саудасының құрбандарына.

Жұмыс беруші заңмен белгіленген тәртіп бойынша жұмыс орындарына төменгі белгіленген саны бойынша орналастыру үшін, еңбек жөніндегі жергілікті органдар және өзге органдар жіберген тұлғаларды жұмысқа алуға міндетті. Бұл адамдарды жұмысқа алудан негізсіз бас тартқан жұмыс беруші және құзыретті тұлғалар белгіленген тәртіп бойынша жауапкершілікке тартылады.

Жұмыскерлерге осы аталған кепілдіктерді беру мүмкін болмаған жағдайда, еңбек жөніндегі жергілікті орган оларды жұмыспен, ал қажет болған жағдайда тегін кәсіптік оқытумен қамтамасыз етеді.

Еңбек кодексінде және «Халықты жұмыспен қамтамасыз ету туралы» заңында келесі негізгі ережелер белгіленген:

1. Жұмыспен қамтылу – бұл Конституция мен ӨР заңдарына қайшы келмейтін, адамдардың өзінің жеке және қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты және табыс әкелетін (еңбекпен табылған табыс) қызметі. ӨР азаматтарының өндірістік және шығармашылық еңбекке деген өз қабілеттерін пайдалану және заңмен тыйым салынбаған, оның ішінде ақылы жұмыс жасауға байланысты кез келген қызметті жүзеге асыруға ерекше құқығы бар. ӨР заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, қандай да бір түрде еңбекке әкімшілік мәжбүрлеуге жол жоқ. Адамдардың ерікті жұмыссыздығы оларды жауапкершілікке тартуға негіз бола алмайды.
2. ӨР жұмыспен қамтылған азаматтарға жататындар:
 - жалданып жұмыс істейтіндер, оның ішінде толық немесе толық емес жұмыс күні (аптаның) ішіндегі жұмысына ақы алатындар, сондай-ақ шартпен (келісімшарт, келісім) расталған ақылы жұмысы барлар, бірақ денсаулығына, еңбек демалысына, өндірістің уақытша тұрып қалуына байланысты жұмыста жоқтар;
 - кәсіпкерлер, өндірістік кооператив мүшелері, фермерлер мен өндіріске қатысатын олардың отбасы мүшелерін қосқанда, өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етушілер;
 - төленетін қызметке іріктелген, тағайындалған немесе бекітілгендер;
 - қарулы күштерде қызмет өтеп жүргендер, ішкі және темір жол жасақтарында, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарында, жасақтан тыс (балама) қызметтегілер;
 - халықаралық және шетелдік ұйымдарда жұмыс істейтіндер;
 - жеке қосалқы шаруашылық пен қожалық шаруашылықта жұмыс істейтін және шарт бойынша өнімін ұжымшарларға, тұтыну кооперативтеріне өткізетіндер және өнімін базарда сататындар;
 - орта білім беретін мектептерде, кәсіптік-техникалық училищелерде, орта арнайы әскери және жоғары оқу орындарында, аспирантурада, ординатурада және докторантурада өндірістен қол үзіп оқитындар;

- ӨР заңына сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын қоғамдық ұйымдарда және ғибадатханаларда жұмыс істейтіндер.

Жұмыспен қамтылған тұрғындарға республика аумағына уақытша келген, дипломатиялық өкілдіктер қызметін қамтамасыз етуге байланысты емес функцияларды орындайтын өзге елдің азаматтары жатады.

Бірінші рет жұмыс іздеп жүрген, мамандығы жоқ тұлғалар үшін алдын ала кәсіптік дайындықты қажет етпейтін жұмыс сәйкес келеді деп есептеледі, ал ондай жұмыс болмаған жағдайда – олардың жас және өзге ерекшеліктерін ескере отырып, уақытша сипаттағы басқа ақылы жұмыс ұсынылады.

Жұмысы мен табысынан айырылған тұлғалар үшін жасын, денсаулық жағдайын, еңбек өтілін, бұрынғы мамандығы бойынша тәжірибесін, жаңа жұмыс орнына қатынау мүмкіндігін ескере отырып, олардың кәсіптік даярлығына қатысты жұмыс сәйкес деп есептеледі, ал мамандығы бойынша сәйкес жұмыс беру мүмкін болмаған жағдайда, жұмыссыздың қабілетін, денсаулық жағдайын, бұрынғы жұмыс тәжірибесін, оған қолжетімді оқуды ескере отырып мамандықты өзгертуді қажет ететін жұмыс сәйкес болып есептеледі.

Жұмысынан айырылған, алғаш рет жұмыс іздеуші, сондай-ақ ұзақ үзілістен кейін (1 жылдан астам уақыт) және жұмыссыз болып танылған тұлғалардың қамтамасыз етілуі:

- жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлемі;
- асырауындағыларды ескере отырып материалдық көмек көрсету;
- кәсіби даярлық, біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау кезеңінде стипендия төлеу және осы кезеңді еңбек өтіліне қосу;
- ақылы қоғамдық жұмыстарға қатысу мүмкіндігі.

Жекелеген негіздер бойынша еңбек шартының мерзімі тоқтатылған жағдайда материалдық қолдаудың қосымша кепілдіктері беріледі.

Қосымша кепілдіктер қосымша жұмыс орындарын, мамандандырылған кәсіпорындар, оның ішінде мүгедектер еңбек ететін кәсіпорындар, арнайы оқыту бағдарламалар ұйымын құру, кәсіпорындарға азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының төменгі санын белгілеу, сондай-ақ заңда қаралған өзге де шаралар арқылы қамтамасыз етіледі.

Жұмысқа орналастыру туралы заңдардың сақталуын бақылау мемлекеттік билік және басқару органдарымен, ӨР жұмыспен қамтамасыз ету және еңбек қатынастары министрлігімен және оның құрылымдық бөлімшелерімен, кәсіподақтармен жүзеге асырылады.

Халықты жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шараларды жүзеге асыру мақсатында жұмыссыздарды ақылы қоғамдық жұмыстарға кеңінен тарту негізінде 2017 жылғы 5 қазандағы Министрлер кабинетінің қаулысымен ӨР Жұмыспен қамтамасыз ету және еңбек қатынастары министрлігі жанынан Қоғамдық жұмыстар қоры құрылды.

2017 жылғы 4 қазанда Өлий мәжіліс сенатының азаматтардың кепілдендірілген еңбекқұқығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша парламенттік комиссия құру туралы қаулысы қабылданды және азаматтардың кепілдендірілген еңбек құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі кешенді жоспар қабылданды. 2018 жылғы 1 қаңтарынан бастап 22 маусымға дейінгі кезеңде

Өлий мәжіліс сенатына 4530 өтініш келіп тұскен, оның 115-і (2,5%) еңбек құқығы мен жұмыспен қамту мәселелесіне қатысты болған.

Өзбекстанда ішкі және сыртқы көші-қонды заңмен шешудің жеткіліксіз әзірленуі, реттелмеген көші-қонға, ӨР азаматтарының шет мемлекеттерде құқығының тиісті қорғалмауына әкеп соқтырады. Көші-қон үрдістерінің құқықтық қамтамасыз етілу көші-қон мәселелері бойынша бірқатар заң актілерін, Өзбекстанға келу және кету тәртібін, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық мәртебесін және т.б. қабылдауды талап етеді.

Өзбекстанда орта кәсіптік оқыту жүйесінің сақталып қалуына қарамастан, колледждерде білім алу деңгейі Ресей, Қазақстан және Өзбекстанның өз ішінде еңбек нарығындағы сұранысты қанағаттандыра алатын кәсіби мамандарды жаппай даярлау туралы айтуға мүмкіндік бермейді. Жаппай, жан жақты оқыту жақсы метариалдық-техникалық базаны және оқытушылар құрамының тиісті деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, колледждерде жұмыс тәжірибесі жеткіліксіз, жаңадан мектеп бітіргенде жаппай оқиды, олар тек бастапқы кәсіптік білім алады, сондықтан оқу аяқтағаннан кейінгі олардың кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейі туралы айта алмаймыз.

Өзбекстанда еңбек мигранттары өздігінен алған еңбек дағдыларын сертификаттау проблемасы өзекті болып отырған жоқ, өйткені шетелде жұмыс істеп келген білікті мамандарды әдетте жеке тұлғалар жалдайды, олар біліктілікті алдын ала тестілеуді түрлі формада жүргізеді, ал еңбеккердің біліктілік деңгейін растайтын ресми құжаттар талап етілмейді.

«Жұмыспен қамту жөніндегі жеке агенттіктер туралы» Заңда жекеменшік агенттіктердің ӨР тыс жерлерден жұмыс іздеушілерді жұмысқа орналастыру бойынша қызметін тиісті лицензия болғанда ғана жүзеге асыруы қаралған.

Бұл қызметтер жұмыспен қамту жөніндегі жекеменшік агенттік пен жұмыс іздеуші арасында бекітілген қызмет көрсету туралы шарт негізінде жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

- ӨР тыс жерлерден жұмыс іздеп жүрген тұлғаларды жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша шетелдік әріптестермен құзыреттілік шеңберінде келіссөздер жүргізу (сөйлесу), шарттың, келісімдер мен хаттамалардың жобаларын әзірлеу;
- әлеуетті жұмыс берушілерді іздеу, шет мемлекеттердің еңбек нарығын зерттеу негізінде Өзбекстаннан тыс жерлерден жұмыс іздеп жүрген тұлғаларға бос жұмыс орындарының бар екені туралы мәлімет беру;
- еңбек қызметін Өзбекстаннан тыс жерлерде жүзеге асырғысы келетін тұлғалар туралы мәліметті олардың келісімімен ғана шетелдік жұмыс берушілер арасында тарату;
- жұмыс іздеп жүрген тұлғаларға Өзбекстаннан тыс жерлерде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін алдын ала дайындық шараларын жүргізу арқылы жәрдемдесу;
- ӨР тыс жерлерден жұмыс іздеп жүрген тұлғаларды жұмыс істейтін елдегі жүріп-тұру тәртібі, еңбек шарттары, әлеуметтік және тұрғын жай мен тұрмыстық қамсыздандырылу, шетелдік жұмыс берушілермен еңбек шартын бекітудің құқықтық аспектілері туралы хабардар ету;
- ӨР тыс жерден жұмыс іздеп жүрге тұлғалар мен жұмыс берушілер арасында еңбек шартын бекітуге қолдау көрсету.

ӨР тыс елдерде жұмыс іздеуші тұлғаларды жұмыспен қамтамасыз ету қызметін көрсету үшін, жұмыспен қамту жөніндегі жеке агенттіктер Жұмыспен қамтамасыз ету және еңбек қатынастары министрлігі жанынан құрылған Шетелде жұмыс істейтін азаматтардың құқығы мен мүддесін қорғау қорына 50 мың АҚШ доллар қаржы резервте сақтайды, егер резервтегі қор жұмсалған жағдайда қаржына толықтыруы шарт, сонымен қатар лицензия тоқтатылса немесе күші жойылса қаржы қайтып келеді. Қазіргі кезде Өзбекстанда 65 жұмыспен қамту жөніндегі жеке агенттік тіркелген, оның 51-і шетелде жұмыс іздейтіндерді жұмысқа орналастыруға қолдау көрсету бойынша лицензия алған.

Шетелде еңбек қызметін жүзеге асырушы азаматтардың құқығы мен мүддесін қорғау қоры мына шығындарды қаржыландырады:

- зорлық-зомбылыққа ұшыраған, мәжбүрлі түрде жұмысқа жегілген және кемсітушілікке ұшыраған, еңбек және өзге құқықтары бұзылған, қиын қаржы тауқыметіне тап болған, жеке басын куәландыратын құжаттарынан айырылған, шетелде еңбек қызметін жүзеге асыру барысында қаражатсыз қалған тұлғаларды құқықтық және әлеуметтік қорғау және материалдық көмек көрсету;
- еңбек көші-қонында жүрген кезде жарақат алу, бақытсыз жағдайға душар болу себепті медициналық көмек қажет болған азаматтарға еңбек мигранты есебінен көрсетілген медициналық қызметті төлеу мүмкін болмаған жағдайда аталған азаматтардың төленген қаржыны кейіннен өтеуімен медициналық көмек көрсету;
- шет мемлекеттерде еңбек көші-қонында жүріп қайтыс болғандардың денесін, сондай-ақ шетелде жүріп ауыр жарақат алған және бұл жарақаты салдарынан еңбекке жарамдылығын жоғалтқан азаматтарды, егер жұмыспен қамтыған елдің тиісті органдары растаған жағдайда тасымалдау;
- бұрын ұйымдастырылған іріктеу шеңберінде шетелге жұмысқа жіберілген және барған елдегі заңды бұзу салдарынан депортацияланған азаматтарды, төленген ақшаны аталған азаматтардан кейіннен өндірумен елге қайтып келу, сонымен қатар шетелдік жұмыс берушілер жұмысқа орналастырудың келісілген шарттарын қамтамасыз етпеген азаматтардың қайтып келуі;
- республика аймақтарында шетелге жұмыс істеуге баратын азаматтарды кетер алдындағы бейімдеу, кәсіби даярлау, оқыту және шет тілдерін білу бойынша тестілеу, кәсіби біліктілігін растау орталықтарын құру және жабдықтау;
- шетелдерде азаматтардың ұйымдасқан еңбекпен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша реттелмеген еңбек көші-қонының алдын алуға бағытталған ақпараттық-танымдық шаралар өткізу.



ХКҚҰ 42 жастағы Садорат Алимуродоваға өзінің шағын кәсіпорнын бастау үшін тігін жабдығын пайдалануға берді. Қазір ол өзінің тігін бизнесін кеңейтіп, көрші қыздарды жұмыс алуда және қыздарына өз дағдысын үйретуде. Шаартуз, Тәжікстан.

Фото: ХКҚҰ Тәжікстан, 2019

Бақылау сұрақтары:

1. Қазіргі таңда ОА елдерінде стратегиялық құжаттардың қандай түрлері көші-қонды реттеу мәселелерін қамтиды?
2. Мемлекетке көші-қонды реттеу стратегиясы немесе тұжырымдамасы не үшін қажет? Ол қандай құжаттармен байланысты болуы тиіс?
3. ОА елдері еңбек көші-қонының қандай жаңа бағыттарын дамытуда? Неліктен ОА елдері еңбек көші-қонының географиясын түрлендіруді көздейді?
4. ОА елдерінің қайсысында қайтарымды көші-қон стратегиялық құжаттарда қаралған?

Практикум:

Өз еліңіздің, аймақтың немесе елдімекеннің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын қарастырыңыз. Онда көші-қон мәселелері бойынша тармақтар барын анықтаңыз. Көші-қон саясатының қандай бағыттарын осы құжатқа кіргізуге болатынын саралаңыз. Өз көзқарасыңызды негіздеңіз.

Міндетті әдебиет:

1. Тәжікстан Республикасындағы әлеуметтік-еңбек қатынастары құрылымындағы еңбек көші-қоны/ Жауапты ред. С.Д. Мутиева, Ю.Р. Юсуфбеков. Душанбе: Еңбек, көші-қон және халықты жұмыспен қамтамасыз ету ФЗИ баспасы. 2016. 163-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.rtsu.tj/upload/files/data3/Монография_ТРУДОВАЯ%20МИГРАЦИЯ.pdf].
2. О.Д. Воробьева, А.В. Топилин, В.И. Мукомель және басқалар. Халық көші-қоны: теория, саясат: оқу құралы. М.: Экономикалық білім. 2012. 364-б.
3. Жергілікті дамуды жоспарлау кезіндегі көші-қонды есепке алудың жетекшілік қағидалары (Guidelines on Mainstreaming Migration into Local Development Planning) [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://migration4development.org/sites/default/files/guidelines_on_mainstreaming_migration.pdf].
4. Ұлттық даму стратегияларына көші-қонды жаппай енгізу (Mainstreaming Migration into National Development Strategies) [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.iom.int/mainstreaming-migration-national-development-strategies].

Қосымша әдебиет:

5. М. Азимова, М. Махмадбеков, У. Раимдодов және басқалар. Тәжікстан Республикасындағы әлеуметтік-еңбек қатынасы құрылымындағы еңбек көші-қоны. Душанбе. 2016. 163-б.
6. Тәжікстан Республикасының 2018–2019 жылдарға арналған халықты жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі 2017 жылғы 26 қазанда қабылдаған №499 мемлекеттік бағдарламасы [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.adlia.tj/show_doc.fwx?Rgn=130357&login=yes].

7. Қырғыз Республикасының көші-қон жөніндегі бірыңғай баяндамасы. ҚЗР Еңбек, жастар және көші-қон министрлігі. Бішкек: Қырғыз Республикасының Еңбек, көші-қон және жастар министрлігінің баспасы. 40 ж. 40-б.
8. Қырғыз Республикасының 2018–2022 жылдарға арналған аймақтық саясат тұжырымдамасы. ҚЗР Үкіметінің 2017 жылғы 31 наурыздағы №194 қаулысымен бекітілген [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://mineconom.gov.kg/ru/direct/9/npb>] Қырғыз Республикасының Көші-қон саясатының Тұжырымдамасын әзірлеу. Қырғыз Республикасының Ұлттық стратегиялық зерттеулер институтының есебі. Бішкек. 2013. 94-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://auca.kg/uploads/Migration_Database/Publications/18_migrac_report.pdf].
9. Түрікменстанның 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған «Экономикалық, саяси және мәдени даму стратегиясы» ұлттық бағдарламасы [Қол жеткізу тәртіптемесі: http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=6787].
10. Тәжікстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Ұлттық даму стратегиясы. ТР Үкіметінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі №392 қаулысымен қабылданды.
11. ҚР Үкіметінің 2017 жылдың 29 қарашадағы №790 «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» қаулысы [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000790>].
12. С.В. Рязанцев, И.Я. Богданов, В.Г. Доброхлеб, А.С. Лукьянец. Орталық Азия елдерінің ЕАЭО ықпалдасу үрдістері аясындағы Ресей және Қазақстанмен миграциялық өзара байланысы ЕАЭС// Орталық Азия және Кавказ. 2017. 20-т. 1-басылым. 44–56-б.
13. Қырғызстан және Тәжікстандағы еңбек көші-қоны және бейнетті салалары: Орталық Азиядағы адами дамуға арналған мүмкіндіктер. Санкт-Петербург: Еуразиялық даму банкінің интеграциялық зерттеулер орталығы. 2015. 127-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://eabr.org/upload/iblock/0b9/report_ca_labour_migration_and_labour_intensive_sectors_full_rus.pdf].
14. ҚР Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі №118 «Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы» жарлығы [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1100000118>].
15. ҚР Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту» жарлығы [<http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636#1255>].
16. Жергілікті дамуды жоспарлау кезіндегі көші-қонды есепке алудың жетекшілік қағидалары (Success Stories Guidelines on Mainstreaming Migration into Local Development Planning) http://migration4development.org/sites/default/files/guidelines_on_mainstreaming_migration.pdf].

4.2. Орталық Азия елдеріндегі, соның ішінде ЕҚҚҚЫК көші-қон саясаты және қайтарымды көші-қонды іске асырудың ұлттық тетіктері

Мазмұны. ОА елдерінің көші-қон саясатының тұжырымдық тәсілдері. ОА елдерінің көші-қон саясатының ұлттық стратегиялармен және даму бағдарламаларымен өзара байланысы. ОА елдерінің қайтарымды көші-қонға қатысты тәсілдері. Қайтарымды көші-қон бағдарламалары мен тетіктерінің болуы. Қайта оралған мигранттар мен жергілікті тұрғындардың қайтарымды көші-қон идеяларын жүзеге асырудағы мүдделер теңгерімін іздеу қажеттілігі. Қайтарымды көші-қонның мемлекеттік ақпараттық құралдары. Мигранттар ОА елдеріне қайтып кететін елдердің рөлі мен жауапкершілігі.

Өз елінің ішкі және сыртқы реттелмеген көші-қонының бағыты мен салдары ОА елдерін мигранттардың құқығын қорғаумен қатар, мигранттар үшін қауіпсіз жағдайлар құруға, төнген қауіп-қатерге қарсы тұруға, мәселен, мигранттардың радикалды теріс ағымға тартуға қарсы бағытталған шаралар қабылдау туралы ойлауға итермелейді.

Жүйелі емес көші-қонның алдын алумен байланысты миграциялық үрдістерді реттеудің келешек бағыттарының бірі реадмиссия туралы келісімді бекіту болып отыр. Рeadмиссияны көптеген елдер қайтарымды көші-қон тұрғысынан қарастырады.¹ Рeadмиссияның пәндік саласы халықтың бір елден басқа елге қоныстану үрдісінде туындайтын құқықтық қатынастар болып табылады.²

Ресей Федерациясына қайта кіруге тыйым салудың екінші ұшы Қазақстанға тиді: мұнда қайтарымды транзитті мигранттар пайда болды. Шекарада «ілініп қалған» мигранттар негізінен Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстан азаматтары, ал бұл мемлекеттердің тіпті Ресеймен ортақ шекарасы жоқ. Тыйым салудың енгізілуі және кейбір адамдардың бұл туралы хабарсыз болуы Қазақстанда көптеген мигранттың амалсыз тойтарылуына себеп болды. Туындаған жағдайды түсініп, шынайы сезіне отырып мигранттар Қазақстан арқылы еліне қайтып келу, немесе Қазақстанда қалу туралы шешім қабылдауы тиіс болды. Сол себепті көптеген мигрант транзит мерзіміне немесе жұмыс табу ықтималдығы кезеңінде ҚР аумағында қалуға мәжбүр болды. Мигранттардың бұл санаты аса тәуекелді жағдайда болады (4.2.1-сур.).

¹ О.С. Кажаяева. Халықаралық құқықтағы реадмиссия институты: заң ғылымы кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертация авторефераты. Мамандық 12.00.10 – халықаралық құқық; еуропалық құқық. М. 2014. 32-б.

² Рeadмиссияның құқықтық негіздері: «Құқықтану» мамандығын оқитын студенттерге арналған оқу құралы. И.Н. Глебованың, А.С. Прудникованың ред. – М.: ЮНИТИ-ДАНА: Заң мен құқық. 2010. 8-б.

4.2.1-сур. Қазақстандағы Ресей Федерациясына қайта кіруге тыйым салынған мигранттардың тәуекелдік жағдайлары, % респондент³



Осы орайда полифункционалдық миссия – азаматтық тұрғындардың ішкі қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету және бір жағынан, мигранттың мүддесін, екінші жағынан құқығы мен бостандығын қорғауды қамтамасыз ету міндеті жүктелген мемлекеттік органдардың барабар, сараланған және нақтыланған ұстанымы маңызды. Жер бетіндегі кез келген адам секілді, әрбір мигрант Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясында бекітілген «өмір сүру, еркіндік және жеке басына қол сұғылмау құқығы секілді негізгі құқықтары мен бостандықтары бар, қандай да бір кемсітушіліктен тең қорғалу, оның құқықтық субъектілігінің танылуы, ешкім де құлдықта немесе еріктен тыс жағдайда болмауы керек; ешкім де оларға зорлық-зомбылық, адамгершілікке жатпайтын немесе оның ар-намысын таптайтын әрекет көрсетпеуі тиіс, заң алдында бәрі тең және заң алдында тең қорғалуы тиіс, ешкім де тұтқындауға, қамалуға немесе қуғындалуға ұшырамауы керек» сияқты негізгі құқықтар мен бостандыққа ие.⁴

Қазақстанның көші-қон саласындағы нормативтік-құқықтық базаны талдау барысы көрсеткендей, елдегі қолданыстағы заң қайтарымды көші-қонды негізінен мәртебесі реттелмеген тұлғаларға қатысты қайтарымды көші-қон тәртіптемесінің сипаттамасын қамтиды. Алайда мемлекеттік саясаттың жалпы стратегиясы елдің даму және келешекте ерікті қайта оралу бағдарламасын дамытып, пайдалану тұрғысынан әлемдік аренадағы оң беделіне белсенді ықпал ететін көптеген тиімді құралдарды қамтиды.

³ 2019 жылғы қаңтар-маусым айларында Қазақстандағы сұхбаттар мен топтық сұхбаттар нәтижелері бойынша.

⁴ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен 217 (А) (III) қабылданды (1948 жылғы 10 желтоқсан).

Мәжбүрлі мигранттарға қатысты мұндай күрделі жағдайда мемлекеттік бақылаудың маңыздылығын сезіне отырып ОА бойынша ХКҰ субаймақтық үйлестіру кеңсесі қайтарымды көші-қон тәуекелдіктерін аймақтық өрістік бағалау жүргізді.⁵ Бұл зерттеуге Қазақстан мемлекеттік құрылымдары да қатысты: ҚР Президентінің кеңсесі, Қауіпсіздік кеңесі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Дін және азаматтық қоғам министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ішкі істер министрлігі (Көші-қон қызметі комитеті), Ақтау, Алматы, Астана қалаларының әкімдіктері.

Қайтарымды көші-қонды дамытуға ықпал ететін негізгі ұлттық тетіктер ретінде, ең алымен, қайта оралған мигранттарды экономикалық тұрғыдан да, әлеуметтік бағытта да қайта ықпалдастырудағы көмекті атап өткен жөн.

Экономикалық қайта ықпалдастыру жұмыс орындарын құру, еңбек нарығында жаңа, сұранысқа ие мамандық алу мүмкіндігін беру, еңбек қызметі үшін және қатынас үшін қажетті тілді білу деңгейін меңгеру, шағын несие алу, кәсіпкерліктің қыр-сырын, қаржылық сауаттылық негіздерін үйрену, сондай-ақ қайтарымды мигранттарды бейімдеу үшін қажетті мемлекеттік қызметтерді жаппай сандық жүйеге көшіру, бизнес орта, кәсіби қоғамдастықтар, кәсіпкерлер палатасын тарту.

Әлеуметтік ықпалдастық денсаулық сақтау, білім беру, көп балалы аналар мен аз қамтылған отбасыларына әлеуметтік төлем қызметін, ортаға бейімдеу мен біріктіру үшін ұлттық диаспораларды қатыстыру, мүддесі бойынша кәсіби қоғамдастықтарға тарту және т. б. қамтамасыз етуде көрінеді.

4.2.1- мысал. **Қазақстандағы қайта оралған мигранттарды экономикалық қайта ықпалдастыру институттары**

ҚР Үкіметі «Қазақстан халқын жұмыспен қамтамасыз ету бағдарламасын» жүзеге асыруда. Бұл Бағдарлама елдегі кедейлік деңгейін 8,2%-дан 6%-ға төмендетуге мүмкіндік береді, ал жұмыссыздық деңгейін 5,5%-дан асырмайды. Бұл Бағдарламаның міндеттері өзін-өзі жұмыспен қамтушыны, жұмыссызды және күнкөрісі төмен халықты тиімді экономикалық жұмыспен қамтылуға тарту, индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асыру үшін кадрлық әлеуетті дамыту, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру болып табылады. Бағдарламаны жүзеге асыру үш кезеңді қамтиды: нобайлы – 2011, екінші кезең – 2012–2015 жылдар, үшінші кезең – 2016–2020 жылдар.⁶

Қазіргі таңда Қырғызстанда еңбек мигранттарын, әсіресе білікті мамандарды қайтып келуге ынталандыру бойынша жұмыс күшейтілуде. Бұл мәселеде Қырғыз Республикасының ХКҰ қолдауымен 2010 жылы құрылған Азаматтарды шетелде жұмыспен қамту орталығы белсенді рөл атқарады.⁷ Жоба шеңберінде Ресей Федерациясы аймақтарының әкімшіліктерімен байланыс

⁵ Орталық Азиядағы мигранттардың осалдығы және интеграциялау қажеттілігі: қайтарымды көші-қонның негізгі себептері мен әлеуметтік-экономикалық салдары. Орталық Азиядағы ХКҰ аймақтық өрістік бағалау. Астана. 2017. 68-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://kazakhstan.iom.int/publications>].

⁶ Қазақстан Республикасының 2020 жұмыспен қамту бағдарламасы [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://shu.zhambyl.kz/dorozhnaya-karta-zanyatosti-2020/>].

⁷ Қырғыз Республикасының көші-қон жөніндегі бірыңғай баяндамасы. ҚР Еңбек, жастар және көші-қон министрлігі. Бішкек, 2014. 18-б.

нығая түсуде: олардың қатарында Мәскеу, Ярославль, Свердловск, Орынбор, Пермь, Пенза, Самара және басқалар. Таяуда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мәліметтерге сәйкес, Пенза облысының басшылығы Қырғызстаннан 2 мыңдай еңбек мигрантын тарту есебінен ауылшаруашылық секторын «жаңғыртып», ауылдық жерлерде медициналық білікті қызметкерлерінің тапшылық мәселесін шешуді қолға алмақ. Орталықтың Корея Республикасы, Түркия, Таяу Шығыс елдерімен жұмысқа жалдау мәселелері бойынша өзара байланыстың жолға қойылған жүйесі бар.

Сонымен қатар, Қырғызстанда еңбек мигранттарының ұлттық деректер қорын құру жөнінде шаралар қабылдануда. Онда шекарадан өту және тіркеу туралы мәліметтер, қайта оралатын мигранттарды қызықтыруы мүмкін бос орындар туралы мәліметтер қамтылады. Көші-қонды Қырғызстанның ұлттық басымдықтарына сәйкес реттеу келесі шараларды қамтиды:

1. Мигранттарды шетелде заңды түрде жұмысқа тұру мүмкіндіктері туралы хабардар ету:
 - жұмысқа қабылдау туралы құлақтандырулар жариялайтын ақпарат көздерін қаржыландыру және құру; жалпы республикалық ақпарат құралдарында жариялау үшін орын бөлу (көрші елдердің тікелей қатысуымен);
 - әлеуетті мигранттарды қабылдаушы мемлекеттегі еңбек жағдайы мен құқықтық тәртіп туралы хабардар ету үшін БАҚ-ын белсенді пайдалану.
2. ҚзР азаматтары мен олардың отбасыларының шетелде құқығын қорғау тиімділігін күшейту:
 - аймақтың басқа елдерімен тікелей үйлестіру арқылы жұмыс мигранттарының мүдделерін қорғау саласындағы заңдардың үйлесімдігін жетілдіру, оның ішінде шетелдік азаматтарды зейнетақымен және әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз ету туралы ережелер қабылдауға ықпал ету.
3. ҚзР азаматтарын қолдау мақсатында шет мемлекеттердегі дипломатиялық миссиялардың және консулдық өкілдіктердің әлеуетін нығайту:
 - Жұмыс күшіне сұраныс мәселелері бойынша аймақтың өзге елдерімен тұрақты үйлестіруді күшейту және жұмс күшін қабылдау туралы екіжақты келісімшарттар бекіту арқылы ҚР-дан еңбек мигранттарына квотаны арттыру.
4. ҚзР мигранттарының қабылдаушы елмен ынтымақтастығын күшейту:
 - шыққан және барған елінде еңбек көші-қоны саласындағы ортақ, тән проблемалармен кезігеді. Шыққан елдің алдыңғы кезектегі тапсырмасы – өз еңбек мигранттарының, әсіресе құқығы бұзылу ықтималдығы жоғары, үй шаруашылығымен айналысатын әйелдердің мүмкіндігінше қорғалуына және амандығына көз жеткізу.
5. Шетелде ҚзР азаматтарының әлеуметтік құқығын қамтамасыз ету бойынша халықаралық келісімшарттар бекіту:
 - еңбек мигранттарының еңбек және әлеуметтік құқықтарының негізгі бұзылуы мынадай жағдайларда орын алады, жұмыс берушінің мигрантпен еңбек келісімшартын (шарт) бекітуден және (немесе) мигранттың құқықтық мәртебесін заңдастыруға; еңбекақыны уақытылы төлемеу немесе еңбекақы төлеуден бас тарту, тегін жұмысқа жегу; жұмыс

берушінің төлқұжатын алып алу, жұмыс орнынан кетуіне тыйым салу; делдал тарапынан алдау; білікті медициналық көмек алуынан бас тарту.

6. ҚзР шетелдік мекемелерде қажетті құжаттар тіркеу және алу тәртіптемесін жетілдіру:
 - тұратын жері (жұмысы) бойынша тіркелу барған елде мигранттардың нақты санын береді. Мұнымен қоса, ғаламдану жағдайларында шетелге кетіп, орнығып алған қырғыздармен байланыс жүргізудің арнайы бағдарламасы әзірленуі тиіс, сондай-ақ ол Қырғызстан мен шетелдегі қырғыз диаспорасы арасындағы әлеуметтік-мәдени нормалардың байланысын сақтау және тарату жүйесін қарастырады.
7. Шетелге жұмысқа кетуіне байланысты ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғау шараларын қамтамасыз ету:
 - қырғыз мигранттары қамқорсыз қалдырған балалардың шынайы саны қанша екенін санау мүмкін емес. Мигранттардан туған балалар саны туралы ресми статистика жүргізілмейді;
 - еңбек мигранттарының балаларының құқығы шыққан ел билігінің тарапынан қорғалмайды, Ресейде бұл құқықтар өрескел бұзылады, онда балаларға ел аумағында 90 күннен артық қатарынан жүруге болмайды (егер РФ азаматтығы немесе уақытша тұруға рұқсаты болмаса), демек балалар ата-аналарымен заңды түрде тұрып, мектепте оқи алмайды.

Қырғызстанда қайтарымды көші-қон мәселесі қаралған алдыңғы бағдарламалық құжаттар – Қырғыз Республикасының 2010 жылға дейінгі мемлекеттік көші-қон саясатының тұжырымдамасы.⁸ Онда ұлттық еңбек нарығының теңгерімділігін қамтамасыз ету қаралған, оның ішінде ҚзР аумағында шаруашылық қызметті жүзеге асырушы шетелдік компанияларда жергілікті еңбек ресурстарын пайдалануға басымдық беруді ескеру, стихиялық миграциялық қоныстану кезіндегі диспропорцияның алдын алып, халықты ұтымды түрде біркелкі орналастыру үшін және жекелеген аймақтар мен елді мекендерде әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, экологиялық және еңбек шиеленісін болдырмау үшін тиімді және экономикалық ынталандырулар құрып, енгізу көзделген.

Қырғызстанда көші-қон мәселесімен жалпы үкімет айналысады. Сонымен қатар, мемлекеттің көші-қон саясатына ҚзР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік көші-қон қызметі, Мемлекеттік шекара қызметі, Сыртқы істер министрлігі, Әлеуметтік даму министрлігі және басқалар тартылған. Түрлі мемлекеттік органдар көші-қон мәселелерін тек өз құзыреттігі шеңберінде реттейтінін көруге болады. Дегенмен МКҚ мәртебесін министрлік деңгейіне дейін көтеру қажеттігі баяғыда туындады. Министрлік – көші-қон саясатын мемлекеттік ауқымда жүзеге асыратын салалық орган.

ҚзР Үкіметінің елде жұмыс орындарын құру және шамадан тыс еңбек ресурстарын тарту жөніндегі шешімдерінің бірі – қала құраушы базасын құрып, нығайту есебінен орта, шағын қалалар мен қала типті кенттерді жаңғырту, ішкі көші-қон мәселелерін шешуде мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқарудың өзара тығыз байланысын қамтамасыз ету.

⁸ Қырғыз Республикасы Көші-қон саясатының тұжырымдамасын әзірлеу. Бішкек. 2013. 57-6. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://auca.kg/uploads/Migration_Database/Publications/18_migrac_report.pdf].

Еуразиялық экономикалық одақтың еңбек көші-қоны және көші-қон саясаты мәселелері жөніндегі комиссиямен белсенді ынтымақтастық жүргізуі Қырғыз Республикасының Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуын ескере отырып, Беларусь, Қазақстан, Ресей Федерациясының Бірыңғай экономикалық кеңістігіне қосылуы жөніндегі «Жол картасын» әзірлеу сатысында басталды.

Қазіргі таңда Тәжікстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі ең негізгі мәселе еңбек мигранттарының қайта оралу мәселесі болып отыр. Тәжік мигранттарының негізгі массасының отанына оралуы – маңызды әлеуметтік норма. Зерттеулер көрсеткендей, тәжіктер басқа жақта ақша тауып жүрген кезде өз отанына, үйіне, отбасына, туыстарына оралуды үнемі армандайды.

Соңғы жылдары мигранттардың Тәжікстан Республикасына жаппай оралу үрдісі ерекше назар аударуды және нормативтік-құқықтық актілер мен арнайы мемлекеттік бағдарламаларды, стратегияларды қабылдап жүзеге асыру деңгейінде арнайы реттеуді қажет етеді. Осы мақсатта еңбек, көші-қон және жұмыспен қамту саласында ТР Үкіметі және тиісті құзырлы органдар тарапынан қайта оралушы мигранттардың мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар құжаттар қабылданды.

Тәжікстан Республикасының 2018–2019 жылдарға арналған халықты жұмыспен қамтуға қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, мемлекеттік деңгейде келесі негізгі міндеттер айқындалады:

- жастар мен әйелдер үшін қолжетімді болу мүмкіндігін ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық салаларда тиімді түрде жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету үшін шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау;
- халықтың осал топтары үшін тиімді жұмыспен қамтылу жағдайларын құру және ынталандыруға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу және жүзеге асыру;
- мемлекеттік-жекеменшік ынтымақтастық тетігі мен халықты жұмыспен қамтудың аймақтық бағдарламаларын мақсатты қаржыландыру қағидаларын енгізу;
- еңбек өнімділігін дамытуға ықпал етудің ұлттық жүйесін қалыптастыру; Тәжікстан экономикасы салаларында мамандардың құзыреттілігін бағалау тетіктері мен бағдарламалар әзірлеу;
- ТР «Ересектердің білім алуы туралы» заңын жүзеге асыру жөнінде шаралар қабылдау;
- еңбек мигранттарын қабылдайтын елдерге кіруге тыйым салынған, отанына оралған еңбек мигранттарының қызметін республиканың еңбек нарығы жағдайларына бейімдеу шараларын әзірлеу және жүзеге асыру;
- еңбек нарығының жағдайын үнемі бағалау, еңбек нарығына зерттеу жүргізу арқылы жұмыс берушілердің жұмыс күшіне қажеттілігін анықтау;
- кәсіпорындар мен ұйымдардан жұмысшылардың жаппай қысқарып қалу жағдайларының алдын алу шараларын әзірлеп, жүзеге асыру;
- халықты жұмыспен қамту жөніндегі мемлекеттік саясат шараларын жүзеге асыруды 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Тәжікстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың мемлекеттік

стратегиясын және 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тәжікстан Республикасының Ұлттық даму стратегиясын жүзеге асыру барысымен үйлестіру.⁹

ТР көші-қон саласындағы нормативтік-құқықтық базаның қазір қолданыстағы актілерін табысты жүзеге асырумен келесі ведомстволар айналысады:

- ТР Еңбек, көші-қон және халықты жұмыспен қамту министрлігі;
- ТР Еңбек, көші-қон және халықты жұмыспен қамту министрлігі жанындағы Көші-қон қызметі;
- Шетелде жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттік;
- Статистика жөніндегі агенттік (келу және кету талондарын әзірлеу, халықты тексеру және санақ жүргізу).

ТР Үкіметінің 2014 жылғы 4 маусымдағы «Көші-қон қызметі туралы» №390 шешімінің 4-б. Көші-қон қызметінің еңбек мигранттарына қатысты міндеттері айтылған және «қайтарымды мигранттар» деген термин екі мәрте кездеседі: біріншіден, оларды қайта оралғаннан кейін тіркеу, екіншіден, Көші-қон қызметінің өзге мемлекеттік органдармен қайтып келген мигранттарды ортаға қайта ықпалдастыру және оңалту үшін ынтымақтастық жүргізу қажеттігі.

Бұл миссияның жүзеге асырылуы Тәжікстанның барлық аймақтарында құрылған көші-қон орталықтарына жүктелген. Бұл орталықтар еңбек мигранттарына кетер алдында кеңес беру және даярлықтан өткізуге арналған орталықтар деп аталады. Қазіргі кезде 10 орталықтың 4-і құрылды. Олар Душанбе, Хорог, Худжанд және Бохтар қалаларында орналған. Бұл ортақытардың негізгі мақсаты – тренингтер мен консультациялық курстар арқылы еңбек мигранттарына практикалық көмек көрсету, сондай-ақ еңбек мигранттарына кетер алдында және қайта оралғаннан кейінгі екі кезеңде ұйымдастырушылық және қаржылық қолдау көрсету.

Мигранттар кеткен кезде және отанына оралған кезде ортаға бейімдеу және қайта ықпалдастыруға ықпал ететін маңызды бағыт – еңбек мигранттарын оқыту. ТР-да 2001 жылы адам құқықтары саласындағы білім берудің 2001–2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, кейіннен бағдарлама 2020 жылға дейінгі мерзімге ұзартылды. Осы мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде ұлттық заңдар мен халықаралық стандарттардың талаптарына сай адам құқықтары саласында мигранттарды хабардар ету, ағарту және оқыту жүйесін жетілдіруге, оның ішінде миграциялық білім беру мәселелері бойынша өзгертулер енгізуге болады. Олар мыналарды қамтиды:

- мемлекеттік қызметкерлерге адам құқығы, оның ішінде мигранттардың құқығы негіздерін оқыту;
- мигранттардың құқығы және ЕҚБЖ жөніндегі тиісті органдардың мемлекеттік қызметшілерін дайындау және қайта даярлау курстарының оқыту бағдарламаларына енгізу;
- ЕҚБЖ және мигранттардың құқығы жөнінде оқулықтар мен оқу құралдарын құрастыру;
- еңбек мигранттарын кетер алдында оқыту бойынша мамандандырылған орталықтар құру;
- мигранттардың құқықтары жөніндегі түрлі ғылыми және ақпараттық басылымдар шығару.

⁹ Ш.Ф. Сулаймонов. Тәжікстан Республикасының әлеуметтік-экология-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру проблемалары// Қазіргі экономика проблемалары. №1 (61). 2017. 165–168-б.

Сонымен қатар, «Ашық қоғам», «Тәжікстан – қолдау қоры» институтының мұрындық болуымен «2018–2021 жылдарға арналған Тәжікстан Республикасына қайта оралған еңбек мигранттарын әлеуметтік және экономикалық қайта ықпалдастыру жөніндегі жол картасы» әзірленді. Ол 8 мақсаттан тұрады:

- 1-мақсат. Тәжікстанның мемлекеттік органдарына 2018–2021 жылдарға арналған кезеңде мигранттардың шетелге кетер алдында және отанына қайта оралғаннан кейінгі кешенді және шынайы іс-қимыл жоспарын құруға қолдау көрсету.
- 2-мақсат. Мигранттар кеткенге дейін негізгі адам құқықтарын қорғау.
- 3-мақсат. Ортаға бейімдеу мен қайта ықпалдастыруды жақсарту үшін мигранттар кеткенге дейін кәсіби әлеуеттерін нығайту.
- 4-мақсат. Кері оралу және қайта ықпалдастыру шараларына арналған үйлесімді тетік пен ынтымақтастық құрылымын құру.
- 5-мақсат. Мигранттардың кері оралуы мен ортаға қайта ықпалдасуы жөніндегі орталық және жергілікті деңгейдегі жауапты органдар мен азаматтық қоғам әлеуетін нығайту.
- 6-мақсат. Мигранттардың әлеуметтік және экономикалық қайта ықпалдасуын қолдау.
- 7-мақсат. Мемлекеттік органдар және диаспора ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
- 8-мақсат. Тәжікстанның «2018–2021 жылдарға арналған Көші-қонды басқарудың жол картасын» жүзеге асыруға мониторинг және бағалауды ұйымдастыру.

Осылайша, соңғы жылдары Тәжікстанда көші-қон үрдістерін, оның ішінде еңбек көші-қонын реттеудің және қайта оралған еңбек мигранттарын қайта ықпалдастырудың тиімді тетігі әзірленді. Сондықтан, көші-қон мәселелері жөнінде қабылданған құжаттар, стратегиялар, бағдарламаларды және өзге нормативтік-құқықтық актілерді тиімді енгізу бойынша жұмыс жүргізу қажет.

Түрікменстанда қайта оралу және ортаға қайта ықпалдасудағы көмекті елді әлеуметтік-экономикалық дамытудың ортақ бағдарламалары мен жоспарлары шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шаралардан көреміз.

Бұл мәселелер Түрікменстан Президентінің 2016 жылғы 18 наурыздағы Қаулысында бекітілген адам саудасына қарсы күрес жөніндегі Ұлттық іс-қимылдар жоспарында қаралады. Іс-қимылдар жоспарында айқындалған шаралар адам саудасының құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету және қорғауға, оңалтуға және қайта ықпалдасуға, сондай-ақ адам саудасы құрбандарының құқықтарын қалпына келтіруге және оларға өтемақы төлеуге бағытталған.

Қайта оралған мигранттар алдында тұрған маңызды проблемалардың бірі оңалту және қайта ықпалдастыру жөніндегі ақпараттың жеткіліксіздігі. Нормативтік-құқықтық база, жұмыспен қамту саласындағы мүмкіндіктер туралы мәлімет беруді қосқанда, осы мәселе бойынша хабардар болуды арттыру қажет.

Көші-қонды, оның ішінде қайтарымды көші-қонды реттеудің институционалдық негіздері, ең алдымен, елдің мемлекеттік құрылымына жүктелген. Түрікменстанның оКөші-қон туралы заңына сәйкес, Түрікменстанның көші-қон саласындағы құзырлы мемлекеттік органдары

қатарына Түрікменстан Мемлекеттік көші-қон қызметі, Түрікменстан Сыртқы істер министрлігі, Түрікменстан Ұлттық қауіпсіздік қызметі, Түрікменстан Ішкі істер министрлігі, Түрікменстан Мемлекеттік шекара қызметі және көші-қон мәселелерімен айналысатын басқа да мемлекеттік органдар кіреді (5-6).

«Адам саудасына қарсы тұру туралы» заңға сәйкес, жоғарыда аталған органдардан өзге Түрікменстан Бас прокуратурасы да атап өтілген (10-б., 2-б.).

Бұл мемлекеттік органдардың құқықтық мәртебесін айқындайтын нормативтік құқықтық актілеріне талдау жүргізу барысы көрсеткендей, оларға көші-қон үрдістерін жеңілдетуде маңызды функциялармен және өкілеттіктер берілген. Мәселен, Түрікменстанның 2009 жылғы 21 қарашадағы «Көші-қон қызметі туралы» заңына сәйкес, Мемлекеттік көші-қон қызметінің негізгі міндеттер қатарына көші-қон үрдістері туралы деректер (орталық) қорын құру және деректерді өңдеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу жатады (6-б., 4-т.). Мемлекеттік көші-қон қызметінің маңызды функцияларының бірі көші-қон мәселелері бойынша азаматтарды қабылдау, өтініштер мен шағымдарды қарастыру, осы өтінімдерді жалпылап, талдау, тұрғындар арасында және заңды тұлғалардың жұмыскерлері арасында Мемлекеттік көші-қон қызметінің құзырына қатысты мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу (11-б., 19-т.).

Өзбекстан Үкіметі жұмыспен қамтудағы проблемаларды мойындай отырып, лайықты жұмыс орнын құруға және халықты жұмыспен қамтамасыз етуді ынталандыруға басты назар аударады. Мәселен, жаңа тұрақты жұмыс орнын құру есебінен халықты жұмыспен қамтамасыз ету деңгейін арттыру, кәсіпкерлік пен бизнеске қолайлы ахуал құру арқылы сыртқы және ішкі еңбек көші-қонын реттеу Өзбекстан Республикасының 2017–2021 жылдарға арналған бес маңызды даму бағыты бойынша іс-қимылдар стратегиясы шеңберінде әлеуметтік саланы дамытудың маңызды бағыты болып табылады.¹⁰

ӨР Президентінің 24 мамыр 2017 жылғы «Өзбекстан Республикасының жұмыспен қамту және еңбек қатынастары министрлігінің қызметін ұйымдастыру шаралары туралы» Қаулысына сәйкес, еңбек және халықты жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі органдардың қызметін әрі қарай жетілдіру жөніндегі кешенді шаралар бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада кәсіпкерлік қызмет бастауға қалау блдірген уақытша жұмыссыз азаматтарды тартумен кәсіпкерлікті дамытуға, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы орнына, жеке кәсіпкерлік қызметті тіркеуге кететін бастапқы шығынды өтеуге бір реттік мақсатты субсидия беруге назар аударылады.

ӨР жұмыспен қамту және еңбек қатынастары министрлігі жұмыспен қамтудың аумақтық және салалық бағдарламалар жүйесін дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың әлеуметтік осал тобын жұмысқа орналастыруға квота бөлуге мемлекеттік тапсырыс белгілеу жөнінде шаралар қабылданды. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап орта арнайы және жоғары білім беру мекемелерінің алғаш жұмысқа орналастырылған түлектеріне еңбек төлемі бойынша бірыңғай әлеуметтік төлем мөлшерлемесі жұмысқа тұрған бірінші жылы ішінде 50%-ға және екінші және үшінші жылдары 25%-ға төмендетілді. «Электрондық еңбек кітапшасы» жүйесі енгізілді, үкіметтік емес коммерциялық емес ұйымдарға (ҮКҰ) лицензия негізінде азаматтарды

¹⁰ Өзбекстанда тұрақты түрде жұмыспен қамту: жағдайы, проблемалары және оларды шешу жолдары. Талдамалы жазбахат. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.uz.undp.org/content/dam/uzbekistan/docs/Publications/economicgovernance/Employment/un_doc_uzb_employ_brif_WEB.pdf].

ел аумағында және шетелде жұмысқа орналастыру саласында ақылы қызмет көрсету құқығы берілді, Жұмыспен қамтамасыз ету министрлігінің Қоғамдық жұмыстар қоры құрылды.

2017 жылы 336 жаңа жұмыс орны құрылды, оны құруға кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекет саясаты ықпал етті. Өзбекстанда кәсіпкерлік қызметті жедел дамыту, жеке меншікті жан жақты қорғау және іскерлік ахуалды сапалы жақсартуды қамтамасыз етудің кешенді шаралар бағдарламасы бекітілді.

ӨР Министрлер кабинетінің 2018 жылғы 8 қыркүйекте бекітілген №703 қаулысының 2-тармағына сәйкес, мүмкіндігіне қарай Өзбекстан қалаларында ӨР Жұмыспен қамту және еңбек қатынастары министрлігі жанындағы сыртқы еңбек көші-қоны мәселелері жөніндегі Агенттіктің Шетелде жұмысқа орналастыру жөніндегі аймақтық бюролар құру туралы норма бекітілген.

Қаулының 4-тармағында ӨР жұмыспен қамтамасыз ету және еңбек қатынастары министрлігі жанындағы сыртқы еңбек көші-қоны агенттігінің филиалдарында Шетелге кететін азаматтарды кетер алдында бейімдеу және оқыту орталығын құру жөнінде тапсырма белгіленді.

ӨР Министрлер кабинетінің 2018 жылғы 12 қыркүйегіндегі №725 «Өзбекстан Республикасының азаматтарын шетелде ұйымдастырылған жұмыспен қамту жүйесін әрі қарай жетілдіру және түбегейлі қайта қарастыру шаралары туралы» қаулысымен ӨР азаматтарын шетелде жұмысқа орналастыру қызметін лицензиялау тәртібі туралы Ереже бекітілді. Лицензиялауды Жұмыспен қамтамасыз ету және еңбек қатынастары министрлігі жүзеге асырады. Сыртқы еңбек көші-қоны жөніндегі агенттік оның жұмыс органы ретінде саналады, оған келесі функцияларды орындау жүктелген:

- ӨР азаматтарына тиімді басқару және ұйымдасқан іріктеу, даярлық, бейімдеу шараларын өткізу және шетелде жұмысқа орналастыру үрдісін тиімді басқару және бақылау арқылы шетелде еңбек етуге құқықтарын жүзеге асыруға қолдау көрсету;
- сыртқы еңбек көші-қонына кешенді талдау жүргізу, осы негізде нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, еңбек көші-қонынан оралған азаматтарды жұмысқа орналастыруға қолдау көрсету;
- еңбек көші-қоны саласында халықаралық ынтымақтастық жобаларын әзірлеу және жүзеге асыруға қатысу, ӨР азаматтарын шетелде жұмысқа орналастыру және олардың еңбек құқықтарын қамтамасыз ету үрдістерін реттеу мәселелері жөніндегі шет мемлекеттердің құзырлы органдарымен өзара байланыс жүргізу;
- ӨР азаматтарын шетелде жұмысқа орналастыру және олардың қызметіне бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау, еңбек ету үшін шетелге кететін ӨР азаматтарының кәсіби құзыретін растау бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредитациялау бойынша ӨР Жұмыспен қамтамасыз ету және еңбек қатынастары министрлігінің жұмыс органының функцияларын орындау;
- заңды тұлғаларға шетелдік жұмыс күшін тартуға және шетел азаматтарының ӨР аумағында жұмыс істеуге құқығын растауға, сондай-ақ ӨР жұмыс істейтін шетел азаматтарын есепке алуды жүргізуге рұқсат беруді белгіленген тәртіппен жүзеге асыру.

Шетелдік жұмыс берушінің әлеуметтік және тұрмыстық жағдайлар, еңбекақы төлеуге қатысты келісілген талаптарын қамтамасыз етпеген жағдайда немесе өзге де мәселелердің шешілмеуінен жұмыс беруші мигрантты жұмысқа алудан бас тартуына әкеп соқтырған жағдайда мигрантты жіберуші ұйым үміткерді басқа шетелдік жұмыс берушіге жұмысқа орналастыру бойынша шұғыл шаралар қабылдайды.

Бұрын келісілген талаптарға сәйкес, үміткерді жұмысқа орналастыру мүмкін болмаған жағдайда жіберуші ұйым жұмыс іздеушінің отанына оралуын қамтамасыз етуге міндетті.

Жөнелтуші ұйым тарапынан аталған міндеттер орындалмаған жағдайда Агенттік жіберуші ұйымның Шетелде жұмыс істейтін азаматтардың құқығы мен мүдделерін қолдау және қорғау қорында тіркелген қаржы есебінен отанына оралуын қамтамасыз ету жөнінде шұғыл шара қабылдайды.

Еңбек мигранттарының жұмысқа орналасқан елдегі қызметін мониторингтеу, олардың құқықтары, бостандықтары мен заңдық мүдделерін қорғауды жүзеге асырады:

- ӨР консулдық мекемелердің сыртқы еңбек көші-қон мәселелері жөніндегі атташе;
- Агенттіктің шетелдік өкілдіктері;
- Агенттіктің мемлекеттік және мемлекеттік емес шетелдік әріптестері.

Агенттік сонымен қатар, еңбек мигранттарын қайта ықпалдастыру жөніндегі бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруға қатысады, жұмысқа орналасуға қолдау көрсететін аумақтық органдарға ӨР аумағында жұмысқа орналасу үшін шетелде уақытша жұмыс мерзімі аяқталуына байланысты отанға оралған ӨР азаматтарының тізімін береді.

Өзбекстанда ерікті оралу және қайта ықпалдасудағы көмектің мысалы ретінде адам саудасының құрбандарын оңалтуға мемлекеттің қолдау көрсетуін атап көрсетуге болады. Мемлекеттік органдар, азаматтардың өзін-өзі басқару органдары, адам саудасына қарсы тұру саласындағы мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдардың іс-қимылын үйлестіру үшін, сондай-ақ адам саудасына ықпал ететін себеп-салдарды анықтап, жою бойынша жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру үшін Адам саудасына қарсы тұру жөнінде Республикалық ведомствоаралық комиссия құрылды. Ол жыл сайын нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру; адам саудасына қарсы күрес шараларын жақсарту; адам саудасынан зардап шеккен адамдарды қорғау және көмек көрсету, адам саудасының теріс факторлары туралы халықтың құлағдар болуын арттыру және адам саудасына қарсы күрес қызметін жүзеге асыратын үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдарды, мемлекеттік орган өкілдерін кәсіби оқыту бойынша шаралар қарастыратын адам саудасына қарсы күрес тиімділігін арттыру жөніндегі Іс-қимыл жоспарын қабылдайды.

2008 жылғы 17 сәуірде бекітілген ӨР «Адам саудасына қарсы күрес туралы» заңы негізінде Адам саудасының құрбандарына көмек көрсету жөнінде республикалық оңалту орталығы құрылды. Орталық адам саудасының құрбандарына жедел медициналық, психологиялық, заңдық және өзге көмек көрсетеді, оларды оңалтуға қолдау көрсетеді. Орталық ӨР Денсаулық сақтау министрлігі жанынан құрылған және қызметі министрлік тарапынан үйлестіріледі, ол балалардың білім мекемелеріне қол жеткізуіне ықпал етеді, адам саудасының құрбаны оралған отбасына жылдық мониторинг жүргізеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Қайта оралған мигранттар мен жергілікті тұрғындардың қайтарымды көші-қон идеяларын жүзеге асырудағы мүдделерінің теңгерімін іздеу қажеттілігін негіздеңіз.
2. Келешекте ОА елдерінде Ерікті түрде қайта оралу және қайта ықпалдасуға жәрдемдесуді жүзеге асыруы мүмкін мемлекеттік билік органдарын атаңыз.
3. Мигранттар ОА елдеріне кері аттанатын мемлекеттердің рөлі мен жауапкершілігі қандай?
4. ОА-ның жекелеген мемлекеттерінде мигранттардың кері оралу мәселесі қалай реттеледі?
5. ОА елдерінде көші-қон саясатының функциясын СІМ қарамағына беру мүмкін бе?

Практикум:

1. Ерікті оралу және қайта ықпалдасуға жәрдемдесуді және әлеуетті қайта оралатын мигранттардың оны пайдалану тартымдылығын дамытуға ықпал ететін өз еліңіздің заңына өзгерістер тұжырымдаңыз.
2. 2018 жылғы 31 қазанда РФ Президенті 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған Ресей Федерациясының мемлекеттік көші-қон саясатының жаңа Тұжырымдамасын бекітті. Тұжырымдаманы еңбек мигранттарының атамекеніне, ОА елдеріне оралу ықтималдығы тұрғысынан талдаңыз. ОА елдерінде көші-қон жағдайын тұрақтандыру үшін жаңа Тұжырымдаманың қандай маңызы бар? Өз көзқарасыңызды негіздеңіз.

Міндетті әдебиет:

1. Тәжікстан Республикасындағы әлеуметтік-еңбек қатынастары құрылымындағы еңбек көші-қоны/ Жауапты ред. С.Д. Мутиева, Ю.Р. Юсуфбеков. Душанбе: Еңбек, көші-қон және халықты жұмыспен қамтамасыз ету ҒЗИ баспасы. 2016. 163-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.rtsu.tj/upload/files/data3/Монография_ТРУДОВАЯ%20МИГРАЦИЯ.pdf].
2. И.Б. Бритвина. Мигранттар әлеуметтік жұмыс объектісі ретінде: Оқу құралы. Қорған: Қорған мемлекеттік университетінің баспасы. 248 ж. 248-б.
3. О.Д. Воробьева, А.В. Топилин, В.И. Мукомель және басқалар. Халық көші-қоны: теория, саясат: оқу құралы. М.: Экономикалық білім. 2012. 364-б.
4. Орталық Азиядағы сын-тегеуріндер және қайтарымды көші-қон: тәуекелдерді талдау 2017. Алматы: ХКҰ. 68-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: www.iom.kz/images/books/2017-risk-analysis-rus.pdf].
5. С.А. Герасимов. Реадмиссияның құқықтық негіздері: «Құқықтану» мамандығын оқитын студенттерге арналған оқу құралы / И. Н. Глебова, А. С. Прудникова. М.: ЮНИТИ-ДАНА: Заң және құқық. 2012. 159-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://znanium.com/catalog/product/389453>].

Қосымша әдебиет:

6. С. Абашин. Орталық Азиядан бағытталған көші-қон: Тәжірибелер, жергілікті қоғамдастықтар, транснационализм. Ресей саясаты және құқығы. 2013. 51-том. №3. Мамыр-маусым. 6–20-б.
7. Е.Я. Варшавская, М.Б. Денисенко. Ресейлік еңбек нарығындағы шетел жұмыскерлерінің ұтқырлығы// Социологиялық зерттеу. – 2014. №4. 63–73-б.
8. Қырғыз Республикасының көші-қон жөніндегі бірыңғай баяндамасы. ҚЗР Еңбек, жастар және көші-қон министрлігі. Бішкек: Қырғыз Республикасының Еңбек, көші-қон және жастар министрлігінің баспасы. 40 ж. 40-б.
9. Д.З. Икромов. Орталық Азия елдерінің халықаралық еңбек көші-қонының Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы: экон. ғылым.канд. ғыл. дәр. алуға диссер.: 08.00.14. Санкт-Петербург. 2017. 207-б.
10. И.Н. Исроилов. Тәжікстан Республикасының қазіргі көші-қон саясаты: қалыптасу үрдісі, институционалдандыру және жүзеге асыру технологиясының ерекшеліктері: саяс. ғыл. канд. диссер.: 23.00.02. Душанбе, 2012. 153-б.
11. Душанбе, РБА және Хатлон облысындағы қайта оралған еңбек мигранттарының проблемаларын зерттеу. «Инновациялық даму орталығы» қоғамдық ұйым зерттеулерінің нәтижелері. Душанбе: «Нашр» ААҚ. 2018. 69-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <http://mehnat.tj/nii/ru/2018/12/23/2018г-анализ-социально-экономических-проблем>].
12. О.С. Кажаева. Халықаралық құқықтағы реадмиссия институты. Заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға диссертация авторефераты. Мамандық 12.00.10 – халықаралық құқық; еуропалық құқық. М. 2014. 32-б.
13. Е. Кожокин. Еуропалық Одақ, Ресей, ТМД: демографиялық өлшемдер// Халықаралық өмір. М. 2011. №10. 2–19-б.
14. Орталық Азиядағы мигранттардың осалдығы және интеграциялау қажеттілігі: қайтарымды көші-қонның негізгі себептері мен әлеуметтік-экономикалық салдары. 2016 ж. Орталық Азиядағы аймақтық өрістік бағалау. Астана: Форма Плюс. 2016. 288-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://kazakhstan.iom.int/publications>].
15. Т.А. Нұрматов. Қырғыз Республикасының көші-қон заңын ЕАЭО//Қазақстан аясында бірегейлендіру Еуразияның көші-қон торабы ретінде: көші-қонның тұрақты дамуға қосқан үлесі: Мақалалар жинағы. «Демография» сериясы. Әлеуметтану. Экономика. 4-том, № 3 / PFA корр. мүш. ф.-м. ғ. к. С.В. Рязанцевтың редакциясымен. М.Н. Храмова, PhD докторы Л.Ф. Деловарованың ред. – М.: «Экон-Информ» баспасы, 2018. – 166-б.
16. Қырғыз Республикасы Көші-қон саясатының тұжырымдамасын әзірлеу. Қырғыз Республикасының Ұлттық стратегиялық зерттеулер институтының есебі. Бішкек. 2013. 94-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://auca.kg/uploads/Migration_Database/Publications/18_migrac_report.pdf].
17. У.С. Раимдодов. Тәжікстан Республикасының қайта оралған еңбек мигранттарының әлеуметтік-экономикалық проблемалары// Тәжікстан экономикасы. 2018. №2. 115–124-б.

18. Н.Х. Рахимова. Тәжікстан Республикасының мәдени ынтымақтастығын дамытудағы орыс қауымдастығының рөлі// Тәжікстан мемлекеттік құқық, бизнес және саясат университетінің Жаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы: Тарихи ғылымдар. 2015. №1 (62). 7–14-б.
19. С.В. Рязанцев, И.Я. Богданов, В.Г. Доброхлеб, А.С. Лукьянец. Орталық Азия елдерінің ЕАЭО ықпалдасу үрдістері аясындағы Ресей және Қазақстанмен миграциялық өзара байланысы ЕАЭС// Орталық Азия және Кавказ. 2017. 20-т. 1-басылым. 44–56-б.
20. Қырғызстан және Тәжікстандағы еңбек көші-қоны және бейнетті салалары: Орталық Азиядағы адами дамуға арналған мүмкіндіктер. Санкт-Петербург: Еуразиялық даму банкінің интеграциялық зерттеулер орталығы. 2015. 127-б. [Қол жеткізу тәртіптемесі: https://eabr.org/upload/iblock/0b9/report_ca_labour_migration_and_labour_intensive_sectors_full_rus.pdf].



Саида Сафарова, 41 жаста, Тәжікстанның оңтүстігіндегі басты қала Бохтар қаласының орталығындағы жанданған нарықта тағамдар, тәттілер мен сусындар сататын сатушы сөресінде клиенттерге қызмет көрсетіп тұрып, сенімді әрі белсенді көрінеді. Жабдық ХКҚҰ Тәжікстан қолдауымен берілді.

Фото: ХКҚҰ Тәжікстан, 2019

ҚОСЫМШАЛАР

1-ҚОСЫМША.

Көші-қон жөніндегі халықаралық нормативтік-құқықтық база

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1948 жыл 10 желтоқсан).
2. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт (1966 жыл 16 желтоқсан).
3. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (1966 жылғы 16 желтоқсан).
4. Халықаралық шарттар туралы Вена конвенциясы (1969 жыл 23 мамыр).
5. Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенция (1979 жыл 18 желтоқсан).
6. Балалар құқығы туралы конвенция (1989 жыл 20 қараша).
7. Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлері туралы халықаралық конвенция (1965 жыл 21 желтоқсан).
8. Босқындар мәртебесі туралы конвенция (1950 жыл 14 желтоқсан).
9. Босқындар мәртебесіне қатысты хаттама (1967 жыл 31 қаңтар).
10. Апатридтер мәртебесі туралы конвенция (1954 жыл 28 қыркүйек).
11. БҰҰ-ның ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы (2000 жыл 15 қараша).
12. Біріккен ұлттар ұйымының Ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын адам саудасы, әсіресе әйелдер мен балаларды саудаға салудың алдын алу және жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттама. 2-қосымша (2000 жыл 15 қараша).
13. Біріккен ұлттар ұйымының Ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын құрлық, теңіз және әуе жолдары арқылы мигранттарды заңсыз алып өтуге қарсы хаттама. 3-қосымша (2000 жыл 15 қараша).
14. Барлық еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция (1990 жылғы 18 желтоқсан).
15. Еңбек көші-қоны және еңбекші-мигранттарды әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (1994 жыл).
16. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімі (1998 жыл).
17. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы тұрудағы ынтымақтастық тұжырымдамасы (2004 жыл).
18. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адам саудасы, адам ағзалары мен тіндерін сатуға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім (2005 жыл).

19. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің келісімді көші-қон саясаты туралы декларациясы (2007 жыл).
20. Еңбекші-мигранттардың және олардың отбасыларының құқықтық мәртебесі туралы конвенция (2008 жыл).
21. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағына келуші үшінші мемлекет азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды есепке алудың бірыңғай жүйесі туралы келісім (2011 жыл).
22. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің 2014–2018 жылдарға арналған адам саудасына қарсы күрестегі ынтымақтастық бағдарламасы (2013 жыл).
23. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің 2015–2019 жылдарға арналған заңсыз көші-қонға қарсы тұрудағы ынтымақтастық бағдарламасы (2014).
24. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адам саудасына қарсы тұрудағы ынтымақтастық тұжырымдамасы (2014).
25. Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (2014 жыл 29 мамыр).

2-ҚОСЫМША.

Қазақстан Республикасының көші-қон жөніндегі нормативтік-құқықтық базасы

Конституция және заңдар:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
2. 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV «Халық көші-қоны туралы» ҚР Заңы.

Президент Жарлықтары мен Үкімет Қаулылары:

1. ҚР Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың ««Қазақстан-2050» стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» (Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан).
2. ҚР Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күшін жойғанын тану туралы» жарлығы.
3. ҚР Үкіметінің 1998 жылғы 16 қыркүйекте бекітілген №900 «Этникалық қазақтарды тарихи отанына репатриациялау тұжырымдамасы туралы» қаулысы.
4. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі №602 «Қазақстан Республикасының 2017–2021 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасын және Қазақстан Республикасының 2017–2021 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысы.
5. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасына иммигранттардың келуі және жүріп-тұруы, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кету Ережелерін және көші-қон бақылауын жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын заңсыз кесіп өткен, Қазақстан Республикасында заңсыз жүріп-тұрған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағына кіруге тыйым салынған тұлғаларды есепке алу Ережелерін бекіту туралы» Қаулысы.
6. ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы №522 ««Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасын бекіту туралы» қаулысы.
7. ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы №746 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысы.

Ережелер және бұйрықтар:

8. 2014 жылғы 4 маусымдағы №390 «Көші-қон қызметі туралы» ереже.

9. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі №665 «Көшіп келушілерге медициналық көмек көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығы.
10. ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі №329-Ө-М «Оралман мәртебесін беру немесе ұзарту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.
11. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі №328-Ө-М «Этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарына алғашқы қоныстандыру қағидасын бекіту туралы» бұйрығы.
12. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі №331-Ө-М «Оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдері мен қағидаларын, сондай-ақ оралмандар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.
13. ҚР Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 8 ақпандағы №76 «Еңбекші көшіп келушіге рұқсатты беру, ұзарту және кері қайтарып алу, сондай-ақ еңбекші көшіп келушілерді дакто-, фото есепке алуды қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.
14. ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы №515 «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.
15. «Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» ҚР Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы №938 бұйрығы.
16. «Қазақстан Республикасында шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларды тұрақты тұруға тіркеу және рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» ҚР Ішкі істер министрінің бұйрығы, «Қазақстан Республикасында азаматтығы жоқ тұлғаларға куәлік және тұрақты тұратын шетелдіктерге тұруға рұқсат беру», «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және шығуды тіркеу», «Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту» ҚР Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 сәуір №315 қаулысы.
17. «Көшіп келушілердің паспорттарын тіркеу, қабылдаушы тұлғалардың өздеріне келген көшіп келушілер туралы ақпаратты беру, көші-қон карточкаларын жасау және беру, көшіп келушілердің орын ауыстыру, шетелдіктердің болуы үшін жабық жекелеген жерлерге (аумақтарға) көшіп келушілердің келу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың транзиттік жол жүру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.
18. «Ішкі істер органдарының еңбек иммигрантына рұқсат берілген салық төлеушілер туралы мағлұматтар беру Ережелері, мерзімі және түрі, сондай-ақ құзырлы мемлекеттік органның келген шетел азаматтары туралы мағлұматтар беру Ережелерін бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 ақпандағы №158 Бұйрығы.

3-ҚОСЫМША.

Қырғыз Республикасының көші-қон жөніндегі нормативтік-құқықтық базасы

Конституция және заңдар:

1. Қырғыз Республикасының Конституциясы. 2010 жылы 27 маусымда референдуммен (жалпы халықтық дауыс берумен) қабылданды.
2. 2002 жылғы 30 шілдедегі №133 «Ішкі көші-қон туралы» ҚзР заңы.
3. 2000 жылғы 17 шілдедегі №61 «Ішкі көші-қон туралы» ҚзР заңы.
4. 2006 жылғы 13 қаңтардағы №4 «Сыртқы еңбек көші-қоны туралы» ҚзР заңы.
5. 2002 жылғы 25 наурыздағы №44 «Босқындар туралы» ҚзР заңы.
6. 1993 жылғы 14 желтоқсандағы №1296-XII «Қырғыз Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» ҚзР заңы.
7. 2007 жылғы 26 қарашадағы №175 «Қырғыз Республикасына қоныстанушы этникалық қырғыздарға мемлекеттік кепілдіктер туралы» ҚзР заңы.
8. 2005 жылғы 17 наурыздағы №55 «Адам саудасын болдырмау және қарсы күрес жүргізу туралы» ҚзР заңы.
9. 2013 жылғы 3 тамыздағы ҚзР №183 «Шетелдегі қандастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат негіздері туралы» заңы.
10. 2015 жылғы 27 шілдедегі ҚзР №197 «Қырғыз Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Ресей Федерациясындағы Қырғыз Республикасының Еңбек, көші-қон және жастар министрлігі өкілдігінің құқықтық мәтебесі туралы 2015 жылғы 15 сәуірде Мәскеу қаласында қол қойылған Келісімді ратификациялау туралы» заңы.
11. 2004 жылғы 11 мамырдағы №65 «Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы 1996 жылғы 28 наурыздағы еңбекші-мигранттардың еңбек қызметі және әлеуметтік қорғау туралы 2003 жылғы 22 қыркүйекте Мәскеу қаласында қол қойылған Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Хаттаманы ратификациялау туралы» ҚзР заңы.
12. 2003 жылғы 15 сәуірдегі №74 «Қырғыз Республикасының БҰҰ-ның 2000 жылғы 15 қарашадағы ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы Конвенциясын, БҰҰ Конвенциясын толықтыратын 2000 жылғы 15 желтоқсанда қол қойылған адам саудасы, әсіресе әйелдер мен балаларды саудаға салуды болдырмау және жолын кесу, және сол үшін жазалау туралы Хаттаманы, БҰҰ ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы Конвенциясын толықтыратын 2000 жылғы 15 желтоқсанда қол қойылған мигранттарды құрлық, теңіз және әуе арқылы заңсыз алып жүруге қарсы Хаттаманы ратификациялау туралы» ҚзР заңы.

13. 2003 жылғы 1 тамыздағы №186 «Қырғыз Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы шекаралас облыстарда ауылшаруашылық жұмыстарында еңбек ететін мигранттардың еңбек қызметі және әлеуметтік қорғау туралы 2002 жылы 9 шілдеде қол қойылған Келісімін ратификациялау туралы» ҚзР заңы.
14. 2003 жылғы 1 тамыздағы №180 «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы» ҚзР заңы.
15. 2003 жылғы 15 сәуірдегі №80 «Қырғыз Республикасының 1990 жылғы 18 желтоқсандағы Барлық еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы Халықаралық конвенцияға қосылуы туралы» ҚзР заңы.
16. 2013 жылғы 27 қарашадағы №207 «Қырғыз Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының үкіметі арасында 2011 жылғы 21 қазанда Душанбе қаласында қол қойылған Қырғыз Республикасындағы Федералдық көші-қон қызметі өкілдігінің (Ресей Федерациясы) құқықтық мәртебесі туралы» ҚзР заңы.
17. 2009 жылғы 26 қарашадағы №305 «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің 2008 жылғы 14 қарашада Кишинев қаласында қол қойған еңбек мигранттары және олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы» ҚзР заңы.
18. 2008 жылғы 28 сәуірдегі №77 «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің 2005 жылғы 26 тамызда Қазан қаласында қол қойылған 2006–2008 жылдарға арналған заңсыз көші-қонға қарсы тұрудағы ынтымақтастық бағдарламасы туралы Шешімін ратификациялау туралы» ҚзР заңы.
19. 2003 жылғы 15 сәуірдегі №81 «Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Халықаралық көші-қон ұйымы арасындағы 1998 жылы 9 ақпанда Бішкек қаласында қол қойылған көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді ратификациялау туралы» ҚзР заңы.
20. 2007 жылғы 28 сәуірдегі №50 «Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы еңбек мигранттарының, Қазақстан Републикасы аумағында уақытша жұмыс істейтін Қырғыз Республикасы азаматтарының еңбек қызметі және құқықтарын қорғау туралы, Қырғыз Республикасы аумағында уақытша еңбек етіп жүрген Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі және құқықтарын қорғау туралы 2006 жылғы 4 шілдеде Астана қаласында қол қойылған Келісімді ратификациялау туралы» ҚзР заңы.
21. 2006 жылғы 6 желтоқсандағы №203 «1994 жылғы 15 сәуірдегі Еңбек көші-қон және еңбекші-мигранттарды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2005 жылғы 25 қарашада Мәскеу қаласында қол қойылған Хаттаманы ратификациялау туралы» ҚзР заңы.
22. 2004 жылы 19 наурыздағы №30 «1993 жылғы 24 қыркүйектегі Босқындарға және мәжбүрлі көшіп-қонушыларға көмек көрсету туралы Келісімге қосымша 1995 жылы 10 ақпанда Алматы қаласында қол қойылған Хаттаманы ратификациялау туралы» ҚзР заңы.

Үкіметтің Келісімі мен Хаттамасы:

23. Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы көшіп-қонушыларды қоныстандыру және құқықтарын қорғауды реттеу туралы Келісім (Бішкек, 1995 жылғы 18 шілде).
24. 2018 жылғы 30 тамыздағы № 413 «Қырғыз Республикасы Үкіметінің «Бірлік. Сенім. Жасампаздық» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Қырғыз Республикасы Үкіметінің 2018 жылға арналған Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» ҚзР Үкімет Қаулысы.
25. ҚзР Үкіметінің 2018 жылғы 31 қаңтардағы №74 «Қырғыз Республикасы Үкіметінің «Жаны доорго кырк кадам» Бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі 2018 жылға арналған Қырғыз Республикасы Үкіметінің Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысы.
26. ҚзР Үкіметінің 2017 жылғы 15 қарашадағы №743 «2017–2020 жылдарға арналған адам саудасына қарсы күрес жөніндегі Қырғыз Республикасы Үкіметінің Бағдарламасы туралы» қаулысы.

4-ҚОСЫМША.

Тәжікстан Республикасының көші-қон жөніндегі нормативтік-құқықтық базасы

Конституция және заңдар:

1. Тәжікстан Республикасының Конституциясы. 1994 жылғы 6 қарашада қабылданды.
2. 1999 жылғы 11 желтоқсандағы «Көші-қон туралы» ТР заңы.
3. 2003 жылғы 1 тамыздағы Тәжікстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамтамасыз етуге қолдау көрсету туралы» заңы.

Мемлекетаралық келісімдер:

4. Тәжікстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Тәжікстан Республикасы азаматтарының Ресей аумағында жүріп-тұру тәртібі туралы 2013 жылғы 8 ақпандағы Келісімі.

Президент Жарлықтары мен Үкімет Қаулылары:

5. ТР Президентінің 2001 жылғы 2 сәуірдегі №544 «Тәжікстан Республикасындағы заңсыз көші-қонға қарсы күрес туралы» жарлығы.
6. ТР Президентінің 2018 ж. 20 қаңтардағы №998 «2018 жылға Тәжікстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тарту және иммиграция квотасын анықтау туралы» жарлығы.

Ережелер және бұйрықтар:

7. 2014 жылғы 4 маусымдағы №390 «Көші-қон қызметі туралы» ереже.
8. Тәжікстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі Лицензиялық комиссиясының 2008 жылғы 4 маусымдағы №318 ережесі.
9. 2008 жылғы 1 қазандағы №467 Тәжікстан Республикасындағы ішкі көші-қон тәртібі туралы ереже.
10. 2008 жылғы 2 желтоқсандағы №599 иммиграциялық бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы ереже.
11. 2014 жылғы 3 мамырдағы №299 Еңбек, көші-қон және халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі қызмет туралы ереже.
12. 2015 жылғы 2 шілдедегі №447 Тәжікстан Республикасы азаматтарының шетелге кетуін және шетелден қайтып келуін есепке алу ережесі.

Мемлекеттік тұжырымдамалар және бағдарламалар:

13. 1998 жылғы 8 қазандағы №411 Тәжікстан Республикасының мемлекеттік көші-қон саясатының тұжырымдамасы.
14. 2001 жылғы 9 маусымдағы №242 Тәжікстан Республикасы азаматтарының шетелге еңбек көші-қоны тұжырымдамасы.

5-ҚОСЫМША.

Түрікменстанның көші-қон жөніндегі нормативтік-құқықтық базасы

Конституция және заңдар:

1. Түрікменстан Конституциясы. 1992 жылғы 18 мамырда 691-XII Түрікменстан Конституциялық Заңымен қабылданды (2016 жылғы 14 қыркүйектегі №448-V жаңа редакциясы).
2. 2009 жылғы 21 қарашадағы «Көші-қон қызметі туралы» Түрікменстан заңы.
3. 2012 жылғы 31 наурыздағы «Көші-қон туралы» Түрікменстан заңы.
4. Түрікменстанның 2016 жылғы 15 қазандағы «Адам саудасына қарсы тұру туралы» заңы.
5. Түрікменстанның 2017 жылғы 3 маусымдағы «Босқындар туралы» заңы.
6. Түрікменстанның 2013 ж. 22 маусымдағы «Түрікменстан азаматтығы туралы» заңы.
7. Түрікменстанның 2011 ж. 26 наурыздағы «Түрікменстандағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы» заңы.
8. Түрікменстанның 2016 жылғы 18 маусымдағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңы.
9. 2013 жылғы 29 тамыздағы Түрікменстанның әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі.
10. 2010 жылғы 10 мамырдағы Түрікменстан қылмыстық кодексі.

Президенттің ұлттық жоспарлары және қаулылары:

11. Түрікменстан Президентінің 2016 жылғы 18 наурызда №14672 қаулысымен бекітілген 2016–2018 жылдарға арналған адам саудасына қарсы күрес жөніндегі Түрікменстан ұлттық іс-қимыл жоспары.
12. Түрікменстан Президентінің 2005 жылғы 7 наурыздағы №7130 Түрікменстанда босқын мәртебесін беру тәртібі жөніндегі Ереже бекіту туралы» қаулысы.
13. Түрікменстан Президентінің 2005 жылғы 13 маусымдағы «Түрікменстан Мемлекеттік көші-қон қызметін жетілдіру туралы» қаулысы.

Ережелер:

14. Түрікменстан Президентінің Қаулысымен 2009 жылғы 25 маусымда бекітілген азаматтарды шетелде жұмысқа орналастыруға байланысты қызметті лицензиялау туралы ереже.
15. Түрікменстан Президентінің 2014 жылғы 1 мамырдағы №13631 Қаулысымен бекітілген Түрікменстан азаматтығы мәселелерін қарастыру тәртібі туралы ереже.

Өзбекстан Республикасының көші-қон жөніндегі нормативтік-құқықтық базасы

Конституция, кодекстер және заңдар:

1. Өзбекстан Республикасының Конституциясы. 1992 жылғы 8 желтоқсанда қабылданған.
2. 1994 жылғы 22 қыркүйектегі Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
3. 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Өзбекстан Республикасының Еңбек кодексі. 1996 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енді.
4. ӨР 1992 жылғы 13 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңы.
5. ӨР «1992 жылғы 2 шілдедегі Өзбекстан Республикасының азаматтығы туралы» заңы.
6. ӨР 1993 ж. 3 қыркүйектегі №938-ХІІ «Азаматтарды мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» заңы.
7. ӨР 2008 жылғы 17 сәуірдегі «Адам саудасына қарсы тұру туралы» заңы.
8. ӨР 2013 жылғы 10 сәуірдегі «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісіміне Өзбекстан Республикасының қосылуы туралы» заңы (Мәскеу, 1998 жылғы 6 наурыз).
9. ӨР 2018 жылғы 16 қазандағы №ЗРУ-501 «Жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі жекеменшік агенттіктер туралы» заңы.

Президенттің қаулылары мен жарлықтары:

10. ӨР Президентінің 2008 жылғы 8 шілдедегі №911 «Адам саудасына қарсы күрес тиімділігін арттыру шаралары туралы» қаулысы.
11. ӨР Президентінің 2013 жылғы 1 шілдедегі №ПП-1993 «Корея Республикасының еңбек көші-қоны саласындағы ынтымақтастықты әрі қарай кеңейту жөніндегі шаралар туралы» қаулысы.
12. ӨР Президентінің 2018 ж. 5 наурызда қабылданған №ПП-3584 «Өзбекстан Республикасы азаматтарының уақытша еңбек қызметін жүзеге асыру үшін республикадан тыс жерлерге көлікпен шығуы кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» қаулысы.
13. ӨР Президентінің 2018 ж. 5 шілдедегі №ПП-3839 «Өзбекстан Республикасының Еңбек сыртқы көші-қонын әрі қарай жетілдіру бойынша қосымша шаралар туралы» қаулысы.
14. ӨР Президентінің 2018 жылғы 25 қазандағы №ПП-3982 «Өзбекстан Республикасының шетелде тұратын отандастармен ынтымақтастық саласындағы мемлекеттік саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» қаулысы.
15. ӨР Президентінің 2018 ж. 26 желтоқсандағы №ПП-408625 «Өзбекстан Республикасының 2019 жылға арналған мемлекеттік бюджетінің және 2020–2021 жылдарға арналған бюджет

бағдарының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері және параметрлерінің болжамы туралы» қаулысы.

16. ӨР Президентінің 2017 ж. 7 ақпанындағы №УП-4947 «Өзбекстан Республикасын әрі қарай дамыту жөніндегі іс-қимылдар стратегиясы туралы» жарлығы.
17. ӨР Президентінің 2017 жылғы 19 мамырдағы №УП -5046 «Шетелдермен достық қарым-қатынастар мен ұлтаралық қатынастарды әрі қарай жетілдіру шаралары туралы» жарлығы.
18. ӨР Президентінің 2017 жылғы 24 мамырдағы №УП-5052 «Жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты әрі қарай жетілдіру және еңбек жөніндегі органдардың қызмет тиімділігін түбегейлі арттыру шаралары туралы» жарлығы.

Сенат қаулысы:

19. ӨР Әлий Мәжіліс Сенатының 2012 ж. 5 желтоқсандағы №ПС-344-II «2013 жылға арналған жұмыс орындарын құру және халықты жұмыспен қамту бағдарламасы туралы» қаулысы.
20. ӨР Әлий Мәжіліс Сенатының 2013 ж. 12 желтоқсандағы №ПС-401-II «2014 жылға арналған жұмыс орындарын құру және халықты жұмыспен қамту бағдарламасы туралы» қаулысы.
21. ӨР Әлий Мәжіліс Сенатының 2014 ж. 13 қарашадағы №ПС-454-II «2015 жылға арналған жұмыс орындарын құру және халықты жұмыспен қамту бағдарламасы туралы» қаулысы.

Министрлер кабинеті және Жоғарғы сот пленумы:

22. ӨР Министрлер кабинетінің 1996 жылғы 21 қарашадағы №408 «Өзбекстан Республикасындағы азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік азаматтардың келу-кету, болу және транзиттік өту тәртібі туралы» қаулысы. «№1 Қосымша Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың Өзбекстан Республикасына келу және Өзбекстан Республикасынан кету тәртібі». №2 Қосымша «Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың Өзбекстан Республикасында жүріп-тұру ережелері». №3 Қосымша «Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғаларды Өзбекстан Республикасы аумағы арқылы транзиттік өту ережелері».
23. Министрлер кабинетінің 2003 ж. 12 қарашадағы №505 «Өзбекстан Республикасы азаматтарының шетелде еңбек қызметін ұйымдастыруды жетілдіру шаралары туралы» қаулысы.
24. ӨР Министрлер кабинетінің 2003 ж. 23 желтоқсандағы №560 ««Өзбекстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану тәртібі туралы ережені» пайдалану тәртібі туралы» қаулысы.
25. ӨР Министрлер кабинетінің 2003 ж. 23 желтоқсандағы №561 «Бұқара қаласында азаматтарды шетелде жұмысқа орналастыру жөніндегі аймақтық шаруашылық-есептік бюро құру туралы» қаулысы.
26. ӨР Министрлер кабинетінің 2007 ж. 15 мамырдағы №97 «Өзбекстан Республикасының шетелге еңбек қызметін жүзеге асыру үшін кететін азаматтарын есепке алуды жетілдіру туралы» қаулысы.

27. ӨР Министрлер кабинетінің 2008 ж. 5 қарашадағы №240 «Адам саудасының құрбандарына көмек көрсету және қорғау жөнінде республикалық оңалту орталығы туралы» ережесі.
28. ӨР Министрлер кабинетінің 2012 ж. 28 қарашадағы №331 «Корея Республикасымен инвестициялық ынтымақтастықты әрі қарай кеңейту шаралары туралы» қаулысы.
29. Министрлер кабинетінің 2008 ж. 5 қарашадағы №240 ««Адам саудасының құрбандарына көмек көрсету және қорғау жөніндегі республикалық оңалту орталығын құру туралы» Министрлер кабинетінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2014 ж. 24 желтоқсандағы №360 қаулысы.
30. ӨР Министрлер кабинетінің 2017 ж. 22 желтоқсандағы №1011 «Жұмыспен қамту мәселелері бойынша үй шаруашылығын зерттеу әдісін қосқанда, тұрғындар санын анықтау әдісін жетілдіру, сондай-ақ еңбек ресурстары, жұмыспен қамту және халықты жұмысқа орналастыру теңгерімін әзірлеу туралы» қаулысы.
31. ӨР Министрлер кабинетінің 2017 ж. 25 желтоқсандағы №1018 «Өзбекстан Республикасының Министрлер кабинеті жанындағы шет мемлекеттермен достық байланыс және ұлтаралық қатынастар жөніндегі комитет жанындағы Қоғамдық кеңес қызметін ұйымдастыру туралы» қаулысы.
32. ӨР Министрлер кабинетінің 2018 ж. 12 қыркүйектегі №725 «Өзбекстан Республикасы азаматтарын шетелде ұйымдастырылған жұмыспен қамту жүйесін әрі қарай жетілдіру және түбегейлі қайта қарастыру шаралары туралы» қаулысы.
33. ӨР Министрлер кабинетінің 2019 ж. 25 наурыз №244 «Өзбекстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану тәртібі туралы ереже бекіту туралы» қаулысы.
34. ӨР Министрлер кабинетінің 2019 ж. 21 сәуіріндегі №116 «Өзбекстан Республикасының интернет желісіндегі үкіметтік порталына ақпарат ұсыну және орналастыру тәртібі туралы» қаулысы.
35. ӨР Жұмыспен қамтамасыз ету және еңбек қатынастары министрлігі, ӨР Жоғарғы және орта арнайы білім министрлігі, ӨР Министрлер кабинеті жанындағы мемлекеттік тестілеу орталығының 2018 ж 5 мамырдағы тірк. №МЮ 3006 «Ресей Федерациясы аумағында уақытша еңбек қызметін жүзеге асыруды жоспарлаған азаматтар үшін Өзбекстан Республикасы аумағында кешенді емтихан өткізуді ұйымдастыру тәртібі туралы Ережені бекіту туралы» қаулысы.
36. ӨР Жоғарғы сот Пленумының 2009 ж. 24 қарашасындағы №13 «Адам саудасы туралы істер жөніндегі сот практикасы туралы» қаулысы.

Бұйрықтар:

37. ӨР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 ж. 16 тамызындағы тірк. №МЮ 1398 «Өзбекстан Республикасының азаматтарына шетелде еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат беру (ұзарту), заңды тұлғаларға Өзбекстан Республикасы аумағында шетелдік жұмыс күшін тартуға және шетел азаматтарына еңбек қызметіне құқық беретін растаулар беру (ұзарту) тарифтерін бекіту туралы» бұйрығы.

38. ӨР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 ж. 20 қыркүйектегі тірк. №МЮ 285-1 ««Өзбекстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану тәртібі туралы Ереже» пайдалану тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы.
39. ӨР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 ж. 13 қарашадағы тірк. №ӘМ 285-2 ««Өзбекстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану тәртібі туралы Ереже» пайдалану тәртібі туралы нұсқаулыққа толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы.
40. ӨР Әділет министрінің 2012 ж. 2 наурызындағы тірк. №МЮ 2333 «Өзбекстан Республикасының заң шығару салаларының жалпы құқықтық жіктелуін бекіту туралы» бұйрығы.
41. ӨР Еңбек министрлігінің 1996 жылғы 20 қарашадағы тірк. №МЮ 285 нұсқаулығы.



Азизулло Исматов және оның анасы, Рахима Алимова олардың өмірін өзгерткен, аздаған кіріс түсіретін грантты алу үшін ХКҚҰ тізіміне енбес бұрын, әуелде қиын-қыстау уақытты өткерген. Кушониён, Тәжікстан.

Фото: ХКҚҰ Тәжікстан, 2019

7-қосымша.

Ресей Федерациясының көші-қон жөніндегі нормативтік-құқықтық базасы

Конституция, кодекстер және заңдар:

1. Ресей Федерациясының Конституциясы. 1993 ж. 112 желтоқсанда қабылданды. 1993 жылғы 25 желтоқсанда күшіне енді.
2. Ресей Федерациясының 2001 жылғы 30 желтоқсандағы №197-ФЗ Еңбек кодексі.
3. Ресей Федерациясының №109 «Шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларын миграциялық есепке алу туралы» федералдық заңы.
4. №110 ««Ресей Федерациясындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» ФЗ-ға өзгерістер енгізу туралы» және «РФ кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ФЗ жекелеген ережелерінің күшін жойды деп тану туралы» федералдық заңы.
5. 2017 жылғы 7 маусымда бекітілген №111-ФЗ ««Ресей Федерациясынан кету және Ресей Федерациясына кіру тәртібі туралы» федералдық заңына және «РФ-дағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» федералдық заңының 6-бабына өзгерістер енгізу туралы» Федералдық заңы.
6. №114 «Ресей Федерациясынан кету және Ресей Федерациясын кіру тәртібі туралы» федералдық заңы.
7. №115 «Ресей Федерациясындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» федералдық заңы.
8. 2002 жыл 31 мамырдағы №62-ФЗ «Ресей Федерациясының азаматтығы туралы» федералдық заңы.
9. 2018 жыл 27 желтоқсандағы №544-ФЗ ««Ресей Федерациясының азаматтығы туралы» федералдық заңға өзгерістер енгізу туралы» федералдық заңы.
10. 2018 жыл 19 шілдедегі №216-ФЗ ««Ресей Федерациясындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» федералдық заңның 16-бабына өзгерістер енгізу туралы» федералдық заңы.
11. 2018 жылғы 11 қазандағы №366 ««Ресей Федерациясындағы шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды миграциялық есепке алу туралы» федералдық заңның 2 және 23 баптарына өзгерістер енгізу туралы» федералдық заңы.
12. 2018 жыл 29 шілдедегі №257 ««Ресей Федерациясында шетел азаматтарын немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды келген орны бойынша есептен шығаруға қатысты миграциялық есеп туралы» федералдық заңның 8 және 23 баптарына өзгерістер енгізу туралы» федералдық заңы.

13. 2018 жыл 27 маусымдағы №163 ««Ресей Федерациясында шетел азаматтарын немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды миграциялық есепке алу туралы» федералдық заңға өзгерістер енгізу туралы» федералдық заңы.
14. 2014 жыл 5 мамырдағы №116-ФЗ «Ресей Федерациясының кейбір жекелеген заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы» федералдық заңы.
15. 2006 жыл 29 желтоқсандағы №255 «Жұмысқа уақытша жарамсыздық жағдайында және босануға байланысты міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» федералдық заңы.
16. 2014 жыл 24 қарашадағы №357 ««Ресей Федерациясындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» Федералдық заңға және Ресей Федерациясының кейбір жекелеген заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы» федералдық заңы.

Халықаралық келісімдер:

17. Ресей Федерациясының Үкіметі және Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Армения Республикасы аумағында Ресей Федерациясы азаматтарының және Ресей Федерациясы аумағында Армения Республикасы азаматтарының жүріп-тұру тәртібі туралы келісім.
18. Беларусь Республикасы Үкіметі, Қазақстан Республикасы Үкіметі және Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы еңбекші-мигранттардың және олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы келісім.
19. Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасындағы Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы азаматтарының Одақты мемлекеттерге мүше елдердің аумағында жүріп-тұру еркіндігіне, тұрақтайтын орын таңдауға және тұруға тең құқық қамтамасыз ету туралы келісімі.
20. 2000 жыл 30 қарашадағы Беларусь Республикасы Үкіметі, Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қырғыз Республикасы Үкіметі, Ресей Федерациясы Үкіметі және Тәжікстан Республикасы Үкіметі арасындағы азаматтардың визасыз өзара жүріп-тұруы туралы келісімі.
21. 1997 жыл 16 қаңтардағы Ресей Федерациясы Үкіметі және Украина Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының және Украина азаматтарының визасыз жүріп-тұруы туралы келісімі.

Президент жарлықтары:

22. РФ Президентінің 2018 жыл 31 қазандағы «2019–2025 жылдарға арналған Ресей Федерациясының мемлекеттік көші-қон саясатының Тұжырымдамасы туралы» жарлығы.
23. РФ Президентінің 2016 жыл 5 сәуірдегі №156 «Есірткі, психотропты заттар мен олардың прекурсорларының айналымын бақылау саласындағы және көші-қон саласындағы мемлекеттік басқаруды жетілдіру туралы» жарлығы.
24. РФ Президентінің 2006 жыл 22 маусымдағы №637 «Шетелде тұратын отандастардың Ресей Федерациясына ерікті түрде қоныстануына ықпал ету шаралары туралы» жарлығы.

25. Ресей Президентінің 2010 жыл 24 сәуірдегі жеңілдетілген тәртіппен Ресей азаматтығына қабылдау туралы өтініш беруге құқығы бар тұлғаларды гуманитарлық мақсатта анықтау туралы жарлығы.

Үкімет қаулылары мен бұйырықтары:

26. 2019 жыл 7 наурыздағы №246 РФ Үкіметінің «Ресей Федерациясында шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды миграциялық есепке алуды жүзеге асыру тәртібіне өзгерістер енгізу туралы» қаулысы.
27. РФ Мемлекеттік бас санитарлық дәрігерінің 2019 жылғы 6 наурыздағы №2 «Ресей Федерациясы аумағында қызылшаға қарсы қосымша егу жүргізу туралы» қаулысы.
28. РФ Үкіметінің 2018 жыл 29 желтоқсандағы №1744 «Украинаның Донецк және Луганск облыстарының жекелеген аудандарының аумағында тұрақты тұратын Украина азаматтарының Ресей Федерациясы аумағында уақытша жүріп-тұру мерзімін ұлғайту туралы» қаулысы.
29. РФ Үкіметінің 2018 жыл 6 желтоқсандағы №1494 «2019 жылға арналған виза және белгіленген квота негізінде Ресей Федерациясына келетін шетелдік жұмыскерлерді тартудағы қажеттілікті анықтау туралы» қаулысы.
30. РФ Үкіметінің 2007 жыл 15 қаңтардағы №9 «Ресей Федерациясының шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды миграциялық есепке алуды жүзеге асыру тәртібі туралы» қаулысы.
31. РФ Үкіметінің 2015 жылғы 29 қазандағы №1165 «Жұмыспен қамту жөніндегі жекеменшік агенттіктерді жұмыскерлер еңбегін (персонал) ұсыну бойынша қызметті жүзеге асыру құқығын беру үшін аккредитациялау ережесін бекіту туралы» қаулысы.
32. РФ Үкіметінің 2016 жыл 1 қарашадағы №2326-р «Атқарушы биліктің жекелеген федералдық органдарының құзырына жататын мемлекеттік және муниципалдық қызметтер ұсыну үшін қажетті құжаттар мен мағлұматтар тізімін бекіту туралы» өкімі.
33. РФ Үкіметінің 2018 жыл 15 қарашадағы №2496-р «2019 жылға арналған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға РФ аумағында уақытша тұруға рұқсат беруге квота белгілеу туралы» өкімі.

Бұйрықтар:

34. Ресей ІІМ 2019 жылғы 29 қаңтардағы №42 «РФ көші-қон заңының талаптарын заңды тұлғалар мен ЖК сақтауын тексеру кезінде қолданылатын бақылау парақтарының (бақылау сұрақтарының тізімі) формасын бекіту туралы» бұйрығы.
35. 2018 жылғы 10 қаңтардағы №11 Ресей ІІМ «Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің немесе оның аумақтық органының шетел азаматтарының (азаматтығы жоқ тұлғалардың) РФ аумағында еңбек қызметін жүзеге асыруы туралы хабарлау түрі мен тәртібі туралы» бұйрығы.

36. Ресей ІІМ 2018 жылғы 10 қаңтардағы №9 «Жұмыс берушіге шетел азаматтарын РФ аумағында жоғары білікті маман ретінде еңбек қызметіне тартуға тыйым салу туралы шешім қабылдау тәртібін бекіту туралы» бұйрығы.
37. Ресей ІІМ 2017 жылғы 19 маусымдағы №392 «жұмыс берушіге немесе тапсырыс берушіге шетелдік жұмысшылар тарту және пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш формаларын және шетелдік жұмысшыларды тартуға және пайдалануға рұқсат беру бланкісінің формаларын бекіту туралы» бұйрығы.
38. Ресей ФКҚ 2015 жылғы 29 маусымдағы №321 «Шетел азаматтарының немесе азаматтығы жоқ тұлғалардың Ресей Федерациясында уақытша жүріп-тұру мерзімін ұзарту немесе қысқарту туралы шешім қабылдау тәртібін бекіту туралы» бұйрығы.
39. 2011 жылғы 28 ақпанда бекітілген №158н Міндетті медициналық сақтандыру ережелерін бекіту туралы бұйрығы.



Халықаралық Көші-қон ұйымы Орталық Азиядағы
субаймақтық үйлестіру кеңсесі
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан, Ә. Мәмбетов к-сі, 14
Тел.: +7 7172 696553
Электрондық пошта: iomastana@iom.int
Веб-сайт: kazakhstan.iom.int